

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 39 (= 512.122) (560+575.1)

Қолжазба құқында

БЕЙСЕГУЛОВА АЙНУРА ҚЫДЫРГАЛИЕВНА

**ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ: ТҮРКИЯ
ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ҚАЗАҚТАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

6D020800 - Археология және этнология

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшісі:

Б.К. Қалшабаева
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
доценті

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

Александр С.Диэнер
PhD, Канзас мемлекеттік
зерттеу университеті,
қауымдастырылған профессоры(АҚШ)

**Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	18
1.1 Этникалық бірегейліктің теориялық аспектілері мен зерттеу методологиясы.....	18
1.2 Шет елдік және отандық зерттеушілердің диаспора және этникалық бірегейлік жөніндегі тұжырымдамалары.....	27
1.3 Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлік мәселесінің зерттелуі.....	35
2 ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТҰРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІК.....	43
2.1 Қазақ диаспорасының қалыптасуы мен орналасуы.....	43
2.2 Шаруашылығы, кәсіби бейімділігі негізінде этникалық бірегейлікті талдау.....	54
2.3 Этникалық бірегейліктің материалдық мәдениеттегі көрінісі.....	64
2.4 Этникалық бірегейлікті қалыптастырудағы отбасының рөлі мен әсері.....	73
3 ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҰРПАҚАРАЛЫҚ ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА КӨРІНІС ТАБУЫ.....	82
3.1 Қазақ диаспорасындағы ұлттық құндылықтар мен мәдени мұралар: қолдануы мен қастерлеу деңгейі.....	82
3.2 Этникалық бірегейліктің тіл мен дінде сақталуы мен өзгерісі.....	97
3.3 Институционалдық және қоғамдық бірлестіктердің этникалық бірегейлікті сақтаудағы қызметі.....	116
ҚОРЫТЫНДЫ.....	131
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	137
ДЕРЕКБЕРУШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	148
ҚОСЫМШАЛАР.....	151
СӨЗДІК.....	188

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АНК	Ассамблея Народов Қазақстана
БАҚ	Бұқаралық ақпараттар құралдары
ДҚҚ	Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР ҒМ ҒА	Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі Ғылым Академиясы
ҚазҰУ	Қазақ Ұлттық университеті
ҚазҰПУ	Қазақ Ұлттық педагогика университеті
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ҚР БҒМ ҒК	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті
МГУ	Московский Государственный университет
ИИРГО	Известия Императорского Русского географического общества
ИФПР КН МОН РК	Институт философии, политологии и религиоведении Комитета Наук Министерства образования и науки Республики Казахстан
ИИСО РАН	Институт истории Сибирского Отделение Российской Академии Наук
СЭ	Советская этнография
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТИИАЭ АН КазССР	Труды института истории, археологии и этнологии Академии Наук Казахской Советской Социалистической Республики

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында мемлекет құрылымы екі түрлі жүйеде өмір сүріп отырған Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісіне ықпал ететін факторлар тарихи-этнографиялық тұрғыда салыстырыла отырып талданып, кешенді түрде зерттелді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қоғамдық ғылымдардағы соңғы өзгерістері көптеген тың тақырыптардың зерттелуіне жол ашты. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениетін, оның басқа этникалық ортада этнос ретінде даму қалпы мен қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік жай-күйін зерттеу еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болғаны белгілі. Бүгінде шет жерлердегі қазақтардың қоныстану тарихының себеп-салдары, өзге мемлекетте орналасу ерекшелігі, өсу, кему динамикасы, даму үрдістері мен әр ортада ұстанып отырған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының сақталуы мен өзгешелігі, қазақ этносының бір бөлшегі ретінде даму мүмкіндігі отандық ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Оның үстіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Әлемдегі қазақ диаспорасының қайда жүрсе де қазақтың тарихи отаны біреу-ақ. Ол – Қазақстан. Атамекеніміз жалғыз, ол – бір уыс топырағына дейін қасиетті Қазақ Елі, дей келе, осы жолы негізінен жас буынның өкілдері шақырылғанын, оның себебі жас ұрпақ түп қазығын ұмытпай, бір тамырын тарихи Отанында жаюға тиіс екендігін, Туған елімен байланысын нығайтып, ата салтын сақтап, ана тілін ұмытпай, біліп өсуі қажет», – деп көрсетеді [1]. Бұл жағдайда шетелдердегі қазақтар тарихи Отаны, оның қазіргі кезеңдегі дамуы, этникалық және этномәдени даму үдерістері жөніндегі ақпараттарды білуі қажет. Ал біз тек зерттеулерде ғана емес, мемлекет деңгейінде шетелдердегі қазақтардың этникалық даму мүмкіндігін, этникалық бірегейлігінің сақталу не трансформацияға ұшырауы, дәстүрлі мәдениеттің сақталуы мен өзгерісі, жалпы қазақ этносы ретінде даму мүмкіндігін зерттеуді назардан тыс қалдырмауымыз керек. Шет жерлердегі қазақтар ғылымның қай саласы болмасын, яғни тарихи, этнографиялық, мәдениеттану, философиялық, т.б. бағытта болсын кешенді, тұрақты түрде зерттелуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда тақырып бүгінгі таңда өзекті, себебі шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігін қалыптастыратын негізгі факторлар этникалық дамуы, тілі, діні, мәдениетінің даму не регресс үдерісін зерттеу маңызды қажеттілік екені рас.

Қазіргі әлемнің жаһандану жағдайына байланысты әсіресе диаспора мәселесін зерттеу, яғни бөгде ортадағы мәдениет тоғысында, әлеуметтік ортадағы олардың жай-күйін, даму мүмкіндігін зерттеу ғалымдардың қызығушылығын тудыруда. Оның үстіне, жаһандану дәуірінде әлем елдеріндегі қоғамның әлеуметтік, мәдени және саяси өмірінде диаспоралардың саны мен рөлі артып келеді. Ал әлемдегі диаспора өкілдерінің этникалық бірегейлік мәселесі, оның қалыптасуы қоршаған ортаға қоғамда болып жатқан өзгерістерге, әлеуметтік және мәдени өмірге байланысты. Өзге елдегі қоғамда өмір сүріп отырған этностар белгілі бір факторлармен (аз санды болуы,

орналасуы, аралас неке, т.с.с.) жергілікті ортаға жақындай түседі де ұлттар арасындағы кедергілерді, ал бірдей мәдени нормалар мен стандарттар жергілікті этномәдени дәстүрлер мен этникалық бірегейлікті жояды. Бір жағынан, аз санды этникалық қауым этникалық мәдениет бірегейлігін сақтауға, өздерін сол бір этносқа – өздерінің этникалық сәйкестігіне жататынын түсінуге деген ұмтылысты тудырады.

Қазіргі кезеңде әртүрлі этникалық топтардың этномәдени бірегейлігінің қалыптасуы, оның көкейкесті мәселеге айналуы көптеген зерттеушілердің өзекті тақырыбына айналып отыр. Этникалық бірегейлік мәселесін зерттеу социумдағы болып жатқан трансформациялық ерекшеліктерге және экономикалық, мәдени өмірдегі өзгерістерге байланысты болып табылады. Осындай кейбір ортадағы урбанистік үрдістер, дәстүрлі құндылықтардың жойылуы, миграциялық үдерістердің жиілеуі әлеуметтік және этникалық бірегейлікті қиындататыны сөзсіз. Шет жерлердегі қандастарымыздың тұтастығына, этникалық бірегейлігін сақтау тетіктері мен трансформацияға ұшырау факторларын зерттеу де бүгінгі күннің талабы.

Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігіндегі мәселелерін зерттеу барысында назар аударатын ерекше мәселе – алыс және жақын шетелдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың өзіндік ұлттық болмысының, санасының, мәдениеті мен ұлттық рухының әртүрлі деңгейдегі көрінісі. Ал ондаған, жүздеген жылдар бойы басқа этникалық ортада өмір сүрген қандай этнос бөлшегі болмасын, сол ортадан алатын, қабылдайтын рухани мәдени әлемі болады. Ол оның этникалық тарихи қалыптасуында, дамуында және келесі ұрпаққа сабақтастықпен жалғасуында із қалдыратыны сөзсіз. Әлемнің басқа мемлекеттеріне тарихи себептермен шашырап кеткен қандастарымыздың біртұтастығын қалыптастыруда, этникалық бірегейлігін сақтауда кешенді ғылыми зерттеулердің маңызы жоғары.

Диссертациялық зерттеу жұмысы Өзбекстан мен Түркиядағы қазақтардың этникалық бірегейлік мәселесін салыстырмалы түрде зерттеу болып табылады. Мемлекеттік құрылымы, басқару жүйесі екі әлемде өмір сүріп отырған қазақ диаспорасының тарихи-мәдени даму ерекшелігі болатыны сөзсіз. Біз зерттеп отырған жұмыста тарихи-саяси дамуы екі түрлі, оның үстіне диаспора ретінде қалыптасу тарихы да бөлек екі ел: Өзбекстандағы қазақтар мен Түркиядағы қазақтарды салыстырмалы түрде қарастыруды зерттеу нысанына алдық. Мәселен, Өзбекстандағы қандастарымыздың бір бөлігі түп қазығы сол аймақтан өрбіп, өзінің ата-баба жерінде ғасырлар, жүздеген жылдар бойы мекендесе, бір бөлігі Ресей патшалығының отарлау, Кеңес Одағының солақай саясаты (ұжымдастыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін), т.б. тарихи себептермен барғандығы белгілі. Жалпы, Орталық Азия халықтарының түп-тамырында, тарихи тағдырында ортақтық бар. Арғы тарихын айтпағанда, бергі патшалық Ресей бодауында, КСРО жүйесінде бірге болып, этникалық дамудың саяси-әлеуметтік те, мәдени де сатысын бірге көргендігі белгілі. 1924 жылы Орта Азия республикаларының этникалық территориясын межелеу барысында тарихи Отанынан бөлініп, «өзбекстандық қазақтар» болып, сол жерде қазақ

этностының бір бөлшегі ретінде қанат жайып, дамып өркендеп отыр. Ал Түркия қазақтарының шет жерлерге ығысуы, алды сонау орыс отаршыларының басқыншылығынан Алтайдан, Шығыс Түркістаннан, Қазақстаннан басталған көш, арты Кеңес дәуірі тұсындағы қысым, сауатсыз саясат кесірі салдарынан әрі қарай жалғасты. Олар зорлық-зомбылықтан құтылып, мал-жаны үшін жайлы жер іздеу мақсатында тарихи Отанынан шет жерлерге ауа көшуге мәжбүр болды. Бұл көш қазақтар үшін оңай бола қойған жоқ, мал-жанынан айырылып, арып-ашып Гималай таулары арқылы Үндістан, Пәкістан, Тибетке, т.б. жерлерге жетіп тұрақтайды. Кейін өз-өздеріне келіп, жағдай тұрақтанған соң ХХ ғасырдың 50-жылдары дініміз бір мұсылман еліне табан тірейік деп, Түркияға қоныс аударған. Міне, содан бері «Түркия қазақтары» аталып, 1923 жылдан республика ретінде құрылғаннан бері зайырлықтың мықты дәстүрін қалыптастырып, батыстық демократиялық дамуға, қазіргі кезеңде авторитарлы елге айналып бара жатқан Түркия еліндегі қандастарымызды құрайды. Осыған байланысты бір кеңестік жүйеде болған Өзбекстандағы қазақтар мен дамуы, мемлекеттік басқару жүйесі зайырлы, демократиялық ортада өмір сүрген Түркиядағы қазақтардың этникалық бірегейлігіндегі ортақтық пен ерекшелікті айқындау өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны. Түркияда және Өзбекстанда өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі.

Зерттеу жұмысының пәні. Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін салыстырмалы талдау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Шетелдегі қазақ диаспорасының зерттелу тарихнамасын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші тобы қазақстандық зерттеушілердің еңбегін құраса, екінші тобы шетелдік зерттеушілердің еңбектері болып табылады. Ал диаспорадағы өз ішінен жүргізілген зерттеулердің орны бір бөлек. Сондықтан шетелдегі қазақ диаспорасының этнобірегейлік мәселесін қарастырғанда жан-жақты талдау жүргізуге мүмкіндігіміз бар. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақстандық зерттеушілердің қазақ диаспорасын зерттеудегі орны айтарлықтай. Оны зерттеу жұмыстарының методологиялық ұстанымдарынан және негізгі іргелі еңбектердің қалыптасуынан байқауға болады.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін қазақ диаспорасының зерттелуі алғашқы кездері тарихи, философиялық, әлеуметтанулық, демографиялық тұрғыдан зерделене бастады. Бір жағынан оған түрткі болған 1992 жылы «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» ұйымының құрылуы. Ұйымның құрылуымен елімізде құрылтай шақырылып, халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Соның бірі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Философия институтының ұйымдастырылған конференциясында әлемнің отыздан аса мемлекетінде тұрып жатқан қазақ диаспорасының саны, қалыптасуы, тарихи тағдыры мәселелері жөнінде «Қазақ диаспорасының ғылыми-зерттеу мәселелері» атты материалдар жинағы жарық көрді [2]. 1995 жылы Түркістан қаласында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, ҚР ҒМ ҒА Философия институты мен А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университеті ұйымдастырған «Қазақ диаспорасы: мәселелері мен келешегі» атты халықаралық симпозиум өтті. Симпозиумда Түркия, Өзбекстан және басқа көптеген елдердегі қазақтардың өкілдері мен қазақстандық ғалымдар өз сөздерінде қазақ диаспорасы тарихының өзекті мәселелерін зерттеудің қажеттілігіне жан-жақты тоқталады. Жұмысымыздың кейбір тұстарында аталған конференциялар, симпозиум мәліметтері де қазіргі кезеңдегі қазақ диаспорасының саяси, мәдени қажеттіліктері мен этникалық бірегейлік мәселелеріне қосылды.

Шетелдердегі қазақ диаспорасының өткен тарихы мен мәдениеті жөнінде жазылған отандық тарихшылардың біраз еңбектері жарияланды. Олардың қатарына: Н. Мұхамедханұлының «XVIII-XX ғғ. қазақ-қытай қарым-қатынастарының даму тарихы (1860-1920)» [3]; З. Қинаятұлының «Монғолиядағы қазақтар» [4]; Ә.Т. Төлеубаев, Д.Б. Ескекбаевтың «Орынбор қазақтары», т.б. [5] еңбектерін атап өтуімізге болады. Ал Иран қазақтарының салт-дәстүрі жөнінде И. Жеменейдің «Иран қазақтары (тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі)» атты зерттеу еңбегі жарық көрсе [6], Еуропа қазақтарының тарихы мен бүгінгі жағдайына байланысты Д. Баймолданың «Еуропадағы қазақтар (тарихы және бүгінгі жағдайы)» атты еңбегі жарияланды [7]. Шет жерлердегі қазақтардың саны мен орналасуы жөнінде М.Б. Тәтімовтің «Қазақ әлемі: Қазақтың саны қанша?» және т.б. зерттеу еңбектері жарық көрді [8]. Диаспора мәселесінде «диаспора», «ирредент» ұғымдарын талдай отырып, елдердің қай аумағындағы қазақтар аталған ұғымдар аясына енетіндігі жөнінде жіктей зерттелген еңбектер қатарына Г.М. Мендикулованың «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» атты монографиясы жатады. Бұл зерттеуде шетел қазақтарының әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени ерекшеліктері де қарастырылған [9]. Еңбекте Өзбекстан, Ресей және Қытай елдеріндегі қазақтарды «ирредент» тобына жатқызады. Бұл жерде, біздің ойымызша, аталған елдердегі қазақтардың барлығын «ирредент» деп айта алмаймыз, олардың бір бөлегі тарихи зобалаңдар салдарынан кейін қоныстанған қандастарымыз деп айтуға болады. Автордың қазақ диаспорасы тарихының теориялық және тәжірибелік мәселелері мен қазіргі дамуы және этникалық қазақтардың саяси, әлеуметтік-мәдени жағдайы жөнінде жазылған «Казахская диаспора: история и современность» еңбегі де 2006 жылы жарық көрді [10]. Бұл еңбектерде ғалым тұңғыш рет Қазақстанмен көршілес елдер Қытай, Ресей және Өзбекстан территориясында өмір сүріп отырған қазақтарға қатысты зерттеулердің ғылыми бағдарламасы мен тұжырымдамасын ұсынды. Жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің еңбектері қазақ диаспорасының қалыптасуы, дамуы, этномәдениеті жөнінде мағлұматтар береді. Шетелдегі қазақтардың елге оралуындағы бейімделуі мен психологиялық ерекшелігі және этникалық интеграциялық мәселелері А.Б. Қалыштың «Поле и смыслов социокультурной интеграции этнических репатриантов», «Репатрианты Казахстана» еңбектерінде талданған [11]. Көрсетілген еңбектер Өзбекстан және Түркия қазақтарының әлеуметтік-мәдени мәселелерін талдауда көмек болды десек, Н. Байгабатованың Моңғолиядағы және Қытайдағы қазақтардың

этномәдениетіндегі бірегейлік мәселелер туралы «Этнокультурная идентичность диаспоры: представления и практики (на примере казахов Монголии и Китая)» атты монографиясында жан-жақты қарастырылған. Аталған еңбек біздің зерттеуімізге арқау болған іргелі жұмыс деуге болады [12].

Ал біздің зерттеу нысанымыздағы қандастарымыз жөніндегі алғашқы зерттеу қатарына Қарақалпақстан қазақтары жөнінде жазылған У.Х. Шәлекеновтің «Казахи низовьев Амударьи» атты еңбегі жатады. Автор өз еңбегінде Әмудария өзені жағасындағы өзбек, қарақалпақ және түрікмендер арасындағы қазақтардың жергілікті халықтармен байланысын, олардың отырықшы өмір салтындағы ерекшеліктері мен ортақтығын қарастырады [13]. 1966 жылы жарық көрген бұл еңбекте қандастарымыз «диаспора» этникалық қауым ретінде көтерілген жоқ, тек қазақтардың жергілікті халықтармен қарым-қатынасы, байланысы ретінде қарастырылды. Дегенмен де аталған еңбек Қарақалпақстандағы қазақтардың әсіресе шаруашылығы мен кәсіби бейімделуіндегі этникалық бірегейлікті талдауда арқау болды. У.Х. Шәлекенов пен М.Х. Шәлекеновтің «История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII-XX вв.» [14] атты еңбегінде де қазақтардың шаруашылығына табиғи географиялық жағдайдың әсері, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, егіншілігі жан-жақты зерттеліп, жергілікті халықтардың мәдени ықпалдастығы нәтижесіндегі кәсіби бейімделу, отбасылық тұрмысы мәселелері де қарастырылады. Еңбектің біраз бөлігі қоныстану және тамақтану жүйесіне негізделген.

Қ.И. Қобыландин мен Г.М. Мендикулованың «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы» еңбегінде Өзбекстан қазақтарының XVIII-XX ғасырлар басындағы тарихы, демографиялық және мәдени дамуындағы негізгі тарихи тетіктер мұрағат құжаттарымен негізделген [15]. Өзбекстан қазақтарының Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіндегі демографиялық ахуалы, тарихи-мәдени дамуындағы ерекшеліктер мен қазіргі кезеңдегі тұрмыс-тіршілігі жөнінде жазылған Қ.И. Қобыландиннің бірнеше мақалалары да жұмысымызды талдауда арқау болды [16].

Қазақ диаспорасының зерттелуінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қызметкерлерінің де бірнеше мақалалары жарыққа шықты [17]. Мысалы, 2000 жылдары Өзбекстан қазақтары жөнінде бірнеше мақалалар жарияланды.

К.М. Төлеубаеваның «Қазақтар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу)» докторлық диссертациясы және «Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының отбасы және отбасылық әдет-ғұрыптарының этномәдени, этногенетикалық мәселелері», т.б. мақалаларындағы жергілікті халықтардың тұрмысы мен мәдениетінің қазақ халқы мәдениетінің кейбір тұстарымен ұқсастығы, ерекшелігі зерттеу жұмысымыздың нысанысындағы Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін салыстыруға мүмкіндік берді [18].

Диссертация нысаны бойынша Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлік көрсеткіштерін нақтылауда Б.К. Қалшабаеваның «Орта

Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» [19] монографиясы мен автордың А. Бейсеғұловамен бірге шығарған «Түркия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» еңбектерінің маңызы зор [20]. Аталған еңбектерде осы елдердегі қазақтардың этникалық диаспора ретінде қалыптасу тарихы, дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен өзгерісі, қоғамдық, тұрмыстық ерекшеліктері қарастырылады. Екі елдегі қандастарымыздың этникалық бірегейлік мәселелерін талдап, таразылауда көрсетілген еңбектердің біз үшін маңызы жоғары.

Ал шетелдік авторлардың ішінде Ш. Акинердің «Формирование казахского самосознания. От племени к национальному государству» еңбегі қазақтардың өзін-өзі тану мәселесіне арналған [21]. Ш. Доуруның «В сторону Туркестана (Память между Туркестаном, Турцией и Казахстаном)» атты еңбегі Түркия қазақтарының тарихы мен мәдениетіне тоқталады [22]. Батыстық зерттеушілердің қатарында И. Сванбергтің «The Kazaks of China: Essays on an Ethnic Minority» атты зерттеу еңбегі Түркия қазақтары бойынша жазылған алғашқы еңбектердің бірегейі болып табылады [23]. П. Финкениң «Nomaden im Transformationsprozess. Kasachen in der post-sozialistischen Mongolei» атты монографиясы Моңғолия қазақтары арасында жүргізілген зерттеу жұмыстарының көрінісі ретінде беріледі [24]. Ал А. Динэр «One Homeland or Two? The nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs» атты зерттеуінде Моңғолиядағы қазақтардың тарихи отанымен мәдени дамуын қарастырады [25].

Біздің зерттеу нысанымыз Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігі мәселесі жоғарыда айтып өткендей бұрын-соңды жекелей қарастырылмаған. Тіпті бұл мәселе сол елдердегі ғалымдардың еңбектерінде де кешенді түрде зерттелмеген. Бізге белгілісі аталған мәселе бойынша тек мақалалар мен кейбір магистрлік диссертацияларды ғана кездестіруге болады. Мәселен, О. Артикбаевтың мақаласында өзбек және қазақ киімдерінің классификациясын жасай отырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер көрсетілсе [26, с. 141-145], А. Бижанованың «Семейно-бытовые обряды казахов низовья Амударьи (вторая половина XIX – середина XX вв.)» атты зерттеуінде қазақ және қарақалпақ халықтарының неке және отбасын құраудағы дәстүрлі мәдениетінің ерекшеліктері салыстырыла отырып зерттеледі [27]. Түркиядағы қазақтарға қызығушылық танытып, алғашқы зерттегендердің бірі Саадет Чағатай болды. Көш тарихы мен Түркияға қоныс тепкен қазақтардың мәдениеті, әдебиеті туралы зерттеу жүргізілуінің нәтижесінде 1961 жылы «Қазақша мәтіндер» еңбегі жарыққа шықты [28]. Зерттеу нысанамыздағы зерттеушілердің еңбектері біздің тақырыбымыз бойынша арнайы зерттеуді құрамаса да, тақырыбымызды талдауда септігін тигізді.

Диссертациялық жұмыстың деректік негізі.

Зерттеу жұмысының деректік негізін бірнеше деректер топтамасы құрайды. Оның ішінде Өзбекстандағы қазақтар жөніндегі мәліметтер беретін деректердің бірінші тобын XIX ғасырдың екінші жартысына жататын деректер тобы құрайды. Оған А.П. Хорошхин [29], Г. Генс [29], Мак-Гахан [31], В.

Пелец [32], А.Л. Кун [33] және т.б. авторлар еңбектеріндегі Өзбекстан қазақтарының тұрмысы мен мәдениетін айқындайтын мағлұматтарды жатқызуға болады;

– деректердің екінші тобына Түркияның Стамбул қаласының (Зейтінбұрны, Гүнешлі), Нигде әкімшілік орталығының Алтайкөй, Ісміл, Измир жанындағы Маниса, Салихлы аудандары [34], Өзбекстанның Ташкент облысы, Ахангерен, Жоғары Шыршық аудандары, Бостандық, Қыбырай аудандары, Қазақстанмен шекаралас Қызылқұм алқабының ауылдары, т.б. [35] жерлерде қазақтар арасында жүргізілген далалық этнографиялық экспедиция, іссапар материалдары жатады;

– келесі деректер тобына елімізге Түркия, Өзбекстан, Қарақалпақстаннан оралған қандастарымыздың арасында жүргізілген экспедиция жұмыстарының далалық материалдары жатады. Бұл Алматы облысының Қарасай, Іле аудандарын, Түркістан облысының Сарыағаш ауданын, Кентау қаласын және Қызылорда облысының Қызылқұм даласының аудандарын қамтыды [36];

– деректердің ендігі бір тобын Өзбекстан, Түркия елдеріндегі тарихи-этнографиялық музейлерден, қазақтар арасынан алған қолөнер бұйымдарының фотосуреттері, сызба, мәдени орталықтардың берген статистикалық мәліметтері құрайды [37];

– зерттеудің деректік негізіне Түркия қазақтары Халифа Алтай, Хасан Оралтай, Қызырбек Ғайраттулах, Дәлелхан Жаналтай және т.б. белді тұлғалардың тарихи тағдыры жөніндегі естелік қолжазба мәліметтері кіреді. Аталған естеліктерде Түркияға көшіп барған қазақтардың ерліктері, көш тарихы, қоныстануы, орналасу жағдайы қамтылады [38];

– диссертацияның кейбір тұстарын дәйектеуде Түркия мен Өзбекстандағы қазақтардың тұрмысы мен мәдениетіне, оның ішінде материалдық мәдениетіне қатысты түсірілген фото құжаттар құрайды. Экспедиция жұмыстары барысында түсірілген фото құжаттар Өзбекстан мен Түркия қазақтарының мәдени ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді [37].

– зерттеудің мазмұнын ашуда екі елдің (Түркия, Өзбекстан) аудан орталықтарынан, сол елдердегі қазақ мәдени орталықтарының қоғамдық іс-шараларының есептері, мәліметтері құрайды [39];

– Өзбекстандағы «Нұрлы жол» [40], «Юқори Чирчиқ хаёти» [41] газеттері мен Түркиядан шығатын «Қазақ елі» [42] журналы сияқты мерзімді басылымдардағы материалдар кеңінен пайдаланылды.

Диссертация жұмысы жоғарыда көрсетілген деректер негізіне сүйенді. Далалық этнографиялық экспедиция жұмыстары Түркия және Өзбекстан қазақтарының арасында жүргізіліп, этномәдениетін жан-жақты айшықтауға мүмкіндік берді. Қазақстанға көшіп келген қандастарымыздың арасындағы зерттеулер де Өзбекстандағы және Түркиядағы қазақтардың мәдениетін салыстыруда толыққанды мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Ал мерзімді басылымдардағы мәліметтер шетелдегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты синхронды деректер болып табылады. Мерзімді басылымдардағы мәліметтер арқылы контент сараптама жасалды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Мақсатымыз саяси тарихи дамуы екі түрлі жүйеде өмір сүріп отырған Түркия мен Өзбекстандағы қазақтардың этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісіндегі саяси, әлеуметтік-мәдени факторларды айқындау, бірегейліктің бір көрсеткіші халық мұрасының ұрпақтар арасындағы сабақтастығы мен трансформация мәселелерін салыстырмалы талдау.

Тақырыптың мазмұнын ашу мақсатында келесі міндеттерді қоямыз:

– диссертацияның көкейтесті мәселелері «диаспора», «этникалық бірегейлік» жөніндегі шетелдік, отандық зерттеушілердің теориялық методологиялық концепцияларын салыстырмалы талдау негізінде зерттеу нысанындағы этникалық бірегейлікті сараптау;

– Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігінің сыртқы аспектілері: ана тілді білуі, салт-дәстүрлерді ұстануын, институционалды бірлестіктеріндегі мүшелігінің сақталу деңгейін анықтау;

– этникалық бірегейліктің ішкі аспектілеріндегі когнитивті деңгейіндегі өз этносы туралы және басқа этностар жөнінде танымының сақталу деңгейін айқындау;

– зерттеу нысанына қатысты деректерді жүйелеу, саралау негізінде қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін нақтылайтын деректерді ғылыми айналымға енгізу;

– Түркиядағы және Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуы мен қоныстануындағы әлеуметтік-мәдени факторлардың этникалық бірегейліктің сақталуы мен өзгерісіндегі орнын айқындау;

– екі ел қазақтарының шаруашылықтағы бейіндігі мен материалдық мәдениетіндегі этникалық бірегейлік көрсеткіштерін салыстырмалы талдау;

– этникалық бірегейліктің моральды өлшемдері – қазақ тілін жас ұрпаққа үйретуі, некелік ұстанымдары, этникалық топ арасында өзара жәрдемдесуін анықтау;

– жиналған далалық этнографиялық мәліметтер мен тарихи жәдігерлерді саралу, талдау негізінде Түркия және Өзбекстан қазақтарының ұлттық құндылықтарды, тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу деңгейін анықтау, салыстыру;

– этникалық бірегейліктің айқын көрсеткіші тіл мен діннің екі ел қазақтарында сақталуы мен өзгерісін, ондағы ықпал ететін негізгі тетіктерді анықтау;

– қоғамдық ұйымдар мен институционалды бірлестіктердің қазақ арасындағы рөлі мен орнын айқындау, этникалық бірегейліктің сақталуы мен ұрпақаралық сабақтастығындағы қызметін көрсету.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеу жұмысы алдымызға қойылған мақсат пен міндеттерге сай, жүйелі және кешенді түрде жүргізілді. Зерттеу жұмысын кешенді түрде жүргізу және мәселелерді ғылыми талдау жұмыстарын жүзеге асырудың нәтижесінде:

– отандық этнология ғылымында алғаш рет «этникалық бірегейлік» концепциясы теориялық методологиялық тұрғыдан талданды;

– қазақ диаспорасындағы этникалық бірегейлікті тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау нәтижесінде этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы өлшемдері айқындалды;

– Түркия және Өзбекстан қазақтарының тығыз орналасқан аймақтарында этникалық бірегейлікті айқындайтын далалық-этнографиялық деректері жүйелі түрде салыстырылып, ғылыми айналымға енгізілді;

– диаспоралық жағдайдағы шетел қазақтарының этникалық бірегейлігін сақтауын жүйелі түрде сапалық талдаулар жасалды;

– мемлекеттік құрылымы екі түрлі жүйедегі қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қоныстануындағы этникалық бірегейліктің сақталу немесе трансформациялануының әлеуметтік-мәдени факторлары айқындалды;

– Түркия және Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі шаруашылық түрлері, материалдық мәдениеті салыстырмалы талданып, этникалық бірегейлік көрсеткіштері нақтыланды;

– екі елдегі қазақ диаспорасының неке және отбасылық қатынастарын бақылау, социологиялық сұрақнама жүргізу, т.б. әдістер негізінде зерттеліп, әр аймақтағы қазақтардың бірегейлігінің сақталу деңгейі мен ерекшелігі айқындалды;

– Түркия және Өзбекстан қазақтарының тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу қасиеті салыстырылып, этникалық бірегейлігіндегі ұрпақаралық сабақтастығы сараланды;

– этникалық бірегейліктің сақталуы мен трансформациялануында екі ел қазақтарының тіл мен діннің қолданысы салыстырылып, олардың рөлі айқындалды;

– қазіргі кезеңде Түркия және Өзбекстан қазақтарының ұлттық болмысын сақтап қалу мақсатында құрған қоғамдық ұйымдары мен институционалдық бірлестіктердің этникалық бірегейлікті сақтаудағы қызметі талданып, рөлі мен орны анықталды.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар. Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігінде Қазақстандағы қазақтардан айтарлықтай айырмашылығы жоқ.

– Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық сипатында кейбір ерекшеліктер байқалады. Бұл диаспораның басынан өткізген саяси және экономикалық жағдайына байланысты. Ол жастар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінен көрінеді. Түркияда 40-тан төмен жастағы азаматтар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінің төмендігі байқалса, Өзбекстанда қазақ тілін жас ерекшелікке қарамастан тұрақты меңгереді және қолданады.

– Өзбекстанда да, Түркияда да аға буын өкілдері диаспораның әртүрлі жас ерекшелік және әлеуметтік топтарының мүддесін біріктіреді. Бұл олардың өміршеңдігіне негіз болып отыр. Ақсақалдар этностың мұрасын сақтаушы, диаспораның экономикалық негізін қамтамасыз етуші және этникалық бірегейліктің сақталуына қоғамдық-саяси жағдай жасаушы болып табылады.

– Қазіргі кезде жаһандану үрдістері адамдардың күнделікті өміріндегі этникалық ерекшеліктер мен мәдени талғамды реттеуші басты фактор болып

табылады. Мұнда Түркия, Өзбекстан және Қазақстан қазақтарын тұтас қарастыруға болады. Оған этникалық сипатта үйдің ішкі көрінісі, дәстүрлі қазақ тағамдары (бауырсақ, қазақша ет) сақталуы жатады.

– Жаһандану үрдісінің әсерінен жастар арасында этностың өткен тарихына, диаспораның қалыптасуына деген қызығушылық азайып бара жатыр. Алайда шежіреге деген қызығушылық сақталған. Әр үйде шежірені қастерлеп, сақтайды (оның ішінде Қытайдан келген кездері сақталғандары да бар). Аға буын жастардың жеті атаға толмай қыз алыспауын қадағалайды. Сонымен қатар үлкендер өзін-өзі әйгілеуде ру аттарын қолдану дәстүрін мирас етеді. Адам атымен бірге ру атын қосып айту қалыптасқан. Ру аттары қазақтардың орналасқан аймақтарында да сақталған.

– Жаһандану дәуірінің әсерінен Түркиядағы қазақ жастары арасында бірегейліктің сыртқы факторлары – қазақ тілін білу деңгейі, тамақтану жүйесі анықталып келеді. Олар өздерін қазақтар арасында қауіпсіз сезінетіндігін жасырмайды.

– Өзбекстанда да, Түркияда да қазақтар этнос ретінде бірегейленуге тырысады. Көбінесе қоғамдар, мәдени ұйымдар құрады. Онда қазақ тілінде газеттер, журналдар басылады. Қазақша телебағдарламалар көрсетіледі. Түркия қазақтары кирилицадағы басылымдарды оқи алмайды, бірақ үйінде отырып қазақ телебағдарламаларына қосыла алады.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. Этникалық бірегейліктің сақталуы мен өзгерісін көрсетуде КСРО жүйесіндегі Өзбекстан қазақтары мен ХХ ғасырдың 50-жылдары Түркияға қоныс аударған қандастарымызды салыстырмалы талдау болғандықтан ХХ ғасырдың басынан қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтыды.

Диссертацияның географиялық ауқымына Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан автономиялы республикасы және Түркия Республикасындағы қазақтар шоғырланған аймақтар қамтылады.

Жұмыстың ғылыми және қолданбалық маңызы. Диссертацияның теориялық маңыздылығы алдымен зерттеу нәтижелеріндегі тұжырымдамалар шет жерлердегі қандастарымыздың біртұтастығы, этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісін зерделеуге, олардың даму үдерісі жөнінде тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік береді;

– практикалық маңыздылығы шет жерлердегі отандастарымыздың этникалық бірегейлігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар белгіленіп, қандастарымыздың ассимиляциялану тетіктерін зерттеуге, тежеу жолдарын бағамдауға, мемлекетке ұсынымдар әзірлеуге пайдалануға болады;

– зерттеуді тарихи-этнографиялық бағытында оқылатын дәрістерге, арнаулы курстарға, этнология, тарих мамандықтарындағы таңдамалы мамандандыру модульдерге элективті пән ретінде енгізуге болады;

– диссертацияның тұжырымдамалары мен қорытындылары шет жерлердегі қазақтардың этникалық бірегейлігі мен даму моделінің стратегиялық жоспарын жасауға деректік база бола алады.

Диссертацияның теориялық және методологиялық негізі.

Зерттеуде тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың, зерттеушілердің тұжырымдары мен ұстанымдары, ғылыми әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды. Бүгінде этникалық бірегейлік мәселесі, оның ішінде қазақ диаспорасының этникалық бірегейлік мәселесінің сақталуы, оның ұрпақтан-ұрпаққа өту мәселелері – ғылыми ізденісте өзекті бағыттардың бірі, оның үстіне зерттеу әдісі мен методологиясында қиындықтар тудыратыны жасырын емес. Ол алдымен пәнаралық зерттеу бағыттарымен байланысты «бірегейлік» ұғымының нақты анықтамасының болмауы. Қазіргі кезеңде «бірегейлік» терминін ғылыми талдау және әлеуметтік тәжірибе категориясы ретінде әлеуметтік-мәдени ілімнің әртүрлі салаларындағы психологтар, социологтар, этнолог, антрополог, тарихшы, философ, политолог мамандар кеңінен қолдануда. Оның үстіне аталған терминнің қазақша атауын қолдануда да әркелкілік «бірегейлік», «сәйкестік» деп аталуы да қиындық тудыруда. Көбінесе этникалық бірегейлік не сәйкестік мәселелеріне қазіргі кезеңде қызығушылықтың өсуінің себептерін түсіне отырып, зерттеушілердің көпшілігі әлі күнге дейін бұл құбылыстың мәнін түсіндіре алмайды.

Бірегейлікті анықтаудағы зерттеулердің теориялық тәсілдер мен концепциялардың әртүрлілігіне байланысты әдістемелік қиындықтармен қатар, этникалық-этномәдени сәйкестікті дұрыс зерттеуде де қиындықтар бар. Этникалық сәйкестілік туралы пікірталастарды талдағанда мұндай сәйкестіктердің көп, тұрақсыз екенін көрсететін стандартты көрсеткіштер жиынтығымен толтырылады [67, 7-б.]. Зерттеуші этникалық бірегейлікті қандай деңгейде зерттейтінін өзі анықтауы керек, мысалы, белгілі бір топтың этникалық сәйкестігі ретінде этникалық қауымдастық тұрғысынан ба әлде этникалық сипаттаманы тасымалдаушы ретінде негізгі қызығушылық нысаны етіп жеке адамды ала ма, соған байланысты.

Бірегейлік ұғымы әлеуметтік ғылымдарда қоғамдық өзгерістердің қарым-қатынасын сараптауға және өзін-өзі тану немесе өзіндік сәйкестіктің стратегиясын анықтауда кеңінен қолданылып келеді. Э. Эриксон қоғамдық трансформациялар кезінде бірегейліктің дағдарысы болатындығын көрсетіп берді. Эриксонның пікірінше бірегейлік екі негізде құрылады. Біріншісі өзін-өзі тану немесе сәйкестену болса, екіншісі әлеуметтік-мәдени анықтауыштар негізінде. Бірегейліктің дағдарысы алғашқы және кейінгі бірегейліктермен сәйкестенбейтінін айта келе, оның невроздардың дамуына байланысты болуы керек деп түйіндейді. Эриксон еңбектерінде бірегейліктің динамикалық аспектілері көрініс табады. Оның мәдени және әлеуметтік аспектілерімен байланысты болуы мәдени құндылықтар мен идеологияның бір бөлігі ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді [43, с. 58]. Бұл жерде этникалық топтар арасындағы бірегейлік формаларының даму және құлдырау кезеңдері болатынын көрсетеді. Бірегейліктің мәдени және әлеуметтік динамикасы қазіргі кезде тым қарқынды жүріп жатқанын ескеретін болсақ, әлеуметтік және мәдени сәйкестенудің бір кездері дағдарысқа түсуі зерттеушілер алдында күрделі мәселелер қояды. Дж. Г. Мидтің тұжырымы бойынша бірегейлік өзгелермен

байланыстың орнауынан пайда болатын құбылыс, яғни адамдар арасындағы коммуникация сырттан төнген қауіпті сейілтуге мүмкіндік береді. Осылайша индивидтің топтасуына жағдай жасалады деп түсіндіреді [44, с. 191]. Жалпы, Дж. Г. Мидтің тұжырымдарын бірегейліктің ең алғашқы категориясы ретінде қарастыруға болады. Сондықтан этникалық бірегейліктің ұғымы мен категорияларын топтар арасындағы әлеуметтік психологиялық үрдістер негізінде зерттеу әлеуметтік бірегейліктің механизмдерін, қызметін анықтауда ұтымды болып табылады. Э. Эриксонның ізбасары Джеймс Марсиа бірегейліктің теориясын әрі қарай дамытуға тырысты. Ол бірегейліктің төрт қалпының болатынын айтады. Тұрақты бірегейлік немесе бірегейліктің қалыптасуы. Бұл жағдайда индивидтер бірегейлік дағдарысын бастан кешіріп, белгілі бір міндеттемелерді бойына сіңіреді. Күні бұрын шешіп қойылған бірегейлік аталған сатыда индивидтер бірегейлікке қатысты міндеттемелерді өзіне жүктегенімен, оларды мойындауға өздері шешім қабылдау үдерісіне қатыспаған болып табылады. Олардың шешімдері алдын ала қабылданып қойылған. Бірегейліктің диффузды жағдайында индивидтер бірегейлік дағдарысын өтпегендіктерімен қатар, қандай да болсын бірегейлікті таңдауға қызығушылық білдірмейді [45]. Дж. Марсианың ойынша бірегейліктің даму үдерісінде негізгі және маңызды рөлді шешім қабылдау үдерісі атқарады. Адам қаншалықты саналы түрде өзінің бірегейлігі туралы шешім қабылдаса, соншалықты бірегейлік дағдарысынан жеңіл өтеді. Индивид өзіне қатысты шешім қабылдаған сайын бірегейлік құрылымы дамып, өзінің әлсіз және күшті тұстарын, өзінің іс-әрекетінің мақсаттылығы мен мәнін түсінетін болады. Дж. Марсиа бірегейлік дамуының басқа да аспектілерін көрсетеді, дегенмен әр үлгі шешім қабылдау аспектісіне негізделеді [46].

Жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдамаларын негізге ала отырып, қазақ диаспорасының бөгде ортадағы этникалық бірегейлігіне ықпал ететін факторларды айқындауға мүмкіндік алдық. Ал Ф. Барт негізгі ғылыми жаңалығы ретінде этникалық бірегейлік мәселесін қарастырғанда басты категория ретінде «мәдени шекара» ұғымын алады. Мәдени шекаралардың этнос өмірімен байланысы мәдени ерекшеліктеріндегі әлеуметтік ұйымдардың формасы ретінде қарастырылады. Ф. Барттың пікірінше, этникалық топтың сипаты тарихи, саяси, экономикалық жағдайдың нәтижесі, ал этникалық шекара адам санасының көрінісі болып табылады. Сондықтан да белгілі бір бөгде этникалық ортада өмір сүріп отырған қазақ диаспорасының дамуына да, жойылып кетуінде де «мәдени шекараның» орны бар. Зерттеуде біз осы концепцияларды да назарда ұстадық.

Аталған зерттеу жұмысы, яғни шетелдердегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі, оның ішінде Өзбекстан мен Түркия қазақтарын салыстырмалы зерттеу тарихи-этнографиялық тұрғыдан алғаш рет қарастырылып отыр. Біз «этникалық бірегейлік», «қазақ диаспорасының бірегейлігі» жөнінде теориялық-методологиялық мәселелерде тақырыпқа қатысты жанама зерттеулерді алдық. Дегенмен де жұмыста өзіміздің тікелей тақырыпқа қатысты бақылау, сұрақ-жауап, сауалнама жүргізу барысындағы

авторлық өзіндік материалдармен, ел арасынан жиналған деректермен, далалық экспедиция нәтижелерімен салыстыру барысында пайда болған ой тұжырымдамаларымыз да негізге алынды.

Тақырыпқа қатысты екі елдегі халықтың санын, этникалық бірегейліктің маркерлік көрсеткішін көрсетуде ғылыми ортаның қабылдауына ыңғайлы кесте, диаграмма, сызба, фото деректермен де дәлелдеу қолданылды.

Жоғарыда айтқанымыздай, этникалық сәйкестік бұл ең алдымен этнология, психология мен әлеуметтану ғылымдарымен тоғысады. Бұл зерттеушіден әдістемелік рефлексияның белгілі бір деңгейін, атап айтқанда, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне байланысты белгілі бір әдістемені қолдана білу және білу талап етіледі.

Тақырыпты зерттеу барысында зерттеу нысанымыз Өзбекстан және Түркия елдеріндегі қазақтар арасына барып, этникалық ортадан «қатысу арқылы бақылау әдісі», «жартылай құрылымдық сұхбат» сияқты сапалы әдістерді қолдану арқылы мағлұматтар алынды.

Диссертацияның тақырыбына қатысты деректерді, мәліметтерді топтау, жүйелеу, салыстырмалы талдау, басқа да аналогиялық параллельдермен байланысын анықтау, тақырыптың мазмұнын ашуда бұрын назардан тыс қалған мәселелерді жаңа көзқараста ғылыми негіздеуде, жаңа идеяларды, пайымдауларды және қорытындыларды талдауда тарихи- нақтыландыру әдісі қолданылды.

Дамудың екі түрлі жүйесіндегі мемлекеттерде өмір сүріп отырған қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін, «диаспора» ретінде қалыптасу тарихынан бастап, қазіргі кезеңдегі мәдениеті, мәдени құндылықтары, отбасы тұрмысы, қарым-қатынасы, тілі, діні, т.б. ерекшеліктерін этнографиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде талдау жасау үшін «салыстырмалы этнологиялық талдау» әдісі негізге алынды. Салыстырмалы талдау өз кезегінде бірқатар этнографиялық мәліметтердің (мәдениет, тіл, дін, ұлттық құндылықтар) екі елдегі қазақтардың өзара ұқсастықтары мен ерекшелігін анықтауда, келтірген деректердің тарихи сабақтастығын көрсетуде басшылыққа алынды.

Тақырыптың үшінші тарауында қарастырылған тіл, дін, мәдени құндылық мәселелеріне қатысты далалық этнографиялық мәліметтер кешенін толық сөйлетіп, оның мәнін ашуда проблемалық жүйелеу және ішінара ретроспективті зерттеу әдісі де басшылыққа алынды. Ретроспективті зерттеу әдісі екі елдегі қазақтардың тарихи үдерістер кезеңінде өзгеріске түсуі мен қалыптасқан ерекшеліктерін жаңа көзқарастар шеңберінде реконструкциялауда негізгі рөл атқарды. Бұл объективтілік, тарихилық, жүйелілік және жинақтау сияқты ғылыми таным принциптерін басшылыққа ала отырып, зерттеу тақырыбы бойынша мұрағат деректері, сирек қор бөлімінен алынған еңбектер, далалық этнографиялық материалдар, жарық көрген зерттеулер сыни тұрғыдан сараланды.

Өзбекстан және Түркия қазақтарының этнографиялық бірегейлігіне қатысты этнографиялық деректердің мәнін ашуда пәнаралық зерттеу әдістері де

кажет болды. Тақырыпты этнография, тарих, саясаттану, мәдениеттану, фольклорлық, психологиялық, әлеуметтанулық пәнаралық тоғысында қарастыру қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігіне қатысты теориялар мен тұжырымдардың жан-жақты талдануына мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасында орындалды. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырыптарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда 14 мақала жарияланды:

– Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 7 мақала (ҚазҰУ-дың Хабаршысы. Тарих сериясында – «Түркия қазақтарының этникалық сәйкестілігінің кейбір мәселелері», «XXI ғасырдағы этникалық бірегейлікті сақтаудағы жаңа теориялар: сыртқы және ішкі бірегейлік теориясы», «Material culture of the Kazakhs of Uzbekistan», «Analysys of ethnic of Kazakhs of Kyzylkum Uzbekistan through economy»; Қазақ тарихы республикалық ғылыми-әдістемелік журналында – «Этникалық бірегейлік мәселесінің зерттелуі»; edu.gov.kz – электрондық журналында: «Түркия қазақтарының этномәдениетінің ерекшеліктері (экспедицияда жиналған материалдар негізінде)», «Этникалық бірегейлікті сақтауда тілдің орны».

– Тарихтың іргелі мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 4 ғылыми баяндама: «Қазіргі заман этнография ғылымы және оның қоғамдық жаңғырудағы рөлі» атты «III Арғынбаев оқуларында – «Түркиядағы қазақ диаспорасының заттық мәдениетінің кейбір ерекшеліктері», «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты IX Оразбаев оқуларында – «Түркиядағы қазақтар: кәсібі, саяси, әлеуметтік-мәдени тұрмысы», «Ұлы Даланың жеті қыры және Еуразия археологиясы мен этнологиясының өзекті мәселелері» атты XI Оразбаев оқуларында – «Түркия қазақтарының Еуропаға қонысы»; Ж.О. Артықбаевтың 60 жылдығына арналған «Әлемдік тарихи кеңістіктегі Далалық Еуразияның археологиялық-этнографиялық мұралары» конференциясында – «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін зерттеудегі кейбір теориялық мәселелері» жарияланды.

Сондай-ақ:

– Шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда 2 мақала: «Түркия және Өзбекстан қазақтарындағы балаға байланысты әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктер» SADAB 3rd International Social Research and Behavioral Sciences симпозиум жинағында және «Этникалық бірегейлікті анықтауда қазақ қоғамдарының рөлі» Orta çağlardan günümüze türk dünyasında kültür ve şehircilik uluslararası lisansüstü öğrencileri çalıştayi Стамбул қаласында өткен симпозиумда жарияланды.

– «Scopus» базасындағы European Journal of Science and Theology SJR көрсеткіші 0,35 «Religious identification of traditional kazakh society in the 16th-

19th centuries» European Journal of Science and Theology, February 2018, Vol.14, No.1, 93-102 [47] (авторлармен бірге жарияланды).

Диссертация жұмысының негізгі құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы: анықтама, кіріспеден, негізгі бөлімнен, 3 тараудан, 9 тармақшадан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттен тізімінен, қосымшалардан тұрады.

І ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Этникалық бірегейліктің теориялық аспектілері мен методологиясы

Қазіргі кезеңдегі жаһандану жағдайындағы этникалық ерекшеліктерден айырылу қаупіне байланысты күллі әлемнің барлық аймақтарында жергілікті этномәдени салт-дәстүрлерді және этникалық ерекшеліктерді жоятын мәдени нормалар мен стандарттарды орнатуға қарсылық көрсетуде. Мұндай жағдайда қай халық болмасын өзінің ұлттық болмысын, өзіндік мәдениет ерекшелігін сақтап, этникалық бірегейлігін қалыптастыруға деген ұмтылысы күшеюде.

Ал шет жерлерде өзінің тарихи Отанынан тыс жерлерде өмір сүріп отырған халықтардың өзін-өзі жоғалтып алмауы үшін, яғни этникалық бірегейлігін сақтап қалу мақсатында барынша тырысуда екені белгілі. Ол үшін тарихи Отанымен байланысын жандандыру, аралас некеге қарсылық таныту, т.с.с. үрдістер қалыптасты. Бұл қазіргі ғылыми кеңістікте «этникалық бірегейлік», оның ішінде диаспоралардың ұлттық болмысын сақтау мәселелері – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі таңда халықтың бірегейлік мәселесі өзекті мәселелер қатарында табылып, жан-жақты зерттеуді талап етеді. Бірегейлік мәселесі қазіргі ғылымдағы өзекті тақырыптардың бірі әрі пәнаралық сипатқа ие. Бұл мәселе философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, саясаттану, этнология және басқа да пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу нысанына айналуға. Мәселен, әлеуметтану ғылымы үшін «бірегейлік» топтық жүріс-тұрыс, сана-сезімі ретінде азаматтардың сәйкестенуін білдірсе, философия бірегейлікті өзіндік сәйкестік мәселесі тұрғысынан назар аударады. Философия бірегейлікті адамдардың ортақ көзқарастары, құндылықтары, нормалары мен ортақ мүдделерінде көрініс табатын әлеуметтік сананың негізінде біртұтас қауымдастыққа бірігуі ретінде анықтайды.

Жалпы, қазіргі әлемдік ғылымда иденттілік, яғни «бірегейлік» термині ХХ ғасырдың 60-жылдары батыстың әлеуметтану гуманитарлық ғылымдар арасында пайда болған [48, с. 126-127]. «Бірегейлік» термині латын тілінен аударғанда «idem», «identity» «ұқсау», «тану» деген мағына береді [49]. Демек, бұл өзінің басқа адамға ұқсауы, сәйкес болуын білдіреді. Кейбір сөздіктерде бірегейлік бірдей болу ұғымдармен синоним ретінде талқыланады. Белгілі америкалық ғалым С. Хантингтонның еңбегінде: «Иденттілік – жеке тұлғаның немесе топтың өзін-өзі тануы. Ол жеке тұлғаның немесе топтың өзін-өзі сәйкестендіруі, яғни «сен» немесе «мен» деген ұғымдағы, мені сендерден, бізді олардан ажырататын ерекше қасиетке ие. Тіпті иденттілік ол жынысы, аты, ата-анасы, азаматтығын бөлектендіріп, ажыратып тұратын белгілері бар жаңа туған нәрестеге де тән феномен деп қарастырады. Иденттілік адамның мінез-құлқын айқындап тұрады, сол үшін ол қажет, дегенмен де жеке тұлғалар бірегейлігін ауыстырып тұруға бейім», – деп көрсетеді [50, с. 43]. Ал психоаналитиктердің еңбектерінде бірегейліктің қалыптасуын әртүрлі жолмен жүзеге асады деп

көрсетеді. Мәселен, З. Фрейд бірегейлікті екі жолмен қалыптасатын құбылыс ретінде көрсетеді. Бірінші жағдайда адам өзін басқаларға ұқсау, еліктеу ниетінің нәтижесі ретінде қабылданса, екінші жағдайда өзіне ұнамайтын, өзгелерден бөлек болып, ерекшеленетін құбылыс ретінде анықтайды [51, с. 170–192]. Демек, бұл жерде оның пайымдауынша біріншісі топтық бірегейлік түріне жатады, екіншісі психологиядағы тұлғалық бірегейлік дейді. Мұнда тұлға өзіне төнетін қауіптен ғана емес, жағымсыз ақпарат пен өзі қаламайтын сын-ескертпелерден қорғану тетігі ретінде қалыптасады. Мысалы, Зигмунд Фрейд өзінің әлеуметтік бірегейлігін қозғай отырып, оның ішінде этностық бірегейлік туралы «Бнай Брит» қоғамының мүшелері алдында өзін еврей этносына тиісті болуының негізіне дін де емес, ұлтына деген мақтаныш сезімі де еместігін білдіріп, еврей ұлтына жатқызудың бірнеше басты факторын айтады. Оны еврей этносындағы артықшылық – басқа ұлттардың интеллектуалды дамуына кедергі келтіретін наным-сенімдерден аулақ болуы деп көрсетеді [52, с. 30].

Бірегейлік ұғымы әлеуметтік ғылымдарда қоғамдық өзгерістердің қарым-қатынасын сараптауға және өзін-өзі тану немесе өзіндік сәйкестіктің стратегиясын анықтауда кеңінен қолданылып келеді. Оның ішінде Э. Эриксон қоғамдық трансформациялар кезінде бірегейліктің дағдарысы болатындығын көрсетіп берді. Э. Эриксонның пікірінше бірегейлік екі негізде құрылады. Біріншісі өзін-өзі тану немесе сәйкестену болса, екіншісі әлеуметтік-мәдени анықтауыштар болады. Бірегейліктің дағдарысы алғашқы және кейінгі бірегейліктермен сәйкестенбейтінін айта келе, оның невроздардың дамуына байланысты болуы керек деп түйіндейді. Сондай-ақ Эриксон еңбектерінде бірегейліктің динамикалық аспектілері көрініс табады. Оның мәдени және әлеуметтік аспектілерімен байланысты болуы мәдени құндылықтар мен идеологияның бір бөлігі ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді [43, с. 58]. Бұл жерде этникалық топтар арасындағы бірегейлік формаларының даму және құлдырау кезеңдері болатынын көрсетеді. Бірегейліктің мәдени және әлеуметтік динамикасы қазіргі кезде тым қарқынды жүріп жатқанын ескеретін болсақ, әлеуметтік және мәдени сәйкестенудің бір кездері дағдарысқа түсуі зерттеушілер алдында күрделі мәселелер қояды. Дж. Г. Мидтің тұжырымы бойынша бірегейлік өзгелермен байланыстың орнауынан пайда болатын құбылыс, яғни адамдар арасындағы коммуникация сырттан төнген қауіпті сейілтуге мүмкіндік береді. Осылайша индивидтің топтасуына жағдай жасалады деп түсіндіреді [44, с. 191]. Жалпы, Дж. Г. Мидтің тұжырымдарын бірегейліктің ең алғашқы категориясы ретінде қарастыруға болады. Этникалық бірегейліктің ұғымы мен категорияларын топтар арасындағы әлеуметтік психологиялық үрдістер негізінде зерттеу әлеуметтік бірегейліктің механизмдерін, қызметін анықтауда ұтымды болып табылады.

Осы тұрғыда Э. Эриксонның ізбасары Джеймс Марсиа бірегейліктің теориясын әрі қарай дамытуға тырысты. Ол бірегейліктің төрт қалпының болатынын айтады. Тұрақты бірегейлік немесе бірегейліктің қалыптасуы. Бұл жағдайда индивидтер бірегейлік дағдарысын бастан кешіріп, белгілі бір міндеттемелерді бойына сіңіреді. Аталған сатыда индивидтер бірегейлікке

қатысты міндеттемелерді өзіне жүктегенімен, оларды мойындауға өздері шешім қабылдау үдерісіне қатыспаған болып табылады. Олардың шешімдері алдын ала қабылданып қойылған. Бірегейліктің диффузды жағдайында индивидтер бірегейлік дағдарысын өтпегендіктерімен қатар, қандай да болсын бірегейлікті таңдауға қызығушылық білдірмейді [45]. Дж. Марсианың ойынша бірегейліктің даму үдерісінде негізгі және маңызды рөлді шешім қабылдау үдерісі атқарады. Адам қаншалықты саналы түрде өзінің бірегейлігі туралы шешім қабылдаса, соншалықты бірегейлік дағдарысынан жеңіл өтеді. Индивид өзіне қатысты шешім қабылдаған сайын бірегейлік құрылымы дамып, өзінің әлсіз және күшті тұстарын, өзінің іс-әрекетінің мақсаттылығы мен мәнін түсінетін болады. Марсиа бірегейлік дамуының басқа да аспектілерін көрсетеді, дегенмен әр үлгі шешім қабылдау аспектісіне негізделеді [46, p. 551–558].

Жоғарыда аталған Дж. Г. Мидтің адамдардың қарым-қатынасқа түсе бастауы өзара топтасуды реттесе, бұл үрдістер Г. Тэжфел және Дж. Тернердің әлеуметтік бірегейлікті сипаттайтын когнитивті теориясы шеңберінде нақты көрсетіле бастады [53, p. 277–290]. Айта кететін мәселе, кейбір теориялық еңбектерде этникалық бірегейліктің мәдени-әлеуметтік және басқа да факторлары нақты «этникалық бірегейлік» термині немесе ұғымына дейін анықталып қойды. Мысалы, этникалық шекаралардың қалыптасуы жөнінде алғашқылардың бірі болып чех ғалымы Л. Нидерле айтқан болатын. Оның пікірінше мәдени шекара жекелеген этникалық топтың топтасып орналасуы мен тілінен және басқа да этносты ерекшелейтін құндылықтарынан көрініс табады. Мысалы, салт-дәстүр, физикалық келбеті мен ортақ тарихи аңыздары болып табылады. Методологиялық тұрғыда мәдени шекаралардың зерттелуі үшін этностың территориялық шегі бір жерде тиісті үлесі болуы қажет деп көрсетіледі [54, с. 26.]. Мұны этникалық топтың кроссмәдени үрдістерін Э. Эриксонның психоәлеуметтік бірегейлік тұжырымдарымен сабақтастыра аламыз.

Батыс антропологиялық мектебінде этникалық бірегейліктің анықтаушы факторы ретінде этникалық шекаралар мен мәдени ерекшеліктер мәселесі жан-жақты теориялық тұрғыда түсіндіріледі. Оған алғаш болып қадам жасаған зерттеушілердің бірі Ф. Барт болды. Алайда Ф. Барт мәдени шекара мәселесін Л. Нидерледен 100 жылдан кейін ғана бірегейлік теориясын ендірді. Норвегиялық зерттеуші өзінің «Этнические группы и границы. Социальная организация культурных различий» атты еңбегінде этникалық бірегейлікке қатысты негізгі ойларын жеткізді [55]. Барттың пікірінше жаһандық ақпараттық қоғамның тез қарқынмен дамуына қарамастан мәдени әртүрлілік сақталып отырғандығына мән берілуі керек. Ал адамдардың өмір бойы әртүрлі әлеуметтік мәртебеге ие болуы мәдени шекараларға тосқауыл бола алмайды. Сондай-ақ тұрақты әлеуметтік қатынастар этникалық шекаралардан өту арқылы этникалық мәртебеге негізделеді. Қазіргі әлемдегі этникалық әркелкіліктің болуы бірыңғай әлеуметтік жүйеде бір тәртіппен жүре бермейді. Ол көбінесе әлеуметтік жүйенің негізі қаланатын шынайы платформада қалыптасады. Бұл жөнінде Барт әлеуметтік жүйеде этникалық ерекшеліктің жоғалуына жол

берілмейді, тіпті этносаралық қатынастарда да сақталады деп көрсетеді. Мұны географиялық және әлеуметтік оқшаулану мәдени көптүрлілікті сақтаудың шешуші факторы ретінде түсіндіруге болады [55, с. 10]. Автор қазіргі кездегі полимәдени қоғамда этникалық топтың маңызды құрылымдық факторлары мен функциясына тоқталады. Барт бойынша этникалық топтардағы мәдени бірегейлікті алғашқы немесе анықтамалық тұрғыда емес, этникалық топтың өмір сүру мәні ретінде қарастыру керек. Барт этникалық топты әлеуметтік құрылымның ерекше формасы ретінде қарастырады. Бұл үрдісте әлеуметтік категориялаудың механизмі негізгі факторға айналады. Осындай жағдайда этникалық топқа тікелей түрде өзін және басқаларды жатқызу үрдісіне өтеді. Әлеуметтік үрдістерде этникалық бірегейлікті қолдану өзін және басқаларды белгілі бір категорияға жатқызуға ықпал етеді. Этникалық топ өзін белгілі бір топқа жатқызу және өзгелердің оны өзге топтан екенін тану тұрғысынан қалыптасады. Осылайша топтың мүшесі болуы үшін әлеуметтік факторлар анықтаушы болып табылады. Осы жерде топтық этникалық бірегейлікте мәдени ерекшеліктердің қызметінің маңызы анықталады. Барттың концепциясы бойынша этникалық ұқсастық пен мәдени тұтастық және ерекшелік арасында біржақты тікелей сәйкестік болмайды. Этникалық категориялар белгілі бір топтың өзін-өзі әйгілеуінде немесе басқаларды белгілі бір топқа жатқызуында барлық объективті ерекшеліктерді көрсетпейді, оның ішінде индивидтердің өзінің басқалардан ерекшелігін маңызды ғана тұстарын қарастырады.

Батыс зерттеушілері ішінде этникалық бірегейлік Дж. Де Востың зерттеулерінде көрсетіледі. Этникалық бірегейліктің мәдени теорияларына Дж. Де Востың да зор үлесі бар. Ол өзінің «Этнический плюрализм: конфликт и адаптация» атты еңбегінде этникалық бірегейліктің ішкі құрылымдарын анықтайды. Оның пікірінше саяси этникалық бірегейліктен гөрі эстетикалық дәстүрлерге, мәдени символдарға және адамзаттың жалпы құндылықтарына жүгінген дұрыс [56, с. 229]. Де Вос этникалық бірегейлікті мәдени символикалық жіктелу ретінде қарастырады. Демек, адамдардың саяси бостандығы болмаса да, тіпті территориясы болмаса да этникалық бірегейлікті сақтай алады [56, с. 236]. Де Вос бұл пікірді әлемнің түпкір-түпкірінде жүрген сығандардың өмірімен байланыстырады. Сондай-ақ этникалық топтың этникалық бірегейлігін сақтауына эстетикалық мәдени модельдің сақталуында екеніне көз жеткізеді. Оған тамақтану жүйесі, киім-кешек, әшекей бұйымдары және әр этносқа тән адам сұлулығының идеалдары жатады. Оның пікірінше тіл – этникалық бірегейлікті сақтайтын маңызды фактор деп көрсетіледі. Алайда мәселе этникалық топтың тілді қолдануында емес, оның символикалық маңызында екенін атап өтеді. Оған мысал ретінде шотландықтар мен ирландықтардың гэль тілін қолданып, өздерінің кельттік немесе шотландық этникалық бірегейлікте екенін көрсетеді [56, с. 241]. Де Востың еңбегіндегі негізгі мәселелердің бірі дінге арналған. Ғалымның пікірінше дін – этникалық бірегейлікті жоятын негізгі факторға жатады. Бұл жерде халықтың дәстүрлі наным-сеніміне қайшы келетін діни үрдістерді алға тартады. Жалпы, Дж. Де Востың еңбегінде этникалық бірегейліктің сақталуы мен жойылуына

байланысты көптеген факторлар келтіріледі. Автор бірегейлік мәселесін территориялық, нәсілдік, экономикалық және т.б. факторлармен байланыстырып қарастырады.

Этностың бірегейленуі мәселесінде Дж. Девероның «Этнопсихоанализ» еңбегінде этникалық сәйкестікке психологиялық тұрғыдан әртүрлі сараптама жасайды. Ол этникалық бірегейліктің түрлері мен қызметін сипаттай келе, «жоғары қуатталған» этникалық бірегейлікті атап өтеді. Бұл этникалық бірегейлік басқа этникалық топтарды жоққа шығарып, әлеуметтік байланыстарды тоқтататынын жазады [57, с. 150-151].

Этникалық бірегейлік мәселесін қарастырғанда кеңестік және Ресей ғалымдарының да орны ерекше екенін атап өткеніміз жөн. Осыған байланысты Ю.В. Бромлей, әр этностың белгілі бір ішкі бірлігі болады, сондай-ақ оны осындай типте пайда болған басқа барлық этностардан айырып тұратын өзгеше сипатына, яғни этникалық белгілері жөнінде былай дейді: «...иденттілік әр этносқа тән белгі – олардың белгілі бір территориядағы тұрақтылығы, әдетте олар аса көптеген жүз жылдықтар бойы сақталады. Соның бірі – қарым-қатынас жасау барысында қалыптастырған ортақ тілі. Этностың өзіндік сана-сезімі, яғни олардың өзара идентификациясы (бір-біріне жақындығы да) – өздері тәріздес қауымдастықтардан «біз» және «олар» дейтін антитеза формасындағы айырмашылықтары, жалпы ортақ психиканың қалыптасуы. Топтасқан адамдардың өзіндік ортақ этникалық мәдениетінің қалыптасуы үшін олардың бір-бірімен үздіксіз байланыста болуы. Ал мұның өзі этностың орналасу тәртібіне тікелей байланысты» [58, с. 15-16].

Этникалық бірегейлік – белгілі бір этникалық қауымға адамның саналы түрде өзін теңеуі, өзін жатқызуы. Демек, «біз» және «олар» деген түсінікте жеке өзін басқа этностан айырмашылығын сәйкестендіру. Этникалық иденттілікті анықтау үшін отбасының қандай этникалық ортада өмір сүріп жатқаны өте маңызды. Егер отбасы өз ұлтының арасында болса, онда бұл отбасында тәрбиеленіп жатқан балаға этникалық иденттілік қиындық туғызбайды. Ал ата-анасы түрлі ұлттан болса, онда отбасы нақты қандай ортада, қоғамда өмір сүріп жатыр, отбасы қай тілде сөйлейді, өмір сүру тіршілігі, отбасылық салт-дәстүрі, тұрмыстық мәдениеті әсер ететіні сөзсіз, сондықтан балаға таңдау жасау қиын. Қазіргі кезеңде көптеген халықтар этникалық ортада өмір сүріп жатқандықтан сол тұрып жатқан этностың тілін меңгеріп, сол елдің мәдениетін қабылдап алады. Соған қарамастан, кейбір жеке адамдар, отбасылар немесе этникалық топтар ұзақ уақыт бойы өзінің шыққан тегіне, өзінің шыққан ұлтына қызығушылығын тоқтатпайды. Бұл көбіне бүкіл дүниежүзіне шашырай орналасқан еврей ұлтына тән қасиет. Әдетте еврейлер өздерін қоршаған халықтардың тілінде сөйлеп қана қоймай, сол елдің тілінде ойлайды да. Өмір сүру тіршілігі де, мәдениеті де сол халықтардан ерекшелене қоймайды. Бірақ олардың көбі өздерін еврейміз деп санайды. Сол сияқты бұл құбылыс өзге жерде өмір сүріп жатқан ирландықтарда, татарларда, армяндар мен гректерге де тән қасиет [59, с. 113].

Этностардың өзіндік бірегейленуі үшін мәдени шекарасы болуы қажет екені белгілі. Бұл тұжырымды чех ғалымы Л. Нидерле тұжырымдағанымен, оның пікірі мен ұстанымын П.И. Кушнер өз зерттеулерінде өрбітті. Ол өзінің «Этнические территории и этнические границы» атты еңбегінде тарихи үдерісте этностың этникалық шекарасы ауысып отырады, оған экономикалық, әскери себептер негіз болатынын және этностың шекарасының кеңеюі, ассимиляцияға түсуі, миграция және т.б. арқылы қалыптасатынын жеткізді [60].

Иденттілік категориясының негізін зерттеуші, белгілі Ресей ғалымы М.Н. Губогло этникалық бірегейлікті зерттеуде базалық түсінікті айқындау керек дейді. Ол бірегейлік немесе иденттілік адамдар санасы бойынша өзін түрлі әлеуметтік, ұлттық, кәсіби, саяси, діни, нәсілдік, тілдік және т.б. топқа немесе қауымға жатқызуы деген пікір айтты. Зерттеуші бірегейліктің кешенді 12 негізгі түрін анықтады: 1) тендерлік; 2) тілдік; 3) этникалық; 4) діни; 5) отбасылық; 6) ұжымдық; 7) кәсіби; 8) азаматтық; 9) саяси; 10) аймақтық; 11) жекелік; 12) әлеуметтік-мәдени деген категорияларға бөледі [61].

М.Н. Губоглоның бірегейлікті былай бөліп қарастыруы адам өміріндегі бірегейліктің негізгі формалары ретінде зерттеуді ұсынады. Соның бірі тендерлік бірегейлік жыныстық жағынан сипатталса, отбасылық бірегейлік адамның өзара отбасындағы құндылықтардың қалыптасу шарттарын көрсетеді. Дәл солай басқа да бірегейлік формалары тілдік, діни, этникалық, азаматтық болып жетілу фазасында анықтау қажеттігін көрсетеді. Бұл категория бойынша этникалық топтар мен этностарды қарайтын болсақ, этникалық бірегейлік болуы үшін тендерлік, отбасылық, діни, ұжымдық, кәсіби сияқты бірегейлік кезеңінен өтуі шарт.

Б.М. Пивоев этникалық және ұлттық бірегейліктің философиялық-теориялық мәселелерімен қатар қазіргі кездегі бірегейліктің мәдени үдерістердегі категориясының әдістерін талқылайды. Оның пікірінше әрбір адам туғаннан бастап әлеуметтік қоғамда өзін басқа қауымдардан ажыратып тұратын белгілі бір топқа жатқызылады деп қарастырады [62]. Осы сияқты бірегейліктің ерекшеліктеріне В.С. Малахов «Неудобства с идентичностью» атты зерттеуінде «Бірегейлік бұл құрылым емес, (бұл жеке тұлғаға алдын ала тән) қатынас. Ол әлеуметтік байланыстар арқылы қалыптасып бірігеді, айқындалады, өзгереді» деп қарастырады [63].

Енді өзіміздің отандық ғалымдардың «бірегейлік», «этникалық бірегейлік» жөніндегі тұжырымдарға келетін болсақ, отандық ғалымдар қазіргі Қазақстан қоғамында бірегейліктің нақты анықтамасын, түсіндірмесін бірізділікпен әртүрлі тұжырымдамалармен көрсетеді. Дегенмен әмбебап анықтама ретінде азамат «Мен кімін?» деген сұраққа жауап беру керек. Сондай-ақ қазіргі кезеңде халықтың санасында «Біз кіміз?» деген сұраққа жауап алу үлкен қызығушылық тудырып отыр деп жазады. Бұл орайда аталған мәселелер, сұрақтар төңірегінде біраз мақалалар мен ғылыми жұмыстар жарық көрді. Олардың әрқайсысы өзіндік ғылыми қызығушылық тудырады. Көптеген жарияланымдарда бірегейлікті жеке және ұжымдық ретінде қарастырылу үрдісі байқалады. «Мен кімін?» сұрағына жауап беруде жеке бірегейліктің мәні

ашылса, «Біз кімбіз?» сұрағы ұжымдық немесе әлеуметтік бірегейліктің мағынасын ашады. Бұл орайда жеке және ұжымдық бірегейлікті бір-бірін түсіндіретін, анықтайтын ұғым ретінде қарастырған жөн. Өйткені азамат өзінің кім екенін айта отырып, белгілі бір ұжымның мүшесі ретінде тиістілігін байқатады және керісінше, ұжымдық бірегейлікті атай отырып, азаматтың кім екендігіне көз жеткіземіз.

Бірегейлену сөзі нені білдіреді? Бұл сауалға жауап беру үшін екі жағдайды ескерген жөн. Біріншісі бірегейленудегі ішкі сезімнің сананың негізінде өзін-өзі тану арқылы жүзеге асса, екінші жағдайда бірегейлену сыртқы қоршаған ортада кездесетін басқа азаматпен немесе ұжыммен салыстыра отырып, өзінің ерекшеліктерінің негізінде өзін-өзі тану болып табылады. Бұл орайда өзіндік ішкі анықтама мен сыртқы ортаның беретін анықтамасы тағы бар. Бірегейлікті анықтауда ішкі ұжымдық сананың рөліне үлкен мән беріледі. Өйткені *ұлттық бірегейлік* көп жағдайда сыртқы анықтама арқылы анықталады. Мысалы, Қазақстан азаматы ретінде ұлттық бірегейлік шетелде жүрген кезде көп сезіледі. Бұл орайда азаматқа басқа мемлекет азаматтарынан өзгешеленетін белгілі бір ерекшеліктерге үлкен мән беріледі. Қазақстанның кез келген азаматы басқа шет мемлекетке барғанда өзін «Мен Қазақстаннанмын» дей отырып, өзінің елі мен жерінің өзгешеліктерін, мәдениетін, тілін, тарихын ортаға салады. Дегенмен азаматтық бірегейліктің басты компоненттері ретінде мемлекетке деген сүйіспеншілігі, ортақ мүддеге жету жолында барша халыққа тиістілігі туралы сөз қозғалмайды. Сол себепті бірегейлікті ұжымдық бірегейлік ретінде анықтау өзіндік қиыншылықтарға тап болады. Ұжымдық бірегейлікті анықтау үшін жеке бірегейлік арасына параллель жүргізіп көрейік. Жеке бірегейлік «мен қазақпын» деген анықтамасының астарында қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, дінін, ділін, тарихын, мәдениетін білу жатыр. Бұл орайда ол тек қана біліп қоймай, оларды жүзеге асырудың белсенді мүшесі ретінде анықталады. Ал біздің қоғамымызда өздерін жоғарыда аталғандарды білмей-ақ, жүзеге асырмай-ақ өздерін «қазақпыз» дейтіндер де баршылық. Бұл орайда олардың бірегейлігі емес, «қазақпыз» сөзінің тек туыла берілген қасиет ретінде анықталатындығын түсіну қажет. Өйткені қазіргі кезеңде халықтың көпшілігі өздерін ата-анасының ұлтымен анықтайды немесе төлқұжаттағы жазбамен анықтайды. Осы тұста бірегейлік сөзіне, ұғымына терең мән берген жоқ. Ол тек анықтама ғана емес, азаматтың, қоғамның терең түсіну үдерісі салдарынан пайда болатын өзіндік сана-сезім ретінде қарастырған жөн. Белгілі философ ғалым А. Хамидов бірегейлікке байланысты өз тұжырымдамасында: дамып жатқан қоғамда адам, яғни жеке тұлға табиғатта пайда болмайды немесе туылмайды, ол мәдениетте пайда болады, яғни дамып жатқан мәдениетке келеді, қарым-қатынасы дамыған, өзіндік дәстүрі қалыптасқан, құндылығы жоғары, бірегейлігі бар адамдар арасына келеді дейді [64, с. 71].

Айта кететін мәселе, қазақстандық зерттеушілер бірегейлік тақырыбына әртүрлі қырынан келіп отыр десек болады. Еліміздегі зерттеушілердің дені бірегейлікті саяси және философиялық категориялар аясында түсінеді. Оның

негізгі себебі соңғы кездердегі Қазақстандағы этнос саясатының «бірегейлік» терминімен тікелей байланыстырылуы десек болады. Бұл «бірегейлік» терминінің қолданыс аясының кең әрі әртарапты екенін көрсетеді. Мысалы, философтар мен саясаттанушылар бірегейлікті өздігінше түсіндіруге тырысады [65]. Осы тұрғыда отандық философиялық мектеп өкілдерінің ішінде этникалық сана мен этникалық және мәдени бірегейлік мәселесіне А.П. Абуов [66], С.Н. Ақатай [67], М.С. Бурабаев [68], Д.К. Кішібеков [69], К.Ш. Нурланова [70], М.С. Орынбаева [71], Г.К. Шалабаева [72] және т.б. өз еңбектерін арнады. Ал этнографтар бірегейліктің негізгі формаларын анықтап, оның ішінде елдегі этникалық бірегейлікті айшықтауға ден қоюда [73]. Бұл этникалық топ пен ұлттың салт-дәстүрі, тұрмысы, киімі, әдеттері, отбасы мен неке, туыстық жүйесі, шаруашылығы, қоныстану жүйесі мен қолөнерінен көрініс табатындығын анықтай түседі. Батыстық зерттеулердегі этникалық бірегейлік термині біздегі жалпылама ұлт мәселесін ауыстырғандықтан, зерттеушілер тарапынан «этникалық бірегейлік» терминінің методологиялық тұрғыда диаспораларда қолданған тиімді болып табылады.

Енді «этникалық топ» түсінігін қарастыратын болсақ, қоғам мүшелерінің ортақ мәдениетті бөліп жармай өзін сол мәдениеттің өкілі ретінде және сол мәдениеттің мұрагерімін деп есептейтін адамдар тобын атайды.

Этникалық топты анықтауда ата-баба мен ұрпақтар арасында салт-дәстүр, әдет-ғұрып және ырымдардан тұратын ортақ құндылық болуы шарт. Осы құндылықтар арқылы этникалық топтың бірегейлігі қалыптасады. Бұл мәдени құндылықтар атадан балаға жалғасуы керек.

Этникалық топты анықтау Ф. Барттың еңбектерінен бастау алатыны белгілі. Оның пікірінше этникалық топтың этникалық шекарасы анықталуы тиіс. Этникалық шекаралардың екі типі, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Демек, этникалық топ ішіндегі шекара ішкі болса, этникалық топ сыртындағы шекара сыртқы болып табылады. Көп жағдайда этносаралық қатынастар осы екі шекараға байланысты болып табылады.

Ішкі шекара – топқа өздігінен қосылу. Ол өзін-өзі тану процесінде қалыптасады. Бұл өз сезімінің белгілі бір этникалық топқа сәйкестендіру болып табылады. Сыртқы шекаралар – белгілі топ мүшелігінен сырттап қалу немесе өзгелердің кеңістігі. Көпұлтты қоғамдағы этникалық топтардың әртүрлі өкілдерінің өзара бәсекелесуі мен ішкі шекараның болуы сыртқы шекаралардың қалыптасуына алып келеді. Бұл белгілі бір топтың өзгелер арқылы белгілі бір этникалық топқа жатқызылуын көрсетеді. Аталмыш топ ол этникалық топтың мәдени ерекшеліктерін көрсетпесе де жүзеге аса береді. Өзгелер арқылы белгілі бір топқа теліну немесе танылу өзін-өзі тануда әлеуметтік ұйымның жаңа формасын қалыптастыруы мүмкін.

Жалпы алғанда белгілі бір этникалық топқа жатқызылу екі түрлі шекараның мәселесін көтереді, біріншісі – ішкі шекара әлеуметтену үрдісі арқылы болса, екіншісі – сыртқы шекара топаралық қатынастар негізінде қалыптасады. Бұл екі топтың өзара қатынасынан Канада мен АҚШ-тағы этникалық топтардың қарым-қатынасын мысалға келтіруге болады. Біздің

ойымызша негізгі ерекшелік сыртқы шекараларда болады. Өйткені кейбір этникалық топтар өзге қоғамда өзгелер ретінде екі қоғамда да танылып кетеді (мысалы, Қарақалпақстаннан келген қазақтарды біз қалпақ дейміз, оларды Қарақалпақстанда қазақ дейтіні осы мәселені көрсетіп отыр). Оның ішінде оларды саяси билік және басқа да органдардың атауы қалай болатыны маңызды болады (Осыған байланысты кезінде бізді патшалық Ресей қырғыз деп атады ғой немесе сарттардың көпшілігінің ұйғыр болып кетуі, немесе құрамалардың өзбек болып кетуі деген сияқты мәселе). Сонымен, сыртқы шекараның қалыптасуы саяси мәдениеттің және иммиграциялық саясаттың бағытына байланысты болып табылады [74, p. 111].

Сыртқы шекаралар саяси мобилизация мен бірліктің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда бұл бірлікті ішкі шекараның қалыптастыратын бірлігімен шатастыруға болмайды. Бұл жерде этникалық бірлік емес, жалпы этностардың бірлігі меңзеліп тұр. Мысалы, оны АҚШ-тағы афроамерикалықтар, карибтіктер және латынамерикалықтар ретінде қарастырса болады.

Ал этникалық ішкі шекаралардың көлемі этникалық және аймақтық топтардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Оны калабреси және итальяндықтар мысалында қарастырсақ болады. Аймақтық топ өмір салтын мәдениет ретінде қарастырса болады. Бірақ ол үшін аймақтық топтың бірегейлігі этникалық бірегейліктің бір бөлігі деп танылуы керек. Осылайша Калаберезилер өзін Фриуланд, Тоскана және басқа аймақтарға қарағанда итальяндық ретінде есептейді. Бұл тұрғыда аймақтық бірегейлік кең көлемде итальяндық этникалық бірегейліктің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда кейбір аймақтарда өзіндік төл тарихы мен мәдениетін ұстанып отырған топтар бар. Олар өзге этникалық топ ретінде өзінің бірегейлігін сақтап қала береді.

Индивидуалды деңгейде этникалық тиістілік – элеуметтік психологиялық үрдіс. Ол адамға тиістілік пен бірегейлік сезімін тудырады.

Этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы аспектілерін бөліп қарастыруға болады. Сыртқы аспектілері мәдени және элеуметтік тұрғыда көрініс табады. 1) этностың өз тілінде сөйлеуі, этникалық дәстүрлерді ұстануы. 2) этникалық желіге қатысуы, отбасылық және достық қатынастар. 3) этникалық институционалды ұйымдарға, яғни мешіт, шіркеу, мектеп, ұйымдарға қатысуы. 4) ерікті этникалық ұйымдарға қатысуы, яғни клубтар, қоғамдық ұйымдар, жастар ұйымдары. 5) этникалық ұйымдардың қаржыландыратын ұйымдарына қатысу, пикниктер, концерттер, қоғамдық лекция, митинг, би және т.б. кіреді.

Этникалық бірегейліктің ішкі аспектілері идеяларға, көзқарастар мен сезімге қарай қалыптасады. Ішкі аспектінің сыртқы аспектімен байланысы болғанымен оларды бір формада қарастыруға болмайды. Соған сәйкес ішкі аспектіні 1-когнитивті, 2-моральды және 3-аффективті типке бөліп қарастырамыз.

Бірегейліктің когнитивті типі өз тобының өзінше бағалауынан тұрады. Ол өз тобының тарихи мұрасы жөніндегі білімінен және өз тобының құндылықтары жөнінде білімінен тұрады.

Бірегейліктің моральды типі топтық міндеттерден тұрады. Жалпы, топтық міндет сезімі адамның өз тобының алдындағы борышымен байланысты. Көпшілігінде борыштық сезім адамның өз балаларына ана тілін үйрету, топ арасындағы өкілдерге үйлену (өз ұлтынан үйлену), топ мүшелеріне көмектесіп тұру және т.б. тұрады.

Аффективті немесе катетті типке адамның өз тобының ортасын қауіпсіз сезінуі және мәдени ерекшелікке қарамастан өз тобында басқа топқа қарағанда қорғаныш сезімінде болуын атайды.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысында этностың этникалық бірегейлігін қалыптастыратын көптеген факторлары бар. Бұл факторлар Батыс антропологтарының, ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Әр автор этникалық бірегейлікті өз деңгейінде және зерттеу бағыты бойынша дәлелдеген. Мысалы, кейбір авторлар бірегейлікті психологиялық тұрғыдан қарастырса, екінші авторлар этностың тілі мен дәстүріне байланысты анықтама береді. Бұл тұжырымдарды салыстырып қарағанда әр автордың көзқарасы жекелік және этникалық топ ретінде бөлініп анықталатыны белгілі. Индивидтің жеке «мені» мен «өзін-өзі» әйгілеуі жеке тұлға ретінде танытса, келесі деңгейде адамдар тобының ортақ мүддеге қызмет етуі мен шаруашылық, тілдік, наным-сеніміндегі бірлігін тұтас бір этникалық топқа жатқызатыны анықталады. Оны ғылыми әдебиеттерде этникалық топ ретінде бірегейленудің негізгі көрсеткіші деп береді. Қалай болғанда да зерттеу методологиясын микро және макро мәселелерді салыстырып қарағанымен қазіргі этникалық қатынастар өзара мәдени шекаралардың, мәдени айырмашылықтардың бар екенін анықтайды. Осы факторларға сәйкес, этностың этникалық бірегейлігін көрсетілген барлық факторлар негізінде анықтаған нәтижелі болады. Бұл әрбір этностың өмір сүру ортасына қарай бірегейлену шарттарын анықтайды. Оған, біріншіден, психологиялық ұстанымдары кірсе, келесі бір деңгейде шаруашылығы, салт-дәстүрі, тұрмысында дағдыға айналған әдеттері кіреді. Осындай негізде әр этникалық топ өзге ортада өзінің ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысады. Оны жалпы этникалық бірегейлік ұғымы арқылы түсінеміз.

1.2 Шетелдік және отандық зерттеушілердің этникалық бірегейлік және диаспора жөніндегі тұжырымдамалары

Этникалық бірегейлікті этнологиялық тұрғыда зерттеудің эмпирикалық әдістері мен зерттеу әдістемелері бар. Этникалық бірегейлікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыратын болсақ, этносоциологиялық бағыттың ұтымды тұстары жетерлік.

Этникалық бірегейлікті ғылымда этникалық үдерістерді зерттеу әдістерін интерпретациялаудың негізгі үш бағытынан да көруге болады. Мәселен,

примордалистік (эссенциалистік) бағыттың өкілдері Э. Смит, К. Гирц, П.И. Кушнер, С.А. Артюнов, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, В.И. Табаков, В.Д. Соловей, Н.Н. Целишев, К. Калхун және т.б. көзқарасы бойынша адамның бірегейлік сипатқа ие болуы бастапқыда-ақ, яғни примордиалды этникалық бірлігінің болғандығын қолдайды. Примордиализмнің екі бағыты: бірінші социобиологиялық бағытты жақтаушылар этникалық үдерісті адамдардың туыстық топтарының кеңейтілген [75] және адамдардың табиғатпен немесе белгілі бір ландшафтпен байланысы арқылы қарастырса, екінші эволюциялық-тарихи бағытта [76] этникалық үдерісті мәдениет пен тарихтың жетістігі ретінде қарастырып, этносты адамзат қоғамының тарихи кезеңде кешенді атрибуттары – территориясы, тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті және т.б. қалыптасқан бірлігі деп түсінеді. Ал этникалық үдерістерді зерттеудің конструктивизм бағытында этникалық болмыстың (территория, мәдениет) объективті емес субъективтілігіне мән беріледі. Конструктивизмді жақтаушылар Б. Андерсон, Э. Геллнер, Ф. Барт, Э. Хобсбаум, М. Биллиг және ресейлік зерттеушілер В.А. Тишков, В.М. Воронков, В.С. Малахов, О. Бредниковалар этникалық бірлікті жекелеген индивидтердің мақсатты түрде ұйымдастырған институттары арқылы қалыптасады деп ұғынады. Демек, этникалық бірлікті әлеуметтік құрылым ретінде түсініп, этникалық бірліктің қалыптасуы мен оны қалыптастырудағы элитаның рөлі мен мәдени шекаралардың қызметі деп түсінеді. Этникалық үдерістерді зерттеудегі келесі инструменталистік көзқарастағы өкілдер: А. Коэн, К. Дойча, Х. Ортега-и-Гассет, Л.М. Дробижева, М.Н. Губогло, Ю.В. Артюнян, В.А. Ядова және т.б. этникалық топқа бірігу үшін мықты саяси мобилизация болуы қажет, ол этникалық топқа өзінің құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Этникалық бірегейлікті саяси күрес пен экономикалық бәсекенің құралы ретінде қарастыру көптеген далалық зерттеулерде көрініс тапқан деп көрсетеді [59].

Біздің зерттеу тақырыбымыздың ерекшелігіне қарай этникалық бірегейліктің методологиялық ұстанымдары әртүрлі қалыптасып келеді. Ол әлеуметтанулық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Оның көш басында М. Вэбер, Э. Дюркгеймдер тұрды. Онда әлеуметтік жүйенің «этникалық бірегейлік» және «этникалық сана-сезім» түсінігінің этносоциология ғылымында өзінің тарихы қалыптасқан. 1990 жылдарға дейін ғылыми айналымда этникалық немесе ұлттық сана-сезім деген түсінік этностың жалпы территориясы, тілі және мемлекеттілігі деген ұғымдарды қамтып келді [77]. Кейін заманауи пәнаралық әлеуметтанулық және психологиялық тілде этникалық бірегейлік түсінігі қалыптасты. Этносоциологияда оны «этникалық сана-сезім» ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі кезде көпшілік зерттеулерде этникалық бірегейлік мәселесі өзекті мәселе ретінде көрініс тауып отыр. Жалпы, бұл этникалық бірегейлікті түсіндіргенде «этникалық сана-сезім бірлігі» деген ұғым тұрады. Көпшілігінде «этникалық сана-сезім» тарихи зерттеулерде көрініс тапса, «этникалық бірегейлік» әлеуметтанулық және психологиялық зерттеулерде көптеп қолданылады. Зерттеулердегі методологиялық фокустың этникалық сана-

сезімнен «этникалық бірегейлікке» ауысуы, объектінің атауы «этностан» «этникалық топқа» ауысуына алып келді. Ол конструктивистік және инструменталистік тұрғыда өзін мәдениеттің құрамында субъективті факт ретінде қарауға мүмкіндік берді [78, с. 28].

Осы тұрғыда Э. Смит этникалық топты этноним, мәдениет, ортақ шығу тегіне қарай, туған жерімен немесе территориясымен байланысына және ынтамақтастығына қарай тануды ұсынады [79, р. 21].

Ф. Барттың этникалық бірегейлікті зерттеу әдістері, этникалық және мәдени ерекшеліктерді зерттеуі күрделі өзгерістер алып келді. Ол этникалық бірегейліктегі мәдени шекаралардың объективті тарихи сабақтастығынан гөрі этникалық бірегейлікке индивидуальды сана мен әлеуметтік жағдайды түйсіну шарттарына мән береді [55]. Осыған ұқсас ғылыми талдаулар көптеген зерттеушілердің еңбектерінде де кездесіп жатады. Әлеуметтану мен этнология ғылымының ортақ мәселесі ретінде қаралатын зерттеулерде кездеседі. Жалпы, этникалық бірегейлікті зерттеу мәселесінде Ф. Барттың бұл ұстанымдарына қарсы уәж айтқан зерттеушілер көп емес. Керісінше көптеген ғалымдар оның ұстанымдары мен ғылыми пікірлерін қолдап, оны өз зерттеулерінде кеңінен пайдаланды. Соның негізінде этникалық бірегейлікке негізделмеген мәдени шекаралар интенсивті этносаралық қатынастарда әлсірейтіні жөнінде тенденциялар қалыптасқан. Мысалы, жұмыста, бос уақытты пайдалану кезеңінде, отбасы және тұрмыстық жағдайда мәдени ерекшелік арта түседі. Көпшілік авторлар мәдени айрықша ерекшеліктердің әлеуметтік қызметтерін қарастырмайды. Алайда этникалық бірегейлікті зерттеуде материалды мәдениеттен гөрі әлеуметтік ұғымдарды зерттеу тиімді екені анықталып отыр. Бұл тұста этносаралық қатынастардағы мигранттардың мәдени ерекшеліктері мен бейімделуі өзге этникалық ортада өзін-өзі қай ортаға жататындығын сезінуі маңызды болып табылады. 1990 жылдардан кейінгі посткеңестік елдердегі миграциялық үрдістердің күшеюі, әртүрлі елдерде этноәлеуметтік қатынастардың артып, этносоциологиялық зерттеулерге деген сұранысты күшейтті. Нәтижесінде жаппай жүргізілген этносоциологиялық зерттеулер мигранттардың жергілікті ортаның мәдениеті мен тәртіптерін игерген мигранттар үшін бейімделу үрдісі жеңіл жүретіндігі айтылады.

Этникалық бірегейлікті зерттеудегі мәдени шекаралардың маңыздылығын Ф. Барттан кейін мәдени арақашықтықтар мәселесі бойынша алғашқы зерттеулерді А. Фернхем мен С. Бочнер жасады. Олар мигранттардың психологиясын кроссмәдени талдау арқылы жергілікті жерге бейімделуін және жаңа мәдени ортаға кірігуін қарастырды [80, р. 37]. Психологиялық бағытта жасалған кроссмәдени қадамдар зерттеушілерді топтар арасындағы мәдени ерекшеліктерді субъективті символикалық сипатта қызықтырды. Осыған орай әртүрлі мәдени ерекшеліктің болуы мәдени арақашықтықты анықтауға мүмкіндік береді. Ал этникалық топтар арасындағы мәдени арақашықтықтың болуы этникалық топтың өзара бірігуін қамтамасыз етеді. Мұндай зерттеулер этникалық бірегейлікті этнологияның примордиалистік бағытында қарастырған жөн екенін айғақтайды.

Жоғарыда көрсетілгендей мәдени арақашықтықпен қатар, қазіргі этносоциологиялық зерттеулерде Р. Парк пен Э. Богардус әлеуметтік арақашықтықтың шкаласының негізін қалады. Ол әртүрлі топ пен нәсіл адамдарының арасындағы әлеуметтік арақашықтығын зерттеу арқылы этникалық бірегейліктің аспектілерін қарастыруға мүмкіндік береді. Парктың пікірі бойынша әртүрлі этникалық топ өкілдері арасындағы әлеуметтік арақашықтық қоғамдық ынтымақтастық деңгейі мен нақты қоғамның интеграциялану қабілетін көрсетеді [81, р. 339–344]. Қазіргі этносаралық қоғамдарда бұл шкала этникалық топтардың бір-біріне қатысты әлеуметтік ұстанымдарын анықтайды. Бұл теория тұрғысында көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл Украинадағы әлеуметтік арақашықтық шкаласын пайдалану этникалық толеранттылықтың деңгейін анықтап, өзге ұлттың адамын өз елінің азаматы ретінде санау деңгейіне жеткендігін анықтады [82, с. 109]. Толеранттылықтың мұндай деңгейі Қазақстанның ішкі саясатында да басымдыққа ие, яғни еліміздегі әрбір этнос өкілі өзінің тілі мен мәдениетін дамытуға және оны сақтауға құқылы. Елімізде басқа этнос өкілдері тарапынан жекелеген топ өкілінің мәдениеті мен этникалық ерекшеліктерін кемсітуге жол берілмейді. Бұл тұрғыда Қазақстанның этносаралық саясаты посткеңестік елдер арасындағы негізгі модель десе де болады. Бұл еліміздегі өзге этнос өкілдерінің автохтонды қазақ халқымен біртұтас және ауызбірлікте өмір сүруіне олардың қиын-қыстау заманда Қазақстанға келіп жан сақтауы, тарихи жады арқылы қалыптасып отыр. Жалпы, мемлекет ішіндегі бұл үрдістерді азаматтық бірегейлік тұрғысынан қарастыруға болады.

Ал өзіндік және өзге этникалық топтардың этникалық бірегейлігін мультимәдени кеңістікте зерттеудің де әдісі бар. Ол этникалық мәселені психологиялық, әлеуметтік, саяси механизмдер арқылы қарастырады. Мысалы, канадалық мультикультурализмді алып қарайтын болсақ, ол канадалық саяси бірегейліктің қызметіне кедергі келтірмейді [83, с. 83.]. Бірақ мұнда топтық бірегейліктің ұлттық санасы орнына тілі мен мәдениет кіріктіріледі. Тіл мен мәдениет көптеген елдерде этносты анықтаушы функцияны атқарады. Сол үшін мәдени әркелкілікті қолдау және сақтау үшін этносаралық саясатта жұмсақтықтарға жол беріледі. Бұл жағдай қазақ диаспорасы орналасқан Түркияда да сақталып отыр. Мысалы, Түркия үкіметі қазақтарға өзінің мәдени дамуына мүмкіндік бергенімен, әлеуметтік жағдай қазақтардың толыққанды қазақы дәстүрлерді ұстауына мүмкіндік бермейді. Дәл осындай жағдай басқа да елдерде сақталған.

Бұл мәселеде С. Бенхабибтің пікірлерінің маңызы зор. Оның пікірінше қазіргі заманауи әлемде мәдениет жалпылама қолданыстағы бірегейліктің синонимі болып табылады [84, с. 36]. Автордың пікірінше мәдениет адамдардың қызметінің жиынтық элементі болып табылады [84, с. 52]. Қазіргі әлемнің көп елдерінде мәдени шекаралар этникалық бірегейлікті қолдайды.

Әлеуметтік кеңістіктің мәдени сипаттары мен белгілері бойынша категорияға бөлінуі – этникалық бірегейлікті қалыптастыруда әлеуметтік бірегейліктің когнитивті теориясының маңызды бөлігі. Әлеуметтік бірегейлік

механизмдерін топаралық салыстыру, сараптаулар жоғарыда атап өткеніміздей Г. Тэжел, Дж. Тернер сияқты әлеуметтік психологтар тарапынан кеңінен зерттелді [53]. Бұл теория бойынша адамның әлеуметтік қабылдауларында әлеуметтік жіктелу үрдісі қалыптасады. Ол адамдардың ой-санасына қарай топтарға жіктелуіне жағдай жасайды. Әлеуметтік категорияларға бөліну үрдісі белсенді әлеуметтік бірегейлікпен жалғасады. Осы тұрғыда этномәдени тұтастықты топтар негізінде қарастыруға, этникалық бірегейлікті қоғамдық қатынастардың негізінде зерттеуге мүмкіндік береді.

Ал этникалық бірегейлікті ғылыми айналымда әсірелеу (гиперболизациялау) түсінігін француз антропологы Дж. Деверо енгізді. Ол этникалық бірегейліктің гипербірегей болуы оның басқа әлеуметтік бірегейліктерден маңызын жоғарылатып, белсенді болған кезде жүзеге асады. Бұл жағдайда ол индивидуалды ерекшеліктерді жойып, тұлғаның көптеген қырларын қысқартып, болмысты біржақты қабылдауға жетелейді деп тұжырымдады [57]. Демек, этникалық бірегейліктің маңызы барлық бірегейлік формаларынан жоғары дәрежеде болатынын атады.

Ал еліміздегі этникалық бірегейлікті саяси және идеологиялық тұрғысынан түсіндіретін бірқатар еңбектер жарық көрген. Олар тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы этникалық бірегейліктің үрдістерін жан-жақты қарастырады. Бұл еңбектерде этникалық бірегейлікке саяси-идеологиялық тұрғыда баға береді.

Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейлік мәселесіне көптеген зерттеушілер атсалысты. Олардың қатарында Ә.Н. Нысанбаев [85], В.Ю. Дунаев [86], Р.Қ. Қадыржанов [87], М.М. Нұрғалиева [88], Ә. Ғали [89], Т.А. Козыреваны [90, с. 7-10] және т.б. атауға болады.

Ә.Н. Нысанбаевтың зерттеулерінде шетелдегі қазақ диаспорасын зерттеудің қажеттілігі айтыла келе, қазіргі жай-күйі сөз етіледі. Ол шетелдегі қазақтар Қазақ елінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керектігін айтып, көпсанды халықтар арасында тіршілік етіп жатқан қазақтардың өзін-өзі сақтау үшін этникалық тұтастықты, ұлттық менталитетті соғырлым табандылықпен сақтауға тырысатынын жеткізеді [91, 38-39 бб.]. Ал М. Шайкемелевтің еңбегінде жалпы қазақ ұлтының бірегейлігін көрсетеді. Зерттеуші мұны тарихи өмір салтымен салыстыра келе, қазіргі модернизация заманындағы әлеуметтік қатынастардағы азаматтық, әлеуметтік бірегейлік дейгейін айшықтайды. Автор өз еңбегінде қазақ халқының толеранттылығы мен этносаралық қатынастардағы моделін көрсеткісі келеді [65].

Қазақстандық ғалымдар арасында бірегейлік мәселесінде әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Мысалы, Р.Қ. Қадыржановтың еңбегінде ұлттық бірегейліктің қалыптасуына титулды этностың белгілері, яғни символдары арқылы басқа этностарды өз жанына топтастыруы қабілетін айтады. Мемлекеттегі титулды ұлттың бірегейлігінің қалыптасуына ұлттық идея, ұлттық тарих, патриотизм, тіл, мифтер және т.б. қызмет атқаруы тиіс. Зерттеуші Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті зерттеу үшін жаңа көзқарастар мен жаңа бастамалар қажеттігін атап өтеді [86, с. 131].

С. Нұрмұратовтың зерттеулерінде қазақ диаспорасының этникалық бірегейлену үрдісінің негізгі ұстанымдары қазақтың дәстүрлі менталитетіне негізделетінін атап өтеді. Ол шетелдегі қазақ диаспорасындағы өзара байланыс орнату жолдарында жас буын өкілдерінің неке қатынастарын реттеуде әртүрлі іс-шараларға, қадамдарға баруын (кіші құрылтайлардың өткізілуін) этникалық қажеттілік арқылы жүзеге асырылып отырғанын жасырмайды. Мұнда Еуропа қазақтарының ұлттық некені жастар арасында дәріптеп, тіпті түркі халықтары арасындағы некеге де жол беріп отырғанын атап өтеді. Зерттеуші осындай үрдістерді алға тарта отырып шетелдегі қазақтардың өзін-өзі сақтап қалу жолдарын қарастырады [92].

Философ Н. Айтымбетов қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің қалыптасуында екі түрлі саяси мәдениеттің барлығын және олардың өзара қарама-қарсы екеніне көз жеткізеді. Біріншісі, адамдар санасында әлі де болса өмір сүруін жалғастырып келе жатқан ескі кеңестік саяси мәдениеттің қалдықтары, екіншісі, жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениеті [92, 40-б.]. Бұл тұжырымдарда Н. Айтымбетов тарихи сананың этнос өміріндегі маңызын көрсеткісі келеді. Оны адамдар санасындағы басымдыққа ие тарихи символдарға назар аудару арқылы талдауды қажет деп есептейді. Ал кейінгі кездері ұлттық бірегейлікке байланысты жүргізілген зерттеулердің ішінде Т.Т. Оспановтың зерттеулерін алып қарасақ болады. Оның зерттеулерінде ұлттық бірегейліктің әлеуметтік философиядағы көрінісі сипатталады. Сондай-ақ этникалық бірегейлікті, рухани мәдениетті және этностың болмысын сақтауда тілдің маңызды рөл ойнайтынын көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, тілдің ұрпақ арасындағы мәдениетті жеткізуші қызметін қарастырады [94, с. 52-57].

Көпшілігінде этникалық топтар территориялық немесе саяси тәуелсіз болуы тиіс. Алайда этникалық топтарды осындай негізде салыстыру әртүрлі жағдайларды қалыптастырады. Мысалы, кейбір этностар бір өзі бүкіл мемлекеттің территориясын алып жатса, кейбірі өмірінде тәуелсіздікке қол жеткізе алмай кетеді. Сан жағынан басым және тәуелсіз этникалық топтарда ұлттық немесе өңірлік бірегейліктің формалары қалыптасады. Жалпы, «ұлт» және «ұлттық» деген ұғымдар саяси тәуелсіз этникалық топтарға айтылады. Сол тұрғыда ұлттық және этникалық бірегейлік тарихи сабақтастықта болған жағдайда мәдени бірегейлік қалыптасады.

Кейбір этникалық азшылық топтар өздерінің саяси бостандығына үміттеніп отырып, табиғи қол жетімсіз территорияларға барып қоныстанып, сол арқылы этникалық бірегейлігін сақтауға тырысады, яғни өзге мәдениеттерден оқшаулану арқылы. Шетелдегі қазақ диаспорасының этномәдени бірегейлігін сақтау бойынша оқшаулану үрдісін Моңғолия қазақтары қолданып отыр. Олар оқшаулану жағдайында қазақтың дәстүрлі этномәдениетін сақтап келеді. Бұл жағдай ХХ ғасырдың 80-жылдарына дейін ҚХР, Ақсай аудандарында да болды. Алайда қазіргі урбанизациялық үрдістер мен Орталық Қытайдың Солтүстік шекара аймақтарды игеру саясаты Қытай қазақтарының дәстүрлі этномәдениеттен қол үзуге алып келуде.

Жалпы зерттеу тақырыбымыздың күрделілігіне қарай, Түркия және Өзбекстан қазақтары арасында бірнеше кешенді этнографиялық экспедиция жұмыстары жүргізілді. Экспедициялық жұмыстар 2017–2020 жылдар жалғасып, қазақтардың тығыз шоғырланған аймақтарын қамтыды. Мұның ішіне Өзбекстан бойынша Ташкент облысы, Ташкент қаласы, Бостандық және Қыбырай, Жаңабазар аудандары, Шыршық қаласы, Жоғары, ортаңғы және төменгі Шыршық аудандары мен ауылдары, Түркияның Стамбул қаласының Зейтінбұрын, Гүнешлі, Сафакөй аудандары мен Конияның маңындағы Нигде (Алтайкөй), Ізмір қаласының маңындағы Салихлы ауылдары, Анкара маңындағы Ісміл аудандарындағы және т.б. қазақтар орналасқан елді мекендер қамтылды. Экспедициялық жұмыстар этнология және этносоциологиялық бағыттарға ортақ әдістер арқылы жүргізілді. Бұл арнайы құрылған сұрақнамалық бағдарлама арқылы сұхбат, сауалнама алыну арқылы жүзеге асты. Түркия және Өзбекстан территориясына жүргізілген зерттеулерімізде сұхбатты арнайы информаторлардан алуға тырыстық. Оның ішінде қазақ қауымдастықтарының төрағалары, мектеп мұғалімдері, жергілікті баспасөз редакторлары, қорлардың басшылары, ақын, жазушы, ғалымдармен қатар арнайы кәсіп иелері, қолөнершілер, тері өңдеу цехтарының басшылары және көне қариялардан алынды. Шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін анықтау үшін көп жақты зерттеулер жүргізілуі керек болды. Бұл диаспорадағы материалдық мәдениет үлгілерінің сақталуын, тіл, дін, салт-дәстүрді және көне тарихты қамтыды. Информаторлардан осы бағыттарда сұхбат алынды. Кейбір информаторлардың айналысқан кәсібіне орай қосымша мәліметтер алынды. Мысалы, ауыл шаруашылығында қызмет еткен информаторлардан мал шаруашылығынан бөлек, қазақтар тығыз орналасқан аймақтың табиғи климатты ерекшелігіне, тарихи ескерткіштеріне қарай да сұрақтар қойылды. Ал қоғамдық қор басшыларына тек диаспорадағы жағдайдан бөлек, Өзбекстан немесе Түркия қазақтарының Қазақстанмен мәдени байланыстары жөнінде жауап алуға тырыстық. Біз зерттеп отырған екі мемлекеттегі қоғамдық қорлар мен баспасөз беттерінен қазақ тіліндегі материалдарға сараптама жасалынды. Ондағы материалдардың негізгі бағыты мен бағдары анықталды. Ал Түркиядағы Нигде, Салихлы сияқты жерлердегі қазақтардың алғашқы қоныстанған ауылдарында қазақтардың қоныстану жүйесіне, шаруашылығына, тамақтану жүйесіне қатысты зерттеулер жүргізілді. Халық тығыз орналасқан жерлерде, базарларда, арнайы ас, тойларда этнографиялық бақылау әдістері қолданылып, диаспорадағы қоғамдық қатынастар, неке және отбасы мәселесіне байланысты сұрақтардың жауабын іздедік. Бұл біздің зерттеуіміздің айшықты болуын қамтамасыз етті десек болады. Аталмыш елдерге жүргізілген экспедиция жұмыстары жылдың әр мезгілінде іске асырылды. Атап айтсақ, жаз, күз, қыс, көктем айларында орын алған зерттеу жұмыстары диаспорадағы қазақтардың шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін циклді түрде анықтауға мүмкіндік берді. Батыс антропологиялық мектептерінде мұндай экспедиция жүргізу әдісін «антропологиялық жыл» деп атайды, яғни зерттеуші зерттеу аймағына қыста барып, жаздағы тұрмыс-

тіршілікке байланысты сұрақ қоймайды. Керісінше қыста барып қыс мезгіліндегі халықтың тұрмысымен, жазда жаз мезгіліндегі ерекшелігімен кезең-кезеңмен танысады. Біздің де Өзбекстанға және Түркияға жүргізген жұмысымыз осыған сәйкес келеді. Әр мезгілде қамтылатын тіршілік жүйесіне сай сауалнамалық бағдарлама арқылы зерттеу жүргізілді. Өкінішке орай, бұл әдістер елімізде қалыптасқан біздің ғылыми зерттеулерімізде толық қалыптаспаған.

Шетелдегі қазақ диаспорасын зерттеудің тағы бір ұтымды әдісі – бұл арнайы дайындалған сауалнамалар арқылы жас ерекшелігіне, жынысына, әлеуметтік мәртебесіне қарай сауалнама алу. Бұл респонденттердің берген жауаптарына қарай контент сараптама жасауға мол мүмкіндік береді. Мысалы, Түркияда жүргізілген сауалнаманың 80 %-ға жуығына қазақ жастары қатысты. Мұндағы мәселе Түркиядағы келешек жастардың этномәдени әлеуетін анықтау болды. Сауалнамадағы сұрақтар шетел қазақтарының этникалық бірегейлігін, этнотілдік көрсеткіштерін, діни ұстанымдарын және т.б. анықтауға бағытталды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында мәдени антропология және визуалды антропологияның әдістері қолданылды. Мысалы, көрсетілген экспедициялар барысында түсірілген фото материалдар визуалды антропологияның әдістерімен пайдаланылды. 2018–2021 жылдар аралығында жүргізілген экспедициялар барысында 3000-нан аса фото суреттер мен бейне жазбалар түсірілді. Бұл фото құжаттар негізінен шетелдегі қазақтардың мәдениетін, шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын баяндайтын деректер ретінде беріледі. Оны зерттеу жұмысымыздың белгіленген тарауларына қарай тиімді пайдаланып, тақырыптың барынша айшықталуына қол жеткіздік.

Қорытындылай келе, этникалық бірегейлік бір жақты қатып қалған тұжырымдардан тұрмайды. Ол барынша қарапайым және бейімді құбылыстардан тұрады. Оған мәдени, саяси, әлеуметтік үрдістер кеңінен ықпал етеді. Мысалы, батыстық зерттеулердегі ұлт, ұлтшылдық, ұлттық сана мәселесі «этникалық бірегейлік» терминімен ауысып келді. Бұл Қазақстанның қоғамдық ғылымдарына да өз әсерін тигізбей қоймады. Қазіргі кезде көпшілік зерттеулерде этникалық бірегейлік мәселесі өзекті мәселе ретінде көрініс тауып отыр. Жалпы, бұл этникалық бірегейлік сөзі этникалық сана-сезім деген ұғымды білдіреді. Көпшілігінде этникалық (ұлттық) сана-сезім тарихи зерттеулерде көрініс тапса, этникалық бірегейлік әлеуметтанулық және психологиялық зерттеулерде көптеп қолданылады. Зерттеулердегі методологиялық фокустың этникалық сана-сезімнен «этникалық бірегейлікке» ауысуы, объектінің атауы «этностан» «этникалық топқа» ауысуына алып келді. Ол конструктивистік және инструменталистік тұрғыда өзін мәдениеттің құрамында субъективті факт ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес, қазіргі жаһандану кезеңінде этностардың мәдениеті мен тілін, әдет, салтын ұстануына және сақтауына мол ақпараттық мүмкіндіктер бар. Алайда этникалық топтар арасындағы этникалық бірегейлік мәселесін зерттеуде әр этностың ерекшелігі ескерілуі тиіс. Демек, беріліп отырған бұл

теориялық еңбектердің көпшілігі жекелеген этникалық топтарды зерттеу нәтижесінде қалыптасқандықтан, бұны методологиялық тұрғыда шетелдегі қазақ диаспорасын зерттеуде тиімді пайдалануымыз қажет.

Қазақ диаспорасындағы этникалық бірегейлік мәселесін зерттеуде бірқатар ғылыми бағыттардың методтарының интеграциясын қажет етеді. Оның ішінде этнология, социология, психология, мәдениеттану және т.б. ғылымдардың методологиялық тәжірибелерін қолдану керек. Сондай-ақ этникалық бірегейлік жөнінде қалыптасқан батыстық теориялардың да бірқатар кемшіліктерін де байқауға болады. Кейбір теориялық ұстанымдарды қазақ диаспорасында қолдануда сақтық қажет, яғни батыстық ғалымдар диаспора мәселесін этникалық топ ретінде қарастырды. Ал этникалық топтың этнотерриториясы мен шынайы территориясындағы мәселелер бірқатар этномәдени мәселелерді тудыратыны белгілі. Осы тұрғыда Г. Мендикулова қазақ диаспорасын басқа да диаспоралардың тарихы мен формасына қарай салыстыра келіп, қазақ диаспорасының бірнеше формаға бөлінетінін көрсетеді. Оның ішінде Қазақстанға шекаралас орналасқан Ресей, Өзбекстан, Қытайдың бірқатар аймақтарының қазақтарын диаспора емес, ирредент ретінде қарастыруды ұсынады [95, с. 52–55].

Сол үшін Өзбекстан және Түркия қазақтарын зерттеуде бірқатар методологиялық ұстанымдарды қайта қарауды қажет етеді. Жоғарыда айтқандай, бір жақты примордиалистік те емес, бір жақты конструктивистік немесе инструменталистік емес, ортақ біріккен ұстанымдарды қолдану қажет екені анық. Методологиялық ұстанымдардың бірнеше бағытта қалыптасуы қазіргі жаһандану жағдайындағы күрделі өзгерістерге тікелей байланысты. Қазіргі қоғамның өзгерістері ХХ ғасырдың соңына дейін жалғасып келген біркелкі, тұрақты дамуды және бірізді бағыттарды қажет етпейді.

1.3 Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлік мәселесінің зерттелуі

Этникалық бірегейлік мәселесін шетелдік ғалымдар әртүрлі бағытта, әрқилы пәнаралық сипатта зерттеді. Олардың бірқатары этникалық бірегейлікті әлеуметтік тұрғыда зерттеген болса, келесі топ өкілдері бірегейлікті психологиялық сипатта қарастырды. Ал кейбір авторлар философиялық категориялар тұрғысынан да қарастырды.

Жалпы бұл еңбектерде этникалық бірегейліктің негізгі ұстанымдары мен бағыттары берілген. Ал тікелей шетелдегі қазақ диаспорасына қатысты шетелдік тарихнамада бірқатар еңбектер жарық көрген. Мұның қатарында Түркия қазақтарының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына қатысты арнайы әдебиеттер аз болғанымен сондағы қазақ этномәдениетімен таныстыра алатын әртүрлі зерттеулерді атап өтуге болады.

Түркияға көшіп барған қазақтардың тарихы 1952 жылдан басталатыны белгілі. Түркия қазақтарының зерттелу кезеңі де осы уақыттардан басталады.

Түркия қазақтары жөніндегі зерттеулердің алғашқы кезеңі шетел тарихнамасында орын алды десек болады. Мысалы, 1940–1950 жылдары Қытайдағы аумалы-төкпелі кезеңі Шыңжаңдағы дәстүрлі қазақ қоғамының босып кетуіне алып келді. Бұл жөнінде 1954 жылы Ұлы Британия парламентінің мүшесі Филипп Прайс Корольдықтың Орта Азия қоғамына арналған сандарында баяндама жариялады. Ол өз баяндамасын «Ұлы қазақ ерлігі» деп атап, Батыс империяларын Шыңжаңдағы болып жатқан қысымшылыққа назар аудартқысы келді [96, p. 249–252].

Ал 1956 жылы лондондық ағылшын журналисі Лиас Годфрей қазақтардың босқындыққа ұшырау тарихын зерделей келе «Қазақ қырғыны» атты еңбек жазды. Бұл еңбекте Годфрей Түркияға көшіп барған қазақтар туралы және Шығыс Түркістан қазақтарының Қытай билігіне қарсы көтерілістеріне де тоқталып кетеді [97].

1950 жылдардан кейін Түркияға босып барған қазақ қоғамы еуропалықтар үшін тың ғылыми тақырып ретінде қарастырылды. Осы тұрғыда 50-жылдардың екінші жартысында неміс этнографы Улла Йохансен Анадолы қазақтары арасында кешенді этнографиялық зерттеулер жүргізді. Ол Алтайкөйдегі қазақтармен кездесіп, сауалнама жүргізіп, сұхбат алады. Сондай-ақ 1970 жылдардың соңына қарай Түркия қазақтарының этномәдениеті шведтік ғалымдардың назарын аудартады. Соның негізінде Упсала университетінің зерттеушісі тарихшы, түрколог И. Сванберг Түркия қазақтары арасында зерттеулер жүргізді. Ол 1989 жылы өзінің «Казахские беженцы в Турции. Изучение процесса культурного выживания и социальных изменений» атты монографиясын жариялады [23, с. 224]. Мұнда түркиялық қазақтардың этномәдениеті мен әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер қамтылды.

Жалпы Түркия қазақтары жөнінде жазылған еңбектердің қатарында түркиялық қазақ авторлардың еңбегінің де маңызы зор. Түркиядағы қазақ авторлардың еңбектері де шетелдік тарихнама сияқты 1960 жылдың басында-ақ басталды. Осы орайда Түркия қазақтарының өз ішінен шыққан Хасен Оралтайды айта кеткен жөн. Хасен Оралтайдың «Бостандық жолында Шығыс Түркістан қазақ-түріктері» атты еңбегі 1961 жылы жарық көрді. Ол жалпы қазақ тарихы мен мәдениеті туралы мәлімет беріп, әкесі Қалибектің төңірегінде өткен оқиғаларға кеңінен тоқталады. Сонымен қатар Оспан батырдың қарулы күресі мен уақытша құрылған Шығыс Түркістан үкіметінде Қаржы министрі қызметін атқарған Жанымхан қажы Тілеубайұлының саяси іс-қимылдары жөнінде құнды мәліметтер береді. Бұл еңбек 1976 жылы Стамбулда екінші рет жарық көреді [98].

Түркиядағы қазақ жазушыларының бірі Хызырбек Ғайретолланың «Алтайдағы қанды күндер» атты еңбегі 1977 жылы Шығыс Түркістан босқындар қоғамының басылымдары арасында жарық көрген.

Жазушы және журналист Хызырбек Ғайретолланың қазақтар арасынан жинаған материалдары негізінде аталған еңбек түрік тілінде баспаға дайындалды. Кітапта қазақтардың көш тарихы турасында, оқиғалардың бел

ортасында жүрген куәгерлердің мәліметтеріне сүйенген өте құнды деректер баршылық [99].

Осы сияқты Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихын көптеген зерттеушілер мен тарихшылар зерттей бастады. Түркиялық қазақтар арасынан шыққан алғашқы зерттеушілердің бірі – Халифа Алтай болды. Оның қазақ және түрік тілінде жазылған еңбектері Түркия қазақтарының тарихы мен көшіне және діни әдептерге арналған. Оның алғашқы еңбегі 1977 жылы түрік тілінде жарық көрген «Қысқаша қазақ шежіресі» деп аталады. Бұл шағын кітапшада Түркиядағы қазақтардың шежіресі жазылған. Екінші еңбегі 1980 жылы «Естеліктерім» деген атпен Стамбулда қазақ тілінде жарыққа шықты. Халифа Алтай өзі көш барысында куә болған оқиғаларды өлең түрінде дастан етіп жырлайды. Кітапта автор қазақтардың көші туралы және де ондағы оқиғаларды баяндайды, әсіресе Үндістан мен Пәкістанда өткізген өмірлеріне қатысты құнды мәліметтер береді. Бұл Түркияда қазақ тілінде жарық көрген алғашқы еңбек болып табылады [100].

Автордың үшінші әрі кең тараған еңбегі – «Атажұрттан Анадолыға дейін» деген еңбегі. Ол 1981 жылы Түркия мәдениет министрлігінің басылымдары арасында Анкарада түрік тілінде жарыққа шықты. Онда қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениеті егжей-тегжейлі баяндалады. Бұл кітап ықшамдалып қазақ тіліне аударылып, 1995 жылы Алматы қаласында жарық көрді [101]. Бұл еңбектер Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихын зерттеуде маңызды рөл атқарады.

Түркия қазақтары жөнінде жазылған еңбектердің басым бөлігінде белгілі түркиялық қазақ тарихшысы Әбдіуақап Қараның еңбектерінің маңызы зор. Соның ішінде «Алтайдан Анадолыға дейін азап кешу» [102], «Түркия қазақтарының еркіндік жолындағы ұлы көші» [103, 83–95 бб.] еңбектері қазақтардың Шыңжаңнан ауа көшіп, Түркиядағы бейімделу жағдайына, Еуропа еңбек миграциясына кеткен қазақтар жөнінде жазылған.

Осындай жарияланымдардың бірі Абдулхак Малкаждың «Қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері және қазіргі жағдайы» деп аталады [103, 135–138 бб.]. Ол өзінің пайымында Түркия қазақтарының бақытты өмір сүріп келетінін жасырмайды. Себебі түріктердің Шыңжаңнан келген босқындарға жан-жақты көмектескені жөнінде жазады. Автор: «Бұл елдегі қазақтар бөтендік, жаттық, этникалық қысым және қудалау көрмеді», – деп Түркия қазақтарының мәдени-әлеуметтік жағдайына назар аударады.

Еуропалық қазақ авторлардың ішінде Абдулқаюм Кесижидің «Еуропаға көшудің 50 жылдығына: Еуропадағы қазақ диаспорасының тарихы, қазіргі хал-жағдайы және келешегі» атты мақаласы жариялады [105, 174–178 бб.]. Мақалада Еуропа қазақтарының тарихы, қазіргі мәдени-әлеуметтік жағдайы қарастырылған.

Кейінгі жылдары шетелдегі қазақтардың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне байланысты П. Финке, А. Динердің зерттеулері жарық көрді [24; 25]. Бұл авторлардың мақаласында Батыс Моңғолия қазақтарының қазіргі жағдайы, әлеуметтік және мәдени трансформациясы қарастырылған.

Бірегейлік мәселесі ресейлік авторлар тарапынан зерттеле бастауы 1960–1970 жылдары этнология ғылымында «этникалық немесе ұлттық сана-сезім» ұғымы этникалық топ пен ұлттың өзін-өзі қай ұлт пен топқа жатқызуынан көрініс таба бастады. Этникалық сана-сезімді теориялық талдаулардың маңызды бөлігі 1960 жылдың екінші жартысында «Вопросы истории» журналындағы мақалалардан көрініс тапты. Бұл талдаулардың қорытындысы ретінде ұлттық немесе этникалық сана-сезім «ұлт» ұғымымен тоқтамға келді. Кеңестік этнология ғылымындағы ұлттық сана-сезімді зерттеу оның құрылымдық ерекшеліктеріне де тоқталды. Ю.В. Бромлей өзінің «Очерки теории этноса» атты еңбегінде мынадай құрылымдық элементтерді көрсетті. Оған: тіл, мәдениет, тарих және территория, діни және таптық сананы кіргізді [58, с. 176–183]. Этникалық сана-сезім ұғымының мәнін түсіну үшін кеңестік этнология және этносоциологиялық мектептері этнос, мәдени біріктіруші, әлеуметтік және саяси-идеологиялық формаларда интеграциялануына жағдай жасады.

Л.М. Дробижева өзінің теориялық еңбектерінде этникалық сана-сезімнің құрылымы мен қызметінің инструменталды функциясына мән беріп, оның идеологиялық, әлеуметтік-психологиялық, топтық және мемлекеттік деңгейіндегі функциясын бөліп көрсетеді [106, с. 41]. Ол этникалық топтың, этникалық мүддесі мен этникалық құндылықтар түсінігінің айырмашылығын анықтайды [107, с. 251–263]. Қазіргі кезде этносты зерттеуде примордалистік, инструменталистік және конструктивистік ғылыми теорияларға сүйенеміз. Осыған сәйкес тілдік, мәдени, территориялық және құндылықтар ұғымын жалпылама «этникалық бірегейлік» деп атаса болады.

Ресей ғылыми кеңістігін әлемдік тенденциялардан бөлек қарастыруға да келмейді. Мысалы, Ф. Барттың еңбектеріндегі мәдени шекара мәселесін посткеңестік ғылыми кеңістікте алғаш болып енгізген В.А. Тишков болды. Ол Барттың тұжырымдары посткеңестік қоғамдағы мәдени шындықты саралауға сәйкес келетіндігін дәлелдеді. В.А. Тишков мәдени шекараның қалыптасуы мен сақталуында мемлекет рөлінің маңызды екенін анықтады. Ал этникалық бірегейлік пен топтық бірегейлікте оның жанама сипатта ғана болатыны көрсетілді. Автор этникалық бірегейліктің әртүрлі саяси жағдайлар мен мәдени ерекшеліктерге орай бейімді болып келетінін түсіндіреді [78, с. 28].

Жалпы, Ресей зерттеушілері арасында шетелдегі қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениетіне, этникалық бірегейлігіне қатысты еңбектер де жоқ емес. Оның қатарында А.Н. Самоилович, Н.А. Томилов, М.П. Малышева, О.Б. Наумова, А.В. Конавалов, И.В. Октябрьская және т.б. авторлардың еңбектерін атап өтуге болады. Осы авторлардың ішінде О.Б. Наумованың «Казахская диаспора в России: этническое самосознание и миграционное поведение» атты мақаласын атап өтуге болады. Мұнда Ресейдегі қазақтардың этникалық сана-сезіміне тоқталып, қазіргі кездегі этномәдени үрдістердегі өзгерістерін түсіндіреді [108, с. 60–73]. Ресейдегі Алтай қазақтарының әлеуметтік және мәдени ерекшеліктері жөнінде И.В. Октябрьскаяның «Казахи Алтая: этнополитические и социокультурные процессы в пограничных районах

Южной Сибири XIX-XX вв.» атты докторлық диссертациясының орны ерекше [109].

Шетелдегі қазақ диаспорасының зерттелу тарихнамасын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші қазақстандық зерттеушілердің еңбегін құраса, екінші тобы шетелдік зерттеушілердің еңбектері болып табылады. Ал диаспорадағы өз ішінен жүргізілген зерттеулердің орны бір бөлек. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының этнобірегейлік мәселесін қарастырғанда жан-жақты талдау жүргізуге мүмкіндігіміз бар екенін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақстандық зерттеушілердің қазақ диаспорасын зерттеудегі орны айтарлықтай. Оны зерттеу жұмыстарының методологиялық ұстанымдарынан және негізгі іргелі еңбектердің қалыптасуынан байқауға болады. Мысалы, қазақ диаспорасын зерттелуі алғаш кездері тарихи, философиялық, әлеуметтанулық, демографиялық тұрғыдан зерттеле бастады. Бұл зерттеушілердің қатарына А.К. Арғынбаев, Н.А. Айтымбетов, Ғ. Есім, С.Е. Нұрмұратов, К.У. Әлжанов, З.Н. Сәрсенбаева, М.Б. Тәтімов, А.С. Сейдімбек кіреді. Бұл авторлардың еңбектері 1992 жылы ҚР ҰҒА Философия институтының «Қазақ диаспорасының ғылыми зерттеу мәселелері» [2, 11–24 бб.] атты жинақта көрініс тапты. Бұл жинақтың алғы сөзінде академик Ә.Н. Нысанбаев шетелдегі қазақтардың санының 3 млн адамнан асатынын алға тарта отырып, арнайы диаспорология зерттеу институтын құрудың маңыздылығын атады [3, 4-5 бб.]. Оның бұл идеясын А.К. Арғынбаев та қолдап, тек қана сырттағы қазақтар емес, сонымен қатар Қазақстандағы түрлі диаспораларды зерттеудің өзектілігіне тоқталды [2, 15-б.].

Сондай-ақ отандық тарих ғылымында әлемнің отыздан аса мемлекетінде тұрып жатқан қазақ диаспорасының саны, шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасуы мен репатриация мәселелеріне арналған М.Б. Тәтімовтің «Қазақ әлемі: Қазақтың саны қанша?» атты зерттеу еңбегі жарық көрді [8].

Жалпы, қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени ерекшеліктері Г.М. Мендикулованың «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» атты монографиясында орын алды [10]. Ғалымның бұл зерттеуінде «қазақ диаспорасы» терминімен қатар, «ирредент» термині қолданылады. Негізінен бұл терминді Ресей, Қытай және Өзбекстан қазақтарына қатысты қолдану қажеттігін атап өтеді. Өзбекстан және Қарақалпақстан қазақтары жөнінде Кеңес үкіметі кезеңінде У.Х. Шәлекеновтің «Казахи низовьев Амударьи» атты еңбегі 1966 жылы жарық көрді. Автор еңбегінде Әмудария өзені жағасындағы өзбек, қарақалпақ және түрікмендер арасындағы қазақтардың отырықшы өмірін сипаттауға арнайды [13, с. 7]. Кітапта қазақтардың шаруашылығына, рухани өміріне байланысты мәселелер қамтылған. Оның сыртында У.Х. Шәлекенов пен М.Х. Шәлекеновтің «История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII–XX вв.» [14] атты еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбекте қазақтардың шаруашылығына табиғи географиялық жағдайдың әсері, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, егіншілігіне мән берілген. Еңбектің біраз бөлігі отбасылық тұрмысына, қоныстану және тамақтану жүйесіне негізделген.

1997–2006 жылдары қазақ диаспорасының тарихының теориялық және тәжірибелік мәселелері мен қазіргі дамуы және этникалық қазақтардың Қазақстанға көшуі үрдістеріне арналған Г.М. Мендикулованың еңбектері жарық көрді [110, с. 52–55]. Бұл еңбектерде ғалым тұңғыш рет Қазақстанмен көршілес елдер Қытай, Ресей және Өзбекстан территориясында өмір сүріп отырған қазақтарға қатысты зерттеулердің ғылыми бағдарламасы мен тұжырымдамасын ұсынды.

Өзбекстандағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени дамуының тарихы мен қазіргі кездегі тұрмыс-тіршілігі жайлы зерттеуші Қ.И. Қобыландиннің мақалаларын атап өтуге болады [16, с. 38–43]. Сондай-ақ Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қызметкерлерінің де бірнеше мақалалары жарыққа шықты [111]. Мысалы, 2000 жылдары Өзбекстан қазақтары жөнінде бірнеше мақалалар жарияланды. Олардың қатарында саясаттанушы Е. Тұқымовтың, зерттеуші Д. Қадыровтың және т.б. мақалалары қамтылды [112].

2000 жылдардан кейінгі іргелі еңбектердің бірі Б.К. Қалшабаеваның «Орталық Азия қазақтары (тарихи этнографиялық зерттеу)» атты докторлық диссертациясы болып табылады. Диссертациялық жұмыста Өзбекстан қазақтарының рулық этникалық тарихы, орналасуы, демографиясы, шаруашылығы, мәдениеті және т.б. мәселелер кеңінен қамтылды [19].

2000–2003 жылдары С. Мадуанов пен М.У. Шәлекеновтің «XVIII–XX ғғ. басындағы Түркістан халықтарының қарым-қатынасының тарихы» [113] атты монографиясы жарыққа шықты. Бұл еңбектермен қатар, тарихшы Қ.И. Қобыландиннің 2008 жылы «История и современное развитие казахов в Узбекистане в XIX–XXI вв.» атты докторлық диссертациясын [114], А.А. Бақтыбаеваның «Казахская диаспора в Узбекистане в 1920–1930 гг.: (исторический аспект)» атты кандидаттық диссертациясын [115] және 2009 жылы жарыққа шыққан Қ.И. Қобыландин мен Г.М. Мендикулованың «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы» [15] атты монографиясын атап өтсе болады. Сол сияқты қазіргі қазақ-өзбек қарым-қатынастары жайлы Ө. Өзбековтің кандидаттық диссертациясында берілген [116].

Біздің зерттеуімізге қатысты кейбір мәселелер өзбекстандық авторлардың еңбектерінде де кездеседі. Мысалы, қазіргі Өзбекстанның тарихи-демографиялық мәселелеріне арналған еңбектерінде қазақтардың саны мен орналасуына байланысты мәселелер қарастырылады. Оның ішінде 1998 жылы Ташкентте жарық көрген Р. Муртазаеваның «Көпұлтты Өзбекстан: тарихи-демографиялық аспекті» атты монографиясының маңызы зор [117]. Аталмыш еңбекте Өзбекстан халықтарының қазіргі кезге дейінгі статистикалық деректері мен материалдары пайдаланылады. Ал Өзбекстандағы миграциялық үрдістермен айналысқан зерттеушілердің қатарына Л.П. Максакованы [118, с. 89–125], Аман Алиханды [119] және т.б. атап өтуге болады. Бұл еңбектерде Өзбекстан халқының көші-қон мәселесін, экономикалық және демографиялық аспектілерін қарастырады.

Енді отандық тарихнамадағы Түркия қазақтарына байланысты әдебиеттерді қарастыратын болсақ, оның қатарында әртүрлі мақалалар мен арнайы еңбектер бар. Мысалы, 1993 жылы Ж.А. Ермекбайдың «Эмиграция казахов в Турции» атты мақаласы жарық көрді [120, с. 163–167]. Мақалада Түркиядағы қазақтардың көшу тарихы мен әлеуметтік жағдайы сипатталған. Сол сияқты Түркия қазақтарына қатысты әртүрлі мәліметтер бұқаралық ақпараттар құралында, баспасөз беттерінде жарияланып келді.

Түркия қазақтарының этнографиясына, этноәлеуметтік жағдайына байланысты іргелі еңбек ретінде Б.К. Қалшабаева мен А. Бейсегулованың «Түркия қазақтары: этникалық тарихы, этнорафиялық ерекшеліктері» [20] атты монографиясын атауға болады. Бұл еңбек 2013 жылы Қазақ ұлттық университетінің баспасынан жарық көрді. Авторлар монографияны дайындау барысында Түркиядағы қазақтардың шоғырланған аудандарына кешенді этнографиялық экспедиция ұйымдастырып, арнайы әдебиеттерді пайдаланған. Еңбекте Түркия қазақтарының этникалық тарихы мен қазіргі жай-күйі, этнографиялық ерекшеліктері, өзара интеграциялану, бірегейлену жағдайлары қарастырылған. Осындай еңбектердің қатарына А.Б. Қалыштың «Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов» еңбегін жатқызамыз. Аталмыш еңбекте елімізге оралған қандастарымыздың әлеуметтік мәдени интеграциясын талдай келе, шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін зерттеудің кейбір методологиялық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған [11]. Осы автордың «Миграция казахов: вызовы этнических репатриации в условиях глобализации: монография» атты монографиясы да қазақ диаспорологиясында көрнекті еңбектердің бірі болып табылады [121].

Соңғы жылдары этнографтардың диаспораны зерттеулеріне Н. Байғабатованың бірнеше авторлармен бірге жарық көрген «Этнокультурная идентичность диаспоры: представление и практики (на примере казахов Монголии и Китая)» монографиясын атауымызға болады [12]. Экспедиция материалдары негізінде авторлар Батыс Моңғолия мен Батыс Қытай территориясында тұратын қазақтардың этномәдени ерекшеліктерін зерттеді. Бұл ұжымдық еңбекте қазақ диаспорасының бірегейлігін зерттеудің әртүрлі этнографиялық әдістері мен ұстанымдары берілген. Сондай-ақ зерттеу жұмысында көп жылғы далалық экспедиция жұмыстарының қорытындысы ретінде диаспораны зерттеудің кейбір ерекшеліктерін атап өтеді.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы ұйымдастырған әртүрлі конференцияларда Ж.Б. Ошақбаева, Д. Баймолда сияқты авторлардың арнайы Түркия қазақтарына арналған мақалалары жарияланып тұрды [7].

Қорытындылай келе, Түркия және Өзбекстан қазақтарының этномәдени бірегейлігін зерттеуде методологиялық ұстанымдар жан-жақты қарастырылады. Бұл аталмыш тақырып бойынша осы кезеңге дейін жарияланған еңбектер әртүрлі тұрғысынан зерделенген. Бұл зерттеу жұмысының кешенді зерттеу жұмыс ретінде қамтылуына мүмкіндік береді. Мысалы, отандық тарихнамада шетелдегі қазақтар дәстүрлі этнографиялық әдістер арқылы зерттелсе, батыстық зерттеулерде бұл тақырыптарды мәдени антропологиялық тұрғыдан

қарастырғанды жөн көреді. Қалай болғанда да зерттеу жұмысы дәстүрлі әдістерді пайдалана отырып, батыс антропологиялық мектебінің басты негіздеріне сүйенеді. Бұл зерттеліп отырған тақырыптың қазіргі мәдени әлеуметтік кеңістікте басты негіз екенін көрсетеді. Мұны тақырыптың тарихнамасы мен зерттелу деңгейі жалпы қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қазіргі әлеуметтік даму деңгейіне дейінгі әдебиеттерді қамтып отырғанымен түсіндіруге болады. Бұл қазақ диаспорасы тарихнамасының бірізділікке жүйеленуін қамтамасыз етеді. Ал отандық зерттеушілердің диаспора, репатрианттар мәселесінде жариялаған зерттеулерінің ішінен этникалық бірегейлікке тиесілі тұстарын бөліп алып қарастыру зерттеу жұмысының нәтижелі болуына жағдай жасайды. Сондай-ақ тақырыптың теориялық негіздері батыс антропологиялық мектебіндегі айшықты еңбектерді пайдалану арқылы дайындалды. Оның басты себебі Түркия және Өзбекстан қазақтарының мәдениетін кросс-мәдени зерттеу арқылы талдауға мүмкіндік беріп отыр. Жалпы, тақырыптың теориялық және методологиялық тұсы отандық еңбектерде жеткілікті сараланбаған. Керісінше Түркия және Өзбекстан қазақтарының этномәдениетіне қатысты этнографиялық деректер мен мәліметтер кең пайдаланылады. Мұны қазақ этнографиясына қатысты көп жылдардан бері жиналған этнографиялық әдебиеттерден байқаймыз. Осының негізінде шетел қазақтарының этникалық бірегейлігін талдау әртүрлі ғылыми бағыттарды қамтитын пәнаралық байланысты қажет етеді.

2 ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

2.1 Қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қоныстануына қатысты этникалық бірегейлік деңгейі

Этникалық бірегейліктің негізін объективті этнодифференциалдық белгілер жиынтығы (тіл бірлігі, материалдық және рухани мәдениеттің ортақ белгілері), сондай-ақ субъективті сипаттамасы (ұлттық сипаты ерекшелігі немесе мінез-құлық және ойлау стереотипі, этникалық топты басқа топтан ерекшелендіретін ортақ территория мен тарихи шығу тегі, діні жөнінде топ өкілдерінің өзіндік бөлінуі) құрайды. Этностың этномәдени бірегейлігін сақтаудың осындай шарттары жөнінде көптеген батыстық зерттеушілер өз ой-пікірлерін білдіреді. Ол туралы Дж. Де Вос, Дж. Деверо және басқа да авторлардың еңбектерінен көреміз. Олардың бірқатары этникалық бірегейлікті сақтаудың негізгі шарты территориялық тұтастық десе, келесі бір тобы әлемдегі көшіп-қонып жүрген «сығандар» мысалында этникалық бірегейлікке территорияның маңызы айтарлықтай емес деген тұжырымға келеді. Алайда аталмыш зерттеушілердің еңбектерін талдай және экспедициялық материалдарды қарастыра келе, қазіргі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігіне миграциялық үрдістердің мерзімдік циклдары көп қырлы әсер ететінін көруге болады. Мысалы, этникалық топтың бір территорияда өзге этностармен көршілес мекендеуі бір қырынан өздігінен оқшаулануды қалыптастырса, екінші жағынан азшылық этностың этнос ретінде жойылуына, аккумуляциялық үрдістерге алып келеді. Осыған байланысты этностың белгілі қонысты мекендеп өмір сүруі этнос ретінде сақталуының бірден-бір шарты болады. Десек те оған этностың қосымша факторлары болуы шарт. Бұл этностың қоныстанған аймағында өз шаруашылығы мен өмір сүру дағдысын жалғастыратын әлеуеті болуы керек. Зерттеу нысаны бойынша Өзбекстан мен Түркия қазақтарының материалдық мәдениетінен, оның ішінде қоныстану жүйесінен этникалық бірегейлігін салыстыру арқылы талдайтын болсақ, мұнда біріншісі Өзбекстандағы қазақтардың басым бөлігі өзінің ата-баба жерінде мекен етіп келсе, екіншісі яғни Түркия қазақтары, тағдырдың тауқыметімен азап шегіп, XX ғасырдың орта кезеңдерінде қоныстанған. Өзбекстанның солтүстік шығысы бойын мекендеген қазақтарды зерттеуші Б. Қалшабаева өздерінің ата-бабасының атақонысында отырған автохтонды қазақтар деп есептейді [122]. Ондағы шанышқылы, қаңлы, жалайыр, дулат, сіргелі, т.с.с. рулар тобы ертедегі қазақ, өзбек халықтарының этноқұрамын құраған тайпалармен байланысты деген пікірді келтіре отырып, деректермен айшықтай түседі. Оны К. Шаниязов өз еңбегінде: «VIII ғасырдың 70-жылдарында қарлұқ және оғыз тайпалары мен арабтардың тегеурінінен Сырдарияның орта ағысындағы қаңлылардың тәуелсіз бірігуі өзінің өмір сүруін тоқтатты. Олардың бір бөлігі Сырдарияның орта ағысының оң жақ жағалауында көшіп-қонуын жалғастырып, қазақ, қарақалпақ халықтарының құрамына кірсе, енді бір тобы өзбектердің құрамына енеді», –

деп көрсетеді [123, с. 92]. Міне, сол қаңлылар негізінен Ташкент уезінің Ниазбек, Тойтөбе, Ақжар болыстығында тұрып, XIX ғасырдың 70-80 жылдарында 1650 үй қаңлы есепке алынғанын да ғалым өз еңбегінде келтіреді [124, с. 188–192]. Бұл мұнда қазақтардың ежелден ата-баба жерінде жаз жайлауын, қыс қыстауын мекен етіп отырған қазақтардың сол өздерінің этникалық шекарасынан ауытқымай сол жерде өсіп өрбіп, өзінің этникалық бірегейлігін сақтап қалуына негіз болғандығын көрсетеді. Этникалық бірегейліктің сақталуында этникалық шекараның ықпалы маңызды екендігі жөнінде норвегиялық антрополог Ф. Барт өзінің «Этникалық топ және шекара» тақырыбындағы классикалық жұмысында келтіреді. Ол этникалық бірегейлікті қалыптастыру мен сақтап қалуда этникалық шекара шешуші рөл атқаратындығын айтады. Этникалық топтың мәдени бірлігі Ф. Бартың пікірінше, алғашқы не ерекшелендіретін сипаты ретінде емес, этникалық топтың өмір сүру мәні ретінде қарастырылу керек делінеді [55]. Бұдан шығатын қорытынды, біздің тұжырымызша белгілі бір этникалық шекарада тұтас, топтаса орналасқан халықтың этникалық бірегейлікті сақтау көрсеткіші жоғары. Сол сияқты Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтары кезеңіндегі тарихи оқиғалар қазіргі Өзбекстан территориясындағы өзбектер мен қазақтарға да тікелей қатысты екенін көрсетеді. Бұл қазақтардың Өзбекстандағы тығыз орналасуының негізгі факторы екенін анықтап, олардың өзара бірегейлену үрдісінің барлық сатысынан өткендігін айғақтайды. Мысалы, 1873 жылы Кіші жүз рулары Хиуа хандығының аумағында, Әмудария сағаларында көшіп-қонып жүрген. Олардың саны 52,665 адамға жеткен [13, с. 61]. Ал А.В. Каульбарстың есебі бойынша бұл кезеңде қазақтардың саны – 5,000 үй немесе 25,000-ға жеткен [125, с. 519-521.]. А.Л. Кунның мәліметтерінде «Көшпенділердің кейбірі (қазақтар) хандықтың маңайында орналасқан өздерінің егіндіктері мен аңдыздары бар, жартылай тұрмыс кешеді» [33, с. 53.]. Осы деректердің ішінде А.В. Каульбарстың келтірген мәліметтерінде Хиуа қазақтарының рулық құрамы мен орналасқан аумағын көруге болады. Мысалы, Әмударияның батысында – адай мен алаша, Үлкендария өзенінің жоғары және төменгі ағысында – табын және шекті, Қоңырат қаласының оңтүстігіне қарай – адай, Шоманай мен Қиятжарған өзенінің жоғары және орта ағысында – адай мен алаша, Шортамбай өзенінің сол жағалауында – табын, Шортамбай өзенінің сол жағалауынан оңтүстікке қарай – қаракесек, Лаудан алабында – адай, алаша, табын мен шекті, Көне Үргеніштен солтүстікке қарай, Айбүгір шығанағына таман және Әмударияның батыс тармақтарымен – шоманай, Қиятжарған, Ханарық – адай, Қоңыраттың солтүстік-батыс жағында, Әзберген мекенінде – шекті, тілеуқабақ, Талдықтың сол сағасынан Арал теңізіне дейін – шекті рулары қоныстанған [125, с. 519–521]. Осы Хиуа хандығындағы қазақтардың басым бөлігі Кіші жүз қазақтарын құраған болатын. Бұл қазіргі Өзбекстан қазақтарының негізгі бөлігін құраудың алғышарты болды. Дәл осындай жағдай Қоқан хандығы тұсында да орын алды. Мысалы, С. Мадуанов пен М. Шәлекеновтің келтірген деректерінде XIX ғасырдың 20-жылдары Қоқан хандығының билігінде шамамен 150 мыңдай қазақ отбасы болған [113, с. 66.].

Қоқан хандығы құрамында Ұлы жүздің шанышқылы, сиқым, сіргелі, қаңлы және т.б. рулары болды. Сонымен қатар Орта жүздің арғын, найман және Кіші жүздің тама, әлім рулары да кездескені жазылады.

Бұхара хандығы кезеңінде де қазақтардың қазіргі Өзбекстан территориясында мекендегеніне айқын деректер жеткілікті. Мұнда Е.К. Мейендорфтың зерттеулерінде XIX ғасырдың басында Бұхара хандығы құрамында 20,000 қырғыздар (қазақтар) болғанын көрсетеді [126, с. 95.].


1897 жылғы санақ бойынша Ташкент уезінде 163,1 мың адам тұрған. Мұндағы қазақтардың үлес салмағы 36,4 %-ды құрады. Атап айтсақ, Әмудария бөлімінде – 47,1 мың; Жизақ уезінде – 51,5 мың; Ходжент уезінде – 11,3 мың; Самарқанд уезінде – 1,3 мың; Маргелан уезінде – 38,3 мың; Қоқанд уезінде – 11,6 мың; Наманган уезінде – 60,3 мың қазақтар болды [15, 68-б.]. Жалпы, кейінгі кезеңдерде де Сырдария бойы мен Қызылқұмда көшіп-қонып мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар көп болды. Бұл қазақтардың осы аймақтарда емін-еркін шаруашылық жүргізуінің басты көрінісі болып табылады. Қазақтардың осындай сандық көрсеткіштері олардың бұл өңірге ежелден тұрақтап отырғанын анықтайды.

Кеңес үкіметі тұсында да Өзбекстан территориясында қазақтар өмір сүрді. Осы кезең қазақтардың кеңестік жүйе шеңберінде өзінің бірегейлік дәрежесін сақтауға мүмкіндік туғызды. Бұл кезең қазақтар үшін этникалық сипатта өзбек болып кету үшін емес, «хому советикус» болып кетпудің күресінен тұрды. Бұл үрдістер көбіне-көп Өзбекстанның Қызылқұм, Қарақалпақстан аймағында орын алды. Аталмыш аймақтар қазақтың дәстүрлі мәдениетін сақтаудың негізгі орталығы ретінде саналды. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін орын алған мәдени байланыстар мен миграциялық үрдістер Өзбекстан қазақтарының этномәдениетінің әлсіремеуіне негіз болды. Десек те КСРО тарағаннан кейін қалыптасқан ТМД елдерінде этномәдени ояну үрдістері қалыптаса бастады. Оның ішінде Өзбекстан Республикасының өзінің идеологиялық және стратегиялық бағдарламалары қабылданып, этникалық саясаты жасалды. Нәтижесінде КСРО кезеңіндегі әлеуметтік, азаматтық бірегейлік үрдістері тоқтап, қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен сияқты этностардың жекелеген этномәдени бірегейлігін сақтап қалу үрдістеріне ұласты. Бұл Өзбекстандағы этникалық қатынастардың этномәдени контекстерін жан-жақты қарастырып, әр этностың өзіндік сана-сезімінің ояну, даму көрсеткіштерімен сипаттала бастады. Оны әртүрлі қоғамдық қатынастардағы өзгерістерден және мемлекеттік этникалық саясатынан байқауға болады.

1997 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша Өзбекстандағы қазақтардың саны мен орналасуы аймағын төмендегі диаграммадан байқауға болады [116, с. 61.]. Мұнда Өзбекстан қазақтарының әр аймақтарына орналасу ерекшелігіне қарай халық саны бөліп көрсетілген. Алайда бұл статистикалық мәліметтер қазіргі кезде барынша өзгерген. Оның басты себебі 2000 жылдардың басында Өзбекстаннан елімізге қоныс аударған қандастарымыз көп болды. Соның негізінде кейбір деректерде өзгерістер бар. Тиісінше

Өзбекстандағы соңғы статистикалық мәліметтерге қол жеткізу мүмкін болмай отыр.

1-диаграмма. Өзбекстан қазақтарының саны мен орналасуы [39].



Диаграммадан байқап отырғанымыздай, қазақтардың орналасу аймағы 1897 жылдан кейінгі 100 жылдан соң айтарлықтай өзгеріске түскен. Соның бірі Наманған және Ферғана облыстарындағы қазақтардың едәуір азайып кеткенін байқауға болады. Ал Ташкент облысы мен Жизақ облысындағы қазақтардың керісінше көбейгенін көреміз. Оның үстіне бұл аймақтардағы қазақтар өздерінің қонысын өзгертпегенін байқауға болады. Диаграммада Ташкент облысы қазақтары 1997 жылы 317, 234 адамды құрағаны көрсетілсе, 1897 жылы осы облыстағы қазақтардың саны 163,1 мың адамды құраған. Бұл аталмыш облыста қазақтардың саны соңғы 100 жылда екі есеге өскенін көруге болады. Жизақ облысындағы көрсеткіштерде де қазақтардың өсімі байқалады. Бұл қазақтардың осы аймақтарда өзіндік ерекше этномәдени үрдістерден өткенін

көрсетеді. Қазақтардың тығыз орналасқан аймақтарда этнос ішіндегі өзіндік дағдылар, дәстүрлер мен ғұрыптар қалыптасқан. Жалпы алғанда Өзбекстандағы қазақтар қазақтың дәстүрлі мәдениетінен алшақтаған жоқ. Тіпті Науаи облысы қазақтарының этномәдени оқшаулануы арқылы қазақтың төл мәдениетінің көне формаларын ұстанып отырғанын аңғаруға болады. Мұның бірқатары мал шаруашылығымен байланысты болып табылады. Себебі өмір бойы мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың негізгі кәсібі сол аймақтың табиғи территориялық ерекшелігіне қарай бейімделіп, дәстүрлі мал шаруашылығын сақтап қалуына мүмкіндік болып отыр. Мал шаруашылығын дамытып отырған осындай аймақта қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі сақталып отырғаны анық. Керісінше Ташкент қаласының маңайы мен Ташкент облысы қазақтарының негізгі кәсібі мал шаруашылығынан алыстағанын байқаймыз. Олардың бірқатары егіншілік, диқаншылықпен айналысқан болса, кейінгі ұрпақ әртүрлі үкіметтің қызметтерін атқарып келеді. Оған Ташкент қаласының ел астанасы болып, оқуға, жұмысқа және қызмет өсіруге қазақтардың барғаны белгілі. Өзбекстан қазақтарының урбанизациялануымен қатар седентаризациялануына да жол ашты. Бұл қазақтардың өзара тығыз орналасуы өздерінің этникалық бірегейлігін сақтауға мол мүмкіндік беріп отыр. Соның бірі қазақтардың өздері қоныстанған аймақтарда өзін қауіпсіз сезінуі болып табылады. Ғылыми теориялық әдебиеттерде адамның өзінің рулас, этникалық туыстары арасындағы сезімі басқа этникалық топтардан ерекшелетін этномәдени шекаралары арқылы жүзеге асады. Өзбекстандағы қазақтардың тығыз орналасқан аймақтары өздері үшін қауіпсіз аймақ ретінде танылады. Бұл оларға өзара еркін ана тілінде сөйлесуіне, туыстық қарым-қатынасты орнатуына, өзара некелесуіне, ортақ дәстүрлерді ұстануына және ортақ тарихи жадыда ойлануына жағдай жасайды. Осындай ортақ құндылықтар Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін күшейтуіне ықпал етіп отыр. Нәтижесінде әртүрлі қоғамдық қорлар арқылы, туыстық байланыстар арқылы өзара тойларда, астарда қазақы құндылықтарды дәріптеп ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге тырысады.

Өзбекстан қазақтарының орналасуындағы тағы бір ерекшелік әрбір аймақта қазақтардың ежелден қоныстанған орындарының топонимикалық атауларының сақталуы болып табылады. Мысалы, Найманкөл, Үйсін ауыл, Қыбырай және т.б. қазақтардың өз ортасында жатсынбай өмір сүруіне және сол аймақтарды тарихи сана арқылы иемденетіні көрінеді (А1-сурет). Кейбір тайпа, ру арасындағы байланыстардың өзі қазақтардың орналасу ерекшелігін көрсетеді. Соның бірі әр рудың өз мақтанышы мен бетке ұстар тұлғаларының қызметі оларға өзара демеу болады. Мысалы, Төле би, Әйтеке би, Жалаңтөс баһадүрлердің мазарларының Өзбекстан территориясында қалуы оларға өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік береді. Бір қырынан аталмыш тұлғалар төңірегіндегі аңыз-әңгімелер жергілікті қазақтардың тарихи жады арқылы өздерін ортақтастыратынын байқатады. Ал қазіргі кездегі Өзбекстан территориясындағы мемориалды кеңістіктер тікелей қазақтардың тарихымен байланысады.

Шетелдегі қазақтардың орналасуы мен шоғырлануына қарай екі түрлі топқа бөліп алып қарастыруға болады. Оның біріншісі шетелдерде автохтондық сипатта өмір сүріп келген, кейін басқа елдер территориясында қалып қойған ирредента күйіндегі диаспора өкілдері болса, екіншісі тарихи үрдістерге байланысты әртүрлі саяси, тұрмыстық қыспаққа түскен қандастарымыздың басқа елдердің территорияларына қоныс аударып, бірте-бірте қазақ диаспорасының өкілдеріне айналуын атаймыз. «Диаспора» деп өз отанынан алыста, өзінің тарихи отанынан жат жерде өмір сүрген белгілі бір ұлт өкілдерінің шоғыры аталса, ал «ирредент» ретінде «өзіміздің атақонысымыз» деп бірнеше ұрпақтар бойы белгілі бір географиялық және саяси-әлеуметтік мекенде өмір сүріп келе жатқан этникалық қауымдастық өкілдері болып табылады. Осыған сәйкес, Қ.И. Қобыландин мен Г.М. Мендикулова көршілес Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдеріндегі қазақтар ғылыми тұрғыдан қазақ ирредентасы деп қарастырады [15, 21-б.]. Мұнан шығатын қорытынды Өзбекстандағы қазақтар «ирредент» және «диаспора» тобын құрайды.

Түркия қазақтарына келетін болсақ, олар Шығыс Қазақстан, Алтай өңірін мекендеген қазақтардың 1864 жылғы Шәуешек және Петербург келісімшарттарынан кейін шекараның сыртында қалып қойған Шығыс Түркістанда өмір сүрген қазақтардың бір бөлігі болып табылады. Олар тарихи тағдырмен Шығыс Түркістаннан басталған бірінші көшпен 1938 жылы Тибет пен Гималайдан асып, 1941 жылы Үндістанға жетеді. Үндістан мен Пәкістанда «Шығыс Түркістан Қазақ босқындар қоғамын» құрып, Түркияға қоныс аударуға тілек білдіріп, 1952-1954 жылдары екі көш қосылып, Түркияға қоныстана бастайды. Көріп отырғанымыздай, Түркия қазақтары «диаспора» тобын құрап отыр.

Жалпы этникалық топтың миграциялық үрдістерде орналасуы мен қоныстану жүйесі өзіндік бірегейлікті сақтауда басты фактор болып табылады. Этностың тығыз орналасуы төл мәдениетін сақтауға және сыртқы мәдени әсерлерден қорғануына жағдай жасайды. Бұл үрдістер көбінесе этностың мәдени оқшаулануына алып келіп жатады. Әр этностың осылай өзге этномәдени үрістерден оқшаулана бастауы өзінің этникалық бірегейлігін сақтауына мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда этникалық топтың дәстүрлі қоныстану жүйесін сақтай отырып орналасуы шетелдегі диаспоралардың бірегейлігінің негізгі ерекшелігін айғақтайды. Мысалы, Өзбекстан қазақтарының орналасуы мен қоныстануындағы ерекшеліктер этникалық бірегейлікті сақтауына көп мүмкіндік береді. Мұның бір көрінісі – Тауелібай өңірінің қазақтардың ұғымында жақсы сақталуы. Бұл Қызылқұм мен Тамды тауы арасында орналасқан қазақтардың құтты қонысы болып табылады. Осыған сәйкес, Өзбекстан қазақтары қазіргі орналасқан өз аймақтарын атақонысы ретінде санайды. Бұл жөнінде Ташкент облысы Бостандық ауданының тұрғыны С. Иманбеков өз ата-бабасының еш жерден көшіп келмегенін, керісінше кейінгі кездері Қазақстанның ішкі облыстарына көшіп жатқан туыстары бар екенін жеткізді (I). Бұл олардың көпшілігі тайпа, ру

болып қоныстанғанын байқатады. Мұны әрбір аймаққа тиесілі рулық ерекшеліктердің сақталғанынан көруге болады. Ал қазіргі Қарақалпақстан құрамындағы Кіші жүз қазақтары да өз кезегінде Бесқала аймағын «ой» деп атап, Қазақстанның батысын «қыр» деп түсінген. Мұны Алматы облысына Қарақалпақстаннан келген Ә. Құламанов өз ата-бабаларының ХІХ ғасырдың соңында кейбір қатаң қыс айларында, жұт кезінде малын осы Бесқала өңіріне, яғни жылы аймаққа жайып барып-келіп жүргенін айтады (II). Қазақтардың бұл циклдық көші дәстүрлі шаруашылық үшін қалыпты жағдай болды. Алайда ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі әртүрлі саяси оқиғалар мен территориялық бөліністер қазақтардың өзге этникалық ортада аз санды халық ретінде танылуына жағдай жасады. Бұл үрдістер нәтижесінде территориялық шекараның сыртында қалған қазақтарды кейбір зерттеушілер ирредентке жатқызады [5, 14-б.]. Десек те қазақтардың кейбір рулары көптеген саяси және қуғын-сүргін себептерімен де барғандары жеткілікті.

1950 жылдардан бастап Түркияға Пәкістан арқылы қоныстана бастаған қазақтар Анадолы жерінде жаңа этникалық топ ретінде қалыптаса бастады.

Ақпарат берушілермен сұхбат барысында Түркияға қазақтар үш аумақтан қоныс аударғаны анықталды. Бірінші топқа жоғарыда атап кеткеніміздей 1928–1938 жылдары Қытай жерінен шығып Тибет, Үндістан, Пәкістан асып, 1952–1956 жылдары Түркияға келген Алтай қазақтары жатады. Екінші топты 1970 жылдардың ортасында орыс-ауған соғысы кезінде жан сауғалап келген Ауғанстан қазақтары құраса, үшінші топ адам саны аз болса да осы кезеңдерде Ираннан келген қазақтарды құрап отыр.

Түркияға басталған көш тарихы туралы жоғарыда атап көрсеткеніміздей көш басында болған тұлғалардың біраз еңбектерінде кеңінен баяндалған. Зерттеу барысында сол көш бастаушы тұлғалардың үрім-бұтақтарының да еңбектері жазылып жатқандарына көз жеткіздік. Соның бірі – көшті Елісхан батырмен басқарған Құсайын Тәйжінің ұлы Мансұр Тәйжі (Алтайдан ауған көш кезінде небәрі үш жаста болған екен). Құсайын Тәйжінің өмір жолы мен көш туралы 2021 жылы «Менің өмірімнің естеліктері» (*Yaşadığım gördüğüm anılar*) 1952–2001 жылғы естеліктерін жариялады (III). Зерттеу барысында көштің басы-қасында болған Омар Жігіт (IV), Сыдыхан Ұлычай (V), Сәнияхан Зейнолла (VI) сынды және т.б. ақсақалдармен сұхбат барысында толықтырылды.

Омар Жігіттің берген дерегінде Түркияға келген қазақтар – Қытайдың қазақ аймағы Алтайдан ауғандар. Алтай – қазақтың атамекені. Ондағы қазақтар ешқайдан көшіп келмеген, өз атажұртында отырғандар. Қытай мен Ресей қазақ жерін бөлгенде қытай аумағында қалған ежелгі қазақ жері. Осылай екі ірі ел қазақ жерін бөліп алған. Қытайға қазақтың үш аймағы – Алтай, Іле, Тарбағатай өткен. Қазақтан шыққан Оспан батыр осы Шығыс Түркістан жері үшін күресті. 1930 жылдардан Шыңжаң өлкесін басқаруға келген Шыңшысайдың зұлым саясатына көнбеген қазақтың біраз бөлігі босқынға айналды. Бұл босу 1936 жылы басталып, 1954 жылға дейін жалғасты. Көште жалпы 18,000 адамның шыққаны, оның 1,300-і ғана Түркияға жеткенін және алты жылда бірде-бір бала

дүние есігін ашпағанын абыз ғұлама Халифа Алтайдың еңбектерінде айтылған (IV).

Сәнияхан Зейнолланың көш басында жасы жиырмада болған. Ақпарат беруші: «Бізді 3,000 мың адам шамасында соңғы көшпен қайын атасы Зуха батыр бастап келген. Ол көште 3,000 мың адам болды. Қарам батыр деген жерге келгенде Оспан батырды ұстаған. Көш барысында Ошақты деген жерге бекініп, Гаскөл, Түркөл, Құмкөл деген жерлерден өттік, жолда адамдар «ыс» тиіп өліп жатты, қар еріп жатқанда Гималайдан түстік, төменде Үндістан әскері күтіп тұр екен. Дәлелхан деген әскери кісіміз Үндістан өкіметіне біз мұсылманбыз, өзіміз көшіп әрең келе жатырмыз деп аман алып қалды. Үндістанның Кашмиріне келіп үш жыл тұрақтағаннан кейін Халифа Алтайлар Елісхан батырлармен келген екен. Біз Кашмирге келгенде олар Пәкістанда тұрған. Сол кезеңде екі өкімет Үндістан мен Пәкістан арасындағы соғыс болып, біздің көш келгеннен кейін осындағы қазақтардың бәрі, он екі Абақ Керейдің аталары жиналып тұрақтанып тұратын жер іздеді, Зуха батыр Меккеге барып тұрсақ деген ұсыныс білдірді, бірақ бәрі бірауыздан келіспеді, жартысы Пәкістанға кетеміз, жартысы Түркия еліне кетеміз деген еді, ыңғайлысы Түркия елі деп алдыңғы көштен қалмай осы елге келдік. Көш басталғанда мен келін болып түскен үрім-бұтақтан 61 адам еді, соның 30-ы өліп, 31 қалыпты. Әйелдер бала көтере алмай, жетінші жылында ғана бала туыла бастады», – деген мәлімет берді (VI).

Мансұр Тәйжі Қазақ босқындарына Үндістан мен Пәкістанның мұсылмандары көп көмек көрсеткені туралы айта келе, сол кездерде Тибет пен Үндістан шекарасына келген кезде Пәкістан деген мұсылман елі құрылмағанын айтқан еді. 1947 жылы Пәкістан Үндістаннан бөлініп шыққан соң қазақтар да мұсылмандар жағында болып Пәкістан мемлекетіне өткен. Үндістан және Пәкістан мұсылмандары қазақтарға жылы лебіз бен жылы шырай танытты, қамқоршылық жасады. Қазақтар олардан этникалық кемсітушілік көрген жоқ. Бірақ бұл жерлер де қазақтардың түпкілікті қоныстанып қалуына қолайсыз болды. Оның үстіне ел ішіндегі оба мен сүзектен де көптеген адамдар қайтыс болған дейді (III).

Жалпы Алтайдан ауған босқын қазақтар Үндістан мен Пәкістанда 12 жыл тұрды. Х. Алтайдың еңбегінде «Ешкімнің де азаматы болып енші алмадық. Жанымызды жалдадық, сауда-саттықпен тіршілік еттік. Елі бөтен, жері бөтен, тілі, салт-санасы басқа елде күн көру оңайға түспеді, тұрмыс ауыр болды. Өмірдің сан түрлі тақсыретін тартып, мүлде басқа дүниеге еніп кеткендей болдық. Жыл өткен сайын ортамыз ойыла берді, қатарымыз сирей берді. Алғаш барғанда алты жылға дейін дүниеге бірде-бір нәресте келмеді. Тұқымымыз құрып кетер ме еді, егер де бір жаққа тағы көшпегенде...» деп жазады [101, 68-69 бб.].

Қазақтың Түркияға және оған дейінгі көш жолын Әбділуақап Қара талдай отырып, мынандай тұжырымдар жасайды: «Түркия қазақтарының аталары өткен ғасырларда Шығыс Қазақстан мен Қытай қол астындағы Шығыс Түркістан аймағында өмір сүрген. 1864 жылы Қытай мен Ресей патшалығы

шекараны белгілегенде, олар Шығыс Түркістан жақта қалып қойған. Олардың аталары 1930 жылдардан кейін Шығыс Түркістандағы Қытай губернаторларының саяси қысымы мен қудалаулары салдарынан жалпы алғанда екі дүркін үдере көшкен. Бірінші көш Елісхан және Зайып батырлардың жетекшілігінде 1938 жылы басталды. Арттарынан үдере қуған қытай әскерімен шайқасып, Тибет, Гималайды асып, 1941 жылы Үндістанға жеткен. Екінші көш бұдан он жылдан соң Мау Зыдұнның төңкерісінен кейін қозғалған. Бұл көшке Қалибек әкім, Сұлтан Шәріп Зуқа батыр ұлы, Құсайын Тәйжі, Дәлелхан Жаналтай сынды төрт адам басшылық жасады. Бұлар 1951 жылы Кәшмір қаласына келіп орналасты. Осы екі көш бір мезгілде Түркияға қоныс аударды. Бірінші көштегілер Үндістан, Пәкістанда жүрген кезде «Шығыс Түркістан Қазақ босқындар қоғамын» құрып, соның атынан Түркияға қоныс аударуға арыз берген еді. Олардың бұл арызы 1952 жылы наурыз айында қабылданды. Сөйтіп, соңынан келген көш алдыңғысына ілесіп, Түркияға жетті. Түркияға қазақтар көші 1952 жылдан 1954 жылға дейін созылды. Олардың жалпы саны 2 мыңға тарта адам еді. Бұлар Түркияға келгеннен кейін Алтай тауларындағыдай таулық, далалық жерге орналасуды қалады. Сөйтіп олар Түркияның Маниса, Конья, Кайсары, Нигде, Аксарай секілді ауылдық жерлеріне орналасты [127].

Қазақтарды сол кездегі премьер-министр Аднан Мендерес қабылдаған. Келген қазақтарды уақытша үш аудандағы лагерьлер: Зейтінбұрын, Серкежи, Тұзла аудандарына бөліп орналастырады. Түркияға келген қазақтарға мемлекет тарапынан көп қолдау көрсетілді. Бірақ біздің ата-тегіміздің қиындау аталуына байланысты тегіміз түрік атауымен жазылды. Екі жыл ақша тауып, әл-ауқатымыз артқан соң өзіміз жер алып, үй салып алайық деп шештік. Үлкен ақсақалдарымыз біздерге кең ат шаптырып, мал бағып, егін егетін жерлер керек деді. Мемлекетке сұраныс жасап егін егетін жер сұрадық, сонымен бізді 240 адамы бар 61 отбасын Коньяның маңындағы Ісміл елдімекеніне орналастырды, қалған қазақтарды да сұраныстары бойынша Конья маңындағы Эрегли қаласының Зенген ауылына 15 шақты отбасы орналасты және Кайсери әкімшілік орталығының Яхялы ауданына 102 отбасы, Йешихисар аудандарына да қандастарымыз орналасты (IV).

1954 жылы Түркияның Нигде қаласының Ұлықышла ауданынан қандастарымызға жер беріліп, құрылыс салынды. Ауылдың алғашқы атауын билік «Жайық» деп қойғанымен қазақтар туған өлкелерінің құрметіне жаңа ауылдарын «Алтай ауылы» деп атады (А2-сурет). Алтай-көйге 165 отбасы орналастырылып, әр адам басына 30 гектардан жер берілді. 1957 жылы мұнда балаларға бастауыш мектеп құрылысы салынды. Бұл ауылда тек қазақтармен балаларды оқытатын түрік мұғалімдер ғана тұрды. 1961 жылы Алтай-көйге мешіт салынды. Егіншілікпен бірге қандастарымыз бұл жерде мал бақты, бір шаңыраққа шамамен төрт-бес қойдан болды. 1970 жылдан бастап мал саны артты, бұл кезеңде әр шаруашылықта 30-40 қойға дейін өсті. Кейін әр үйде жүз бас шамасында қой мен ешкі бақты, мал шаруашылығы ауылдың ең маңызды күнкөрістерінің бірі болған. Мал шаруашылығы, егіншілікпен қатар,

колөнер, оның ішінде былғары, тері кәсіпшілігімен айналысты. Қазіргі күні аса көп болмаса да, ауылда мал шаруашылығы жалғасуда. 1975 жылдарда елдің күнкөріс көзі төмендегеннен кейін миграция қарқынды болды. Қазақтар Стамбул сияқты ірі қалаларға, Еуропаға кете бастады. Қазіргі күні бұнда 2006 жылдан бастап 20-дай отбасы тұрып жатыр (IX).

Измир қаласына жақын Манисаның Салихли ауданына 181 шаңырақ қоныстанған. Бұл жерде қазақтар егін егіп, қолөнермен, тері, былғары кәсібімен айналысты, алғашында бас киім, қолғап, мәсі тігіп, одан кейін түрлі күртешелер, тондар тігілді деп әңгімеледі Көксеген Ерен (X).

Түркия елінің жағдайына, тұрмысына үйреніп қандастарымыз алғашқы жылдары мемлекет бөліп берген жерлерде өз күндерін көріп өмір сүре отырып, кейін жағдайларын жақсарту мақсатында халық көп шоғырланған, сауда орталығы Стамбулға келе бастады. Ол жерде қандастарымыз қолөнер, сауда-саттықпен айналысып, ұжымшылдықпен құрған кішігірім зауыттар мен фабрикалар ашып, жергілікті өмірге бейімделіп жағдайларын жақсартады.

Қазіргі кезде де Түркиядағы қазақтар Кайсери, Конья, Сакарья, Маниса, Нигде провинцияларында орналасқан. Жалпы, Түркия қазақтарының орналасу тәртібі дәстүрлі қоныстану жүйесінен алыстамаған. Соның бірі рулық, этникалық ерекшелігіне қарай негізделген. Мысалы, 1954 жылдары Алтай Көйге қоныстанған қазақтардың 163 отбасының барлығы он екі Абақ Керейге жататын ителі, молқы, тасбике руларына жатады. Қазақтардың осы негізде рулық құрамына қарай орналасуы олардың бір орталыққа бірігуіне, этникалық топ ретінде өмір сүруіне жағдай жасады. Сол кездегі осы ру ақсақалдары Сұлтан Шәріп, Халибек Тәйжі және басқалары аталмыш рулардың негізгі ұйытқысы болды. Этникалық топ ретінде орналасқан қазақтардың өзге ортадағы этномәдени тұрақтылығы тікелей осы үрдістерге байланысты болды. Алтай Көйдегі қазақтар жайлы И. Сванберг өз зерттеулерінде қазақтардың қоныстану формасын дәстүрлі ауыл ретінде көрсетеді. 1979 жылғы арнайы экспедициялық зерттеулерінде мұндағы қазақтардың бес мыңға жуық қой, 700-800 ешкі және сиыр, жылқы ұстап отырғанын жазады [23, с. 145]. Бұл сол кездегі Түркия қазақтарының әлі де болса дәстүрлі шаруашылықпен айналысып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар қазақтардың ортақ мәселелерді шешуге арнайы үйлерге барып, ақылдасып, ән айтып, би билейтінін көрсетіледі. Мұны сол кездегі Түркиядағы қазақтардың қоныстану және туыстық қатынастар жүйесіндегі дәстүрлі құндылықтардың жоғалмағанын байқауға болады. Бұл үрдістерді Стамбул қаласы, Зейтінбұрын ауданы, Қазақкент ауылының тұрғыны Абдуллахаб Қылыш бала кездерінде ауылда тұтас Керей-Жәнтекей ағайын болып қоныстанып отырғанын айтады (VIII).

Бұл Түркиядағы қоныс тепкен түркі халықтарының қатарын көбейтіп, өзінің төл мәдениетін сақтаушы халық ретінде танылды. Түркияға қоныс аударған қазақтардың алғашқы тобы Стамбул маңайындағы Тузле, Сиркиджи, Зейтінбұрын сияқты аймақтарға орналастырылды. Босқын ретінде келген қазақтарды қабылдаған Түркия үкіметі арнайы лагерьлерге бөліп

орналастырып, азық-түлікпен қамтамасыз етті. Осындай лагерьлердегі қазақтар түрік тілінде жазып сөйлеуге үйренді.

Тұтас орналасқан осындай ауылдарда ортақ мәселелерді шешуде қазақтардың өзара тұтасып жиындар өткізуі, этникалық қорғанысын күшейтуге мол ықпал етті. Ең алдымен қазақтардың дәл осындай үрдістер Нигде аймағындағы Жәдік рулары арасындағы дәстүрлі қоныстану жүйесінен де көрініс тапты және Өзбекстандағы Жалайыр рулары (А3-сурет). Мұны И. Сванберг 1960 жылдары келген қазақтардың жеке аталық болып орналасып отырғанын атап өтеді. Сондай-ақ осы жүйе жергілікті ортада қазақтар ортасында жерлестік ұғымның қатты дамығанын байқатады. Нәтижесінде осы жылдары Нигде аймағында қазақтардың өз басшылығы қалыптасты. Себебі қазақтардың тері өңдеу өнері экономикалық дамымай қалған елді мекендерді дамытуға мол үлес қосты. Нигде тері илеуші қазақтардың қолөнері Стамбул маңайындағы саудагерлер арасында да кеңінен танылды. Осылайша жаңадан қоныстана бастаған қазақтардың дәстүрлі кәсібі Түркияның кейбір әлеуметтік дамымаған аймақтарында халықтың тұрмысын реттеуге өз ықпалы болды. Бұл келуші этникалық қазақтардың сол ортадағы экономикалық белсенділігі мен мәдени әлеуетінің жоғары екенін және тіршілік қамы жүйесіндегі төзімділігін көрсетті.

Жалпы, тарихи деректер мен этнографиялық зерттеулердің қорытындысы бойынша Түркиядағы қазақтардың орналасуында дәстүрлі жүйенің қатаң сақталғанын байқауға болады. Бұл ең алдымен Керейлер арасындағы кіші аталықтардың өзара топтаса шоғырланып қоныстануынан байқалады. Аталмыш бұл үрдістер алғашқы қоныстанушы қазақтарға тән, яғни қазақтар әр орналасқан аумағына қарай өз этникалық бірегейлігін сақтауға тырысты. Түркиядағы қазақтарға тән екінші миграциялық үрдіс әлеуметтік-экономикалық сипат алды. Өйткені Нигде, Салихлы, Измир және т.б. аймақтардағы қазақ жастары Анкара, Стамбул сияқты ірі қалалардың маңына жұмыс көзі мақсатында қоныс аударғаны орын алған. Өз кезегінде екінші буын жастардың орналасқан аймақтардан шыға бастауы, бір жағынан, экономикалық сипат алғанымен, екінші қырынан, этномәдени тұрғыда түркі тілдес ортада өздерін қауіпсіз сезінгенін байқатады. Тиісінше Түркиядағы қазақтардың орналасу шеңбері кеңейіп қалалық қазақтар пайда болды. Қазақтардың ірі мегаполистерде орналасуы, біріншіден, этномәдениеттің өміршеңдігін тарылтса, екіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа қоғамға трансформациялануына негіз болды.

Қазіргі кезде Түркия қазақтарының орналасуы мен қоныстануында ірі екі этникалық ортаны байқауға болады. Біріншісі тарихи тұрғыда алғаш қоныстанған керей, найман руларының ортасы болса, екіншісі – 1960 жылдары Ауғанстаннан, Ираннан көшіп барған Кіші жүз қазақтарының ортасы. Бұл екі этникалық ортаның жалпы этникалық бірегейлігі тұтас болғанымен этникалық топ ретінде өзінің этномәдени арақашықтығы байқалады. Этникалық топтар арасындағы этномәдени арақашықтықтардың орын алуы Л. Нидерле, П. Кушнер бойынша олардың этномәдени бірегейлігін қамтамасыз етеді. Бұл

тұрғыда екі ірі топқа бөліп қарастырып отырған Түркия қазақтарының өзін-өзі сақтау, сыртқы ортадан өзін қауіпсіз сезінуінде қазақтардың екі тобын салыстыруға келмейді. Дегенмен осы топтық оқшаулану Түркия қазақтарының басқа да этникалық топтар арасында өз этномәдени бірегейлігін сақтауына жағдай жасайды. Жалпы алғанда, тарихи тағдыры бірге өріліп, дамудың барлық сатысынан бірге өтіп келе жатқан Өзбекстандағы қандастарымызды қоныстану тарихы мен орналасуы олардың этникалық бірегейлігін сақтап қалуда ыңғайлы фактор десек, Түркия қазақтарының көрген қиыншылығы, қазіргі кездегі орналасу ерекшелігі олардың дәстүрлі мәдениеттегі айырмашылықтарды айқындай беретіні сөзсіз.

Өртүрлі миграциялық үрдістерді басынан өткерген екі елдегі қазақтардың қоныстану тарихы мен орналасу тарихының басты мақсаты өзін этнос ретінде сақтап қалу болды. Мұны Түркия қазақтарының қазіргі этноәлеуметтік жағдайынан толық анықтай аламыз. Қазақтардың осы ортадағы өмір сүру дағдысы түркиялық қоғамнан бөлінбей, алайда өзінің ерекшелігін сақтауға тырысқан күрделі функцияларды атқарып отыр. Этностың мұндай күйге түсуінің басты факторы азшылығы болса, екіншіден, шашыраңқы орналасуы ретінде түсіндіруге болады. Бұл тек Түркия қазақтарының ерекшелігі, тиісінше Өзбекстан қазақтарының этноәлеуметтік жағдайында ерекшеліктер бар.

Қорытындылай келе, Түркия мен Өзбекстандағы қазақтардың қоныстану жағдайы екі түрлі сипатта болғанымен, олардың этнос ретінде сақталып қалу ықыласы бірдей. Бұл екі елдегі қазақтардың да этнос ретінде бірегейлігін сақтау қалу үшін өзінің орналасқан территориялық аймақтарын тиімді пайдалануы заңдылық. Өзбекстан қазақтарының өздерінің еш жерден көшіп келмегендігі жөніндегі пікірі олардың этнос ретінде орналасқан территорияларын тұтастандырушы фактор ретінде қарайды. Түркия қазақтарының қазіргі территориялық орналасуы екі және үш ұрпақтан бері жайлы орта ретінде түсіндіріледі. Бұл түркиялық қазақтардың этникалық бірегейлігінің де сақталып қалуына бірден-бір фактор болып отыр. Осының ішінде негізгі шарт – Түркия қазақтарының алғашқы қоныстанған аймақтарында дәстүрлі шаруашылық түрлерінің жүргізілуіне мүмкіндік болып, оның жетілуіне жағдай жасалуы. Бұл шарттардың шетелдегі қазақтардың өмірінде орын алуы олардың оқшаулану жағдайында отырып этникалық бірегейлікті сақтауға деген құлшынысын қалыптастырды. Бұл этностың өзге этнос мәдени ықпалынан арылуға деген ынтасын тудырып, өзара бірегейленуіне, мәдениетін дамытуына, тілді сақтап қалуға мүмкіндік беріп отыр.

2.2 Шаруашылығы, кәсіби бейімділігі негізінде этникалық бірегейлікті талдау

Этникалық бірегейліктің қалыптасу үдерісін Ф. Барттың тұжырымдамасында әлеуметтік өзара әрекеттесу саласымен, оның ішінде этностың шаруашылық қызметі саласымен тікелей байланыстырады.

Шаруашылықты жүргізу тәсілдері ең алдымен әлеуметтік ұйым мен этникалық топтардың нормативті-құндылық жүйелерін анықтайды. Ортақ шаруашылық тәсілдер ең алдымен белгілі бір ұйымдасқан әлеуметтік топтың өзара әрекеттесуінен туындап, олар бір топты екінші топтан ажыратады. Қалған барлық сипаттамалар (оның ішінде мәдени белгілер) осы негізгі сипаттамамен, белгілермен өзара байланысты деп көрсетеді [55]. Шетелдік зерттеушілер этностың әлеуметтік кеңістіктегі орнын сипаттайтын «ниш» терминін жиі қолданады. Этностың шаруашылық және мәдени типі туралы айта отырып, «этностың өндірістік «ниші» тауашасы» тұжырымдамасы ұғымын қалыптастырады. Этностың өндірістік ниші – этнос үшін дәстүрлі тарихи болып табылатын және оны қоршаған табиғи, кеңістік, мәдени орта анықтайтын шаруашылық-мәдени тип. Бұл этникалық топтардың өндірістік орны, дәстүрлі түрде территорияның, тілдің және діннің ұқсастығымен бірге этникалық бірегейлікті анықтайтын белгілердің бірі болды, қарапайым адамдағы ғасырлар бойғы мәдени құндылықтар мен нормалардың жиынтығы, сәйкесінше бұл этностық топ мүшелерінің айрықша мәдени-психологиялық ерекшеліктерін анықтайды. Этникалық бірегейлікті анықтайтын дәстүрлі территория ортақтығы, тіл және дінмен қатар этностың дәстүрлі өндірістік тауашасысы. Өндірістік тауаша (ниш) жалпы өмірдің барлық қыртыстыртысын, мәдени құндылықтар жиынтығын және қарапайым адам үшін ғасырлар бойғы нормалардың жиынтығын анықтады. Бұл этникалық топ мүшелерінің мәдени-психологиялық ерекшеліктерін едәуір дәрежеде анықтады.

Этностың шаруашылық-мәдени типімен экологиялық түсінігіне қарап этностың өндірушілік қабілетін анықтауға болады. Ал этностың өндірістік түсінігі шаруашылық типі арқылы анықталады. Бұл этнос үшін тарихи қалыптасқан дәстүрлі құбылыс болып табылады. Этностың өндірушілік қабілеті табиғат, кеңістік пен мәдени ортаға да байланысты. Этностың шаруашылығы оның этникалық тұтастығын анықтайтын негізгі факторлардың бірі ретінде танылады. Оны этносқа тән тіл, мәдениет және наным-сеніммен де қатар қоюға болады. Себебі шаруашылық адам өмірінде күнделікті дағдыларды қалай қалыптастыратын болса, дәл солай этностың да дәстүрлі мәдени құндылықтарын қалыптастырады. Теориялық тұрғыдан этнос өміріндегі шаруашылықтың маңызын В.В. Бромлейдің «Очерки теории этноса» атты еңбегінде жан-жақты қарастырған. В.В. Бромлей этностың шаруашылығына, материалдық мәдениетіне оның қоршаған ортасының да ықпалы зор деп көрсетеді [58]. Этностың шаруашылық түрлері оның психологиялық сипаттамасының қалыптасуына зор ықпал ететіні белгілі. Шаруашылықтың этностың мәдени типін қалыптастырудағы қызметі жөнінде М.Г. Левин мен Н.Н. Чебоксаровтың «Хозяйственно-культурные типы и историко-этнографические области» атты мақаласында көшпелілердің шаруашылық типі тұтас көшпелі халықтардың өмір сүру дағдысы мен мәдениетінен көрініс табады деп жазды [128, с. 3–17]. Мысалы, қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы қазақ халқының өндіруші күш түсінігін қалыптастырды. Мал қазақтар үшін тек өмір сүру қажеттілігі емес, сонымен қатар басқа халықтармен

байланыс орнатушы тауар ретінде қолданылды. Мұны қазақтардың негізгі өндірісі мал екенін атап өтіп, қазақтар малды азық ретінде және тауар ретінде пайдаланғандығы жөнінде жазған С.Е. Толыбековтің еңбегі дәлелдей түседі [129, с. 66–90].

Қазақтардың төл мәдениетімен біте қайнасқан шаруашылығы арқылы этникалық бірегейлікті талдау қазіргі қоғамдық ғылымдардағы өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Мәселен, ғасырлар бойы ортақ территориялық аймақта бірге және көршілес өмір сүріп, кеңестік дәуірде саяси, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті қатар КСРО жүйесінде болған Қазақстан мен Өзбекстан республикаларындағы қазақтардың мәдениетінде айтарлықтай алшақтық жоқ. Патшалық отарлаудан басталып, кеңес өкіметі тұсында солақай саясаттың нәтижесінде тарихи отанынан жыраққа кетуге мәжбүр болып (Тибет, Үндістан, Пәкістанға дейін ауған), 1950 жылдары Түркияға тұрақтап қоныс тепкен қазақтардың этникалық бірегейлік мәселесі қаншалықты сақталған деген мәселелерді этноэкономикалық ерекшеліктері арқылы салыстыра зерттеу өзекті болып табылады.

Жоғарыда айтып өткендей, қазақтардың этноэкономикасындағы басты сала – мал шаруашылығы. Қазақ қай аймақта тұрмасын басты дәстүрлі шаруашылығы – мал шаруашылығы болып табылады. Қазақтар арасындағы дәстүрлі шаруашылықтың сақталуы, оның қазіргі жағдайы мен қолданыс аясын талдау барысында этникалық бірегейліктің сақталуына не жойылуына көз жеткізуге болады. Өзбекстан қазақтарының қазіргі жағдайындағы шаруашылығын, оны жүргізу тәсілдерін зерттеу барысында анықталған қазақ-өзбек халықтарына ортақ шаруашылық, кәсіп азаматтық, әлеуметтік бірегейлікке ұласып жатқандығын байқауға болады. Бұл келешекте Өзбекстан қазақтарының этномәдени бірегейлігін сақтаудың формасы ретінде шаруашылық жүргізу жүйесіне назар аудару керек екенін түсіндіреді.

Халықтың этноэкономикасының қалыптасуы да белгілі бір факторлармен, оның ішінде табиғи-географиялық жағдайлармен де байланыстылығын жоққа шығара алмаймыз.

Мәселен, Н. Масанов «Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества» [130] атты еңбегінде көшпелі мал шаруашылығының дамуы қолайлы табиғи-климаттық ерекшеліктермен де байланыстылығын айта келіп, олардың малдың жайылымына қарай көш жолдары, жайылым жердің кенеюі, оны дамыту жүйесі қалыптасатындығын айтады. Сол сияқты Әмудария мен Сырдарияның ортасындағы құмды алқап Қызылқұм қазақтарының табиғи-климаттық тұрғыда оқшауланып отыруы байырғы мал шаруашылығын сақтап қалуына негіз болып отыр. Бұл өз кезегінде Қызылқұм қазақтарының оқшаулану жағдайындағы этномәдениеті этникалық бірегейлікті тұрақтандырады. Осы тұрғыда Қызылқұм қазақтарының дәстүрлі мал шаруашылығы жергілікті қазақтардың этникалық бірегейлігін анықтайтын негізгі фактор ретінде саналады. Өйткені тарихи деректер мен арнайы әдебиеттерде Қызылқұм қазақтарының интенсивті мал шаруашылығымен айналысқаны және осы шаруашылықтың негізінде

коныстану жүйесі мен өмірлік дағдылары қалыптасқаны анық. Оны У.Х. Шәлекеновтің «Казахи низовьев Амударьи» атты еңбегінде Қарақалпақстан қазақтарының шаруашылығы сол бағзы замандардан келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығымен астасып жатқандығын көрсетеді [13, с. 7]. Сол сияқты У.Х. Шәлекенов пен М.Х. Шәлекеновтің «История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII–XX вв.» [14] атты еңбегінде аймақтың табиғи географиялық жағдайы қазақтардың мал шаруашылығымен қатар, егіншілік және балық аулау кәсібімен айналысуға да қолайлы болғандығы жөнінде жазады.

Көріп отырғанымыздай, шаруашылық саласында этникалық бірегейлікті сақтаудың негізгі көрсеткіштері: табиғи-географиялық жағдай, халықтың оқшаулана орналасуы, дәстүрлілікке беріктік. Мәселен, Өзбекстандағы қазақтарда, оның ішінде Сырдария облысының Ташкент және Мырзашөл уездерінің кейбір болыстықтарынан басқа, Ходжент уезінің Исфаган, Уралин, Чайкулук болыстықтарымен Самарқанд облысы Жызақ уезінің 6 көшпелі болыстығында орыс отарына дейін таулы және далалы кеңістіктерде көшпелі мал шаруашылығы дамығандығын, кейін аталған аумақтардың басым бөлігінде дәстүрлі мал шаруашылығының сақталғандығы жөнінде Б.К. Қалшабаеваның еңбегінде көрсетілген [19]. Жоғарыда көрсетілген мал шаруашылығы дамыған географиялық аймақтардың негізгі бөлігінде әлі күнге дейін дәстүрлі шаруашылық ретінде дамып отырғанын зерттеулерден де, ел арасынан жиналған далалық этнографиялық материалдардан да байқауға болады. Мәселен, Ташкент облысы Бостандық, Ангрен аудандары, Жызақ, Самарқанд, Науаи, Бұхара облыстарындағы қазақтардың мал шаруашылығындағы негізгі төлдері: әлі күнге дейін қой, жылқы, ірі қара мал мен ешкі, азырақ түйе малы (А10-сурет).

Кеңес дәуіріне дейін Өзбекстан қазақтарының мал шаруашылығындағы негізгі төлдердің бірі – қой малы. Оның еті мен сүтін тек азыққа ғана пайдаланып қоймай, қаракүл қойдың терісі де базарға шығарылатын. Қазақтар ертеден қойдың қаракүл және құйрықты қой тұқымын өсірген. Құйрықты қазақы қой тұқымының бір ерекшелігі бойы ұзын, салпаң құлақ, дөңес мұрын, жарты пұтқа жуық құйрығы болды. Бұл тұқым мықты әрі төзімді және сапалы жүнімен, етімен ерекшеленеді. Олар жылына бір рет төлдейді [131, с. 91]. Қаракүл қой тұқымы Қызылқұм, Бұхара хандығы территориясында өсірілсе, құйрықты қазақы қойды Өзбекстанның басқа аймақтарындағы қазақтар көбірек өсірген. Қазақы қоймен гиссар қой тұқымын шағылыстырған жайдары қой тұқымы және гиссар-хисори тұқымдарын да өсірген. Олардың тараған жері: Ферғана бойының таулы аудандары мен тау етектері, Ташкент оазисі, Жызақ уезі, Зеравшанның және Қашқадарияның жоғары бөлігі. Ешкіні азырақ өсірді, оны көбіне кедейлер ұстады. Ешкі жүзге жетсе де күзге жетпейді дегендей, сүтін, етін пайдалану үшін көбіне Зеравшанның жоғары жағындағы қазақтар өсірді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы облыстар мен уездердегі мал саны жөнінде Костенко былай көрсетеді. Құрама уезінде барлық мал саны – 4,669,142, мұндағы 28,343 бас мал саны Шыршық өңірінде, оның 3,177-сі

жылқы, 11,329 ірі қара мал және 12,000-ын қой құрады. Ходжент уезінде – 2,116,193; Сырдария облысында барлығы – 31,547,864; Самарқанд бөлімінде – 1,357,450; Қаттақорған уезінде – 9,992,000; Пенджекент – 856,635; Зеравшан округінде – 3,206,085; Ферғана облысында – 12,818,129; Әмудария бөлімінде – 2,970,448 мал басы болған [132, с. 138].

Қазақтың мал шаруашылығында жылқы малының орны ерекше екені белгілі. Жылқы малы Өзбекстандағы қазақтардың да мал шаруашылығындағы басты төрт түліктің бірі болды. Қазақ өмірінде жылқы әрі көлік, әрі оның өнімі азық ретінде қолданылғандықтан табиғаты қолайлы аймақтарда жүздеп, мыңдап жылқы ұстаған. Бұл тұрғыда И. Фальк: «Қазақтар басқа мал түлігіне қарағанда жылқыны қадірлеген. Елу жылқысы бар қазақтың тұрмысы жақсы деп бағаланады. 1000-2000 жылқыны ақсүйектерден басқа да қазақтар ұстай алған. Орта жүздің жолбарыс түсті жылқыларын бұхаралықтар жоғары бағалаған. Байлардың жылқы табыны 5-10 мың жылқыға дейін жететін болған», – деп көрсеткен болатын [133, с. 134]. Өзбекстандағы қазақтарда жылқының қазақы тұқымымен бірге қарабайыр тұқымы кең тарады. Бұл жөнінде Б.К. Қалшабаева өз еңбегінде: «Түркістан округіндегі ең көп тараған жылқы – қазақ жылқысы. Екі аршыннан аспайтын орта бойлы, ерекшелігі алдыңғы аяғы түзу, төсі кең әрі шығыңқы ұзын, қабырғасы ірі, құйрық-жалы қалың. Қазақ жылқысы жорға жүріспен 8 шақырымды бір сағатта жүріп отырады. 1868 жылы бір шайқас кезінде Самарқандтың түбінен Ташкентке 280 шақырым жерге бір күнде жеткендігі жөнінде мәліметтер бар. Бірақ өзінің төзімділігі мен күштілігіне қарамастан қазақ жылқысы жиі аурушаң болды. Қарабайыр арғымақ пен қазақы жылқының будандастыруынан шыққан аяғы қысқа, кең төсті, мықты жамбас, күшті, көшпелі өмірге шыдамды, ауа райының суығы мен ыстығына төзімді болды. Жалпы, Ташкент уезінде 1895 жылы жылқы саны – 68,300, қалада 14,100 болса, 1912 жылы Уезде – 113,385, қалада – 10,276-ға жетті. Жылқы Өзбекстандағы қазақтарда көбіне Ташкент облысының Бостандық, Жаңабазар аудандарында кездеседі. Сондай-ақ олардың 40 %-ы Самарқанд және Ташкент облыстарына шоғырланған», – деп жазды [122]. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Ташкент уезінің басым халқын қазақтар құрағандығын еске алсақ, онда жылқы малының қазақ өмірінде маңызды болғандығын білеміз. Сол сияқты Қарақалпақстандағы қазақтарда жылқының: қазақ, қарақалпақ, түркімен үш тұқымы өсірілген. Жылқының қазақы тұқымы төзімділігімен, аса бір жағдайды талғамайтындығымен ерекшеленіп Қызылқұм және Үстірт қазақтарында кеңінен таралды. Оны байлар көбіне мініс үшін пайдаланып, онымен қатар қарабайыр, будан, қарақалпақ, ханызат тұқымдарын да қатар ұстаған. Осылардың ішінде ең қадірлісі қарабайыр жылқысы болды [19].

2019 жылы Ташкент облысы Ангрен ауданы балғалы елді мекеніндегі қазақтар жылқы малын өсіріп, оның өнімін (қымызын) Ташкент-Ангрен магистралды жол бойында сатып отырғанын көзімізбен көрдік [35]. Өзбекстан қазақтары арасында кейінгі жылдары жылқы ұстау тиімсіз шаруашылық түріне айналды. Өйткені көптеген жайылым жерлердің егіндік алқаптарға берілуі

емін-еркін өсіп-өнген қазақ жылқысының санының азаюына алып келді. Қазіргі кезде көпшілігінде Қызылқұм Кинемех тұрғындарының арасында аталары жылқышы болған, өзі де жылқы өсіріп отырған жылқышылар кездеседі. Қазақтардың жылқыны үйір-үйір қылып өсіруі басқа да Орта Азиядағы халықтардан ерекшеледі. Мәселен, қазақтармен қатар қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендер жылқыны қазақтар сияқты көп ұстамады. Мал шаруашылығындағы жылқының қазақ халқы арасында кең тарауын этномәдени ерекшелік ретінде қарастырса болады. Өйткені аталмыш аймақта қазақтармен қатар отырған халықтардың жылқы өсіруі басымдыққа ие болмады.

Осындай көріністерді Бостандық ауданынан, Жызақ облысы аумағынан да көруге болады. Бұхара аймағын мекен еткен қазақтардың да тұрмысында мал шаруашылығы басты орын алғандығы жөнінде К. Қобыландин де өз зерттеуінде: «Мұндағы қазақтардың да бірқатар рулары көшпенді мал шаруашылығымен айналысты. Олар Батыс Бұхараның далалық жерлерін малға жайылым ретінде пайдаланды. Мал шаруашылығы жергілікті халықтың, оның ішінде өзбек, түрікмендердің егіншілік, бақшалық өнімдерін өсіруден кейінгі маңыздылығы жағынан екінші кәсібі болды. Керісінше, Бұхараның батыс және солтүстік бөліктерінде көшіп-қонып жүрген қазақтардың көпшілігі мал бағумен кең көлемде айналысты», – деп жазды [15, 80-б.]. Мұнан Өзбекстанның кейбір аумақтарындағы қазақтар атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығынан қол үзе қоймағанын, яғни этникалық бірегейлігін сақтап отырғандығына көз жеткізуге болады. Жалпы, Өзбекстан қазақтары үшін шаруашылықтың этникалық бірегейлікті анықтаушы фактор ретінде танылуы жекелеген аймақтарға тән, оның ішінде мал шаруашылығын жүргізуге табиғи-жағрапиялық жағдайы қолайлы аймақтарда екендігін білгеніміз жөн.

Қызылқұм қазақтарының мал шаруашылығындағы ерекшелігі түйе және қой шаруашылығының аймақтық арақатынасы арқылы зерделенеді. Бұл деректерде қазақтардың тек шаруашылығы емес, қоныстану жүйесі, рулық құрамы да көрініс тапқан. Деректердің келесі тобы автордың 2018-2019 жылдары Өзбекстан қазақтары арасында жүргізген кешенді этнографиялық экспедиция материалдары болып табылады. Бұл далалық материалдар Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін сақтау қабілетін анықтауға және қазіргі шаруашылық жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді (А10-сурет).

Бұл Өзбекстан қазақтарының шаруашылық мәдениетін басқа халықтармен салыстырып қарауға және дәстүрлі шаруашылық түрлерінің сақталу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Өзбекстандағы қазақтарда әлі де сақталып келе жатқан мал түлігінің бірі – түйе малы. Түйені қазақтар етке және сүтін шұбат қылып ішуге пайдаланды. Түйе көшпелі өмірде жүк тасымалдау үшін көлік ретінде де маңызды болды. Түйенің кең тараған аймағы Қызылқұм қазақтары арасы болып саналады. Т.Е. Қартаеваның зерттеулерінде түйені Сырдың төменгі ағысы, Қызылқұмды, Қарақұмды мекен еткен тайпалар көбірек өсірді деп жазады [134, с. 147]. Осы сияқты Әмудария мен Үстірттің далалық жерлерінде де түйені көптеп

пайдалану байқалды. Жоғарыда айтқанымыздай түйені негізінен жүк көлік тасымалдауға пайдаланып, оның етін азық және сүтін шұбат жасап ішті. Шұбат қазақтар арасында емдік қасиеті мол сусын ретінде есептелді. Күш көлік ретінде түйені егіншілікте, шығырмен су шығаруға және жуазбен май шығаруға, диірменге пайдаланды. Қазақтар арасында түйенің бір және екі өркешті түрлері кеңінен тарады (А11-сурет). Осы нар мен екі өркешті түйені шағылыстырып нарқоспақ сияқты түрлерін де өсірді. Түйе шөлге шыдамды жануар болғандықтан Қызылқұм қазақтары үшін түйені көлік ретінде қолдануы өте тиімді болды.

Мысалы, түйенің жүнінен киіз үйдің ішкі баулары, кілемдер, т.б., сонымен бірге ұзын талшықты түйе жүнін көрпеге де пайдаланды. Ақпарат беруші түйе жүнінен дайындалған бұйымдар жеңіл, жылы, тығыз дейді, қасиетті мал болғандықтан түйе шудасынан байпақтар тоқымаймыз, аяқ асты баспаймыз, көбіне емдік ретінде пайдаланамыз, белбеулер тоқимыз, шуданы ыстық суға салып, құяң, суық тиген жерлерге қояды. Түйені көбіне көлік ретінде пайдаланғандарын айтады, түйе малы жайылымда бағылып, ерекше бір күтімді қажет етпейді. Қызылқұм қазақтары түйе сүтінен дайындалатын шұбатты сусын ретінде және құрт жасап сатып отыр, түйенің сүтінен жасалған құрт қатпайды, сиыр сүтінен көбіне ірімшік жасайды. Түйені сауып, сүтін пісіріп, шұбат қылып ашытып, оған қайта сүт құйып, жартысы сүт, жартысы шұбат ретінде сапыра отырып қайнатады. Қазанда тұрып салқындатылады да бөзден жасалған қалтаға құйып, екі күннен кейін тұз, қант қосып құрт жасайды [34].

Өзбекстан қазақтарының этномәдени бірегейлігін сақтауында территориялық, яғни табиғи-климаттық факторлар мен олардың шоғырлана, оқшаулана қоныс тебуінің де ықпалы көп екенін естен шығармауымыз керек. Мысалы, Қызылқұм қазақтары табиғи-географиялық тұрғыдан оқшауланғаны байқалады. Бұл өз деңгейінде қазақ этномәдениетінің сақталуына және дамуына мүмкіндік беріп отыр. Оның басты көрінісі мал шаруашылығынан көрінеді. Осындай қағидаларды басшылыққа алатын болсақ, Өзбекстан қазақтарының шаруашылығының бірнеше типі бар екенін анықтаймыз. Көшпелі қазақ мәдениетін айқындаушы шаруашылық түрі ретінде мал шаруашылығының орны ерекше. Өзбекстан қазақтарындағы шаруашылық түрінің қоныстанған аймағы мен табиғи климаттық ерекшеліктерге қарай ауысып отырғанын да байқаймыз. Бұл Өзбекстан қазақтарының ХІХ ғасырларда басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысқанын, егіншілікпен және балықшылықпен айналысқан қазақтар да болғанын дәлелдейді. Өзбекстандағы қазақтардың шаруашылығы Орталық Азиядағы Хиуа, Қоқан және Бұхара хандықтары құрамына кірген қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы ретінде сипатталады.

Бұл Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі мәдениетінің бір бөлігі шаруашылыққа байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан Қызылқұм қазақтарының этникалық бірегейлігін шаруашылық арқылы қарастыру Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі мәдениетке тиесілі тұтастығын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі Қызылқұм қазақтары ғана дәстүрлі мал шаруашылығын сақтап қалып отыр. Бұл этномәдени тұтастығын анықтаушы

фактор болып табылады. Науаи облысы қазақтары арасында мал шаруашылығына байланысты ырымдар мен ғұрыптарды сақтап отыр. Оның бір көрінісі ретінде қораға түйенің бас сүйегін, қойдың кәрі жіліктерін топтастырып іліп қою сақталған (А55-сурет). Бұл мал басының аман болуына, тіл көзден сақтауға, ұры-қарыдан қорғауға арналған (XI).

Осындай шаруашылықтағы өзгерістерден кейін Өзбекстан қазақтарының өмірінде егіншіліктің де маңызы арта түсті. Мысалы, тарихи деректерде Қызылқұмның батыс жағында көшіп-қонып жүрген Кіші жүз қазақтары құдық қазып, егіншілікпен де айналысты. Бұл жөнінде 1876 жылы А.П. Хорошхин былай деп жазды: «Аз ғана егіндік Тамдыда, онда алшындар жоңышқамен қауын өсіреді» [29]. Осындай арнайы зерттеулерде Өзбекстан қазақтарының Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтары кезіндегі шаруашылық типтеріне қарай сипаттама беріледі. Г. Генс Хиуадағы отырықшы қазақтар жөнінде былай деп жазады: «Хиуадағы қырғыздар өте момын және тыныш, сосын ешқандай жат қылықтарға жол бермейді, өйткені елдегі қатаң жазалаудан хабарлары бар. Солтүстік мекендерде кедей қырғыздар өздері қолдан жасаған киіз үйлерде өмір сүреді және ұсақ саудамен айналысады. Олардың әйелдері шекпен тоқиды, еркектері ұсталықпен және егін шаруашылығымен айналысады» [30, с. 33-34]. 1873 жылы А.Л. Кун Хиуа қазақтары жөнінде мынандай дерек келтіреді: «Көшпенділердің кейбірі хандықтың маңайында орналасқан өздерінің егіндіктері мен аңдыздары бар, жартылай көшпелі тұрмыс кешеді» [33, с. 53].

Қазіргі кезде қазақтар қоныстанған кейбір аудандарда егіншілікпен қатар мал шаруашылығымен де қатар айналысатын қазақтар бар. Мысалы, қазіргі кезде Бостандық ауданында тұратын қазақтардың көпшілігі мал шаруашылығымен қатар, диқаншылықпен де айналысып отыр. Осы ауданның тұрғыны Сапарбек Иманбеков аталарының да диқаншылықпен айналысқанын және диқаншылық бізге жақын болып тұрады деп атап өтті (I). Мұнда Тамды, Бостандық, Сырдария және Шыназ аудандарында тұратын қазақтардың басым бөлігі егіншілікпен айналысқанын жасырмайды. Олардың пікірінше диқаншылық қазақ – өзбек болып бөлінбейді. Өзбек пен қазақ жарты бидайды жарып, бір бидайды бөліп жеген халық дейді [35].

Жалпы, Өзбекстан қазақтары арасында өз атакәсібін әлі де болса ұмытпағандар жеткілікті. Олар бұрынғы аталарының қоныстарын, құдық қазып, шыңыраудан түйемен су тартқанын да еске алып отырады. Өйткені көшпелі мал шаруашылығында атақоныс, жұрт, көне жұрт ұғымдары қасиетті ұғым болып табылады. Қазіргі Өзбекстан қазақтарының көпшілігі осындай тарихи жады арқылы өздерінің ата кәсібін, шаруашылығын, орналасқан орынын дәріптеуге тырысады. Бұл этностың материалдық мәдениетіндегі этнобелгілік жүйелердің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [135, 73-б.]. Өзбекстандағы қазақтардың этноэкономикасын талдау барысында олардың, біріншіден, шоғырлана орналасуы, екіншіден, табиғи-географиялық жағдайы дәстүрлі шаруашылықты әрі қарай жалғастыруда екендігіне көз жеткіземіз, ал ол өз кезегінде этникалық бірегейлікті сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Түркия қазақтарына келетін болсақ, Кеңес өкіметінің солақай саясаты нәтижесінде мал-жанымен үдере көшкен қазақтың кейбір тобының ауыр да, азапты күндерді, айларды басынан өткізіп сонау Тибет, Үндістан, Пәкістанға дейін ауғаны тарихтан белгілі. Жолай мал жаннан айырылған олар барған жерінде дәстүрлі шаруашылығымен айналыса алған жоқ. Дегенмен 1950 жылдары көшіп келгенде аймақтық орналасуына байланысты қазақтардың шаруашылық жүргізу құқықтары ескерілді. Мысалы, Анкарадан 320 километр жерде, қазақтар орналасқан ауылда 1955 жылдан бері мұндағы қазақтар мал бағады. Мал шаруашылығы ішінде қой өсіру жолға қойылған. Қазіргі кезде қой шаруашылығымен айналысып отырған шаруалар көп болмаса да, 100-ден аса қой бағып, жүнін өткізіп кәсіп қылып отырған отбасылар бар. Мұны Ісміл ауылындағы қандасымыз М. Әлім былайша түсіндіреді: «Қазақтар Түркияға келгенде бірінші егіншілікпен айналысты бидай, арпа ектік, пәнжир ектік. Бірді-екілі мал шаруашылығы болды, онымен отбасын асырай алмайтын болғандықтан Стамбулға кетті. Ал Алтайкөйде мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар көп болды, сиыр, қой ұстады, ал Ісмілде әр үйде екі сиырдан болды, шайды сүтпен іштік, құдықты өзіміз қазып алатынбыз, әр жеке үй басында құдық болды (А10-сурет). Суды құдықтан арқанмен тартып шығардық, науамен, «бөке» дейміз арқанды, мал суаратын едік. Топырақты құдықтар болды, бетін жауып тұрдық. Ісмілде қой, сиыр болды, ал Алтайкөйде жылқы, ешкі, сиыр, екі жүз, үш жүз қойлары бар. Қазірде қой бағып отырған қойшылар бар. Алтайкөйде 160 үй болды, қойдың, сиырдың сүтін сауып құрт жасап, сүтін шайға қосып отырды» (XII).

Түркияға келген кезде ең әуелі кең жер іздеп, мал бағуға тырысқан. Ал қазіргі кезде Түркия үкіметі тарапынан жылқы етін жеуге тыйым салынды. Сәйкесінше кейбір Кайсери мен Кония қалалар маңындағы қазақтар жабайы жылқыларды ұстап қолға үйретіп бағып отырған қазақтар кездеседі. Дегенмен аталмыш аймақтағы қазақтар жылқы етін өзінің өсіріп отырған жылқысының ішінен қажеттісін сойып отырады. Көбіне Түркияның басқа аймағындағы қазақтардан тапсырыс та келіп жатады [XIII]. Ол жерлерде олар күнкөріс қамымен басқа кәсіпке ыңғайлануға мәжбүр болды. Ол кәсіптері кейін олардың тұрақты қонысы Түркия аумағында өндірістік тауашасына (ниша) айналды. Осы жөнінде Ә. Қара: «XX ғасырдың екінші жартысында Түркияда Алтайдағыдай мал өсіріп ары-бері көшіп-қонып жүруге мүмкіншілік жоқ еді. Түркияның аталған өңірлерінде аттың жалында, түйенің комында көшіп-қонып жүру мүмкін емес-ті. Сонымен, қазақ күн көруде қиыншылыққа түсті. Қарапайым халық түгіл, бұрын ел бастаған жетекшілердің өзі бала-шағаның несібесін табудың қамын ойлауға мәжбүр болды. Олар біреуге кіріптар болып алақан жаймай күн көрудің жолын іздестірді. Ақырында қол өнерімен, ата кәсіптерімен айналысып нан табудан басқа шара таба алмады. Сөйтіп, жаңа өмір басталды. Бұрын ел бастаған тәйжілер, үкірдайлар мен залыңдардың өзі тері иледі. Қолға ине, тебен алып теріден қолғап, қалпақ, тон сияқты бұйымдар тікті. Тіпті сол тіккен бұйымдарын базарға апарып сату үшін дорба мен дағар арқалады», – деп жазды [102]. Қазақтың әрбір отбасында ең болмағанда бір

тігін машинасы болған. Олар егін шаруашылығынан босаған уақыттарда теріден қолғап, бас киім, шапан жасап, базарда сатып, кәсіпкершілікпен де айналысқан. Осындай кәсіпкершіліктің нәтижесінде табыстары көбейіп, жағдайлары жақсарады. Осы өндірісті дамыту үшін алдымен ауылдарына жақын қалаларға, кейіннен Стамбул, Измир, Анкара сияқты ірі сауда орталықтарына көшкен отбасылар көбейді. Олар кейін келе өздері кішігірім кәсіп иесі болып тақия, дорба тігу, сату секілді жеке істерге көшеді. Түркия қазақтарының шаруашылығы мен кәсібіне келетін болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей, Өзбекстан қазақтарының бірқатар бөлігін мал шаруашылығымен байланыстырсақ, Түркия қазақтары үшін мал шаруашылығының жетілген өндірістік сипаты байқалады. Мұнда Түркия қазақтарының тері өңдеу қолөнері жергілікті қазақтардың этномәдени коды немесе маркері болып қалыптасқан. 1950-1960 жылдары қоныс аударған алғашқы кәсіп көзі осы тері өңдеу қызметімен тікелей байланысты болды (XVI). Бұл Түркия қазақтарының жергілікті ортада этнос ретінде ерекшеленуіне және заманауи үрдістерге қабілетті халық ретінде танылуын көрсетті.

Бүгінде сонау XX ғасырдың ортасында қалыптасқан тері өңдеу кәсіптері шағын шеберханалардан дамыған өндіріс орындарына жетіп, жан-жақты дамыды (A15-сурет). Нәтижесінде қазақтың дәстүрлі қолөнерінің жаңа даму кезеңі басталды. Заманауи қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған бұйымдарды теріден жасау қазақтар ортасында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан материалдық емес мәдениеттің, қолөнердің мұрасы ретінде қарастырылды.

Қазіргі кезде Түркия қазақтарының арасында тері өңдеу кәсібін заман талабына сай дөңгелетіп отырған азаматтар баршылық. Осы арқылы олардың этномәдени тұтастануын да байқауға болады. Мысалы, Түркия Республикасы қазақтары арасында жүргізген кешенді этнографиялық экспедиция жұмыстарында бірқатар шеберханалардың қызметімен таныстық. Солардың барлығы өздеріне мұра болып қалған ата кәсібі тері өңдеу жұмысын жетілдіріп, былғары киімдер, аяқ киімдер жасап шығуға ауысқан. Осы ретте бұл кәсіпорындардың тауар атауы мен брендтік атауында «Алаш», «Ерен» (Еренқабырға тауы) атауларын белгілеген [34]. Бұл атаулардан кәсіпкер қазақтардың тарихи жады мен атақоныстарының айқындалып анықталады (A 55-сурет).

Түркия қазақтарының арасындағы мұндай шеберханалар дәстүрлі қолөнердің кәсіп ретінде дамуын анық көрсетіп отыр. Бір жағынан, ірі шеберханалардағы тері өңдеу кәсібі Түркия қазақтарының негізгі шаруашылығы болды. Бұл дәстүрлі кәсіптің заманауи технологиялармен толықтырылып дамуына мүмкін екенін көрсетті. Ата кәсіп ретінде түсінген бұл шеберханалар отбасылық бизнес ретінде түркиялық қазақтардың отбасы институтының да сақталып тұруына негіз екенін тұжырымдауға болады. Мұнда үлкен отбасылардың ортақ кәсіпті немесе бизнесті алып жүруі, отбасы мүшелерінің мүдделерінің ортақ екенін байқатады.

Қорытындылай келе, Өзбекстан қазақтары шаруашылығының негізгі типі мал шаруашылығы болғанымен, кейінгі кезеңдерде егіншілікпен де белсенді

айналысқанын көруге болады. Жалпы, Өзбекстан қазақтарының мал шаруашылығы осы аймақтағы қазақтардың этникалық бірегейлігін анықтайтын факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Осы аймақтардағы қазақтардың шаруашылық түрлері әр кезеңде дамып жетіліп, ауыспалы сипатта болды. Оған қазіргі кездегі Қызылқұм аймағындағы қазақтардың әлі де мал шаруашылығымен айналысып отырғаны дәлел бола алады (А 12-сурет). Қазақтардың тұрмыстық өзгерістерінде әлі де болса мал шаруашылығына қатысты әдет-ғұрыптардың сақталуы көрініс табады. Оның сыртында қазақтардың материалдық емес мәдениет үлгілерінің әлі де болса ұрпақтар жадында сақталуы осы мал шаруашылығының этникалық бірегейлікті айқындаушы фактор екенін айқындайды. Келешекте осы тақырып аясында Өзбекстан территориясындағы орналасқан қазақтардың шаруашылығына салыстырмалы талдаулар жасауды қажет етеді. Түркия қазақтары үшін дәстүрлі қолөнерді заманауи үрдістерге сәйкестендіріп, жергілікті ортада осы кәсіп арқылы танылуы этникалық өзін-өзі әйгілеудің бір формасы ретінде қарастырылады.

Өзбекстан қазақтарының қазіргі этномәдени және этноәлеуметтік жағдайы қазақ этнографиясының негізгі зерттеу объектісі ретінде қарастырылады. Бұл аймақтағы қазақтардың дәстүрлі құндылықтар мен материалдық және материалды емес мәдениеттің үлгілерін сақтауы олардың этникалық бірегейлігін айқындаушы фактор болып есептеледі.

2.3 Материалдық мәдениетіндегі этникалық бірегейлік мәселелері

Қазақ халқының өмір тіршілігінде қалыптасқан материалдық мәдениет үлгілері қазіргі кезеңде этномәдени бірегейлігінің көрінісі ретінде қарастырылады. Өйткені этностың өміршеңдігі дәстүрлі мәдениеттің үлгілерімен өлшенеді. Этностың мәдениеттің ерекшелігі халықтардың мәдени шекараларын көрсететіні белгілі. Бұл этностың мәдени шекаралары арқылы әр этнос өзінің бірегей екенін, өзара топтасуын және әр этнос өкілінің өз қоғамында өзін қауіпсіз сезінетінін көруге болады.

Қазақ халқының қолөнерін зерттеген ғалымдарымыз өте көп. XVIII–XX ғасырларда қазақ халқының қолөнерін зерттегендер: Ә.Х. Марғұлан [136], Х. Арғынбаев [137], М. Мұқанов [138], С. Қасиманов, Т. Басенов, Ө. Жәнібеков және т.б. Қазақ жерінде этнографиялық зерттеулер жүргізуге Мәскеу қаласында ұйымдастырылған Императорлық Орыс географиялық қоғамы, оның бөлімшелері жаратылыстануды, тарихты және этнографияны қолдау қоғамының жұмыстары үлкен әсер етті. Мұнымен қоса орыс мұражайларының жинақтау және ғылыми зерттеу жұмыстары да бұл салаға өз үлестерін қосты. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазалы, Түркістан, Ташкент қалаларында сапармен болған орыс ғалымы Н.Е. Симаков «Орта Азия халықтарының сәндік қолөнері» жөніндегі еңбегінде қазақ ауылындағы тұрмыстық заттарды әшекейлеу туралы жазды. Киіз басу, тоқу өнері, зергерлік кәсібі жөнінде

Ресейдің П. Маковецкий, А.И. Добросмыслов сияқты зерттеушілері ХІХ ғасырдың аяғында елеулі еңбек қалдырған.

Жалпы қолөнершілер арасында ата-бабасынан зергерлікпен шұғылданып, ағаштан түйін түйіп, металл бұйымдарынан алуан түрлі тұрмыстық заттар жасайтын шеберлер де кездесетін, бірақ олар өте аз болатын. Негізінен қазақ халқының қолөнершілерінің қатары ХІХ ғасырда көбейді. Орыс ғалымдары И.О. Русанов, Г. Загряжский қазақ қолөнері кәсібі жөнінде деректер берді. М.И. Бородовский мен Б. Балков Түркістан аймағының көптеген қолөнерін зерттеу мен жүннен жасалатын киіз, алаша, баулар мен түкті кілемдерді дайындау әдістерін қарастырып кеткен. А.И. Добросмыслов қазақтардың алаша тоқитын өрмегін және онымен тоқылу процесін бейнелейді. ХХ ғасырдың бас кезінде Батыс Қазақстан өнеріндегі Маңғыстау жерінде болған Р. Карутц қазақ және түрікмен халқының салт-дәстүрін өз еңбегінде жан-жақты зерттеді. Р. Карутц батыс өңірде мекендеген қазақ халқының баспанасы – киіз үйге қатысты мәліметтер келтірген. Ғалым киіз үйдің құрылысын жан-жақты зерделей келе, ішкі бұйымдарына қатысты өзіндік тұжырымдарын келтірген. М.С. Мұқанов түрік және моңғол киіз үйлерінің ерекшеліктеріне тоқталса, академик Ә.Х. Марғұланның еңбегінде қазақ киіз үйлерінің 2, 3 қанаттан 30 қанатқа жететін үйлердің бар екеніне тоқталып кеткен. Ө. Жәнібеков киіз үйдің құрылысына, түрлеріне, оның жиылыстырылғанына байланысты тоқталған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында М. Шорманов, Х. Қостанаев, Ш.Ш. Уәлиханов, М.С. Бабажановтар қазақ халқының өмірін этнографиялық тұрғыдан қарастырған.

Түркия қазақтары да қазіргі кезде ертеден ата кәсіптің бірі болып келе жатқан қолөнер туындыларын үйдің ішкі интерьерінде, сәндік жиһаз бұйымдарында, киім сәндеуде кеңінен қолдануда. Дегенмен ол да қазақ арасында кеңінен таралған деп айта алмаймыз. Мұнда да қазақтар қолының икемі бар жастарды өнерге баулуға, үйретуге көбірек мән береді. Өзінің қолынан келетін кәсіпті ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруды мақсат еткен шеберлердің бар екенін айтады, сонымен қатар сол шеберлердің бүгінде өзінің қолөнерге икемі бар жастарға үйретуде екендігін мәлімдейді. Сондықтан Түркияда тұрып жатқан қазақ әйелдері қазақы өрнектермен безендірілген қолөнерімізді насихаттап отыр (А 20-23-суреттер). Қазақтың қолөнер бұйымдары – көшпелі және жартылай көшпелі өмірмен бірге қалыптасып, халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазынасы, ғасырлар мұрасы. Атадан балаға мирас болған қолөнердің ішінде текемет, сырмақ басатын және алаша, кілем тоқитын шеберлердің қатары бүгінде бірте-бірте азая түсуде. Қазіргі кезде киіз және тоқыма бұйымдары қазақтардың тұрмысында қайта қолданыла бастады. Демек, мәдениет жалғастығы, ұрпақ байланысы да осы жәдігерлер арқылы дамיתыны сөзсіз.

Өзбекстан қазақтары арасында 1990 жылдардың ортасына дейін қазақтың дәстүрлі қолөнерімен айналысатын ершілер, сандықшылар, яғни ағаш ұсталары болды. Олардың арасында ершілердің де рөлі жоғары болды. Ерді ақ тал, қара талдан тұтас шауып жасады. Ол үшін талды дінгегінен шауып алып, алдын ала дайындайды. Оны бірнеше ай көлеңкеде кептіреді. Осылайша кепкен талды

уақыты келгенде шотпен шабады. Кепкен талдан ерді шауып болған соң оны терімен қаптап, безендіреді. Өзбекстан қазақтары арасында құранды ер жасау кең тараған. Құранды ерді жеті бөліктен құралған ағаштан дайындайды. Ерге пайдаланылатын ағашты жоғарыда айтқандай кепкен ағашты арнайы дайындау арқылы қолданады. Бірінші, кепкен ағаштан жасалған ердің құрамдас бөліктерінен ердің қасын айқастырып біріктіреді. Осы сияқты ердің барлық бөліктерін айқастырып біріктіреді. Оны арнайы желіммен жабыстырады. Бірнеше күн желімі кепкен ерді түйенің мойын терісімен қаптайды. Түйенің терісі ер қаптауға өте төзімділігімен тиімді болып табылады. Қапталған теріні тарамыс арқылы бекітеді. Қапталған тері кепкен сайын қатайып, ердің беріктігін күшейтеді. Ердің терімен қапталуы ердің ағашының да мықты болуына айтарлықтай әсер етеді. Мұндай технологиямен жасалған ер-тұрман ұзақ жыл қызмет етеді. Өзбекстан және Қарақалпақстан қазақтары арасында ер-тұрманды аттың шоқтығына тимейтін етіп, ойық қылып жасау дәстүрге айналған. Бұл ердің жеңіл әрі ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді. Ерлерді әркімнің мүмкіндігінше сәндеп, безендіріп қояды.

Өзбекстан қазақтары арасында кең таралған қолөнер бұйымдардың арасында сандық жасаудың орны бөлек. Сандықты ағаштан тақтайларды пайдаланып, бетіне әртүрлі өрнектер салып ойып жасайды. Оның ішінде қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, ит құйрық және т.б. ою түрлері қолданылады. Дәстүрлі қазақ қоғамында үй жиһаздары ішінде сандықтың маңызы зор екені белгілі. Ал қазіргі кезде Өзбекстан қазақтары сандықты қыздың жүгіне арнайы дайындайды. Қызын ұзатқан ата-ана қызының жүгін апарарда сандықшаларға арнайы тапсырыс беріп, бір немесе екі сандық жасатады. Оның бірі үлкен сандық болса, келесісі шай сандық деп аталады. Ол көлемі жағынан кіші шайға қажетті тәттілерді сақтауға арналады (А 16-сурет).

Кейінгі кездері сандық жасау технологиясы біраз өзгерген. Оны ағаш тақтайлардан құралған сандықтың беткі ағашын оймай-ақ, бетіне жұқа қаңылтыр темірді жабыстырып, соған ою-өрнек бедерін түсіру (чеканка) арқылы жасау дамып келеді. Мұндай сандықты жасау ағаштан ойып жасағанға қарағанда жұмысы жеңіл және өнімді болып табылады. Сандық бетіне түскен әртүрлі бедерлі өрнектерді қажетті түске бояп сәнін келтірген. Бертін келе сандық жасау өнері арнайы шеберлердің емес, қалыпты ағаш өндеу цехтарында да жасалып келеді. Қазіргі жасалып жатқан мұндай сандықтардың ою-өрнектерінде дәстүрлі емес оюларды қолдану орын алған. Осындай өзгерістер нәтижесінде сандық бетін бұрынғыдай әртүрлі өрнек емес, бір-екі өрнекпен шектелетін болды. Бұл оюдың өзі арнайы станоктар арқылы ойылады. Дегенмен әлі де болса Өзбекстан қазақтары сандықтарында қошқар мүйіз көптеп қолданылады. Сондай-ақ қазіргі сандықтардың бояу технологиясында да ерекшелік бар. Оның бірі жалпы сандық бір түспен боялады. Бұрынғыдай әр өрнектің тартымдылығын келтіріп әртүрлі бояу қолдану қалған. Қазіргі жасалып жатқан сандықтардың өлшемдері де кішігірім болып келеді. Бұл дәстүрлі сандық жасау өнерінің қарапайым, минимализм үрдістеріне сәйкестеніп келе жатқанын көрсетеді. Сандықтардың мұндай өзгерістерге түсуіне соңғы кезде үй-тұрмыс жиһаздарындағы өзгерістер

ықпал етті. Мысалы, қазіргі жиһаздардың қызмет етуі біздің материалдық мәдениетімізге негізделмеген, яғни қазіргі қазақ шаңырағында сандықтың үстіне жүк жинау немесе жатын бөлмеде көрпе-төсектерді сандық үстіне жиыстырып қою қалып барады. Себебі қазіргі уақытта қалалық жерлерде жерге төсек салып жату көп кездеспейді. Әркімнің өз бөлмесі бар, көрпе-төсек сол кереуетке жиналады. Сондықтан сандықтың негізгі функциясы қалып барады. Тиісінше сандықтардың өлшемдері жүк жинау қызметіне емес, символикалық мәнде дайындалып отыр. Мұнда біз сандықты үйлену дәстүрлеріндегі қоржын апару жағдайымен салыстырып қарауға болады, сол сияқты сандықты қыз жүгінің символикалық мәні ретінде қарастырылады.

Қызылқұм қазақтары арасында қазіргі кездің өзінде материалдық мәдениет үлгілері әлі де сақталып отыр. Мысалы, Төресбаева Айша: Қазірдің өзінде Қызылқұм ауылдарында үйме-үй киіз үй, «қара үй» тігіліп отыр. Бұл үйлердің көбін ежелден, Қарақалпақстан қазақтарынан алатын, қазірде жалғасып отыр. Қарақалпақ қазақтары арасында ағаш ұсталары көп. Олардың арасында «Шымбай үй» деп аталатын киіз үйдің түрі кең тараған. Оны көбіне сегіз және он екі қанатты етіп жасайды. Қарақалпақ қазақтары арасында ағаш ұста шеберлері көп. Бұл ұсталық дәстүр тек Қарақалпақстан және Өзбекстанның Ұшқұдығынан келген қазақтарында ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның шекара аймағындағы Шопанқазған, Қармақшы сияқты елді мекендерде кең таралған. Үй тұрмысына қажетті сандық, бесік сияқты т.б. жиһаз түрлерін осы ұсталар жасайды. Бала бесігі атадан балаға мұрагерлікке қалып отыр. Қара үйді қыз жасауына беріп отыр. Бұл өңірдегі қара үйлердің көбі алты және сегіз қанатты (А 8-9-суреттер). Үйдің отағасы қайтыс болған үйде киіз үйдің басқұрлары, бау-шулары түгелімен ілінбейді. Өзбекстан қазақтарында үй жасайтын шеберлерді үйшілер деп атайды (XV).

Жалпы Науаи облысының Ұшқұдық, Нұрата аудандары құмды, болғандықтан ондағы қазақтар құмда өсетін сексеуіл, жыңғылдарды күнделікті тұрмыс-тіршілікте пайдаланып отырды. Сексеуілден «сахар сабын» жасайды. Сексеуілдің «сілті» деп аталатын ұшын теріп, оны жағып күліне жинап қойған соғымның сүйектерін етін сылып алып тастап, сүйекті бір күн бойы әбден майы шыққанша, қоюланғанша қайнатып, қосып тағы қайнатады, қолмен сопақша пішіндеп сабын жасайды, сабын жасаудың бұл әдісін көрші отырған 2-3 үй болып жиналып жасайды. Бұл сахар сабындар түрлі жараларға ем ретінде де, тұрмыста да пайдаланылған

Өзбекстан қазақтары арасындағы материалдық мәдениет үлгілерін талдағанда домбыра жасаушы шеберлердің де болғанын атап өткіміз келеді. Оны Шыршық қаласындағы қандасымыз «Бізге қарағанда Науаи облысындағылар қазақшаға жақсы. Олар малмен айналысады. Ер шабатындар, домбыра жасайтындар да бар» деп мәлімет береді (XVI). Информатордың мәліметінше қазақтардың көп шоғырланған аймақтарында домбыра жасаушы шеберлердің әлі де болса бар екенін байқауға болады. Жалпы қазақтардың домбыра жасау технологиясында кең тараған екі түрі кездеседі. Оның бірі домбыраның шанағын 5, 7 бөліктен құрап жасаса, екіншісі тұтас ағашты ойып жасау

калыптасқан. Өзбекстан қазақтары арасында ерте кезден бастап тұтас ағаштан шауып жасау кең тарағаны белгілі. Алайда Өзбекстан қазақтары арасында ауылдық жерлерде әлі де болса сандықтың үстіне көрпе-төсек жинап отырған қазақтарды кездестіруге болады. Мұның функционалды қызметі үй жиһазы ретінде көрінгенімен, қазақтың материалдық мәдениетінің этномәдени бірегейлігінде де маңыздылығын көрсетеді.

Өзбекстан қазақтары арасында қолөнер бұйымдары арасында ісмерліктің де орны ерекше. Ауылдық аймақтарда әлі де болса құрақ көрпе тігіп отырғандар бар. Оны ауылдық аймақтарда әр үйде пайдаланып отырғанынан байқауға болады. Өзбекстан қазақтарының материалдық мәдениетінің үлгілерін жергілікті қазақ қоғамының орталықтарында шағын экспозициялардан байқауға болады. Мұндай орталықтарда қазақтың киім-кешектері, қолданылған бұйымдары қойылған. Әртүрлі ыдыс-аяқ, сырмақ, текеметтің түрлері қойылған. Мұндай музейлік бұрыштарда ұлттық музыкалық аспаптар қойылған. Қазақ қоғамында домбыраның орны ерекше. Жалпы, Өзбекстандағы қазақ қоғамында домбыраны әр үйден байқауға болады. Қазақтар домбыраны үйінің төріне үкілеп іліп қояды. Оны отбасылық мерекелерде алып ән салып, күй шертеді.

Қазақ қоғамы орталықтарында қазақ киіз үйінің экспозициялары жасалған. Онда киіз үйдің ішкі интерьерінде қойылатын жиһаздар топтастырып қойылған. Бұл сол орталықтардың материалдық мәдениет үлгілерін әр жерден жинақтап, сақтап отырғанының көрінісі. Бұл экспозициялық жұмыстарын орталық мамандары келген қонақтарға мақтанышпен көрсетеді. Өйткені Өзбекстан қазақтары арасында қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениет үлгілері мен жәдігерлері жыл сайын жоғалып барады. Біздің экспедициялық жұмыстарымызда байқағанымыздай үйлерде домбыра, ұршық және әртүрлі шот, кетпен сияқты құралдар ғана сақталып отыр. Бұл мұнда қоныстанған қазақтардың материалдық мәдени мұрасының жыл өткен сайын азайып бара жатқанын көрсетеді.

Аталмыш аймақтағы қазақтардың ұлттық киімді тігу және тұтыну мәселесінде бірқатар қызықты мәліметтер кездеседі. Өзбекстанның Ташкент облысы Жоғары Шыршық және Ахангерен аудандарында жүргізген сауалнамаларымызда респонденттердің 90 %-ы үйлерінде қазақтың ұлттық киімдері бар деп көрсетті (А 17-сурет). Соның 40 %-ы «жиі киемін» деп жауап берсе, 30 %-ы өте сирек киетінін көрсеткен. Қалған 20 %-ы мүлдем ұлттық киімді кимейтінін атады [35].

Жалпы Өзбекстан қазақтары арасында жүргізген экспедициялық жұмыстарымызда қазақтың қолөнері кең таралған Науаи облысын айтпағанда Ташкент облысының аймақтарында жасы үлкен кісілердің көрпе тігіп, жасау дайындағанын байқауға болады. Құрақ көрпелер қыз жасауында беріледі. Үлкен әжелеріміз құрақ көрпені көп тігеді. Жас кезімізде аналарымыз бен әжелеріміздің өлең айтып, киіз басқанын көретінбіз (XVII).

Қоғам басшысы С. Иманбеков Шақшам ауылында музей ашылғанын айтып, оны «Өзбекстан қазақтарының ұлттық музейі» деп атау керек дейді (I). Себебі осы музейде қазақ этномәдениетіне тиесілі құнды жәдігерлер сақталған.

Информатордың айтуында бала кезінде диірмен тартқанды көріп өскендіктерінен үйлерінде әлі күнге дейін тас диірмен, келі, күбі сақталған. Үйде текемет, кілем, құрақ көрпелер де болды дейді. Қазіргі күні қазақ халқына тән дәстүрлі құрал-жабдықтарды мал шаруашылығымен айналысып отырған Науаи облысының қазақтары (А 18-сурет) ғана қолданады (XVIII).

Түркия қазақтары арасында материалдық мәдениеттің барынша азайып кеткенін көруге болады. Оны қазақтардың үй-тұрмыс жағдайында символикалық мәнде қойылған бұйымдардан байқауға болады. Бұған біз этникалық бірегейліктің мәдени белгілеріне тиісті тарауларда арнайы тоқталамыз. Анадолыны мекендеп отырған қазақтардың материалдық мәдениетінде ұлттық қолөнер ерекше көрініс табады. Оны біз тері өңдеу кәсібінен айқын байқаймыз. Бұл Түркияға қоныстанған қазақтардың шаруашылық жағдайының дәстүрлі формасын сақтай алмайтыны анық болғандықтан, оның кәсіптік жағына ауысқанын байқауға болады. Мысалы, мал шаруашылығымен айналыса алмаған қазақтар ендігі жерде дәстүрлі тері өңдеу кәсібін нарыққа шығара білді. Өз кезегінде Түркиядағы қазақтардың тері өңдеу кәсібі оларды жергілікті этностардан ерекшелеп тұрды. Осы арқылы қазақтар өздерінің этномәдениетінің ерекше белгісі ретінде тері өңдеу кәсібін дамытты. Тері өңдеу кәсібі қазіргі кезде кәсіби тұрғыда дамып келеді. Түркиядағы қазақтар заманауи технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі теріден жасалған өнімдерді жасап нарыққа шығарып отыр.

Түркия және Өзбекстан қазақтарының арасында дәстүрлі тамақтану жүйесін зерттеу қазіргі этнология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Күнделікті және мерекелік тағамдардың қолданысы, дайындау технологиясы, тамақтану әдеттері, дастарқан басындағы қолданылатын дәстүрлер халықтың этникалық және әлеуметтік дүниетанымының белгісі ретінде қарастырылады [139]. Тамақ – материалдық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дәстүрлі мәдениеттің көптеген қырлары сақталатыны анық. Осыған орай ұлттың дәстүрлі тамақтану жүйесі арқылы өзінің көне әдеттерін ұғынады (30-36-суреттер). Этнографиялық тұрғыда қазақтың тамақтану жүйесін зерттеу оның жасалу технологиясынан бөлек, тамақтану барысындағы әдеттер мен олардың орындалу жүйесі қызықтырады [140, с. 10-11.]. Мысалы, 2018-2019 жылдары Өзбекстан территориясында жүргізген экспедициялық жұмыстарымызда қазақтардың тұтынатын күнделікті тағамдары ішінде ұлттық тағамдарының рөлін анықтадық. Мұны салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, сұралған респонденттердің ішінде жасы 50-ден асқандар ет асып, қуырдақ жасағанды ұнататынын көрсеткен. Ал 30-40 жас аралығындағы қазақтар өзбектің де, қазақтың да тағамдарын бірдей тұтынатынын атайды. Сол сияқты жастар арасында 85-90 % әртүрлі халықтың тағамдарын ұнататынын атайды. Бұдан шығатын қорытынды Өзбекстан қазақтары отбасында қазақтың ұлттық ас мәзірімен қатар, өзбектің де тағамдары қосарлана пайдаланылады [35].

Қарақалпақстандық оралмандардың көпшілігі Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Түркістан, Жамбыл облыстарында қоныстанған. Аталған облыстардың ішінде Қарақалпақстаннан келген қазақтардың тығыз әрі біркелкі

орналасқан орталығы Алматы қаласының маңындағы Іле және Қарасай аудандары болып табылады. Аталмыш аудандардағы оралмандардың өзіндік ортасы қалыптасқан, яғни Қаскелең, Шамалған сияқты елді мекендерінде Қарақалпақстан қазақтарының біртұтастығы байқалады.

Біздің қарастырып отырған оралмандардың бейімделуі мен қазақстандық қоғамға кірігу мәселелерін алдыңғы мақалалар мен ізденістерімізде атап өткен болатынбыз. Алайда Қарақалпақстан қазақтарының біртұтас шоғырланған осы аймақтардағы этномәдени үрдістер қалай жүргізіліп келеді? деген сұрақтар туындайды. Қарақалпақстаннан келген қазақтардың тығыз шоғырлануы олардың мәдени оқшаулану жағдайына алып келетін үрдістерді көрсетеді. Оның негізгі көрсеткіші оралмандардың тамақтану жүйесіндегі ерекшеліктер десек болады.

Қарақалпақстан қазақтарының тамақтану жүйесі Қарақалпақстандағы өмір тіршілігімен тікелей байланысты қалыптасқан. Бұл олардың қарақалпақ, түрікмен халықтарымен араласып тұруының негізінде қалыптасқан. Мысалы, қарақалпақтардың тамақтану жүйесі жөнінде Қарақалпақстаннан көшіп келген Жәкеев Ахмет олардың «үш ай қауыным, үш ай сауыным, үш ай қабағым, үш ай шабағым» деген ұғымдық сөздерімен сипаттап берді (XIX). Мұнда қарақалпақтардың жыл он екі айды төрт тоқсанға бөліп, шаруашылықтың негізгі түрлеріне сәйкес тамақтану жүйесін қалыптастырған. Дәл сол сияқты Қарақалпақстаннан келген қазақтардың тамақтану жүйесінде де ерекшеліктер бар. Мысалы, Бесқала қазақтарының тамақтану жүйесін екіге бөліп қарастырсақ болады. Біріншісі – күнделікті тамақтануы, екіншісі – мерекелік тағамдар кешені деп қарастырса болады.

Күнделікті тағамдарға жүгері күртік, мәшәуэ (мәш көже), быламық, жүгері көже және т.б. жатады. Жүгері күртіктің жасалуы жағынан Қарақалпақстанның жергілікті өсімдіктерінің ерекшеліктері сақталған. Жүгері күртікке бой жүгерінің ұны пайдаланылады. Бой жүгері тек Қарақалпақстанда өседі. Жүгерінің ұнын ыстық суға немесе ыстық сорпаға илеп, біріктіріп, қалың қылып жаяды да, оны бас бармақтың көлеміндей етіп үзіп шығады. Оны қайнаған еттің сорпасына пісіреді. Алайда жүгері күртікке тек түйетауықтың етін пайдаланады. Осы сияқты мәш көжені де күнделікті тамақтану жүйесінде жиі пайдаланады. Қазіргі кезде Шамалған, Қаскелең, Ащыбұлақ сияқты елді мекендерде орналасқан оралмандардың көпшілігі жүгерінің ұнын Қарақалпақстаннан алдырып отыр. Мұндай бой жүгері ұнын Шамалған станциясының базарында да сатылымда қойылғанын көруге болады. Жүгеріден жасалатын тағамның кейбір түрлері жөнінде Қарақалпақстаннан келген Бисенқұлов Жақсыбек түсіндіріп берді: «Быламық – қазіргі кезде өте сирек дайындалатын астың бірі, оны жүгерінің ұнын қайнатып қою қылып дайындайды да табаққа құяды. Оның ортасына мақтаның майын (сұйық майды) құяды. Қолмен быламықты алып, ортадағы майға батырып алып жейді. Осы тағамды жеудің жолына қарай «быламықты май жүргізер» деген сөз қалған» (XX). Қарақалпақстан қазақтарының ас мәзірінде күріштен жасалатын күріш көже, палау сияқты тағамдар ерекше орын алады. Оның сыртында

Қарақалпақстан қазақтарында тарыдан көже жасау қалыптасқан болатын. Қазіргі кезде бұл тағамды дайындау тоқтаған десе де болады. Алайда Бесқаладан келген қазақтардың дастарқанынан тарыны (сөкті) жиі байқауға болады. Көбінесе тарыны шайға қосып ішеді. Аталмыш аймақтарда орналасқан оралмандардың негізгі ерекшелігінің бірі тандыр нанды көп пайдаланады. Мысалы, Қарақалпақстаннан келген оралмандар алғашқы жылдары әр үйде немесе екеуара бір тандыр пеш соғып тандыр нанды соған жауып алып отырса, қазіргі кезде бұл үрдіс өзгерістерге түскен. Қазіргі кезде базарлар мен жол жағасында арнайы тандыр пештер соғылып, тандыр нан сататын орындар пайда болған. Нәтижесінде әр үйде орналасқан тандырға нан жабу үрдісі өзектілігін жойды (А 34-сурет). Тандыр нанды көпшілігі базардан және арнайы орындардан сатып алып отыр. Ал Өзбекстанда тұрып жатқан қазақтардың әр үйінің ауласында тандыр пеш орналастырылған (А 39-сурет).

Тандыр наннан бөлек Қарақалпақстан қазақтарының арасында пәтір нан, зағара сияқты нанның түрлері кездеседі. Мұнда зағара наны жүгерінің ұнынан істеледі. Жүгерінің ұнын біріктіру үшін аздап бидай ұнын және асқабақ немесе сәбіз қосады. Зағара нанын қазіргі таңда Шамалған станциясы базарынан сатып алуға болады. Пәтір нанды қатпарлы етіп, май жағып отырып пісіреді (XXI). Өзбекстан қазақтарының мерекелік тағамдарына тоқталатын болсақ, біріншіден, пәтір нан, палаудың орны аса маңызды. Үлкен астар мен тойларда міндетті түрде палау тартылады (А 35-сурет). Қазақтар арасында арнайы палаушылар бар. Олар үлкен астар мен тойларда, садақаларға арнайы шақыртылып палау басады. Бұл палаушылар әкеден балаға жалғасқан өнер ретінде қалыптасқан. Мысалы, палаушылар күнделікті өмірде әртүрлі салада қызмет етіп жүре береді, тек той, садақа боларда алдын ала айтылып күні белгіленіп қояды. Палаудың жақсы басылуы той немесе ас иесінің абыройы болып табылады. Палаушы үшін сол астағы палауының сәтті шығуы келесі мерекелерге тапсырыс алуының кепілі болып табылады. Қоғамдық іс-шараларда палаушының орны өте маңызды. Осы сияқты Өзбекстан қазақтарының мерекелік тағамдарына Наурыз дайындау жатады. Наурыз көжеге тары, күріш, мәш, сүт қосылады. Соғымға түйе, жылқы, қой, ешкі сойылады (XXII). Жүйелі түрде Өзбекстан қазақтары арасындағы мерекелік дастарқанда палау, сорпа дайындайды. Дәл осындай жағдай Түркия қазақтары арасында да палау басады. Алайда оның жасалу технологиясы бөлек.

Шетел қазақтарының мәдениеті жөнінде Н. Мұқамедханұлының мына тұжырымдары тұшымды болып табылады. Ол өзінің «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты еңбегінде «Дегенмен алыс-жақын шетелдерден келген қандастардың Отанға үлкен арманмен келетіні белгілі» олар ғасырлар бойы ұлттық мәдениеті өзгеше мемлекеттерде өмір сүретіндіктен, қашан да өздерінің ұлттық болмысын сақтауға баса назар аударады. Сондықтан олар өздерінің ана тілін, ұлттық дәстүрін жақсы сақтау үшін тұрмыс салты мен қолөнер кәсіптерін де ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып дамытып отырды» деп түйіндейді [141, 172-б.].

Қорыта айтқанда, шетелдегі қазақтардың материалдық мәдениеті орналасқан елінде этномәдени шекараларды қамтамасыз етуші фактор болып табылады. Бұл қазақтардың жеке этнос ретінде өз мәдениетін сақтап отыруына және оқшаулану арқылы мәдениет үлгілерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіне жағдай жасайды. Мұнда материалдық мәдениет үлгілері, киімдері, ас мәзірі, шаруашылығы, баспана, қоныстану жүйелері арқылы анықталады. Қазақтардың материалдық мәдениетінің қалыптасуы әр аймақтың шаруашылық ерекшелігіне қарай қалыптасқан. Дегенмен Өзбекстан мен Түркиядағы қазақтар жалпы қазаққа ортақ мәдени құндылықты сақтап отыр. Бұл өз кезегінде этностың шаруашылық қабілетінің анықталуына, өндіруші этнос ретінде танылуына негіз болды. Өзбекстан қазақтарының шаруашылық жүйесіндегі екі ірі аймақты бөліп қарастыруды қажет етеді. Оның бірі Қарақалпақстан аймағындағы қазақтар болса, екіншісі Науаи облысы қазақтарының шаруашылық жүйесі болып табылады. Мұнда материалдық мәдениеттің сан түрлі үлгілері сақталған. Ал Түркия қазақтары арасында да жоғарыда атап өткендей тері өңдеу кәсібiнен бөлек, ісмерлік өнердің жетістіктері осы күнге дейін жалғасып келеді. Оны Түркия қазақтары арасында жүргізілген экспедициялық жұмыстар барысында анықтадық. Әрбір үйде қазақтың құрақ көрпе, кестеленген дастарқаны кездеседі. Бұны жасы егде тартқан әжейлер өз немерелері мен келіндеріне үйретуі де байқалады. Мысалы, 77 жастағы Күлия Софыған Түркияда қазақтың байырғы қолөнерімен айналысады. Оюлап тіккен дастарқанына 40 жыл болған. Ол кісінің қолынан шыққан дүниелерін сол жердегі қазақтар сатып алып, қыздың жасауына қосады. Қыз жасауына тапсырыспен көрпе, көпшік, дастарқан, майлықтар жасайды. Түрлі қазаққа тән қошқар мүйіз, арқар мүйіз, түйе табан сынды оюларды және құраққа да қазағымызға тән түстерді, бұрыннан аналарымыздан көрген әдіс бойынша қолданамын, мысалы мына көрпешедегі «бұрмаша» ою бұрмаланып отырып салынғандықтан «бұрмаша» (А 18-сурет) деп аталады (XXIII). Ауғанстаннан келген Әжімұратқызы Ләйла да қолөнермен айналысады. Өздері Түркияға келгеннен бастап қолөнермен айналысып келе жатқанын, көбіне арқа жастықтарын жасайтынын айтады, бұл ертеден Батыс Қазақстаннан келе жатқан қолөнері, Ауғанстаннан кестелеудің түрлерін үйрендік. Жасалу әдісінде ақ матаның үстіне қаламмен гүл сызып салып, сосын кестелейміз. Көбіне қыз жасауына дайындаймыз, осындай жастықтан 10-20-дан береміз. Әр түсінен бес жұптан береміз, көрпесін де қолдан жасап дайындаймыз, қыз жасауына 10-12 көрпе беріледі. Ауғанстанда үлкен кісілер кілем, алаша тоқитын, алашаны қақпа деп атайды, Түркияда кілем тоқымаймыз. Көрпе, жастыққа қазақ оюларымен қатар, Ауғанстан мен Иранның қолөнер түрінен сіңген гүлдердің түрлерін кестелеп саламыз (XXIV). Дегенмен қазіргі заман талабына орай мұндай бұйымдардың тұтыну аясы тарылып келеді. Тек ортақ іс-шараларда, ұлттық мерекелерде шапан киіп, керей бөрік киген қазақтарды кездестіреміз. Бүгінгі таңда Түркиядағы қазақтардың 10-нан астам қоғамдық ұйымдары, 2 қоғамдық қоры, 2 құрылыс кооперативі, 3 егін шаруашылық бірлестігі бар. 40-тан астам шағын зауыт, 1 мыңнан астам тері өнімдерін дайындайтын кәсіпорын, жарты мыңдай сауда дүкендері ашылған,

яғни қазақтардың 75 %-ы нақты өнім өндірумен айналысады. Ауылдық жерлерде тұратын қазақтар егін егіп, мал өсіреді. Бұл ретте Түркиядағы тері және пластика өнеркәсібінің дамуына онда тұратын қазақтар да өздерінің үлкен үлестерін қосқанын айта кеткен жөн.

Жалпы этностың өмір сүру ортасында жасампаздыққа ие болуы сол ортаның қажеттілігіне байланысты болады. Мұнда Түркия және Өзбекстан қазақтарының материалдық мәдениет үлгілерінің сақталуы толық дәстүрлі формада сақталмайтыны да анық. Десек те диаспора қазақтарының өзін-өзі әйгілеуі үшін сыртқы белгілердің бірі дәстүрлі мәдениет екені рас. Оны сақтауда этностың күнделікті тұрмысындағы тұтынуы өзгергендіктен этникалық бірегейліктің шеңберінен шығып кетіп жатады. Алайда Түркия қазақтары өздерінің отбасында, тамақтану жүйесінде қазақтың дәстүрлі жүйесін сақтауға барынша тырысады. Оны жас ұрпаққа түсіндіріп, жеткізуді өздеріне қасиетті борыш ретінде санайды. Тұтас алғанда Түркия мен Өзбекстан қазақтарының материалдық мәдениетті сақтауында күрделі қиыншылықтар да бар. Алайда кейбір тұстарда шетел қазақтары материалдық мәдениеттің кейбір атрибуттарын ғана ұстанып отырғаны да жасырын емес. Қалай айтқанда да осы тәуекелдер олардың этникалық бірегейлену мүддесін көрсетеді.

2.4 Этникалық бірегейліктің неке және отбасылық қатынастардағы көрінісі

Шетелдегі қазақ диаспорасының дәстүрлі мәдениетті қолданыс аясы неке және отбасы, туыстық қатынастар және ондағы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің сақталуы мен өзгеріске ұшырауынан көрініс табады. Бұл этнология, диаспорология ғылымының өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Шетелдегі қазақтардың сақтап отырған дәстүрлердің тамыры бір текті болғанымен, кейбір территориялық ерекшеліктерге қарай өзгешеленеді. Мысалы, Түркия мен Өзбекстан қазақтары үшін отбасылық дәстүрлерді сақтаудың деңгейі әртүрлі. Сондай-ақ қазақтар көп орналасқан Өзбекстандағы жағдайды Түркиямен салыстыратын болсақ, Түркияға қоныс тепкен қазақтардағы дәстүрдің қолданыс аясы тар әрі өзгерістерге бейім екенін байқауға болады. Түркия қазақтары үшін бұл өзгеріс үстіндегі дәстүрлі мәдениет үлгілері этникалық бірегейліктің маңызды факторы болып табылады. Өзбекстан үшін дәстүрлі мәдениетті сақтаудың көптеген жолы және мүмкіндіктері бар. Өзбекстан қазақтарының Қазақстан қазақтарымен тікелей қарым-қатынасының дамуы дәстүрлі мәдениеттің сақталып қалуына оң ықпал етіп отыр.

Осы екі мемлекеттегі қазақтардың дәстүрлі мәдениетті ұстануы алдымен, отбасылық әдеттерден, туыстық қатынастардан және өлік жөнелту жоралғыларынан көрініс табады.

Жалпы, қазақтың үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары революцияға дейінгі және Кеңес үкіметі тұсында да зерттелген болатын. Мысалы, революцияға дейінгі еңбектерде дәстүрлі қазақ қауымындағы неке және отбасы

мәселесіне қазақ жеріне келген орыс зерттеушілері мен шенеуніктері қызығушылықпен қараған. Н.И. Гродековтің [142], А. Диваевтың [143], зерттеулері өзекті болып табылады. В.В. Востровтың «Казахи Джанибекского района Западно-Казахстанской области (историко-этнографический очерк)» еңбегі [144, с. 5], Х.А. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья және неке (тарихи-этнографиялық шолу)» [145], Н.П. Лобачеваның «К истории сложения института свадебной обрядности (на примере комплексов свадебных обычаев и обрядов народов Средней Азии и Казахстана)» еңбегі [146, с. 144–175], Д.Х. Кармышеваның «Семья и семейный быт» [147, с. 173–242] атты зерттеулері Кеңес үкіметі тұсындағы қазақ ауылының отбасылық жағдайына арналған. Ал А. Жакипованың «Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане» еңбегі еліміздегі отбасылық қатынастардың дамуына арналды [148].

1970 жылдардан бастап Қазақстандағы отбасылық қатынастарды зерттеудің жаңа методологиялық ұстанымдары қалыптаса бастайды. Соған байланысты дәстүрлі қазақ мәдениетін заманауи үрдістер негізінде этноәлеуметтік әдістер арқылы зерттеу жүргізу жолға қойыла бастайды. Бұл ретте қазақтың неке және отбасы мәселесі де өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бұл үрдістердің бастауы ретінде Х.А. Кауанова мен А.Б. Қалыштың «Родственные и дружеские связи в современной казахской семье» атты мақаласынан көрініс тапты [149, с. 53-54].

Қазіргі кезде Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында отбасылық ғұрыптардың сақталуы жоғарыда көрсетілген дәстүрлі ұстанымдардан біраз өзгеріске түскен. Мысалы, қазіргі қоғамдық қатынастарға қарай құда түсу дәстүрлері де әртүрлі. Оның негізгі себебін жергілікті ортаның қазақтарға ықпалы ретінде қарастырса болады. Дегенмен Өзбекстан және Түркия қазақтарының бір-біріне ұқсас тұстары да жеткілікті.

Ғалымдардың соңғы кездегі зерттеулерінде отбасының негізгі ірі екі формасы сақталған. Оның бірі – кіші отбасы, екіншісі – үлкен отбасы болып табылады. Қарапайым нуклеарлы отбасы ата-анасы мен үйленбеген балаларынан тұрады. Ал үлкен отбасыларға ата-анасы мен үйленген балалары, немерелерінің бір жерде өмір сүріп, ортақ шаруашылық жүргізуін атайды.

Біз қарастырып отырған Түркия қазақтары арасында нуклеарлы отбасы формасы жақсы сақталған. Кейінгі кездері қалалық ортаға қоныс аударған қазақтар шағын отбасылық формада өмір сүріп келеді. Ал Өзбекстан жағдайында қазақтар арасында нуклеарлы және үлкен отбасылар да кездесіп жатады. Өйткені қазақтармен қатар өзбек этносында үлкен отбасылық форма жақсы сақталған. Олар өз әулетімен махалляда тұрып, ортақ шаруашылық жүргізеді. Осыған ұқсас қазақтар арасында да бір отбасында баласы және келін, балаларымен бірге тұратын үлкен отбасылар бар. Ал қалалық жерлерде нуклеарлы отбасылық форма басым болып келеді. Бұл жоғарыда көрсетілген әлеуметтік және экономикалық жағдайға байланысты болып табылады.

Шетелдегі қазақтардың некелесу жасына келетін болсақ, әр мемлекетте әртүрлі. Мысалы, біз қарастырып отырған Өзбекстан қазақтары арасында некелесу жасы ерте болып келеді, 20-22 жасты құрайды. Түркия үшін некелесу

жасы 27-28 жасты құрайды. Бұл жас ерекшеліктің орын алуы екі елде өмір сүріп отырған қазақтардың қоғамдық ортасына байланысты. Мысалы, Өзбекстан қазақтары дәстүрлі ұстанымдарды басшылыққа алатын болса, Түркия жастары үшін еуропалық үрдістер мен қоғамдық қатынастар мол ықпал етеді. Түркия және басқа да Еуропа қазақтары үшін жастардың өзара некелесу жағдайына қазақтардың тіршілік ету ортасының шашыраңқы және аз орналасуы басты фактор болып табылады [34; 35].

Осындай жағдайда Өзбекстан және Түркия елінде некелесу формалары әртүрлі жағдайда қалыптасқан. Басты мәселе үйленетін екі жастың бақытты отбасын құру болып табылады. Бұған ата-анасы тікелей араласуға тырысады. Нәтижесінде қызды құда түсіп, айттырып алғысы келеді (А 36-сурет). Алайда қалалық жерде өмір сүріп отырған қазақтар және ірі мегаполистерде оқып, жұмыс істейтін жастар арасында өзара танысып, қосылып жатқандар да жеткілікті. Жастар арасында орын алып отырған мұндай ерекшеліктер некелік рәсімдерге де әсер етіп отыр. Өздері қосылып отырған жастар арасында көптеген дәстүрлі рәсімдердің орындалуы сырт қалып жатады. Көптеген жастар оқуда, жұмыста танысқанымен өз ата-аналарын таныстырып, дәстүрлі құда түсу, айттыру рәсімдерін шартты түрде ортақ келісімдер арқылы жүргізеді.

Шетелдегі қазақ диаспорасындағы бірегейлік факторының басты көрінісі ұлттық некенің орын алуынан көрініс табады. Сол үшін қазақтар өзара жастарын таныстырып, жат этностарға қыз бермеуге тырысады. Мысалы, Түркия қазақтары осы ұлтаралық некеден қатты сақтанады. Себебі олардың Түркия жеріндегі азшылығы жастардың келешек отбасыларының тұрақты болғанын қалайды. Сол арқылы Түркия қазақтары өздерінің этномәдениетін сақтап қаламыз деп түсінеді. Бұл Түркия қазақтары арасында некелік қатынастарды орнатуда көптеген мәселелер бар екенін көрсетеді. Осы мәселенің бірі – жастардың арасында өзара танысып отбасын құру. Осы жағдайға байланысты Түркия қазақтары түгел Еуропа қазақтарымен ортақ байланыс орнатқан. Олар өзара әртүрлі іс-шара өткізіп, футбол жарыстары, Еуропа қазақтары құрылтайы және басқалары арқылы жастарын таныстыруға тырысады. Ал Өзбекстан қазақтары үшін қазақтар тығыз орналасқан аймақтарда аралас некенің қауіпі жоқ. Дегенмен орталық облыстардағы қазақтар арасында аралас некеде тұрған қазақтар да бар. Салыстырып қарағанда Өзбекстан қазақтары арасындағы аралас неке қатынастары Түркия қазақтарынан әлдеқайда көп. Мысалы, Өзбекстан қазақтары арасында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сауалнамаға қатысқан 95 % қазақ аралас некеге қарсы екенін білдірді. Ал 3 % қазақ жауап беруге қиналатынын атаса, қалған 2 % аралас некені қолдайтынын жеткізді [35].

Өзбекстан қазақ жастары арасында жүргізілген сауалнамада қазақстандық жергілікті қазақтармен некелесуге ниеттілер байқалды.

Отбасы институтындағы ер мен әйелдің орны қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі фактор болып табылады. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамында ер мен әйелдің отбасындағы орны, ерлі-зайыптылардың әлеуметтік мәртебесі ескеріледі. Сондай-ақ ер мен әйелдің физиологиялық мүмкіндігі қоғамдық

экономикалық қабілетін де анықтайды. Бұл тұрғыда дәстүрлі қоғамда әйелдің шаруашылық жағдайында ер адамға тәуелді болды. Ал қазіргі кезде бұл факторлар қоғам алдында айтарлықтай орны жоқ. Дегенмен кейбір патриархалды отбасыларда әлі де сақталып отыр.

Өзбекстан мен Түркия қазақтарының отбасылық қатынастарында ер мен әйелдің орны бірегейліктің көрінісі ретінде қарастырылады. Соның ішінде отбасындағы ер адамның орны басты болып табылады. Алайда кейбір дәстүрлі құндылықты сақтамаған отбасыларда жетекші орын әйел адамның қолында. Бұл құбылыс нуклеарлы отбасыларда жиі кездеседі. Ал үлкен отбасыларда дәстүрлі құндылықтың жақсы сақталуы негізінде ер адамның басшылығы бірден көзге түседі. Отбасындағы ер мен әйелдің орны қоғамдық және әлеуметтік қатынастарға да байланысты. Оның сыртында ер мен әйелдің орны отбасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты.

Өзбекстан және Түркия қазақтарының өзара тұтастану үрдістері тікелей туыстық, отбасылық қатынастарға байланысты. Қазақтардың отбасылық қатынастары қазіргі кезде қалалық және ауылдық отбасыларының көрсеткіштері негізінде екіге бөлінеді. Мысалы, ер мен әйелдің еңбек бөлінісінде Түркия және Өзбекстан қазақтарының арасындағы жағдай екі түрлі. Өзбекстан қазақ әйелдері қоғамдық жұмыстарға белсенді болып келеді. Керісінше Түркия қазақ әйелдері отбасылық шаруалармен үйде отырады. Қоғамдық жұмыстарға араласпайды. Мұның басты себебі Өзбекстан кеңестік саяси жүйе негізінде әйел адамның құқығын ер адаммен бірдей деңгейге көтеріп, әйелдерді әртүрлі қоғамдық жұмыстарға тартты.

Отбасылық қатынастардың қазіргі көрінісі ер мен әйелдің негізгі функциясын бөліп қарастыруға мүмкіндік бермегенімен, дәстүрлі қазақ мәдениетінің көріністерін анықтауға жағдай жасайды. Оның басты белгісі бала тәрбиелеуде көрінеді. Мысалы, үй шаруасымен отырған түркиялық отбасылардың бала тәрбие ісінде салт-дәстүрлер орын алады. Балаға қазақ халқының ырым-тыйымдары, дәстүрлері мен ата-бабаларының аңыздары айтылып отырады. Бұл этникалық бірегейлік теорияларының тарихи жады арқылы қолданылуы жағдайын қалыптастырады (XV).

Өзбекстан қазақтары арасындағы үлкен отбасыларында мұндай қатынастар ата-анасы мен үйленген балалары отбасылық жоспарлар құруда, туыстар арасындағы мерекелік және ас сияқты іс-шараларды атқаруда көрінеді. Үлкен отбасыларындағы туыстық қатынастар М. Губоглоның отбасылық бірегейлікті қалыптастыратынын көрсетеді [61, с. 148].

Отбасылық бірегейлікті қалыптастыруда XIX ғасырда америкалық этнолог Л. Морганның айтқан пікірлері орынды. Оның зерттеулерінде адамзат қауымының өндірістік дамудағы өзгерістері үздіксіз жүріп отырғанымен, туыстық және отбасылық қатынастардың сақталатынын жазады [150].

Алайда диаспорадағы қазақ отбасының бірегейлігіндегі өзгерістердің орын алуына бірқатар факторлар да әсер етеді. Оның бірі үкімет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектер болып табылады. Бұл отбасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды отбасының өздігінен шешуге мүмкіндік береді.

Дегенмен бұл фактор қазақтың дәстүрлі туыстық қатынастарына өзгерістер алып келді. Ғалымдар отбасылық факторлық бірегейлікті анықтаушы факторы ретінде этнос арасындағы ажырасу көрсеткіштері арқылы анықтайды. Біз қарастырып отырған Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында ажырасу факторлары айтарлықтай байқалмайды. Оның Түркия үшін басты факторы қазақтардың шағын орналасуы және таңдау құқығының шектеулі екенімен түсіндіріледі. Ал Өзбекстандағы дәстүрлі құндылықтар отбасындағы ажырасуға жеткізбейді. Екі ел қазақтарында діни ұстанымдардың қалыпты болуы неке шарттарын бұзуға жол бермейді. Керісінше қазақтар арасында некелік қатынастың берік және тұрақты орнауы қазақ қоғамының бірегейлігін анықтайды.

Отбасылық бірегейліктің қалыптасуында отбасындағы әйел мен ер адамның орны да маңызды болып табылады. Бұл үйлену – ата-аналық бала тәрбиелеу функциялары арқылы жүргізіледі. Нәтижесінде отбасылық бірегейлік ұрпақ аралық қатынастар ішінде қалыптасады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан үйлену дәстүрлерінде екі жақтың ата-аналары өзара келісіп, бел құда, бесік құда сияқты түрлері қалыптасқан. Ал қазіргі кезде Өзбекстан қазақтары ішінде құда түсу ежелгі формадан ауысқан. Бел құда, яғни балалардың дүниеге келмей жатып құдаласуы немесе бесік құда балалардың бесіктегі шағынан бастап құдаласып қоюы сақталмаған.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде мұндай құдалық түрлерінің қазір кездеспейтіні байқалады. Ал информаторлардың айтуынша мұндай құда түсу формалары әкелерінің тұсында, аға буын өкілдерінің заманында өтіп кеткен. Керісінше қазіргі кезде құда түсу жігіт пен қыздың өзара танысуынан басталып жатады. Өзбекстан қазақтары арасында ата-аналарының таңдауы бойынша үйленіп жататындар да аз емес. Мысалы, ондай үрдістер Қазақстанға көшіп келген қандастарымыздың арасында да кездеседі. Десек те қазіргі кезде қыз бен жігіттің өздерінің танысып үйленуі жиілеген. Оның басты себебі жастар жоғары оқу орнында, қызметте, жұмыста жүріп бір-бірімен табысып жатады. Өзбекстан қазақтарындағы отбасылық дәстүрлер жөнінде информаторлар құдалық, қыз ұзату – бәрі қазақ салт-дәстүрі бойынша орындалады. Өзбек ұлтында құдалыққа тек әйелдер ғана барады, олар сырға тағу дейді. Құда түсу мәселесін информатор Т. Айдарбеков былай түсіндіреді: «Бізде қыз алысу жеті атаға дейін мүлдем берілмейді. Бөлелерді алу бар. Бұл жерде құда түсу көп, алып қашу да кездеседі. Құда түсерде балалардың ойын тыңдаймыз, ұнатып жатса, негізі текке қараймыз, жеңгенің де рөлі жақсы, ағайындар арқылы, таныстар арқылы сұрастыру жүргізіп аламыз. Отбасы нашар болса баламмен сөйлесемін. Біздер әбден сұрастырып аламыз. Жастар ұнатып жатса құдалыққа 4-5 адам жібереміз, келісімге барады, сол уақытта сырға саламыз. Қалың мал құны – 8-10 миллион өзбек сомы. Қызды Ташкентке апарып киіндіру бар. Жеңелері, туғандары апарып келінді киіндіреді. Оған да 5-6 миллион кетеді. Олар да жігітке киім беріп жатады. Құдалыққа 10-15 адам барады. Бұрын киіт кигізіп жатушы едік, қазір құда-құдағиға ғана киіт кигіземіз. Ана сүті, әке күші деген жоқ. Қалың мал ақшалай, мал көбіне қара мал беруші еді, қазір өлі-тіріге

екі қой береді. Күріш, мейіз, мәуе, сәбіз, майын береді. Қыз жақ кісі шақырып сол апарған малды сойып елді шақырады. Қыздарды ұзатып береді. Бұрынғы жар-жар, сыңсу сирек, бұрындары айтыстар да болатын тойларда» (XXVI). Информатордың берген мәліметтеріне қарайтын болсақ, бөлелер арасындағы некенің жүруі жергілікті өзбек халқынан сіңгенін байқауға болады. Мұндағы кросскузенді неке қазақтан бөлек басқа да түрік, өзбек, әзірбайжан және т.б. түркі халықтарына тән екені атап өтуге болады. Үйленгендегі орындалатын дәстүрлі жоралғылар Өзбекстан қазақтары арасында өзгеріске түскенін байқауға болады. Ташкент облысы, Қыбырай ауданы Дархан, Оймауыт ауылдарының қазақтарында келін түсіру, беташар, бесікке салу бәрі заманауи жасалады. «Келіннің бетіне орамал жауып, домбырамен ашады. Қалың мал құны шамасына қарай әртүрлі келісіммен беріледі. Теңі болса тегін бер деп келісіп беріледі. Қыздың жасауын береміз» (XXVII). Бұны Өзбекстан қазақтарына ортақ құбылыс ретінде түсінуге болады.

Түркия қазақтарында да дәл осыған ұқсас жағдай, олардың арасында да құда түсу үрдісі дәстүрлі ұстанымдардан өзгеше. Бұл ретте Түркия қазақтарының өзін мәдениетті қолдану көрсеткіші бойынша екі топқа бөліп қарастырсақ болады. Алтайдан барған қазақтар мен кейінірек Ауғанстаннан барған қазақтар арасында дәстүрлі мәдениетті ұстануында ерекшеліктер бар. Алтай қазақтары қазіргі қоғамның ерекшеліктеріне тез бейімделіп, отбасылық ғұрыптарына сіңіре білген. Ал Ауғанстаннан барған қазақтар арасында да отбасылық дәстүрлер барынша сақталған. Оны олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде және той-мерекелік іс-шараларынан байқауға болады. Жалпы алғанда Түркия қазақтарының құда түсуі өзіндік ерекшелікке толы.

Түркия қазақтарының тіршілігінде, үйленуге, отбасын құрауға байланысты әдет-ғұрыптарында да жергілікті халықтың, әрине, әсері болуы сөзсіз. Оның себептері жоғарыда айтқандай, күнделікті өмірде қазақ тілі мен түрік тілінің аралас қолданылуы, жастардың жергілікті жастармен тығыз қарым-қатынаста болуы, т.б. көрсеткіштерді атауымызға болады. Біз зерттеп отырған екі елдегі қазақтар да тұрған елдерінің жағдайына көбірек бейімделген диаспора болып табылады. Өзбекстан сияқты Түркия да мәдени, діни, тілдік жағдайы анағұрлым жақын ел. Бұдан ертеректе қазақтар балаларына болашақ жар таңдауда ата-ананың еркімен іске асырылса, бүгінде өз еріктерімен таңдау жасалуда. Түркиядағы жастар отбасын құрар кезде бір-бірімен танысып, одан кейін отбасына айтады, ата-аналары мақұлдағаннан соң жігіт жағы келіп жүзік тағады, қазақ дәстүріндегі сырға салу «нишан» деп аталады. Сол дәстүрден кейін жігіттің ата-анасы мен туыстары қызды қашан аламыз деп сұрап келеді. Қыздың ата-анасы құдалар келетін күнді белгілеп қыздың тойын жасайды. Бір аптадан соң ұлдың тойын жасайды. Қазақ дәстүрінше құдалар бір-біріне киіт кигізеді. Киітке кілем, алтын білезік, тақым (жағалы киім) беріледі. Ол әрқашанда әркімнің әлеуметтік жағдайына байланысты орын алады. Ағайынды, туыстық, рулық жақындардан тойда кәде жиналады. Түркия қазақтарындағы сақталған ырымдардың бірі – «Қалың мал» кәдесі. Әркімнің шамасына қарай беріледі (XXVIII). Омар Жігіттің келіні Айшегүл: әкеме бірінші қолымды сұрап

келгенде 500 доллар, құда түсіп келгенде 500 доллар әкелді. Алып кетерге келгенде тағы 1000 доллар берді дейді (XXIX). Қазақтар арасында сақталған «сүт ақы» «жүк көрімдігі» деген ырымдар да бар. Қыздың жасауына қолөнермен жасалған көрпе жастығын толығымен береді. «Неке қию» ғұрпы ежелден қазақ салты бойынша қыздың әкесінің үйінде қияды. Ақпарат берушілер қызды көрсетіп жеңгелері талай көрімдік алғандарын айтады, ертеде «шаш сипатар», «қол ұстатар» ырымдарын да жасап, кәделерін алған (XXX). Түріктердің «қына жағу кеші» деп аталатын көңіл көтеріп өткізетін және неке қиғанда бірінші аяқ басу дәстүрлері сирек болса да қазақтар арасында орындалуда. Қына жағу кеші қыз тұрмысқа шығатынның бір күн бұрын алдында қыздың құрбылары, туыстары шақырылып жасалады. Жалпы түрік халқында қынаны 3 рет жағады. Құрбандыққа сойылатын малға, тұрмысқа шығатын қызға, қайын жұртына судай сіңіп, тастай батсын деп және әскерге кеткен жігітке Отанына адал болсын деп жағады. Үйлену тойларында түріктерден енген тағы бір ғұрып қыздың беліне қызыл белбеу тағып, алтын не ақша тігу, тойда тағылатын қызыл белбеу – қыздың адалдығын білдіреді. Үлкендеріміз қарсы болғанымен жастардың ішінде қыздардың түріктермен тұрмыс құрып не түрік ұлтынан қыз алып жатқандар бар. Ажырасып жатқандар да бар. Әсіресе түрікке шыққан қыздар ажырасып жатады, бірақ түрік қыздары біздерге сіңіп кетіп жатыр (XXXI). Информатордың берген деректерінде құда түсу, жасау беру, қыздың жүгін апару мәселесі барынша сақталғаны көрінеді. Мұнда ескеретін мәселе қыздың үйінде молда шақырып неке қию жағдайы көне дәстүрлі қазақ қоғамындағы ерекшеліктер болып табылады. Ал кейінгі кездегі қына жағу дәстүрлері этностың кейбір мәдени элементтердегі ортақ берілу факторлары болып табылады (А қосымшасы, А 42, А 44-суреттер).

Түркия қазақтары арасында құда түсу, қыз жасауынан тыс, бала тууына байланысты әдеттер мен салт-дәстүрлер өз деңгейінде сақталған. Алайда кейбір аймақтарда ол дәстүрлер қалып бара жатқаны да айтылады. Мысалы, «Баланы перзентханадан алып келгеннен 7 күннен кейін тырнағын, шашын алады. Шілдеханада 40 күн толғанда 40 қасық суға шомылдырады. Келген кісілерге кәдеге жайнамаз таратып береді. Балаға алтын, пара (ақша) береді. Күміске шомылдырмайды. Тойларда ақша тігіп береді. Атын азан шақырып қояды. Бір жаста тұсауын кеседі. Сүндет тойды үлкен той қылып береді. Сүндетке отырмай тұрып бір апта қалғанда арбаға (машинаға) мінгізіп туыстарының балаларымен бірге көшені аралатады. Алдымен үлкен аталарының қолын сүйгізіп, одан кейін әрі қарай аралайды. Үлкен жәмилерге (мешіттерге) барады. Үлкен құран оқитын жерлерге апарады. Бір аптадан соң баланы сүндетке отырғызады. Ертесінде туған-туыстарды жинап мал сойылып дастарқан жаяды, ағайын, руластардың басын қосу тек қазақтарға ғана тән, түріктерде көбіне дастарқан жайыла бермейді (XXXI). Берілген деректерде қазақ дәстүрлерінің негізі сақталғанымен, өзгеріске де түсіп жатқанын көруге болады.

Ертеде бесікке салу бар еді, қазір қалып барады. Менің балаларымды бесікке бөледім. Бесікке бөлегенде ана сүтінің исі шығып тұрады да бала тәтті ұйықтайтын. Бесік тойда түбіртектің астына тәтті кәмпит, ірімшік қойып

«тыштыма» жасап, сыйлы бір әйелге оны бөліп таратып бергізеді. Отырғандарға жайнамаз, бір көйлек, тәттіден кемпір-кепшіктерге таратып береді. Қазір бұрынғыдай бесікке салмайды, қой сойып, дастарқан жайып, ырымын жасайды (XXXII). Мұнда жалпы дәстүрдің қазақы тәртіп бойынша жасалып, кейінгі кезде тек оның атрибуттары орындалатынын атап өтеді. Түркиядағы бұл жағдайға белігілі тарихшы Әбділуақап Қара: «Баланы бесікке салу қалған. Таныстар мен туыстардың балаға арналған шілдехана дастарқанына келеміз. Баланы қырқынан шығару әдеті қалған, оны қазір жасамайды. Доғдырдан шығып келгеннен кейін бір шай ішсін деп шақырамыз» (IX). Бұл Түркияның қалалық жерде тұрып жатқан қазақтарының арасындағы дәстүрлер.

Көрсетілген материалдарды дәстүрлі қазақ отбасындағы құндылықтармен салыстыратын болсақ, көп өзгерістер орын алғанын көруге болады. Мысалы, қазақ халқының үйлену ғұрпының бір негізгі салты «қызға берілетін», яғни «қыз үшін төленетін мал-дүниелер» болмақ. Қалың мал туралы әртүрлі, әр жақты түсініктер бар. Бір тобы «қызды заттай көріп, сатып алу» әбестік, әйел адамды қорлау, тозығы жеткен ғұрып десе, енді біреулері қыздың жасауы, әртүрлі той-тілеуі, кәделерге, киім-кешектеріне жігіт жағынан төленетін төлем десе-ді. Ал енді біреулер қазақтардың құдаласуының қаражаты тең келеді. Жігіт жағы қалың мал берсе, қыз жағы жасау береді. Шамасы тең төлемдер, мұнда сөкеттік жоқ десе-ді. Неде болса қазақ қазақ болғалы қалың мал, жасау беріліп келеді.

Мұның түпкі тегі құдалармен қатар екі жастың келешегіне, олардың үй болып қалыптасуына да белгілі мөлшерде себі тиері қақ. Қалың мал – қазақ көп малды кезде қалыптасқан дәстүр. Бүгіндері мал орнына басқадай да бағалы заттар, ақша жүреді. Қазақтың қалың малының жүйесі болғанымен оны кез келген адам орындай алмайды. Себебі әркімде шамасына қарай мал, дәулет болады. Қалың малдың қосымша берілетін түрлері де көп.

Дәстүрлі қалың мал төлеуде Өзбекстан және Қарақалпақстан қазақтары арасында бірқатар өзгешеліктер байқалады. Ал Қарақалпақстан қазақтары қыздың қалың малын ақшалай беруді жөн санайды. Мысалы, Алматы облысы Қарасай ауданы Шамалған ауылының тұрғыны Қарақалпақстаннан көшіп келген Орынбаева Құрбангүлдің айтуынша құдалыққа ер кісілер барып, қалың малды ақшалай келіседі. Оның үстінде берілетін қалың малдың мөлшерін бекіткеннен кейін құда түсуші жақ өздерінің ақшаларының жететін жағдайын айтып саудаласады. Сонымен қатар қалған жетпеген ақшаны бөліп беруге келісіп жатады. Тіпті кейбір жағдайда көрсетілген ақшаның ішіне сүт ақыны бірге есептеп жатады (XXXIII).

Сол сияқты Өзбекстан Науаи облысы қазақтарында «Орамал тағу» деп аталатын дәстүр бар. Бұл құда түскеннен кейін келісімін берсе орамал тағып кетуді «орамал тағу» деп айтады. Мұны басқа аймақтардағы қазақтар «сырға салу», «үкі тағу» сияқты дәстүрлерімен байланыстырады. Ал келін түсіргенде киіз үйдің оң жағына шымылдық құрып, сол бұрышқа отырғызылады. Кейін бұл жастардың бұрышы болады, онда жас жұбайдың төсек-орны қойылады.

Қазіргі күні қалың малға 1 млн, 700 мың, 500 мыңға дейін беріледі. Оның сыртында өлі-тірі де беріледі. Қарақалпақстанда 6-7 ірі қара мал түйе, жылқы, сиыр береді. Өзбекстанда жоқтау айту жақсы сақталған. Оны «теріс өлең» деп те атайды. Неке қиған кісіге екі баулы шапан кигізеді. Немесе екі жасар тұсақ қой береді. Неке суына алтын сақина не күміс сырға, қант, тұз салады. Екі куәгер қатысады. Неке суын бірінші күйеуге, қалыңдыққа, одан кейін барып қатысып отырғандарға ішкізеді. Қалғандарына ішкізу тіс ауырмайды деген деп еститінбіз. Үшқұдық қазақтарында әйел адамдардың бәрі үйде көбіне ошаққа асылып тұрып босанды. Кіндік кескен адамды кіндік шеше деп атайды. Келін табақ әкелгенде сәлем салады (ХІ).

Қорытындылай келе, Түркия және Өзбекстан қазақтарының қоныстануы мен қалыптасу тарихында өзгешеліктер бар. Алайда олардың орналасу аймақтарында топонимикалық атаулар сақталған. Өзбекстан қазақтарының тығыз орналасу жағдайы қазақтардың этномәдени бірегейлігін сақтауына айтарлықтай жағдай жасап отыр. Ал Түркия қазақтарының орналасу аймақтарында ХХ ғасырдың екінші жартысынан қалыптасқан ауылдар мен мекендер сақталып отыр. Бұл олардың қоныстану жүйесінің сақталып келгенін көрсетеді. Әсіресе 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуы Түркия қазақтарының үй тұрмыс жағдайындағы символикалық, семантикалық өзгерістерге (үйлердің және басқа да ғимараттарға ұлттық нақышта қошқар мүйіз өрнегін салуы және т.б.) алып келді [33]. Бұл Түркиядағы қазақ диаспорасының Қазақстандағы саяси және мәдени өзгерістерге алаңдаушылық білдіріп, өздерін этникалық қазақ ретінде сезінетінінің айқын көрінісі.

3. ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҰРПАҚАРАЛЫҚ ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА КӨРІНІС ТАБУЫ

3.1 Қазақ диаспорасындағы ұлттық құндылықтар мен мәдени мұралар: қолдануы мен қастерлеу деңгейі

Шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін анықтауда отбасылық естеліктер мен отбасы тарихының маңызы зор. Отбасылық естеліктер – сол әулеттің басынан кешірген тарихына байланысты қалыптасып, уақыт өте келе ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын құбылыс. Бұл естеліктер әр отбасының жеке тарихы ретінде ерекшеленеді. Мұны тұтастай алғанда толық бір этностың этникалық бірегейлігін сипаттайтын күрделі жүйе десе де болады. Бұл ретте отбасылық тарих көп этностар үшін алғашында тендерлі, отбасылық бірегейлікті көрсеткенімен, қазақ халқының туыстық жүйесі тұрғысынан толығымен этностың этникалық бірегейлігін анықтайды.

Отбасылық естеліктердің заман өте ауысып, әкеден балаға, ағадан ініге берілуі жөнінде көптеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. Оның қатарында әлеуметтік естеліктер ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында Н.А. Бердяев, Вл. Соловьев, П.А. Флоренский, Г.М. Шелер, А. Швейцар және т.б. авторларың еңбектерінде байқала бастады. Мысалы, Н.А. Бердяев өзінің философиялық шығармаларында адамның шығармашылық белсенділігінің әлеуметтік естеліктегі орнының маңыздылығын атап өтті [151, с. 212]. Ал П.А. Флоренский адам жадысын Құдайды танумен (қоршаған ортаны танумен) байланыстырады, Г.М. Шелер болса адамның тарихи жадысын ерекше қасиет ретінде қарастырып, бұл адамның өзін тануға мүмкіндік беретін құрал ретінде түсіндіреді. Ресейлік зерттеушілер Б.Г. Могильницкий, П.В. Лукина, И.В. Ведющина, И.Г. Коновалова, Б.Н. Устьянцева және Ю.В. Филипповтардың зерттеулерінде тарихи естеліктер этностың қалыптасуында маңызды компонент ретінде аталады [152, с. 122]. Мұнда тарихи жадысын, этникалық тиістілігін жоғалтқан этнос мәңгірт ретінде көрсетіледі. В. Де Гольжак әлеуметтік жадыны тарихи жадымен байланыстырып, жады бұл – тарихилықтың құралы деп анықтайды [153, с. 156]. Мұндай естеліктер тек қана тарихи емес, сондай-ақ мәдени естеліктерді біріктіріп адамның және қоғамның бірегейлігін қалыптастырады деген тұжырымға келеді. Бұл қоғам өмірінде болған оқиғалардың әр адамның қабылдау қабілетіне қарай өз жадысында орын алуы деп айтсақ та болады. Нәтижесінде уақыт өте келе әлеуметтік жадыны отбасылық естеліктер құрайтынын байқаймыз.

Жалпы, отбасылық естеліктердегі маңызды оқиғалар тұтастай әлеуметтік естеліктермен байланысты болатыны анық. Осы ретте әлеуметтік психологияның классигі Г. Лебон, Г. Спенсерден кейін әлеуметтік жады жөнінде былай дейді. Ол индивидті өмір бойына ата-бабасының, ата-анасының және қоршаған ортасының ықпалында болады деп анықтайды [154, с. 5–115]. Осы кезеңде қоршаған ортаның ықпалы оның тарихи санасын қалыптастырады.

Г. Лебон бұдан әрі нәсілдік бөліністер жөнінде айта келе, нәсілдің әлеуметтік жадысының макро деңгейін ұзақ уақыт ұрпақ арасындағы жадымен байланыстырады. Оның пікірінше нәсілдер тек қана өмір сүріп отырған адамдардан емес, сондай-ақ олардың дүниеден өткен ата-бабаларынан тұрады дейді. Ол өз тұжырымдарында халықтың тағдыры тек қана тірілердің қызметінен емес, өлілердің де әсерінен тұрады. Өлілер тірілерге физикалық тұрғыда септігін тигізбесе де, саналық тұрғыда олардың өмірлік тәжірибесі пайдаланылады. Халық – бұл өткен күннен құралған организм ретінде қалыптасады [154, с. 48]. Г. Лебонның бұл тұжырымдарын қазіргі этностардың өзін-өзі сақтау мәселесінде қарастыратын болсақ, әр адамның физикалық мүмкіндігінен өткен ата-бабаларының өмірлік тәжірибесі көрінетінін анықтауға болады.

Этнологияда әлеуметтік жады этностың өткен өмірін кешенді түрде қарастырады. Оның ішінде дәстүрлі мәдениет пен өзге этностармен қарым-қатынасын және әртүрлі оқиғаларды қамтиды. Бұл арада ұжымдық және отбасылық жадыны ажыратып алу керек болады. Отбасылық тарихи естеліктер өз отбасын, руын және тайпасының өткенін көре білу [155, с. 14–17].

Бұл өз отбасының қалыптасуы тарихын танып-білу үшін бірнеше фактор әсер етеді.

Бірінші фактор – тарихи дискурс болуы шарт. Мысалы, мемлекет көлемінде болған ірі оқиғалардың өз отбасымен байланыстылығы. Бұл тұрғыда Өзбекстан және Түркия қазақтарының тарихи тағдырына елімізде болып өткен ашаршылық, территориялық бөліністер, қуғын-сүргін, эпидемиялық аурулар, жұттар және т.б. оқиғалар әсер еткенін байқауға болады. Бұл факторды отбасы ішіндегі осы ірі оқиғаларға байланысты әртүрлі әңгімелер, оқиғалар құрайды. Шетелдегі қазақтар үшін мұндай естеліктер тек бір отбасының ғана емес, тұтас бір рудың тарихын сипаттайды. Осы тұрғыда Өзбекстан қазақтарының рулық құрамы, қалыптасуы мен орналасуын ғалым Б.К. Қалшабаеваның еңбегінде былай деп түсіндіріледі: «Өзбекстандағы қазақтардың негізгі бөлігін ұлы жүз қазақтары құрайды. Олардың басым бөлігі өздерінің атамекенінде өмір сүріп, 1924-1926 жж. Орта Азия республикаларын ұлттық-территориалдық жағынан межелеуге байланысты бөгде елдің құрамында қалып, бүгінде «ирредент» деп аталған қауымнан тұрады. Бұларға Ташкент, Сырдария, Жызақ облыстары қазақтарын жатқызуға болады. Аталған аймақтарда тек ирреденттер ғана емес, миграциямен, яғни саяси қуғыншылықпен не басқа да себептермен кейін көшіп келген диаспора тобы да кездеседі» [19], ал Қарақалпақстан қазақтары арасында ашаршылық жылдарында босып, Арал теңізін жағалап балық аулап қазіргі отырған аймаққа келгендерін атап өтсе, келесі бір естеліктер Қарақалпақстан (Бесқала) аймағын Батыс Қазақстан қазақтары сол кезде географиялық ерекшелігіне қарай «Ой» деп атаған. Ал Үстірттің маңы қазақтар үшін «Қыр» деп аталды. Бұл территорияларда көшіп-қонып жүрген қазақтар қыстағы аяздың қатты болуына байланысты кейбір жылдары қыстауға Ойға түсіп кететіндерін айтып отырады (XXII). Сол сияқты кейбір естеліктерде Қырда шешек деген ауру шығып соның

себебінен Ойда қалып қойғандарын жеткізеді. Мұнымен қоса кейбір жылдары жұттың екі жыл қатарынан келгенін анықтайтын естеліктер бар. Оны Қарақалпақстан қазақтары арасында «Мешін-Тауық» жылы ретінде сақталған. Мешін, тауық жылдарының көшпелі қазақтың тұрмысына қолайсыз келгені жөнінде тарихта көптеген фактілер бар. Осындай қиын-қыстау замандар халқымыздың ән өнерінде де сипатталғанын байқауға болады (XXIII). Соның бірі Батыс Қазақстан әншілік мектебінің ірі өкілі Қызыл Тұрдалыұлының (1860–1921 жылдары Ақтөбе облысында өмір сүрген. 1921 жылы ашаршылықтан қайтыс болған) «Мешін, тауық» әні сақталған. Әнде:

Қазаққа қиын болды мешін, тауық,
Жігітке атқа мінген болды қауіп.
Алаштан ән оздырған Қызыл ағаң,
Үйінен іше алмады көже тауып.
Елдерім-ай! Ерлерім-ай!
Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл бойлай жайлап,
Самсатып сала сайын бие байлап.
Кешегі баста дәурен тұрған шақта,
Бәйгеге ат қосушы едік Майлыбайлап.
Елдерім-ай! Ерлерім-ай!
Жайлаған сахараны елдерім-ай,
Алашқа аты мәлім ерлерім-ай.
Заманым жан алқымнан алған шақта,
Шағайын кімге қайғы шерлерімді.
Ерлерім-ай! Елдерім-ай! –

деп жалғасады (XXIV). Әнде көрсетілген ашаршылық жылдарындағы Батыс Қазақстан қазақтарының жай-күйі айтылады. Ал бұл Қарақалпақстан қазақтарының отбасылық тарихи естеліктерімен сәйкестенеді.

Осылайша әр отбасының тарихы тұтас рудың немесе этникалық топтың тарихын сипаттайтын болса, оның бірегейлігіне де қызмет етуі тиіс. Бұл жөнінде көптеген зерттеушілер отбасылық бірегейліктің ұрпақ арасындағы естеліктерді тасымалдауда басты орынға ие болатынын атап өтеді.

Көптеген зерттеушілер үшін индивид биологиялық және психологиялық тұтастық болса, ал А.А. Шутценберг психоэлеуметтік қатынастардың индивидтің психологиясына отбасылық жүйе арқылы қалыптасуымен толықтырады [156]. Осылайша отбасылық мифтің қалыптасуының өзі ұрпақ арасындағы байланысты, ондағы тарихи жадының сақталуын қамтамасыз етеді. Отбасылық миф жөнінде алғашқылардың бірі болып З. Фрейдтің еңбектерінде кездестіруге болады. Ол өзінің «Тотем и табу» атты еңбегінде әр адамның өз ішінде айтылмаған сыры болады деп жазды [157, с. 15]. Бұл «адамның архаикалық мұрасы өзінен алда өткендер туралы естеліктер қалдырады. Бұл алдағы өткендердің тәжірибесінен қалыптасады» деп жазды [157, с. 15].

Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық және этномәдени бірегейлігін сақтау үрдістерін зерттеу барысында екі мемлекеттегі қандастарымызға ортақ құндылықтарды қарастыруды қажет етеді. Мұнда ана тілін сақтау, тарих, мәдениет үлгілері, салт-дәстүр, т.б. жатады. Бұл тұрғыда шетелдегі қазақтардың этномәдени бірегейлігін анықтауда олардың ұрпақ арасындағы сабақтастығын, үлкендер мен жастардың көзқарасын, аға буын өкілдерінің қызметін сараптаған дұрыс болады. Өйткені Өзбекстан қазақтары қазіргі қоныстанған жерін ата-бабамыздың жері деп көрсетеді (XXXIV). Сондай-ақ Түркия қазақтарының да Анадолыға қоныс аударғанына үш ұрпақ ауысты. Бұл дегеніміз ортақ тарихтың, тарихи жадының қалыптасатын кезеңі немесе алғашқы келушілердің ұмыт болып, жаңа тарихи оқиғалардың орын алатын кезеңі ретінде қарастырса болады. Мысалы, ғылымда мұндай құбылыс тарихи жадының ұрпақтан-ұрпаққа берілуі ретінде анықталады. Жастар мен үлкендердің ортақ мәдениетті қалай қабылдауындағы мәселелері тікелей тарихи жадының сақталуына байланысты болады (А 42-53-сурет). Бұл жағдайды Түркиядағы қазақ диаспорасы қазіргі кезде жас ұрпаққа өткен тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді сіңіруге тырысатындарын жеткізді (V). Дәстүрлі мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы шетелдегі қазақтар үшін этникалық бірегейлігін сақтаудың маңызды факторы болып табылады.

Шетелдегі қазақтардың ұрпақ арасындағы тарихи жадының сақталуын өзара берілуінде ең басты фактор – қазақтың шежіре дәстүрі болып табылады. Шежіре ғасырлар бойы қалыптасқан, атадан балаға беріліп келе жатқан рухани төлқұжат десе болады. Шежірені сақтау арқылы қазақ халқы туыстық байланыстың құндылығын, қан тазалығын, отбасы институтындағы күрделі мәселелерді шешіп отырды. Қазіргі кезде Түркия қазақтары арасында да шежіре айту, оны сақтап насихаттап отыру үрдістері көрініс табуда (А 47-49-суреттер). И. Сванбергтің Түркия территориясында жүргізген алғашқы зерттеулерінің өзінде қазақтардың қоныстануындағы рулық ерекшелікке және өзара шежірелік дәстүрді сақтап отырғанын жазды [23]. Түркия қазақтарының басым бөлігі Орта жүздің найман, керей тайпасының молқы, шеруші, жәнтікей, жәдік, ителі, шұбар-айғыр және т.б. руларымен қатар Ұлы жүз және Кіші жүз руларының аталары бар екені дәлел. Бұл ретте қазақтың қай руы болмасын қазіргі уақытта өз руын, жеті атасын толық білетіні көрініп отыр. Мұны шетелдік қазақтардың үйлерінде арнайы басылған шежіре кітаптарының сақталып, уақыты келгенде қайта толықтырылып отырғанын байқаймыз. Осындай ұрпақ арасындағы тарихи жадының байланысын шежіре арқылы айшықтау халықтың этномәдениетіндегі тұрақтылықты көрсетуі тиіс. Түркия қазақтары арасында шежіренің маңыздылығы Халифа Алтайдың «Естеліктерім» еңбегінде төмендегідей өлең жолдарымен көрсетілген:

Қазақ елі үш ру боп танылады:
Ұлы, Орта, Кіші жүз боп табылады.
Жалайыр, Албан, Суан, Қаңлы, Үйсін –
Ұлы жүз құрамына алынады.

Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Керей, Уақ:
Құралған Орта жүзге бәрі бірақ.
Соларға «Алты арыс» деп ат қойылыпты,
Айтылған ел аузында бұрынырақ.

Үш тайпа ел жатады Кіші жүзге,
Ертеден білінгені бүгін бізге.
Бай ұлы, Әлім ұлы, Жетіру деп,
Анықтап көрсетейін оны сізге.

Аталған екі тап боп Керей елі:
Абақ Керей, Ашамайлы Керей дейді,
«Он екі Абақ» болып өсіп-өніп,
Толықсып жүрген күні мерей еді.

Жәнтікей, Жәдік, Молқы, ол – Қарақас,
Көнсадақ, Шеруші мен тағы Сарбас.
Ителі, Шұбарайғыр, Жастабан да,
Меркіт пеннен Шимойын тағы аралас.

Деп айтар «Он екі Абақ» – осыларды,
Барлығы бір «Керей» боп қосылады.
Керейдің жалпы ұраны «Абақ» болып,
Тағы бар әрбір таптың өз ұраны.

Жәнтекей ұран салса, «Шақабайлап!»
«Жанаттап» Жәдік шығар тағы айғайлап.
Молқы – «Машан», Сарбастар – «Сартоқайлап»,
Ителі – «Бұқарбай», Қарақас – «Қаптағайлап».

Айғайлап Меркіт шықса – «Құлсары!» деп,
«Жобалайдап» – Жастабан шығады кеп,
Көнсадақтар – «Жабайлап» ұран салып,
«Әлменбетке» Шимойын салады тек.

Шұбарайғыр ұраны – «Қожаберген»,
Шеруші «Байтайлақтап» соза берген.
Төбелесте, жеңісте, бәсекеде.
Қалыптасқан ұран боп, міне, ежелден.

Жәнібек батыр шыққан бұл Абақтан,
Ту алып, тұлпар мініп даңқы шыққан.
Сондықтан Абақ Керей жауға шапса –

«Жәнібек – Жәнібек!» деп ұрандатқан [38, 10-11 бб.].

Дәстүрлі дүниетанымда шежіренің тағы бір қысқартылған түрі ретінде әр үйде өз әулетінің жеті атасын білу қазақтың ерекшелігін көрсетеді. Қазіргі кезде Түркия қазақтары жеті аталарын әртүрлі схема арқылы қағазға шығарып, оны үйдің төр жағына іліп қойып отырғандары кездеседі. Бұл жеті атаны білудің маңыздылығын көрсетеді. Ал жеті ата мен шежірені білу өзін-өзі танудың басты факторы болып табылады. Этникалық топтың көп санды халықтың ортасында отырып, шежіре, жеті ата сияқты мұрасын сақтап отыруы этникалық және этномәдени шекараның бар екенін айғақтайды. Бұл өз ата-бабасының қайдан шыққаны және қайдан келгені жөніндегі білімі этностың өзара оқшауланып, басқа этностардың арасында этномәдени шекараның қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда жеті атаның сақталуы рулар мен тайпалардың өзара бірігіп, адамдардың өз орталарында қауіпсіз сезінуіне жағдай жасайды. Бұл ру арасындағы байланысты реттеуші фактор ретінде қыз алысатын және қыз алыспайтын ағайындардың реттілігінің ара-жігін ашып береді.

Ал Өзбекстан қазақтары Ұлы жүздің ішіндегі жаныс руынан шыққан Қыбырай батырдың Шыршық өзенінің оң жағасында тұрғаны жазылады [158, 51-б.]. Сонымен қатар осы еңбекте дулаттардың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында негізінен Жетісу облысы Қапал, Жаркент, Верный уездерінде, Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінде тұрып келгенін жазады [158, 52-б.].

Қазіргі кезде Өзбекстанның құрамына кіріп отырған Қарақалпақстан қазақтарының негізгі бөлігі Кіші жүз қазақтары екені белгілі. Қазақтардың осы тобының ішінде де жеті ата, шежіре мәселесі жақсы сақталған. Қарақалпақстан қазақтары арасындағы шежіренің жақсы сақталғаны әлдеқайда айшықты көріністерге ие. Мұның ішінде қазақтардың өз рулары арасында топтасып, бірігіп араласуына жағдай жасап отыр. Ру болып ұжымдасып отыру тек қана Өзбекстанда, Қарақалпақстанда емес, сол сияқты Қазақстандағы ағайындармен қарым-қатынас жасауына негіз болып отыр. Мұндай ұжымдық қатынастарды үлкен астарда, ірі тұлғалардың мерейтойларын атап өтуінен көрінеді. Мысалы, 1993, 2013 жылдары аралығында Кіші жүз қазақтарына белгілі тұлға XVIII ғасырда өмір сүрген Барақ батырдың 250, 270 жылдық мерейтойын ас қылып берді. Асты Барақ батырдың мазарының жанында Үстірттегі Сам құмында берді [159]. Өткізіліп отырған осы шаралар тікелей шежіренің, аңыздардың, әртүрлі тарихи әңгімелердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып беріліп келе жатқанының көрінісі болып табылады.

Ұрпақ арасындағы сабақтастықты байланыстыратын мұралар фольклор үлгілерінен көрініс табады. Мысалы, Түркия қазақтары арасында төмендегідей бесік жырының үлгісі сақталғанын информатордың берген деректерінен кездестіреміз:

«Әлди, әлди абайын,
Атқа тоқым жабайын.
Ел сүймесе сүймесін,

Өзім сүйем аппағым.
Әлди, әлди әләуләу
Ұйықтай қойшы балам-ау
Ақ шатыр мен көк шатыр
Іші толған қыз жатыр
Белінен тартсам оянбас
Бетінен сүйсем бал татыр
Әмір деген туыпты
Көлге бетін жуыпты
Көлге келген қыздарды
Таяқпенен қуыпты».

Дерек берушінің мәліметінше бұл бесік жырын ол әжесінен естіген (XXIX).

Осындай естеліктердің бірқатарында тарихи оқиғалар, жекелеген тұлғалардың басынан өткізген тағдыры да қамтылады. Бұл ретте Түркия қазақтары үшін Халифа Алтайдың қайраткерлігінің орны бөлек екені рас. Себебі Х. Алтай өз шығармаларында, естеліктерінде қазақтардың Алтайдан Анадолыға көшкенін, жолдағы қиындықтарын тарқатып жазады. Сондай жырларының бірі қазақтардың Пәкістаннан Түркияға көшуге бет бұрғандары жөнінде:

Түркияға көшу әрекеті
Азамат Пәкістанға бола алмадық,
Отансыз босқын ел боп тұрып қалдық,
Өмірдің келешекке күнін ойлап,
Түркияға кетуді көңілге алдық.

Түркияда «Мехмет Ирфан» деген кісі,
Жазушылық еді оның негізгі ісі.
Аралап Пәкістанға келіп қалды,
Мың тоғыз жүз қырық тоғыз жылдың қысы

Таныстық Пешаварда сол кісімен,
Жол-жорық сұрадық біз ол кісіден.
«Түркияға кетуді қалап тұрмыз,
Түркістандық түрікпіз босып жүрген» [38, 129-б.], –

деп Пәкістаннан Түркияға көшкен тарихына тоқталады.

Шетелдегі қазақтардың осы ортақ мұрасы ретінде алғашқы Анадолыға келген кездегі естеліктерінің өзі іргелі зерттеулерді қажет етеді. Оның ішінде Халифа Алтайдың еңбектерінде ерекше көзге түседі [38]. Мұндай деректік жазбалар, басқа да қоғам қайраткерлерінің естеліктері мен арнайы еңбектерінде көрініс табады. Көш тарихынан басқа шетелдегі қазақтардың арасында Шыңжаңдағы тарихи оқиғалардың да кейбір қырын байқауға болады. Соның

катарына Зұқа батыр, Ақыт қажы, Оспан батыр сияқты көптеген тұлғалардың тарихи бейнесі әртүрлі аңыздар мен әңгімелерде сақталған. Ертеде өткен осындай мәндегі әңгімелердің сақталуы қазақы болмыстың басты қайнар көзі. Осындай батырлар мен әулие кісілердің елге қоғамдағы қызметін аңыз қылып айта отырып жас ұрпақты адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеген. Бұл Түркия қазақтарының әр рудың өкілі ретінде жік-жікке бөлінбей ортақ қайғылы тарих арқылы, өзара «біз» ұғымының аясында бас қосуының негізі факторы ретінде қарастырамыз. Ал осы дәстүрлі құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткілікті дәрежеде жеткізу қазіргі қоғамның басты мәселесі екені анық.

Қазақтың көш тарихына үңілетін болсақ, бұл тек белгілі адам тобының бір жерден екінші жерге орын ауыстыру емес, оны мәдениеттің ауысуын, өзгеруін, толығының негізгі факторы ретінде қарастыруға болады. Батыс әлеуметтанушылары мұндай миграциялық үрдістерге сүйене отырып, мигранттардың бір жерден келесі мекенге ауысқандағы қызметіне жіті тоқталып, олардың тек қана өзінің тіршілік қамын жүзеге асырмай, мәдениеттің де тасымалданатынын ескеріп, «мигрант – мәдениет тасымалдаушы» деген терминді енгізген болатын [48]. Бұл терминнің аясында қазақ көшінің құрылымын қарайтын болсақ, шетелдегі қазақтардың өзі мәдениет тасымалдаушы қызметін атқарады. Біріншіден, олар қазақ жерінен әлемнің түпкір-түпкіріне қазақ мәдениетін жеткізсе, екіншіден, сол шетелде жүрген қандастарымыздың елге оралғандағы алып келген қазақ мәдениетінің өзге ортада сақталған үлгісіне куә болып жүрміз. Бірінші мәселе бойынша қарайтын болсақ, қазіргі Түркия қазақтары арасында Ауғанстаннан келген қазақтардың бөлек тобы тұрады. Олардың өмірлік салты сол баяғы Батыс Қазақстанның дәстүрлі мәдениетінен көрініс береді. Мысалы, Түркиядағы Ауғанстан қазақтарының бірден көзге түсетін ерекшелігі немесе кіші жүз қазақтары екенін айғақтайтын сипаты әйелдердің толығымен ақ орамал тағып жүретінінен байқалады (А 12-сурет). Ал Түркияға Алтайдан барған қазақтарда бұл дәстүр сақталмаған. Орамалдың түсі мен семантикасына қарамастан таға береді. Осыған ұқсас мәдениеттің түрлі көріністері шетелдегі қазақтардың өмірінде қолданылып келеді.

Түркия қазақтары үшін тарихи жадының тағы бір орны – олардың тегіндегі «Алтай» ұғымының сақталуы. Өйткені Алтайдан ауа көшкен ағайындар Түркияға барып құжат рәсімдеген кезде өздерінің атажұрты Алтайды аңсап тегі ретінде қосып алған. Мұны Түркия қазақтары арасындағы «Алтай», «Жаналтай», «Оралтай» сияқты фамилиялардың көп кездесуінен байқаймыз. Бұл этностың тарихи отанымен өзін байланыстыруынан туындаған шешім ретінде қарастырған жөн. Алтай атауын Түркиядағы қазақтар «Жер» деп те атайды. Бүкіл қазақтар тығыз орналасқан ауылдарда жиналады. Қазіргі кезде телефонда бүкіл қазақтың ортақ чаттары бар немесе аталас рулардың соларға хабар беріліп бәрі жиналады. Кейбір кезде тек руластар жиналады, құдаларын қосады. Басқа рудың баласы келмейді. Әркімнің өз аталастарының чаттары бар. Ағайынның хатымына барады. Қазақстан Тәуелсіздік алғалы 1991 жылдан өзіміз, қазағымыз деген ойлап келіп, елім деп сөйлей бастадық.

Тарыдай шашылған қазақтарды іздестіріп, қазақ десе жүрегіміз елжірейтін болды. Өзіміздің қазағымыз деп шеттегі қазақтарды, туыстарымызды таба бастадық. Қазақтар барлық жиын-тойларда біргеміз. Орта буын өкілдері тілімізді ұмытпай отырмыз дейді. Сырт елде жүрсек те еліміздегі қазақтарға, халқымызға дұға етеміз. Көк туымызды көргенде өзіміздің қазағымыздың туы деп қуанамыз. Бұл жердегі қазақтар бірлігін жалғастырып отырып, ағайынның барлық жасап отырған іс-шарасына баратынын жеткізді ақпарат берушілер (XXV).

Зерттеу барысында түркиялық қазақтардың аты-жөндері, тектерінің ресми құжаттарда түркиялық заңдық құжаттар негізінде жазылса, күнделікті өмірде қазақ халқының дәстүрі бойынша немесе белгілі ру-тайпалық, туған жер атаулары негізінде айтылуы өте бір ғылыми жағынан айрықша көңіл бөлетін мәселе. Мысалы, Жәнтікей руынан шыққан Әбулқайым Тимур Мақсатұлын ауылдастары «Әбулқайым Базарқұл» деп атайды (XIII). Базарқұл Жәнтікей руынан шығатын үлкен аталықтың аты болып табылады. Осындай мысалдар Түркия қазақтары арасында жиі кездеседі. Керісінше Өзбекстан қазақтарын зерттеу барысында мұндай ерекшелікті, құбылысты кездестіре алмадық. Өзбекстандағы кеңестік жүйе қазақтардың этномәдени құндылықтарына айтарлықтай әсер етті. Мұның өзі Өзбекстан мен Түркия қазақтарының арасындағы этникалық бірегейліктің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Тарихи жадының этникалық бірегейлікке ықпал етуінде мемориалды орындардың да орны ерекше. Мемориалды орындар (ескерткіштер, арнайы символикалық орындар, тарихи ғимараттар және т.б.) адамдардың тарихи кезеңдерде атқарған өмір тәжірибесінен хабар беретін басты мұра ретінде сакралды деңгейде қарастырылады. Елдің тарихы мен мәдениетінде орын алатын осындай орындарды мемориалды ескерткіштер ретінде қарастырамыз. Мемориалды орындар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі мәдениетті дәріптеуші орталық ретінде де түсіндіріледі.

Осындай мемориалды орындардың шетел қазақтарының мәдени-әлеуметтік жағдайын және қоғамдық қатынастарын көрсететін негізгі символикалық нысан ретінде қарастырылады. Мұнда мемориалды ескерткіштер мен орындардың қалыптасуы әр кезеңде мәдени, саяси және мемлекеттік жүйенің үрдісіне байланысты болғанын көрсетеді. Осы тұрғыда мемориалды орындар жекелеген ғимарат ретінде сол кездегі мәдени ерекшелігіне сай болып уақыт өте келе құндылығы артса, кейінгілері кейбір тарихи оқиғалар мен мемлекеттік идеологияны жүзеге асыруда және жекелеген тарихи оқиғаларды ұрпақ санасында дәріптеу мақсатында қалыптастырылады. Алайда кейбір мемориалды орындардың санаулы жылдардан кейін құндылығы жойылып, тарихилығын жоғалтады. Мемориалды орындардың ұрпақ жадысындағы орны Өзбекстан қазақтары мысалында айрықша көзге түседі. Бұл ең алдымен, қазіргі Өзбекстан территориясында орналасқан қазақтың белгілі тұлғаларының ескерткіштерін қамтиды. Мұның қатарында Жалаңтөс баһадүр, Төле би, Әйтеке би, Дәуіт батыр (Қарақалпақстандағы) және т.б. көптеген тарихи ескерткіштер жас ұрпақтың тарихи санасын жаңғыртып отырады [160, 74-80 бб.]. Осы

сияқты Түркия қазақтары арасында да тарихи ескерткіштердің тарихи жадыны сақтауда маңызы кем емес. Алайда Түркияда тікелей қазақтарға көне ескерткіштер болмағандықтан осы жерге көш бастап келген тұлғалар мен тарихи тұлғалар көбінесе Абай Құнанбайұлының, Қабанбай батырдың ескерткіштерін қадір тұтады.

Өзбекстан қазақтарының арасында жүргізген кешенді этнографиялық зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде Қызылқұм қазақтары арасында үйлерінің маңайын ертеректе ата-аналары мекендеген жұртын темірмен қоршап қойғанын көрдік (А 46-сурет). Мұны қазақтың танымындағы «жұрт», «ата жұрт», «көне жұрт» ұғымдарымен байланыстырсақ болады.

Түркияның қазіргі жаһандану заманында жедел дамып келе жатқан экономикасы мен әлеуметтік үрдістері мұндағы қазақтардың өз бірегейлігін сақтауына айтарлықтай әсер еткенімен, әлі де болса этномәдени ерекшеліктерін байқауға болады. Соның ішінде отбасылық құндылықтардың осы уақытқа дейін сақталып, үлкендердің жастарға жеткізіп беруі. Алайда біз қарастырған аудандардағы қазақтардың аға буын өкілдері жастардың қазіргі заманға лайықты өмір сүріп, дәстүрден алыстап бара жатқанын айтып отыр. Бірақ шетелдегі қазақ жастары үшін бұл құбылыстар өзіндік дәрежеде шектеулі үрдістерде өзін-өзі сақтаудың ерекше жолы десе болады. Қазіргі Түркия жастарына дейінгі мәдениеттің өзі ұзақ уақыт бойы өзгеріп, жаңарып жеткізіліп отыр. Қазақтардың бұл мәдени құндылықтары қазіргі кезде символикалық сипатқа еніп отыр.

Түркия қазақтарындағы ұрпақ арасындағы сабақтастықты шежіреден басқа, отбасындағы әдет-ғұрыптардан, салт-дәстүрлердің элементтерінен анықтауға болады. Отбасылық дәстүрлердегі материалдық емес мәдениет үлгілерінің өзі атадан балаға жалғасып келе жатыр. Себебі қазақ мәдениетіндегі кейбір дәстүрлердің орындалуының өзі арнайы біліктілік пен тәжірибені қажет етеді. Осы тұрғыда Түркия қазақтарының материалдық емес мәдениет мұралары тарихи жадының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырғанын көрсетеді. Тамақтану жүйесіндегі орындалатын дәстүрлердің орындалуы. Ол әртүрлі отбасылық мерекелердегі қазақтардың дастарқанындағы ет асылуы, бауырсақ пісірілуінің барлығы үлкендерден жалғасып келе жатқан дәстүр болып табылады. Бұл ретте біз бұл тағам түрлерін материалдық мәдениеттен тыс, олардың жасалу жолдарына, оның әдеп, жосығына фокус жасап отырмыз. Мысалы, етті табақпен мүшелеп тарту, шай құю осының барлығы дәстүрлі әдептердің жалғастығын көрсетеді (А 29-суреттер). Түркия қазақтары ақ шай (сүтін мол қосып дайындалады) ішеді (XXXVI). Тура осындай шайдың түрін Қытай және Моңғолия қазақтары тұтынады. Сондай-ақ Б.К. Қалшабаеваның еңбегінде қазақтардың шайға сүт қатып ішуі Орта Азия қазақтарының ортақ бірегейлігі деп түсіндіреді [19]. Қазақ дәстүріндегі қолға су құю бір жағынан арнайы бөлек орындалатын іс-шара болғанымен мұнда да өзіндік байланыстар бар. Бұл ретте «бата бастан, су аяқтан» деген сөзі әлі де қолданыста екені көрініп отыр. «Қолға су құю» дәстүрі Түркияға Ауғанстаннан келген қазақтар

арасында жақсы сақталған. Астан кейін бата беру, ас қайыру сияқты дәстүрлердің өзі ұрпақ арасындағы өзара байланысты түсіндіреді (XXXVII).

Шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейленуінде туыстық қатынастың үзілмеуі, өзара ағайын болып араласып отыруы, үлкендердің жастарға өз туыстарын таныстырып, бөлініп жарылмай ортақ бауыр ретінде аралас-құралас отыруын қамтамасыз етіп отыр.

Осындай туыстық қатынастардың қазіргі кезде орын алу жағдайы, өзара араласу мүмкіндігі әртүрлі мерекелер мен отбасылық шаралардан көрінеді. Мұнда еліміздің айтулы мерекелеріне арналған іс-шараларда Қазақстанның тарихы, мәдениеті жайлы айтылады. Сол сияқты отбасылық іс-шараларда, тойларда, астарда бата беріліп, неке қиылады. Әртүрлі рулардың ақсақалдары жиналып, бұрынғы өткен оқиғаларын жастармен бөліседі. Мұның өзі жастардың шежірені, отбасы және рудың тарихын білуіне мүмкіндік береді. Осындай туыстар арасындағы іс-шараларда қазақтың үлкенді сыйлау, құрметтеу сияқты жөн-жосықты үйреніп тәжірибеден өткізеді.

Этностың этникалық бірегейлігін анықтауда көптеген факторлар арқылы көрсетуге болады. Соның қатарында этностың өмір дағдысындағы ұлттық құндылықтарды қастерлеу үрдісі әртүрлі символдар аясында белгіленеді. Этникалық бірегейлікті символикалық тұрғыда тануды көптеген теориялық еңбектерден көруге болады.

Мұндай ұлттық құндылықтарды қастерлеудің маркерін шетелдегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігінен көп байқауға болады. Мысалы, Дж. Де Востың «Этнический плюрализм: конфликт и адаптация» атты еңбегінде этникалық бірегейліктің ішкі құрылымдарын анықтайды. Оның пікірінше саяси этникалық бірегейліктен гөрі эстетикалық дәстүрлерге, мәдени символдарға және адамзаттың жалпы құндылықтарына жүгінген дұрыс [56, с. 229]. Де Вос этникалық бірегейлікті мәдени символикалық жіктелу ретінде қарастырады, яғни адамдардың саяси бостандығы болмаса да, тіпті территориясы болмаса да этникалық бірегейлікті сақтай алады деп көрсетеді [56, с. 236].

Отандық ғалымдар ішінде Р.К. Қадыржановтың «Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана» атты еңбегінде этникалық бірегейліктің символы ретінде тіл, мәдениет және ұлттық құндылықтардың барлығын қарастырады. Автордың пікірінше осы символдар арқылы этностың бірегейлігі анықталады [87].

Осы орайда Н. Айтымбетов тарихи сананың этнос өміріндегі маңызын көрсетуі орынды болып келеді. Бұл адамдар санасындағы басымдыққа ие тарихи символдарға назар аударудың қажеттілігін көрсетеді [93].

Осы сияқты шетелдегі қазақ диаспорасының бірегейлігін зерттеу барысында олардың күнделікті өмір сүру дағдысындағы символикалық белгілерін анықтау қажет болып табылады. Мысалы, біздің Түркия қазақтары арасында жүргізген зерттеулерімізде этникалық ерекшелігін анықтайтын маркер ретінде көптеген символдарды анықтадық. Оны бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Біріншісі – қоныстану жүйесіндегі этникалық маркерлер. Бұл тұрғыда Түркиядағы этникалық қазақтардың 1955 жылдары Салихлыға

қоныстанған сәтіндегі қоныстанған үйлерін қарастырдық. Салихлыдағы бұл үйлер бір типті, бірдей жобада салынған үкіметтік үйлер болғанымен, оның сыртқы қабырғалары қазақтың қошқар мүйіз өрнегімен безендірілген (А 7-сурет). Мұндай ою-өрнекпен безендірілген үйлер жалғыз емес. Үйдің қабырғасындағы осындай оюлар қазақтардың өзін өзге этникалық топ ортасында ерекшелейтін мәдени арақашықты сақтай отырып, өзара этномәдени бірегейленуін көрсетеді. Жалпы, үйлердің сыртқы қабырғасындағы осындай оюлар, Түркиядағы қазақтардың қымызханаларында, мәдени орталықтарының ғимараттарында және т.б. белгіленген. Бұл этникалық маркерлерден Түркия қазақтарының өз мәдениетін ерекше құрметтеп, ұлттық құндылықтарды қастерлейтінін көруге болады. Этникалық бірегейліктің символ ретінде үйлерінің сыртына немесе әртүрлі орталықтарда белгілеуі Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі үрдістермен тікелей байланысты болып көрінеді. Себебі бұл символикалық оюлардың сипаты мен типі бірдей, Қазақстанның туындағы қошқар мүйіз оюымен дәлме-дәл келеді. Осы біртекті өрнектердің жаппай орын алуына қарағанда Түркиядағы қазақтардың ою-өрнекті символ ретінде пайдалана бастауы Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін белең алған сияқты. Түркия қазақтары арасында бұл үрдістің орын алуына Қазақстанның тәуелсіздік алуы тарихи сананың жаңғыруы тұрғысында ерекше әсер қалдырғаны белгілі. Соның нәтижесінде қазақтардың қазақы нақыштағы оюларды үйлерінің сыртына қолдана бастауы олардың өзінің қазақ екенін ашық әйгілеп, Қазақстанның тәуелсіздігіне қолдау көрсететінін білдіреді. Этникалық сана тұрғысынан мұндай үрдістің орын алуы Түркия қазақтары үшін үлкен сілкініс болды.

Анадолы жерін мекендеп отырған қазақтардың архитектуралық құрылыстарындағы киіз үй формасындағы ұқсастықтар Алтай, Моңғолия қазақтарының киіз үй формаларына ұқсас келеді. Бір шетінен мұны мәдениеттің жалғастығы ретінде түсінуге болады. Екінші қырынан Түркия қазақтары орналасқан Измир қаласы маңындағы «Алаш» ауылындағы қымыз фермаларында «шошала» іспетті архитектуралық құрылыстар орын алған. Түркия қазақтарының ұқсастығы Шығыс Қазақстан қазақтарының қоныстану жүйесімен сәйкестенеді.

Түркия қазақтары орналасқан аймақтағы архитектуралық құрылыстағы ерекшеліктер (киіз үй формасындағы үйлер, шошалалар, қазақ ою-өрнектерімен безендірілуі) ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған мәдени мұра ретінде түсіндіріледі (А 14-сурет).

Тарихи санадағы күрделі өзгерістер тек тұрмыстық деңгейде емес, рухани мәдениетте де орын алды. Енді Түркия қазақтары өзінің тарихи отаны Қазақстанның тәуелсіз ел атануы тұрғысында олардың естеліктері мен жеке шығармаларын еліміздің баспаларында басуға, жариялауға мүмкіндік алды. Оның қатарында 1991–1993 жылдар аралығында Халифа Алтайдың дін ілімдері, шариғат жөніндегі жазған кітаптары мен еңбектері елімізде тарала бастады (VII).

Түркия қазақтарының символикалық белгілерінің екінші тобы үй тұрмысындағы интерьеріндегі өзгешеліктер, яғни қазақы нақыштар болып табылады. Бұл үй-жайлардағы қазақы нақыштар көпшілігінде үйдің ішкі әрлеу жұмыстарында орын алған. Үйдегі жиһаздарды орналастыру сәттерінде де қазақы элементтер байқалады. Мысалы, Түркия қазақтарының үйлерінде қазақ жерінің табиғатын, Қазақстан территориясындағы көне ескерткіштерді (Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи және т.б.) бейнелейтін суреттер көп кездеседі (А 50-51-суреттер). Сондай-ақ қонақ бөлмелерінде Қазақстаннан алынған көптеген кәдесыйлар қойылады. Оның ішіне киіз үйдің макеті, құмыра, теріден жасалған торсық, домбыраның, қобыздың кішкентай макеттері, қамшының ілінуі, сырмақ, тұскиіз, т.б. Қазақстанмен байланысты қойылған. Сонымен қатар әртүрлі тарихи тұлғалардың бейнесімен тоқылған кілемшелер төр қабырғада ілінеді. Мұның барлығы бір символикалық маркерлер ретінде қарастырылады. Олардың өз тарихи отанын таныстыратын, еске түсіретін осындай атрибуттар арқылы тарихи жадының орын алатынын көрсетеді. Сондай-ақ осындай кәдесыйлардағы ұлттық символдарды қастерлеу Түркия қазақтарының этникалық мәдениетті сақтаудың бір жолы ретінде түсінуі шартты дүние болып табылады.

Түркия қазақтары арасында ортақ құндылықтарды сақтаудағы ең басты факторларының бірі жерлеу ғұрыптарындағы орын алатын қабір тастарынан байқауға болады. Мұны зираттардағы қабір тастардағы эпитафиялық жазулардағы ерекшеліктерден көруге болады. Оны қазақтардың бейіттеріндегі қабір тастарында «Орта жүз», «Қазақстанлы», «Түркістанлы», яғни түркістандық деп көрсетілуінен анық көруге болады. Демек, осындай өздерін «түркістандық» деп көрсетуі сол 1955 жылдардан бері жалғасып келе жатқаны байқалады (А 56-58-сурет). Өйткені мұндай қабір тастарда аты-жөнін, руын, шыққан тегін жазу Қазақстанның көптеген ХІХ ғасырға жататын бейіттердегі үрдістің жалғастығы деп түсінуге болады [161]. Осындай қабір басын зиярат етуге ұрпақтары жұма сайын келіп шөбін жұлып, қабір басын тазалап, Құран оқып кетеді (XXXVIII).

Түркия қазақтарының этникалық маркері тек заттық бұйымдарда емес, сол сияқты әртүрлі салт-дәстүрлерде де орын алған. Мұнда ең көзге түскені үйге қонақ келген кездегі қонақтардың қолына құманмен су құюын қарастырса да болады. Қолға су құю дәстүрі көбіне Түркияға Ауғанстаннан барған қазақтарда кездеседі. Жалпы, Түркия қазақтары өз бірегейлігін сақтауда киім үлгілерінен де көруге болады. Егде тартқан кісілердің көпшілігі тақия киіп жүреді. Мұны да олар өздерінің этномәдени ерекшелігі ретінде түсінеді (А 52-сурет). Сондай-ақ Ауғанстаннан келген қазақтар ақ орамал, ақ кимешек киюді көне дәстүрлермен байланыстырады (XXXVII).

Этникалық маркердің тағы бір көрінетін тұсы Түркия қазақтарының тамақтану жүйесі мысалында қарастыруға болады. Мысалы, біздің алдын ала зерттеулерімізде «Қазақ екендеріңізді қалай түсіндіресіз?» деген сұраққа 97 % түркиялық қазақтар дастарқан мен қонақжайлығымыздан көрінеді деп жауап берді. Мұны біз аталмыш аймаққа зерттеу жұмысын жүргізу барысында да

анықтадық. Оның ішінде үлкен астар мен қонақ шақырғанда ет асып, оны мүшелеп тарту, үлкен қарияларға бас тарту сияқты көріністер байқалды. Оның сыртында етке арнайы қамыр жайып салу, әр дастарқанда қазақтың бауырсағының үзілмеуі этникалық маркердің бірі ретінде көрінеді (24-29-суреттер). Ал қауымдастықтардың әртүрлі іс-шараларында қазақтар бұрынғы салт бойынша жерге дастарқан жайып отыруы көне дәстүрді жаңғыртудың жол ретінде түсінуге болады.

Ас беру аталарына ұқсастықты байқауға болады. Мысалы, ататектеріне байланысты бір рудан тараған ұрпақтардың еске алып ас беру мәзірлерінде Түркия және Өзбекстан қазақтарындағы ұқсастықтарды байқауымызға болады [34; 35]. Ас қабылдаудың қоғамдық функциясы әсіресе көп адамдардың бас қосқан үлкен қоғамдық жиындарда қоғамдағы әлеуметтік жүйені айқындап бекітетін маркер ретінде көрінеді [162, 186-194-бб.]. Бұл Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігі үшін маңызды фактор болып табылады (63-64-суреттер).

Шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігін анықтауда көрінетін осындай маркерлердің көпшілігі Өзбекстан қазақтары арасында да сақталған. Өзбекстан қазақтары арасындағы сақталған символдық көріністер Түркия қазақтарымен салыстырғанда әлдеқайда терең әрі тұрақты десе болады. Себебі Өзбекстандағы қазақтардың соңғы кездегі өзгерістерін есептемегенде, олардың қазақтың дәстүрлі мәдениетінің сақтауында көп мәселе болмады. Оны бірнеше жағдаймен түсіндірсе болады. Мұның қатарында Өзбекстандағы қазақтардың тарихи отанынан еш жерге ауысып көшпеуі, екіншіден Қазақстанмен шекаралас отыруы, яғни географиялық орналасу жағдайы. Үшіншіден, Өзбекстандағы қазақтардың тығыз орналасуы болып табылады. Осы аталған үш фактор тұрғысында Өзбекстан қазақтары арасында этникалық маркердің сақталуы айтарлықтай салыстыруды қажет етпейді. Дегенмен біз бұл этникалық топ өкілдеріне арналған сауалнама материалдарын салыстырғанда олардың тарихи саналық тұрғысында кейбір мәселелердің бар екенін түсіндік. Өзбекстан қазақтары арасында жүргізілген сауалнама барысында төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткіздік. Мысалы, *Сіз ата тегіңіздің шығу тарихын білесіз бе?* деген сұраққа 90 % респондент «иә» білемін деп жауап берсе, 10 % қазақтар білмейтіндігін атап өткен. Ал сол сияқты *Отбасыңызда балаларыңызды қай ұлттың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен тәрбиелеп жатырсыз?* деген сұраққа 60 % өзбекстандық қазақтар тек қазақ халқының салт-дәстүрлерімен тәрбиелеп жатырмыз десе, қалған 40 % қазақ пен өзбек халықтарының дәстүрлерін бірдей қолданамыз деп жауап берген (34; XXXVIII). Бұл Өзбекстандағы қазақтар арасында ұлттық мәдениеттің жойылу қаупінің жоқ екенін көрсетеді. Өйткені қазақтар тығыз орналасқан аймақтар үшін ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды сақтаудың барлық мүмкіндіктері жасалған. Ал *Болашақта балаларыңыз қазақтың салт-дәстүрлерін ұстанбайтынына қалай қарайсыз?* деген сұраққа 67 % қазақ жас ұрпақтың дәстүрді ұмытуына теріс баға берсе, 33 % оң баға беріп отыр (34; XXXIX). Бұл тұста қазақтардың дәстүрлі мәдениеттің қолданыс аясының жылдан-жылға тарыла беретіні

айқындала түскендей. Мұны Өзбекстандағы соңғы жылдардағы өзгерістер жылдам қарқынмен жүруі арқылы түсіндіруге болады. Мұндай үрдістерде қазақтардың өзге этностар арасында өздерінің жайлы сезінуін мына сұрақтан аңғаруға болады.

Қазақтардың өзін-өзі тану және өзін-өзі әйгілеуінде *Сіздің ойыңызша қазақ болу нені білдіреді?* деген сұраққа жауап беруде Өзбекстан қазақтары әртүрлі жауаптарды белгілеуге тырысқан. Мысалы, 40 % қазақтар қазақ ұлтының ұлы немесе қызы ата-анасының бірі қазақ ұлтынан болуымен байланысты десе, 70 % қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын ұстануынан деп көрсетті. Ал 50 % өзін қазақ халқының бірі ретінде сезінуінен деп атаған. Қалған 11 % басқалардың қазақ ретінде тануынан деп жауап берген. Ал 40 % өз халқының тарихын біліп ұмытпау деп жауап берген. Мұнда 30 % респондент «Өз халқы үшін мақтаныш сезімі болуы» деп жауап береді. Бұдан шығатын қорытынды қазақтардың этникалық бірегейленудің барлық формаларында да ортақ сәйкестікте болуды қалайтынын аңғаруға болады. Сондай-ақ Өзбекстандағы 97 % сауалнамаға қатысушы өздерін қазақ деп атағанды жөн санайды. Ал 1,5 % өзбек деп санағанын дұрыс көрсе, 1,5 % Өзбекстан қазағы деген атауды дұрыс көреді. Бұл ретте 97 % өзін қазақ ретінде санайтын қазақтар өздерін жергілікті ортада толық жайлы сезеді деп айта алмаймыз. Ал 1,5 % Өзбекстан қазағы деген атауды жөн санайтындар этникалық бірегейліктен гөрі азаматтық және әлеуметтік бірегейлікке бейім екенін байқауға болады.

Жалпы, Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлікке ұмтылу үрдісі сауалнама арқылы осындай цифрларды көрсеткен болса, олардың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жүйесінде айқын көрінеді. Соның көпшілігі өлік жөнелту сияқты ғұрыптарда сүйекке 5-7 жақын ағайындарының түсуінен, алпыстан асқан кісі қайтыс болса оған ас беріп, жыртыс тарату рәсімдерінен көрініс табады. Ата-баба рухын қастерлеу мәселесі де осы Өзбекстан қазақтары арасында ерекше сақталған. Оны әр жұма сайын өлген әруақтарға арнап жеті шелпек немесе қаттама пісіріп, өлген марқұмдардың рухына құран бағыштау әлі де жақсы сақталған (XXXIX). Киелі жерлерді зиярат ету, ата-баба рухына арнап құран бағыштап, құрбан шалу және ауырғандар, бала сүйе алмай жүргендер әулиелі кісілердің басына барып құрбандық шалып, садақа беріп дұға тілеу жиі кездеседі. Себебі Өзбекстан аймағында көптеген қазақтардың билері, батырларының ескерткіштері өте көп. Осы тұрғыда Өзбекстан қазақтары осы жерлерді кие тұтып, қастерлейді (XVI).

Бұл тұрғыда Э. Смит этникалық топты этноним, мәдениет, ортақ шығу тегіне қарай, туған жерімен немесе территориясымен байланысына және ынтамақтастығына қарай тануды ұсынады [79, p. 21]. Демек, екі елде тұрып жатқан қазақтардың да өз ұлттық құндылықтарын қастерлеуде өздерінің шыққан ортасының мәдениетін алға тартып, өзінің территориясында қалыптасқан дәстүрлерді әйгілеуі сыртта өз этникалық ортасында өздеріне жайлы және этномәдени қауіпсіз орта құрғысы келетінін түсіндіреді.

Қорытындылай келе, шетел қазақтарының ішінде Өзбекстан мен Түркия қазақтары ұлттық құндылықтарды қастерлеуді әртүрлі формада сақтап келеді.

Бұл қазақтардың рухани мұрасы мен материалдық мәдениетінен бастап, наным-сенімдерінен де көрініс табады. Атадан балаға беріліп отырған отбасылық мұра мен дәстүрлі құндылықтар аталмыш елдердегі қазақтар арасында әлі де болса жалғасып келеді. Көбіне үлкендерден қалған шежіре мен мемориалды орындардың, аңыз-әңгімелердің және теберік ретінде сақталған бұйымдар қазіргі кезде қазақ диаспорасының бірегейленуінде маңызды фактор ретінде қаралуы тиіс. Бұл ең бастысы отбасылық тарихты зерттей келе тұтас диаспораның этномәдениеті қамтылады. Отбасылық құндылықтардың сақталуы қандай саяси жүйе немесе мәдени орта болмасын тұрақты тасымалданатын этномәдени форма ретінде қарастырылады. Өйткені кейбір елдердің саясаты мен мәдени бағыты диаспораның мәдениетіне дамуға мүмкіндік бермегенімен, отбасышыл дәстүрлерге еш жерде тыйым салынбаған. Сондықтан қазақ отбасындағы қастерлі құндылықтар мен дәстүрлер шетел қазақтарының этникалық бірегейленуіндегі шешуші фактор болып табылады.

3.2 Этникалық бірегейліктің тіл мен дінде сақталуы мен өзгерісі

Этникалық бірегейлікті сақтауда тілдің рөлінің күшті екені белгілі. Мұнда этникалық топтар арасындағы тілдің сақталуы олардың өзара бірігуіне, сәйкестенуіне және этникалық тарихы мен болмысын түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда тіл этностың өзін-өзі сақтауына және мәдениетін дамытуда шешуші фактор болып табылады. Қазіргі кезде шетелдегі қазақ диаспораларының бірден-бір проблемасы – тіл мәселесі, яғни ана тілін жетік меңгеруі мен күнделікті қолданыста пайдалану диаспора үшін аса маңызды болып отыр. Алайда жергілікті титулды этностың тілінің басымдығы негізінде шетелдегі диаспораларда билингвизм орын алған. Оның бірден-бір үрдісі КСРО ыдырағаннан кейінгі посткеңестік елдердегі тілдік саясаттың туындағанынан көруге болады. Бұл жөнінде Қазақстандағы этномәдени бірегейліктің көріністерін Р. Қадыржановтың еңбегінен байқауға болады. Ол өз еңбегінде қазақ қоғамының этномәдени символизмі қазақ тілі болып табылатынын айтады [87, с. 72].

Этностардың қалыптасуы мен дамуында да, этникалық бірегейліктің қалыптасуында да тілдің орны ерекше. Жалпы тілдің этносты қалыптастырушы негізі екенін көптеген ғалымдар мен зерттеушілер: Платон, Ж. Ламетри, Т. Гоббс, Г.В. Лейбниц, Р. Декарт және т.б. дәлелдеп келді. Ф. де Соссер: «Халықтың дәстүрі оның тілінен көрінеді, тіл ұлтты қалыптастырады», – деп түйіндеді. Жалпы, этнолингвистикалық теория тілдің мәдениеттегі орны мен этнос пен этникалық мәдениеттің, бірегейліктің арақатынасын зерттейді. Біраз зерттеушілер тілді мәдениеттің бір формасы деп қарастырады. Алайда көптеген мамандар оны тек форма емес, мәдениеттің қызмет ету құралы деп түсінеді. Бұл тіл мен мәдениеттің таңбалы емес формасының байланысында тіл мәдени кодтар мен ақпаратты игеруге мол септігін тигізеді. Сондықтан тілдің этникалық қызметтері айқын көрінеді және этникалық қалыптасудың бірден-бір белгісі болып есептеледі. Тіл – сөздік формада ішкі ойды білдіретін күрделі жүйе. Ол ұжымдық қарым-қатынастың іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Тілдің қоғам алдындағы қызметі өзара қарым-қатынас құралы ғана емес, жас ұрпақ пен алдыңғы буын өкілдерін байланыстырушы көпір ретінде түсінуге болады. Бұл ұрпақтар арасындағы өзара сабақтастықтың ана тіліндегі әртүрлі аңыздар мен тарихи оқиғалардың баяндауларынан тұратыны белгілі.


Әлемдегі тілдік жағдайдың ірі саяси тақырыпқа айналуы ХХ ғасырдың соңына қарай көтеріле бастады. 1990 жылы Кеңес үкіметі тарағаннан кейін көптеген ұлттар алдында тіл мәселесі тұрды. Мәселен, көптеген этностар өз тілдерін әлсіретіп алғандығын сезінді. 1990 жылдардың басында тілдің саяси маңызы өте жоғары болды. Әсіресе бұл үрдіс посткеңестік елдерде айқын көрініс тапты. Осындай үрдістер шетелдерде өмір сүріп жатқан диаспоралардың да басты күрделі мәселесіне айналды. Диаспораның өзге этникалық ортада тіршілік етуінің басты құралы тілдің қызметі арнайы зерттеулерді қажет етеді. Бұл этностың өзінің этномәдениетін сақтауға және оны дамытуға негіз болуы тиіс. Тілдің қатынас құралы ретінде белгілі бір этникалық ортада қолданылуы белгілі бір этностың өміршеңдігімен байланысты. Оны этностың тіршілік қамы жүйесіндегі тілдік қолданысының арнайы құрылымдарының қызметі реттелуі тиіс.

Тіл этникалық бірегейлікті қалыптастыруда және ұлттық сананы кеңейтуде үлкен рөл атқарады. Кеңес үкіметі тарағаннан кейін көптеген посткеңестік мемлекеттерде екітілділік қалыптасты. Орыс тілді меңгерген көптеген этностардың саны артты. Осылайша КСРО-дан тәуелсіздік алған посткеңестік елдердің кейінгі саяси-әлеуметтік өмірі тікелей мәдени өзгерістермен байланысты болды. Себебі қайта қолға алған тәуелсіздікті түсіну үрдісі әр елде жаппай өзін-өзі тану үрдістерімен сәйкес келді. Оған әр этнос мәдени, рухани құндылықтарын қалпына келтіруге және дамытуға тырысқаны жатады.

Әр мемлекет өз конституциясында ана тілінің мәртебесін көтеру мақсатында арнайы баптар енгізді. Дәл сондай бап Қазақстан Республикасының Ата Заңның 7-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп және осы баптың 2-тармағында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілгендіктен осы заң шеңберінде әрбір азамат ресми тілді дамытып құрметтеуге құқылы. Осындай заң үлгілері басқа елдерде де қабылданды. Әрбір елдің территориясына әртүрлі тағдырдың талқысы нәтижесінде қоныс аударған этностардың тілдерді игеру дәрежелерін зерттеу бүгінгі күні этнология ғылымының өзекті мәселелеріне айналып отыр. Бұл этнос өкілдерінің тілді игеру дәрежесін бірнеше қағидалар негізінде қарастыру қажет, мысалы, ана тілін, орыс, ағылшын және жергілікті мемлекеттің тілдерін игеру дәрежесі арқылы этнотілдік көрсеткіштерін анықтау ұтымды болып табылады. Өзбекстандағы қазақ халқының бірегейлік дәрежесін анықтауға және ортақ бірігу факторларды қолдануға мол септігін тигізеді. Бұл тұрғыда Өзбекстандағы қазақтардың этнотілдік көрсеткіштерін зерттеу салыстырмалы талдауларды қажет етеді. Біз осы тұрғыда Өзбекстандағы қазақтар мен Түркия қазақтарының этнотілдік көрсеткіштерін аталмыш елдердегі қазақтардың тығыз орналасқан аймақтар бойынша қарастыруды жөн

көрдiк. Мұнда қазақтардың ана тiлiн меңгеру дәрежесi мен билингвистiк үрдістер салыстыру мақсатында қолданылды. Тiлдiң диаспорадағы қолданысын зерттеулерде пайдалану этникалық бiрегейлiктiң деңгейiн анықтауға мол мүмкiндiк бередi. Бұл Өзбекстан және Түркия қазақтарының арасындағы сауалнамалық зерттеу жүргiзу барысында анықталды. Сауалнамаға 15-тен асқан азаматтар талданып қатыстырылды. Сауалнама нәтижелерiн арнайы диаграммадан қарайтын болсақ, тiлдiң қолданыс аясын нақты шарттары ретiнде қарастыруға болады.

2-диаграмма. Өзбекстан және Түркия қазақтарының тiлдi меңгеруi (15 жас және одан жоғары) [34; 35].



Бұл диаграммадан көрiп отырғанымыздай, Түркия және Өзбекстан қазақтарының iшiнен 478 және 186 респонденттен алынған қорытынды сараптама өз нәтижесiн көрсетiп отыр. Мұнда Өзбекстан және Түркия қазақтары жалпылама алғанда өз ана тiлiн қазақ тiлi деп көрсеттi. Мұнда Өзбекстан қазақтары екi жыныста 465 адам өз ана тiлiн қазақ тiлi деп көрсеткен. Оның iшiнде 253 ер және 212 әйелдi құрайды. Тиiсiнше Түркия қазақтары арасында жүргiзiлген сауалнама барысында екi жыныста 164 адам қазақ тiлiн ана тiлi деп көрсеткен. Соның 93 ер адам болса, қалған 71 әйел адам құрайды. Этностың ана тiлiне қатысты мұндай көрсеткiштерi өз этникалық бiрегейлiгiн тiкелей тiлмен байланыстыратынын байқатады. Бұдан шетелдегi қазақтардың отбасылық және тұрмыстық деңгейде болсын қазақ тiлiн қолдануға тырысатыны көрiнедi.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердiң жауабы негiзiнде тiлдiк қатынас пен этникалық бiрегейлiктi анықтау үшiн этностың өзге де тiлдердi меңгеруiн қарастыруды қажет етедi. Билингвистiк үрдістердiң этностың тiршiлiк етуiнде

орын алуы оның этникалық топ ретінде өзге этностармен қарым-қатынасын және этномәдени арақашықтығын нақтылайды. Бұл ретте Өзбекстан және Түркия қазақтарының өзге тілдерді меңгеру деңгейі диаграмма арқылы беріліп отыр. Диаграммада Өзбекстан және Түркия қазақтары екі жыныста, ерлер және әйелдер ретінде бөліп қарастырылған. Сауалнамаға қатысқан респонденттер ауыл және қала халқын да қамтыды.

3-диаграмма. Өзбекстан және Түркия қазақтарының өзге тілдерді меңгеру деңгейі.



Өзбекстандағы қазақтардың ішінде сауалнамаға 478 адам қатысты, соның 98,9 %-ы өз ана тілін қазақ тілі деп көрсеткен. Керісінше қалған 1,1 % қазақ өзге тілдерді көрсетті. Осы көрсеткішті Өзбекстан қазақтарымен салыстырғанда Түркия қазақтарының өз ана тілін меңгеру дәрежесі 7,8 % төмен. Ал керісінше шетелдегі қазақтардың өзге тілдерді білу дәрежесі Түркия қазақтарының арасында Өзбекстан қазақтарымен салыстырғанда 8,1 % жоғары, яғни кестеден белгілі болғандай Өзбекстан қазақтарының 1,1 %, ал Түркия қазақтарының 8,9 % өзге тілдерді білетіндігін көрсеткен. Бұл сауалнамаға қатысқан респонденттердің жынысына қарай бөліп қарастырсақ, сауалнамаға қатысқан Өзбекстан қазақтарының ерлерінің саны 256 адамды құрайды, соның 98,8 %-ы ана тілін жетік меңгерген. Бұл көрсеткіш Түркия қазақтарымен салыстырғанда 4 % жоғары, яғни Түркия қазақтарының ерлерінің сауалнамада 98 адамды құрап оның 94,8 %-ы ана тілін жетік меңгерген. Ал қалған 5,2 % түркиялық қазақтардың ішіндегі ер азаматтар өзге тілдерді меңгергендігін көрсетіп отыр. Бұл үрдісті Өзбекстан қазақтарымен салыстырсақ, олардың ерлер арасында өзге тілдерді меңгергендерінің саны 3 адамды, яғни 1,2 %-ды құрайды. Бұл


көрсеткіш түркиялық қазақтардан 4 % кем екенін көрсетеді. Осы көрсеткіштерді есепке алатын болсақ екі мемлекетте де ана тілінде сөйлейтін ерлердің санының басым екенін байқауға болады.

Бұдан шығатын қорытынды қазақтардың екі туыс мемлекетте де өз ана тілдерін жоғары деңгейде меңгергенін байқаймыз. Ал қазақтардың өзге тілді білу дәрежесінің жоғары болуы бауырлас елдердегі қазақ этносының тарихи отанымен тығыз қарым-қатынасқа қабілеттілігін көрсетеді. Енді осы көрсеткіштерді әйел жынысы арасында қарастыратын болсақ көптеген көрсеткіштерді нақтылауды қажет етеді. Мысалы, Өзбекстандағы қазақтардың арасында сауалнамаға қатысқан 222 әйелдер, олардың 95,4 %-ы ана тілінде жетік сөйлейді. Осы сияқты Түркия қазақтарының әйелдерінің ана тілінде сөйлеу деңгейі 80,6 %-ды құрады. Бұл пайыздық көрсеткіштерден байқайтынымыз, қазақ әйелдерінің ерлермен салыстырғанда ана тілді білу дәрежесі Өзбекстан қазақтары арасында 3,4 % кем болғанымен, өзге тілді білу дәрежесі 3,4 % жоғары. Түркия қазақтары арасындағы 14,2 % кем екенін көрсетеді. Жалпы, бұл екі мемлекетте өмір сүріп жатқан қазақтардың этнотілдік көрсеткіштерін зерттеу барысында ана тілін және өзге тілдерді білу дәрежесі бойынша ерлердің белсенділігін байқаймыз.

Өзбекстанға және Түркияға қоныс тепкен қазақтардың этнотілдік көрсеткіштерін зерттеу олардың орналасу, қоныстану жүйесіне де негізделетіні белгілі. Мысалы, мұндай көрсеткіштерді халықтың орналасқан жеріне қарай әлеуметтік қатынастарға жиі немесе аз түсетіндігімен анықтауға болады. Демек, халықтың тілдік жағдайын қала және ауылдық мекендерде орналасуына байланысты да өзгерісте болатындығын байқауға болады. Осы негіздерге сүйене отырып біздің зерттеу бағыттарымызда ауылдық жерлерде орналасқан Өзбекстан қазақтарының арасында қазақ тілінің мәртебесінің жоғары екенін анықтадық. Өзбекстандағы қазақтардың көпшілігі ауылдық жерлерге орналасқан. Олардың ана тілдерін жақсы сақтауы немесе өзге тілдерді жақсы игеруі осы ауылдық аймақтағы тіршілік етуінің нәтижесі деп түйіндесек болады. Ал олардың көптілді этносқа айналуына қазақтардың қоғамдық қатынастарды және т.б. ауыл шаруашылығымен, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысуына, жаңа кәсіпті игеруіне де тікелей байланысты болып табылады. Мысалы, Өзбекстан және Түркия қазақтарының тілді игеруі бойынша территориялық тұрғыда бөлек төмендегідей көрсеткіштерді байқаймыз. Мұнда қала және ауыл халқының тілді меңгеру деңгейін жеке қарастыруды жөн көрдік. Бұл бір жағынан қазақ тілінің қолданыс аясының дәстүрлі орта мен урбанизацияланған ортадағы мәдени айырмашылықтарды белгілейді. Қала халқы арасындағы қазақтардың ана тілін меңгеруі диаспорадағы этнотілдік жағдайды және тілдің өміршеңдік қабілетін айшықтайды. Мұны Өзбекстан және Түркия қазақтарының жағдайымен қарайтын болсақ, төмендегідей диграммалық көрсеткіштерге ие боламыз. Бұл аталмыш елдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың тілімен қоса мәдени әлеуетінен де хабар беретіні анық. Сауалнама 15 жастан асқан азаматтар


арасында жүргізілді. Оған қоғамның әртүрлі топ өкілдері арасында белсенді қатысты.

4-диаграмма. Өзбекстан және Түркия қазақтарының ана тілін меңгеру деңгейі қала халқы бойынша [34; 35].



Қаладағы қазақтардың ана тілін білу деңгейі Өзбекстан және Түркия бойынша әртүрлі көрсеткішті анықтап отыр. Оның ішінде қала қазақтарының қазақ тілін меңгеруі Өзбекстанда да және Түркияда да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, Өзбекстандағы қала қазақтары урбанизациялық үрдістерге ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап араласа бастады. Мұнда ауылдық аймақтардан оқуға, жұмыс үшін көшіп барған қазақтар болды. Ол қала қазақтарының әлеуметтік бірегейлігінің әртүрлі екенін көрсетеді. Қалалық қазақтар меңгерген мамандығына қарай бөліне бастады. Қазіргі кезде осы миграциялық үрдістерді бастаған аға буын өкілдерінің балалары қала қазақтарын құрап отыр. Олар үшін қазақ тілі күнделікті қолданыс аясы жұмыста, оқуда, ресми орындарда тарылғанымен тұрмыстық деңгейде ата-аналарының тілі ретінде сақталып отыр. Түркияда да дәл осыған ұқсас жағдай орын алған. 1970 жылдардан бастап ауылдық жерлерде мекендеп отырған қазақтар сауда, жұмыс көзі үшін ірі қалаларға ауыса бастады. Нәтижесінде тілдік мәселе екінші буын өкілдері алдында тұрды. Бұл үшін түркиялық қазақтар қалалық жерде тұрғанымен әртүрлі қоғамдық қорлар мен ұйымдар арқылы өз ана тілі тамырынан алшақтамауға тырысты. Десек те қала халқында орын алатын әлеуметтік үрдістер қазақтардың өз ана тілін белгілеуде өзге тілдерді ана тілі ретінде көрсету деңгейіне жеткенін жасыруға болмайды. Төмендегі диаграммада қала халқының ана тілі ретінде өзге тілдерді көрсеткенін көруге болады.

5-диаграмма. Өзбекстан және Түркия қазақтарының өзге тілдерді меңгеру деңгейі [34; 35].



Диаграммада беріліп отырғандай, Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында өз ана тілін өзбек, түрік тілі ретінде көрсетіп отырған қандастарымыз бар. Бұл ең алдымен диаспорадағы билингвизмді көрсеткенімен, екіншіден, қала халқы арасында қазақ тілін тұрмыстық деңгейде де қолданбайтындардың бар екенін көрсетеді. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, олардың басым бөлігі әйелдерге тиесілі. Мұндай жағдайда берілген көрсеткіштерді толықтырып отырғандардың басым бөлігі үшінші және төртінші ұрпақ өкілдері болуы ықтимал. Оны біз сауалнама барысында қойылған «Сіз өзіңізді қазақ ұлтының өкілі ретінде қалай түсінесіз?» деген сұрақтарға «Қаным қазақ болғаннан соң қазақпын» немесе «Қазақ болуы үшін қазақ тілін, мәдениетін білуім керек және қаным қазақ болуы шарт» деген жауаптар арасында салыстырмалы талдауларды жасауды керек етеді. Қала халқы арасында жүргізілген сауалнамада аталмыш жауаптардың бір жақты мағынада, яғни тек қаным қазақ болғаны үшін қазақ ретінде түсінетіні айқындалады.

Этностың ана тілінің сақталуы ошақтарының бірі ретінде олардың шаруашылық жүргізген аймақтары ретінде есептеуге болады. Бұл жағдайда қазақ халқының этномәдениеті мен тілінің сақталуы ауылдық аймақтар болып табылады. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы ауылдық аймақтарда қазақ тілі дәрежесін қарастыратын болсақ, төмендегідей нәтижеге қол жеткіземіз.

6-диаграмма. Түркия және Өзбекстан қазақтарының тілді меңгеруі [34; 35].




Берілген диаграммада ауылдағы қазақтардың қазақ тілін меңгеру дәрежесі айтарлықтай жоғары. Оның басты себебі этностың этникалық ортадан ажырамауы немесе этностың өзіне қолайлы ортада өмір сүруі болып табылады. Этникалық ортаның тілді және мәдениетті сақтауға қолайлы болуы этностың өзара бірінен-бірі ажырамаған туыстық қатынастарына да байланысты. Соның негізінде ауылдық аймақтардағы қазақтар өз ана тілі ретінде қазақ тілін мақтанышпен айта алады. Бұл олардың этникалық бірегейлікті анықтауда басты фактор ретінде тілді түсіне білетінін аңғаруға болады. Түркия үшін алғашқы миграциялық үрдістерді басынан өткізген азаматтардың көзін көрген екінші буын өкілдерінің басым бөлігі ауылдық аймақтарда әлі де болса тіршілік ететінімен түсіндіруге болады. Олар өз ортасында ана тілінің кең таралуына жағдай жасап, отбасы мен туыстар арасында қазақ тілінде қарым-қатынас сақталуына негіз болып отыр.

Дегенмен қоғам өмірінде қарым-қатынас бір ғана этнос өкілдері аясында жүргізілмейтіні анық. Осы жағдайда қазақ халқының да диаспорадағы өмірі өзге этникалық қатынастар негізінде өрбитіні сөзсіз. Мұндай жағдайда қазақ тілінің де кейбір жерлерде қолданыс аясы тарылып, тіпті кейде қазақтардың өзі ана тілін өзге этнос тілі шеңберінде көрсететіні белгілі. Мұны келесі диаграммадан қарайтын болсақ, тиісінше көрсеткіштерге куә боламыз.

7-диаграмма. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында өзге тілдерді меңгеру деңгейі [34; 35].

Өзбекстан және Түркия қазақтарының өзге тілдерді меңгеру деңгейі (ауыл халқы)




Өзбекстан мен Түркия қазақтары арасындағы сауалнамаға қатысқандардың саны әртүрлі. Соның негізінде жалпы саны әртүрлі болғанымен қалалық және ауылдық жерлердегі тілді меңгеру дәрежесінің салыстырмалы пайыздық үлесін аңғаруға болады. Мысалы, біздің сауалнамаға қатысқан Өзбекстан қазақтарының жалпы саны 478 болса, соның 232 қалалық жерде мекендесе, қалған 246 этникалық қазақ ауылдық жерлерде мекендейтінін көрсеткен. Сәйкесінше Түркияда тұрып жатқан қандастарымыздың арасындағы зерттеулерге қатысқан респонденттердің жалпы саны 186 адамды құрады. Оның ішінде 82 қалалық болса, 104 адам ауылдық екенін көрсеткен. Осы көрсетілген адам санының қалалық және ауылдық жерлердегі тілді меңгеру дәрежесін қарастыратын болсақ, әртүрлі деңгейдегі көрсеткіштерге қол жеткіземіз. Өзбекстандағы қалалық қазақтар арасында 95,2 % қазақ өз ана тілін қазақ тілі деп көрсетіп, қазақ тілінің жеткілікті дәрежеде меңгергенін дәлелдейді. Түркия қазақтары арасында бұл көрсеткіш 81,7 %-ды қамтиды. Қалалық жердегі қазақтардың мұндай көрсеткіші тікелей қоғамдық қатынастарға және мульти-мәдени үрдістерге байланысты болса керек. Ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіштерде бірқатар өзгерістер байқалады. Өзбекстанның ауылдық жерлеріндегі қазақтардың ана тілін 99,1 %-ы меңгергенін әйгілесе, Түркия қазақтарының ауылдық жерлеріндегі қазақтардың 93,2 %-ы өз ана тілін қазақ тілі деп көрсеткен. Бұл кестеден этникалық бірегейлікті сақтауда және оны дамытып отыруда этникалық топтың орналасқан ортасының аса маңыздылығын байқаймыз. Ғасырлар бойы көшпелі өмір сүріп келген қазақтар үшін, ана тілді сақтап қалуда ауылдық жерлердегі әлеуметтік қатынастардың рөлі айтарлықтай болды. Оның сыртында ауылдық

жерлердегі қазақтардың тығыз орналасуы туыстық қатынастың үзілмеуіне, отбасы институтының қалыпты сақталуына жағдай жасап отыр.

Жалпы тіл мәселесі этностың этникалық бірегейлігін сақтап тұруда аса маңызды қызмет атқаратыны белгілі, соның ішінде халықтың ана тілінің меңгеру дәрежесінің жыныстық жағынан қарастыратын болсақ, этникалық топ арасында этномәдени үрдістерге белсенді араласатын топты анықтауға болады. Өзбекстан қазақтары арасында қалалықтардың ішінде қазақ тілін ер адамдардың 97,5 %-ы еркін меңгергенін атаса, әйелдер арасында бұл көрсеткіш 92,6 %-ды құрайды. Дәл осындай көрсеткіш Түркия қазақтары арасында да байқалады. Қала қазақтары арасындағы 93,3 %-ы қазақ тілін білетіндігін жеткізсе, керісінше 67,2 % әйел қазақ тілін білетіндігін көрсеткен. Бұл салыстырмалы үлесінен қарастыратын болсақ, қалалық жерлерде ерлер мен әйелдер арасында қазақ тілін меңгеру дәрежесінен айырмашылықтар бар. Ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш сәл өзгерістерге түседі. Өзбекстан қазақтары арасында ауылдық ерлердің 100 %-ы қазақ тілін білетіндігін көрсетеді. Түркия қазақтары арасында бұл көрсеткіш 96,2 %-ға тоқтайды. Енді осы көрсеткішті әйелдермен салыстырып қарайтын болсақ, Өзбекстандағы қазақтардың әйел жыныстылары өз ана тілін меңгеруі 98,2 %-ды, ал түркиялық қазақ әйелдер 90,1 %-ды құрап отыр. Бұл көрсеткіштерден байқайтынымыз, қалалық жерлердегі қазақтардың өз ана тілінің сақтау дәрежесінің төмендігін аңғарамыз. Ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш барынша жоғары екені байқалады. Жыныстық жағынан қарастыратын болсақ аймақтық немесе орналасу жағдайына қарамастан ерлер арасында қазақ тілінің жоғары дәрежеде пайдаланылатынын байқауға болады. Диаспорадағы ерлер мен әйелдер арасындағы тілді меңгеру дәрежесінің әртүрлі болуы олардың түрлі отбасылық және әлеуметтік қатынастардағы функциясына байланысты болуы мүмкін. Себебі отбасылық өмірде әйелдер көптеген тұрмыстық мәселелерге байланысты қоғамдық қатынастарға түседі. Мұнда тіл басты құрал ретінде пайдаланатыны белгілі. Ерлер арасындағы ана тілінің жоғары деңгейде болуы да олардың отбасындағы басты функциясына байланысты. Отбасында ер адамның ұйытушы, отағасы ретінде балалары алдындағы басшылық міндеті ана тілінің және басқа да дәстүрлі құндылықтардың сақталуының негізі болып табылады.

Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігінің негізгі құрамдас бөлігі ана тілінің деңгейі болатын болса, енді оның сақталуы мен қолданыс аясын қарастырған жөн. Біз қарастырып отырған мәселе Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында әртүрлі сипатта көрініс табады. Мысалы, Өзбекстан қазақтарының өз этникалық бірегейлігін сақтап отыруында қазақ тілінің қолданыс аясы әлдеқайда кең және көп функционалды қарастырылады. Мысалы, Өзбекстан қазақтары өз ана тілдерінде тек отбасында ғана сөйлеспейді, сондай-ақ арнайы қазақ мектептері жұмыс істеп тұр. Мұнда қазақ-орыс, қазақ-өзбек сияқты аралас мектептердің болуы қазақтар үшін мол мүмкіндік. Қазіргі кезде Өзбекстанның Ташкент облысында 183 қазақ мектебі бар. Оны төмендегі кестеден байқаймыз.

8-диаграмма. Ташкент облысы бойынша қазақ ұлтының саны мен қазақ тіліндегі мектептердің саны [39].



Жалпы алғанда Ташкент облысы бойынша 346,502 қазақ ұлты өмір сүрсе, оларға арнап 183 қазақ мектебі жұмыс істеп тұр.


Бұл мектептерді бітірген түлектер Қазақстанның әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, М. Әуезов атындағы ОҚМУ және Қ. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттеріне түсіп жатады. Бұл Өзбекстан қазақтарының тілдік мәселеде қиындық көп емес екенін байқатады. Бұл, біріншіден, территориялық жақындық болса, екіншіден, Өзбекстандағы қазақтардың көпшілікке ие болуынан және тығыз орналасуынан деп атасақ болады. Өзбекстан қазақтарының біраз бөлігі Қазақстанға көшіп келгенімен, әлі де болса Өзбекстандағы туыстарымен қарым-қатынас жақсы сақталған. Бұл екі ел арасындағы мәдени байланыстарды күшейтіп, Өзбекстандағы қазақтарға туған тілінде жұтандық көрмеуіне негіз болып отыр (XLIV). Алайда тілдік мәселеде Өзбекстанның территориясында әртүрлі жағдай сақталған. Мысалы, Қарақалпақстанда қазақ мектебі тек тоғыз сынып қана оқытады. Қалған жоғары

сыныпты өзбекше немесе қарақалпақша оқуға мәжбүр. Бұл Қарақалпақстаннан қазақтардың үдере көшуімен байланысты. Соның нәтижесінде Қарақалпақстанда қазақтар азшылыққа ие. Кейінгі жылдары Өзбекстанның Қарақалпақстанға деген көзқарасы өзгеше, көшіп кеткен қазақтардың орнын өзбектермен және өзбекше оқу жүйесімен толтыруға тырысып жатыр. Нәтижесінде қазақтар, түрікмендер сияқты аз қалған халықтардың этно-мәдени бірегейлігіне нұқсан келтіріп жатыр.

Өзбекстан қазақтарының этнобірегейлігін сақтаудың тағы бір құралы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Бұл тұрғыда Өзбекстан қазақтарына ықпал етіп отырған БАҚ қызметін екіге бөліп қарастырсақ болады. Біріншіден, Ташкент қаласы мен оның маңындағы аудандарда Қазақстанның ұлттық арналарының жұмысы. Атап айтсақ, бұл аймақта Қазақ радиосы, «Хабар», «Ел арна», «Қазақстан» және «Балапан» телеарналары жұмыс істеп тұр. Бұл Өзбекстандағы қазақтарға Қазақстан жаңалықтарымен қоса, қазақша әртүрлі мәдени бағдарламалардың таралуына мүмкіндік береді. Әсіресе «Балапан» арнасының рөлі ерекше (XXVI). Екіншіден, Өзбекстан қазақтарының өздерінің шығарып отырған баспасөз беттері болып табылады. Мысалы, 1991 жылдан бері Өзбекстанның барлық аймағына «Нұрлы жол» газеті барынша таралып жатыр. Ол төрт беттен тұрады, толығымен қазақша шығады. Мұнда Өзбекстанның қоғамдық әлеуметтік жағдайы мен әртүрлі жаңалықтар топтамасы қазақ тілінде жарияланады (XLI). Сол сияқты Жоғары Шыршықтан «Юқори Чирчиқ хаёти» атты аудандық газеті шығады. Оның бір беті қазақ тілінде басылады. Газет аудан көлемінде болғандықтан, Жоғары Шыршықтың жергілікті тарихына және әлеуметтік дамуына қатысты материалдар жарияланып тұрады. Өзбекстандағы баспасөз бетінің таралымын салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, әлде де жеткіліксіз деп айтуға болады. Баспасөз беттеріндегі синхронды және асинхронды деректер диаспорадағы болған тарихи жағдайдың немесе оқиғаның леспелі деректерінен ақпарат береді. Бұл қазақ диаспорасының қазіргі жағдайының қаншалықты объективтілігін көрсетеді. Мысалы, баспасөз беттеріндегі ресми және бейресми басылымдардың ақпараттық сипаты да ерекшеленеді. Мұнда баспасөз материалдарындағы деректердегі сыртқы сынына мән беруді қажет етеді. Біздің зерттеу тақырыбымызда шетелдегі баспасөз беттеріндегі қазақ диаспорасына қатысты мәліметті деректанулық тұрғыда жан-жақты сынауды қажет етеді. Диаспорадағы мәдени әлеуметтік және сандық статистикалық мәліметтерді алу үшін диаспорадағы баспасөз беттерінің барлық ақпараттары ескеріледі. Сонымен қатар, арнайы жанама деректер ретінде қарастырылады. Мысалы, бір ғана «Нұрлы жол» газетін алып қарайтын болсақ, мынадай көрсеткіштердің диаспора жағдайында тек қана сандық мәліметтерден тыс мәдени жағдайдың деңгейін білдіреді. Бұл қазақ диаспорасындағы статистикалық деректерді пысықтауға мүмкіндік береді. Соның ішінде қазақ ұлтының санын және орналасу аймағын, тығыздығын анықтауға болады.

9-диаграмма. «Нұрлы жол» газетінің аймақтарға таралуы мен қазақ ұлтының саны [39]:

"Нұрлы жол" газетінің аймақтарға таралуы мен қазақ ұлтының саны



Көрсетілген диаграммадан «Нұрлы жол» газетінің таралымы облыс аумағын түгел қамтығанымен таралымы жалпы Ташкент облысындағы қазақтардың жан басына шаққанда 10 %-дан сәл асады. Оның ішінде бұл газеттердің мектептер аясында таралатыны анық. Жалпы алғанда Ташкент облысына 3548 дана газет таралады.

Зерттеу жұмысымыздың келесі объектісі Түркия қазақтарының этнотілдік жағдайын қамтиды. Бұл жердегі қазақтардың этникалық бірегейлігін сақтауда қазақ тілінің маңызы өте өткір түр. Өйткені қазақтардың жас ерекшелігіне қарай уақыт өте қазақ тілінің аясы тарылып келеді. Түркиядағы қазақтар Өзбекстан қазақтары сияқты көп емес, керісінше азшылықты құрап отыр. Сәйкесінше Түркияда қазақ тілінде оқытатын мектептер жоқ. Бұл жас ұрпақтың қазақ тілін білмеуінің басты себебіне айналған. Түркиядағы қазақтар Өзбекстандағы қазақтар сияқты тарихи мекендерінде отырған жоқ, керісінше

Түркияға жеткенше талай тарихи үрдістерді басынан кешірді. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің аға буын және орта буын өкілдері арасында ғана сақталуына негіз болған. Ал жас ұрпақ қазақ тілін білмейді. Оның бір ерекшелігі Қазақстан мен Түркия елдері арасындағы мәдени байланыстағы графикалық ерекшеліктер болып табылады. Мысалы, Түркия қазақтары Қазақстаннан барған кітап, журналдарды кирилица графикасында болғандықтан оқи алмайды. Мұны Қазақстаннан барған студенттер бірден сезінеді. Алайда Түркия қазақтары этнотілдік жағдайын басқа қырынан шешуге тырысады. Мысалы, Еуропа қазақтары арасындағы үлкенді-кішілі құрылтайлар мен жиындар және бас қосуларда ғана қазақша сөйлесіп, өзара ана тілінде араласуға тырысады. Кейінгі жылдары Түркия қазақтарының тарихи отанына көшіп келуі де айтарлықтай жырақта жүрген туыстарына қазақ тілі мен мәдениетін тасымалдауына негіз болып отыр. Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы білім, ғылым саласындағы қарым-қатынастарда Түркия қазақтарының мәдени бірегейленуіне жағдай жасап отыр. Қазақстаннан Түркияға барып оқитын қазақ студенттердің көптеп баруының маңызы зор. Бұл ретте Түркияда туып өскен және Түркияға көшіп барған қандастардың мәдени әлеуетін жасыруға болмайды. Мысалы, түркиялық қазақтар ішіндегі ғылым саласында жүрген азаматтар қазақстандық студенттерге қол ұшын беріп тұрады. Бұл да өз кезегінде Түркиядағы қазақтардың тілдік кейбір мәселелерінің реттелуіне мүмкіндік береді.


М. Вебер өзінің «Социология религии» атты еңбегінде діннің нақты анықтамасына тоқталып кетеді. Мұнда ол діннің негізгі тірегі адамның ішкі құндылықтарының әлеуметтік қызметіне әсерінен көрінетінін атап өтеді [163, с. 190; 191–199]. Мұнда М. Вебер діннің адам өміріне қаншалықты әсер ететініне талдау жасайды. Ал Э. Дюркгейм болса «Элементарные формы религиозной жизни» еңбегінде дінді наным-сенімнің жүйесі ретінде түсіндіріп, адамдардың киелі ұғымдарға қатынасын қарастырады. Дін адамдарды бір орталыққа біріктіруші фактор ретінде анықталады [164, с. 174–231]. Осылайша адамдардың діни ритуалдарға қатынасын, ал ритуалдардың қоғамның бірігуіне ықпалын қарастырады. Мұнда адамның діни рәсімдерге қатынасының күшеюі діни бірегейліктің басты факторы ретінде түсіндіріледі. Дәл осы сияқты антрополог К. Гирц дінді мәдени жүйе ретінде қарастырады. Ол келесідей пунктерді қамтиды: біріншіден, символдар жүйесі; екіншіден, адамдардың тұрақты көңіл күйін қалыптастырады; үшіншіден, болмысты түсінуге мүмкіндік туғызады; төртіншіден, осы қарастырылған мәселелерді шынайылық деңгейінде түсіну болып табылады [165, с. 108]. Гирцтің еңбегіндегі діннің әртүрлі символдар арқылы адамдарды ортақ құндылыққа шақыруы қазіргі кезде әлемдік дәстүрлі діндерде көрініс табады. Мысалы, мұсылмандарда айдың белігісі болса, христиандарда айқыш ағаштың символдары діни ерекшеліктің немесе діни бірегейліктің басты ерекшелігі болып табылады.

Дінді этникалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастыратын ғалымдардың пікірлері де құнды. Оның қатарында Р. Брубейкер [166] және Э. Смиттер [167, 2-20 pp.] діннің символикалық мәнін талдауға тырысады. Сол сияқты П. Хеммин мен Н. Медж діни бірегейліктің қалыптасу шарттарын екі

фактормен байланыстырады. Біріншіден, діни бірегейліктің қалыптасуы үшін өзге қоғамда өмір сүріп жатқан этникалық топқа әлеуметтік құрылымның бірегейлік үрдістері әсер етуі керек. Екіншіден, діни бірегейлік өзара өз ішінде қалыптаспайды, ол үшін қоғамның барлық саласына қатынасуы керек [168, с. 40]. Бұл тұрғыда этникалық топ өкілдерінің барлық бірегейлік факторларынан діни бірегейлік формасын анықтап алынуы маңызды шарт болып табылады.

Этникалық бірегейліктің маңызды факторларының бірі этностың наным-сеніміне және ортақ қастерлейтін құндылықтарына байланысты болып келеді. Диаспорадағы діни жағдайдың этникалық топ өміріндегі маңызы жөнінде бірқатар зерттеулерде жан-жақты қарастырылған. Бұл ең алдымен Дж. Де Востың еңбегінде былайша сипатталады. Де Востың еңбегіндегі негізгі мәселелердің бірі дінге арналған. Ғалымның пікірінше дін – этникалық бірегейлікті жоятын негізгі факторға жатады. Бұл жерде халықтың дәстүрлі наным-сеніміне қайшы келетін діни үрдістерді алға тартады. Жалпы, Дж. Де Востың еңбегінде этникалық бірегейліктің сақталуы мен жойылуына байланысты көптеген факторлар келтіріледі [56]. Мұнда территориялық, нәсілдік, экономикалық және т.б. қарастырылған. Мұндағы қарастырылған діни фактор этникалық топтың дәстүрлі сенімінен тыс діни сенімдер тұтас этностың құндылығы мен болмыс бітіміне қайшы келетіні беріледі. Тұтас алғанда діннің қызметі жекелеген этностың немесе этникалық топтың мәдениетін насихаттамағандықтан жекелеген этникалық топтардың дәстүрлі діни үрдістерге дейінгі наным-сенімдері мен мәдениетіне кері әсер ететіні анық. Мысалы, исламға дейінгі наным-сенімдермен біте қайнасқан салт-дәстүрлер діни шарттардың шеңберіне сыймай қалып жатады. Бұл тұрғыда біздің қарастырып отырған Түркия және Өзбекстан қазақтары арасындағы діни наным-сенімнің негізі дәстүрлі ислам жолы болса, оған қарсы құбылыс ретінде кейінгі жылдары қоғам өмірінде теріс бағытта орын алған радикалды исламдық топтардың іс-әрекеті мен уағыз насихаты этникалық топтың дәстүрі мен мәдени құндылықтарынан ажырататын негізгі фактор ретінде қарастырылады. Жалпы қазіргі қоғамдағы діни бірегейлік мәселесін зерттеушілер әртүрлі формада түсіндіруде. Бұл діни бірегейліктің қоғамның барлық құрылымынан көрінетіні байқалады. Әлеуметтік бірегейлік ұлттық, этникалық, азаматтық, мәдени және діни бірегейліктің тұтас құрылымы ретінде қарастырылады. Осы әлеуметтік бірегейліктің құрамдас бөлігі ретінде діни бірегейлік әлеуметтік және конфессионалды бірегейліктің біріктіруші факторы ретінде қарастырылады. Бұл жөнінде кейбір ғалымдар діни бірегейлікті мәдени бірегейліктің формаларымен байланыстырады. Діни бірегейліктің диаспорадағы орны мен қызметі этникалық топтың орналасқан аймағына және мәдени ортасына байланысты. Себебі діни бірегейлік үнемі мәдени айналымда жүріп тұрған процесті қамтиды. Осы үрдістердің негізінде діни және әлеуметтік бірегейліктің кейбір функциялары біртұтас сипаттарды қамтиды. Сондықтан діни бірегейліктің мәдени және әлеуметтік сипаты этнос өмірінен көрініс табады.

1-сызба. Діни бірегейлік пен әлеуметтік бірегейліктің айқындаушы факторлары.



Сызбада көрсетілген мәдени-әлеуметтік құрылыс макроэкономикалық қоғамда өздігінен циклді ретпен бір-бірін ауыстырып тұрады. Бұл П. Сорокиннің концепциясынан айқын көрінеді [169]. П. Сорокиннің пікірінше мәдениеттің интегралды, идеационалды типтері қоғам өмірінде жетекші орынға ие. Бұл қоғам өміріндегі дін мен мәдениеттің толықтырушы және бір-біріне әсер етуші факторларды анықтайды. Осы факторларды бөліп қарастыратын болсақ, әлеуметтік факторлар өздігінен базистік және ауыспалы болып бөлінеді. Базистік факторларды табиғи-географиялық, территориялық және мемлекеттік компоненттер құрайды. Ал ауыспалы факторларға тарихи, менталды және құндылықтық факторлардың жиынтығы жатады. Тұтас алғанда дін мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы қоғам ішіндегі түрлі процестерді қамтиды.

Осындай теориялық негіздерден тұратын діни бірегейліктің функциясы қоғам өмірінде ерекше орынға ие. Бұл жоғарыда көрсетілген әлеуметтік факторлар ішінде тарихи, менталды және құндылықтық типтері қазақ халқының діни бірегейлігін қамтиды. Осы тұрғыда қазақ халқының діни бірегейлігі ерте заманнан-ақ қалыптасқаны белгілі. Мысалы, ежелгі түркі замандарындағы тәңіршілдік сенімнің уақыт өте келе ислам дінімен біте қайнасып өрбуі дала халқының ислам қағидаларынан алшақ болмағанын көрсетеді. Одан бері IX ғасырдағы Қарахан дәуірінде ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы көшпелі халықтардың наным-сеніміндегі ислам дінінің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасқанын байқауға болады. Ал ортағасырлардағы сопылық ілімнің елімізде кең қанат жаюы қазақ даласының

ислам әлемінің негізгі орталығы ретінде қарастырылуына негіз болды. Мысалы, Орта Азия халықтарының сунниттік бағытта, Имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабында шарифатты тануы және діни сенімінде мәтуридилік ұстанымды ұстануы ерекше фактілердің бар екенін көрсетеді. Демек, Орта Азия халықтарының құдайды тану сенімінде Мәтуриди жолын ұстануы Қарахан заманынан басталып, мәтуридилік сенімнің орталығы Мәуеренахр болғанын түсіндіреді. Мәуеренахр сөзі арабшадан аударғанда «өзеннің арғы жағы» деген мағына береді [170, 156-б.]. Бұл жерде Әмудария өзенінің ар жағы, яғни қазіргі Орта Азия аймағын, Түркістан жерін түсіндіретіні белгілі. Бұл тұрғыда шарифат мен ақида мәселесінде Қазақстанның қазіргі тұтас діни бірегейлікте болғаны белгілі. Мұндай діни бірегейлік Қазақ хандығы дәуірінде және кейінгі рекреационды кезеңдерде де орын алды. Атап айтар болсақ, діни бірегейлік қағидалары Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасында да тұтастықты көрсетеді. Осындай діни бірегейлігі ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының шетелдердегі діни бірегейлікті ұстануы этностың мәдени және этникалық тұтастығын көрсететіні анық.

Отандық зерттеушілер қазақ даласындағы діни бірегейлік үрдісінің қалыптасу кезеңін XVI-XIX ғасырлар аралығында қалыптасқанын дәлелдейді [171, 93-102 pp.].

Осы тұрғыда зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы діни жағдайдың көрсеткіштері де қарастырылды. Бұл тұрғыда Өзбекстан қазақтарын алып қарайтын болсақ, олардың ислам дінінің шарттары мен амалдарын орындау рәсімдері дәстүрмен бірігіп жатыр. Мұның басты себебі Орта Азия елдерінің ерте кездерден-ақ ислам дінінің негізгі орталарының бірі болып қалыптасқанынан болса керек. Өзбекстан қазақтары арасында діни түсінік жергілікті қасиетті орындарға да байланысты. Оның басты көрінісі қазақтардың әулиелі тұлғалардың басына зиярат ете барып, ем тілеп, перзент тілеп, жолының ашық болғанын байқауға болады. Бұл исламға дейінгі наным-сенімдердің әлі де болсын қоғам өмірінен толық шықпағанын байқауға болады. Мысалы, Өзбекстан қазақтары арасында әулиелі жерлерге барып түнеу, садақа беру, зиярат етуі, көз тиюден сақтану үшін әртүрлі тұмарларды пайдалануы осының көрінісі болып табылады. Бұл көріністер Түркия қазақтары ішінде көрініс табады. Мұнда көз тиюден сақтану үшін тұмарларды пайдалану, көз моншақтарды тағып қою, балаларға айдар, тұлым қою осы дәстүрлердің сарқыншағы. Әртүрлі көз тиюден сақтану үшін үкі тағу да осы көне дәстүрлердің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Бір қарағанда дәстүрлі діни құндылықтар осындай көрініс беріп отырғанымен сауалнамада өзгеше деректерді де байқауға болады. Мысалы, Өзбекстан қазақтары арасында жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында 843 респонденттен діни бірегейлік жөнінде сауалнама алынды. Осы респонденттердің 760 өзінің өмірін күнделікті дінмен байланыстыратынын жеткізді. Ал қалғаны діни рәсімдердің адам өмірінде тікелей қатысы жоқ деген сияқты жауаптар берді. Респонденттердің ішінде «Өзіңізді қай діннің өкілі деп есептейсіз?» деген сұраққа 816 адам өзін ислам дінінің өкілі екенін атап өтсе,

22 екі адам өзге діндерді көрсетті. Соның ішінде 5 адам мүлдем дінге сенбейтінін жеткізді. Сауалнама барысында респонденттерге «Ислам дінінің парызы ретінде бес уақыт намаз оқисыз ба?» деген сұраққа 348 адам күнделікті намаз оқитынын жеткізді. Сұралғандардың ішінде 368 адам тек жұма намазына қатысатынын атады. Ал 127 респонденттің мүлдем намаз оқымайтыны белгілі болды. Дәл осы респонденттерге мұсылмандықтың келесі парызы болып саналатын ораза жөнінде сұралғанда 816 адамның 514 адам өмірінде бір рет болса да ораза ұстағанын және мүмкіндігі болса жыл сайын ораза ұстауға дайындалатынын атады. Ал қалғаны мүлдем ораза ұстамағанын көрсетті.

Өзбекстан қазақтары арасындағы этникалық бірегейлікті анықтауда ислам дініндегі мерекелердің маңыздылығын анықтауға тырыстық. Мұнда Құрбан айт мерекесінің жергілікті аймақтардағы қазақтар үшін маңызының жоғары екенін аңғаруға болады. Құрбан айт мерекесі ораза айынан 70 күннен кейін келетіндіктен бұл мерекеге қазақтар ерекше дайындалады. Оған арнайы бір мал қой немесе қошқар сойып құрбандық шалады. Құрбан айт мерекесінде ағайындар бір-бірін мерекемен құттықтап қонақ күтеді. Түркия қазақтары үшін де құрбан айт мерекесі ерекше көзге түседі. Мұндағы қазақтар да ауылдық жерлерде құрбан шалып, айт мерекесін ерекше тойлайды. Ал қаладағы қазақтар әрбір медресе-мешіттердегі құрбан шалу шараларына қатысып, садақа, пітір беріп, зекет шығарып жатады. Өзбекстандағы қазақтардың этникалық бірегейлігі наным-сенім тұрғысынан жасалатын рәсімдермен де байланысты. Ауылдық жерлерде әруақтарға жеті күлше пісіріп, құран бағыштап тарату жалғасын тауып келеді. Исламға дейінгі сенімдер негізінде отқа май құю сақталған. Бұл рәсім Түркия және Өзбекстан қазақтарында сақталған. Түркия қазақтарында жаңа түскен келінді адыраспен аластау, отқа май құю сияқты ғұрыптар сақталып отыр. Оны емші Санияхан Зейнолла әлі де болса бақсылықта қолданып келе жатқанынан айтты. Өзінің сұхбатында «шипа жасағанда осы өлеңді айтамын, ұшықтаймын, алты ала аққу болып өзі келеді. Алладан келген іс. Бақсылықты ұстамай кетсе ауырып қаламын. Тамыр ұстап айтады көзіме көрінгенді айтамын, шаршаймын. Ем жасағанда мына тілек дұғаны айтамын:

Бір өзіңе жылайын-ай
Бір өзің медет бермесең-ай
Кімнен медет сұрайын-ай
Е еее Алла бере гөр шипа
Тәңірім-ай
Айналайын күдірет-ай
Пайғамбарым Мұхаммед-ай
Ғайып ерен қырық шілтен-ай
Мен пендене жәрдемет-ай
Е еее Алла бере гөр шипа, –

деп өзінің шипа іздеген жандарға қол ұшын беретінін айтты [VI]. Жалпы Түркияда бақсылар жөнінде бірқатар аңыздар мен әңгімелер сақталған. Оның

бірқатарын Ақан Хадарұлы айтып берді: Бақсылар албастыны көреді. Албасты бала босанайын деп жатқан әйелге барады. Сондықтан бақсы оны қуады екен. От жағып отырады, сонда албастылар одан қуылады деген. Түріктерде 52 күн деген бар, ет пен терінің айырылатын күні. Босанған әйелді 3 күн күзеткен, ол дәстүрлі қазақ ырымында түйе малы боталағанында да бар (XXXVI). Сонымен қатар Омар Жігіттің бақсылық жөнінде айтқан аңыздары да ерекше: «Бақсылық Алла тағаланың берген белгісі. Дәрігерлерге бармайды. Ұшықтайды. Құмалақшы бұрындары болған. Ертеде бір құмалақшы кісі болған екен. Жолаушылап келе жатып жолда құмалағын ашып жіберсе, түнейтін болсаң осы жерде өлесің, туысыңның үйіне барсаң жеңгең өледі дейді. Құмалағын тағы ашса егер үйіңе қайта барсаң өзіңнің әйелің өледі депті. Жолшыбай бір атты кісілер аттарын суарып жатып, ішіндегі бір ақсақал «ей жігіт неге бейсауыт отырсың?» деп сұрапты, сонда әлгі жігіт құмалағын айтыпты. Әлгі қария не боларын көрейік? деп құмалағын қайта аштырыпты. Ашылған құмалаққа қарап, ей жігітім сен құмалықтың 40 тілін білгеніңмен 1 тілін білмейді екенсің. Анау арқаңдағы дорбаңды аш, өзің ары түр депті. Дорбасын ашса ішінен жылан шыққан екен. Қазақтың құмалақшылдығы, бақсылығы болған» деп қорытындылайды (IV). Информатордың бұл ақпараттарынан бақсылықтың исламға дейінгі қазақ қоғамындағы наным-сенімдердің сарқыншағы екені анық. Мұны Ә.Т. Төлебаевтың «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв.)» атты еңбегінде жан-жақты қарастырады [172].

Түркия мен Өзбекстан қазақтары арасындағы этникалық бірегейлікті қарастырғанда діннің айтарлықтай маңызы бар. Мұнда екі этникалық топтың да қоныстанған ортасы ислам дініне көзқарасы орынды. Тағы бір қыры бұл ислам дінінің тек қана қазақтар үшін емес, жалпы сол республикалардағы мұсылман халықтарына ортақ құндылығы екені рас. Мұндай жағдай этникалық топтың азшылығы мен көпшілігінің де маңызды фактор екенінде айғақтайтын сұрақтар қояды. Қазақтардың этникалық бірегейліктен гөрі діни бірегейлікке ауысып кету қауіпі бар екенін де жасыруға болмайды (XLI).

Жалпы, Түркия және Өзбекстан қазақтары үшін діни тұтастықтың маңызды шарты дәстүрлі ислам екені рас. Осы дәстүрлі исламның шарттары ғана этносты біріктіруші қызметін атқарады. Өйткені дәстүрлі исламның негізгі шарттарының көпшілігі қазақтың күнделікті әдет-ғұрыптарында, салт-дәстүрінде орын алған. Осы тұрғыда мұсылманшылықтың қазақтың қонақжайлылық, кеңпейілдігі, адамгершілік қағидаларымен өзара астасып жатқанын байқаймыз. Шетелдегі қазақтардың жерлеу ғұрыптарындағы және ғұрыптық кешендердің құрылысындағы ерекшеліктер этномәдени бірегейлікті айшықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, Түркияда да және Өзбекстанның Қызылқұм алқабының қазақтарының зираттарында да қайтыс болған адамның суретін қоймау үрдісі діни бірегейлігін көрсетеді.

Қорытындылай келгенде Өзбекстан мен Түркияда тұрып жатқан қазақтардың этнотілдік көрсеткіштері этномәдени үрдістер негізінде ерекшеленеді. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігінің

калыптастырушы факторларының бірі тіл екенін түсіндіреді. Ал тілдің дамуына тек қана оның тұрмыстағы қолданысы емес, қоғамдық қатынастарда да, ғылым мен мәдениеттегі орны басты фактор болып табылады. Осы тұрғыда Өзбекстандағы және Түркиядағы қазақтардың тілдік жағдайына халықтың салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды сақтауы да маңызға ие. Бұл өз кезегінде қазақтардың аға буын өкілдері мен жас ұрпақтың мәдени сабақтастығын қалыптастырады. Бұл мәселе қоғамдық ұйымдар тарапынан және мәдени орталықтар тарапынан да қолдау табуы тиіс. Келешекте бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді.

3.3 Институционалдық және қоғамдық бірлестіктердің этникалық бірегейлікті сақтаудағы қызметі

Дәстүрлі қазақ қоғамы тіршілік жүйесінде әртүрлі мәселелерді өзара ымыраластықпен реттеп отырды. Өзара ымырада өмір сүру қоғамның ұйып этникалық тұрғыда бірегей өмір кешуіне жағдай жасады. Осы тұрғыда қазақ халқының арасында институционалды билік жүйесінің дамуы көшпелі тұрмыс-тіршілікке негізделді. Мұнда қазақтар арасында хан билігі, билер кеңесі болғанын байқаймыз. Билер кеңесінің құрамы 8-ден 24 биге дейін тұрды. Жалпы билер институтының қазақ арасындағы орны дәстүрлі құқықтың дамуына алып келді. Қазақ қоғамындағы билік жүйесін өз кезегінде Ш. Уәлиханов, Н. Изразцов, А. Леонтьев, Л.А. Словохатов, П.Е. Маковецкий және т.б. зерттеді. Ал кейінгі кезеңде С. Зимановтың дәстүрлі заң ағарту құрылымына байланысты зерттеулері іргелі еңбек болып табылады.

Жалпы, осы дәстүрлі билік жүйесі қазақ қоғамының ажырамас бөлігі ретінде ақсақалдар билігі арқылы жалғасып келді. Мұны біз қазіргі кезеңде де байқап отырмыз. Мысалы, қазіргі қазақ халқы арасындағы билік жүйесі негізінен шетелден келген қандас бауырларымыздың және ауыл тұрғындары арасында орын алады. Дәл осы құбылыс қазақ диаспорасында да кездеседі. Мысалы, Түркия қазақтары арасындағы ақсақалдар билігі арнайы қорлардың қызметімен жүзеге асырылды. Олар өз рулары арасында арнайы қор жасақтап, соның негізінде қазақ диаспорасының әртүрлі әлеуметтік және мәдени мәселелерін қарастырып отыр. Дәл осы жағдай Өзбекстан қазақтары арасында да қалыптасқан. Мұндағы ру ақсақалдары өздері арасында беделді адамды би сайлап, соның ұйымдастыруымен топтасып өмір сүрді. Мұндай сайланған билердің негізгі қызметі ағайындар арасында туындаған дауларды шешумен, жағдайы төмен отбасыларға қор арқылы жағдай жасаумен және той, садақа және басқа іс-шараларды халық болып өткізумен сипатталады. Бұл жүйе сыртта жүрген қазақ диаспорасы үшін этникалық бірегейлікті сақтап қалудың бірден-бір жолы болып табылады. Қазақ диаспорасындағы ақсақалдар билігі Қазақстанға келіп жатқан репатрианттардың арасында да жиі байқалады. Әсіресе Өзбекстан, Қарақалпақстаннан келген қазақтар арасында билер сайлап алу үрдіске айналған. Қандас бауырларымыздың арасындағы би сайлау жағдайы елге келген алғашқы жылдары қазақтардың жаңа ортаға бейімделуіне оң ықпал етті. Ал диаспорадағы біріккен билік жүйесі әртүрлі аймақтарда өмір

сүріп отырған қазақтардың өзара топтасуына, танысуына мол мүмкіндік беріп отыр.

Этностың мәдени бірегейленуінің бірден-бір шарты – өзара тығыз қарым-қатынас орнату. Диаспорадағы ерікті қауымдастықтардың өз мәдениетін сақтап отыру үшін жүргізіп отырған іс-шаралары этникалық топтың этномәдени бағыт-бағдарын анықтайды. Осы тұрғыда Түркия қазақтарының этникалық топ ретінде өзара бірегейленуі мақсатында топтасуы Шығыс Түркістаннан ауып келгеннен бастау алады. Бұл үрдістер қазақтардың топтасып өмір сүріп, мәдениетін дамытуға негіз болды. Көп жылдар бойы оқшаулану жағдайында өмір сүрген Түркия қазақтары үшін саяси және мәдени оқшаулану этномәдениеттің дамуына бірқатар нұқсан келтірді. Осыған орай әлсірей бастаған этномәдени үрдістерді қалпына келтіру мақсатында Түркия қазақтары өзара бірігіп, қауымдастықтар арқылы қарым-қатынас орната бастады [173, с. 175–180].

Диаспора әлеуметтік институт ретінде этникалық мәдениеттің сақтаушысы ғана емес, сонымен бірге осы этникалық топтың материалдық және рухани құндылықтарының, мінез-құлқының тұрақты нормаларының, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының жаңғыртушысы. Диаспораның мүддесін білдіретін, оның ішінде этникалық мәдениетті сақтаудың түрлі іске асыратын құрылымдардың бірі этномәдени қоғам болып табылады.

Этномәдени қоғам – бұл өзге этностар арасында өздерін белгілі бір этникалық топқа жатқызатын және өз еріктерімен әрекет ететін өзін-өзі ұйымдастырып және өзін-өзі басқаратын, ұлттық-мәдени, яғни «дара, ана тілін дамыту, білім беру, ұлттық мәдениет, өз ұлтының бірлігін нығайту, этносаралық қатынастарды үйлестіру, дінаралық диалогқа ықпал ету, сондай-ақ мигранттардың әлеуметтік және мәдени бейімделуі мен интеграциясына бағытталған қызметті жүзеге асыру мақсатында өз отанынан тыс жерде өмір сүретін этностардың құрылған қоғамдық ұйым нысаны бар азаматтардың бірлестігі.

Қазіргі күні зерттеушілер этномәдени орталықтардың қызметтерінің негізгі бағыттарын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- басқа этникалық ортада тұратын этностардың ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында іс-шаралар жүргізу;
- қоғам мүшелерінің этникалық әлеуметтенуін жүзеге асыру;
- бұқаралық мәдениеттің жалпы әсер ету жағдайында жеке тұлғаның рухани-мәдени әлеуетін сақтау;
- тұлғаны саяси, экологиялық және басқа да мәселелерді шешу жөніндегі мәселелерде азамат ретінде жауапкершілік және белсенді тұлға ретінде белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру [174, с. 100].

Түркия қазақтарының мәдени қауымдастығының алғышарты 1960 жылы Стамбул қаласында Шығыс Түркістан босқындарының қауымдастығының құрылуынан бастау алады.

Бұл Түркия жеріндегі Шығыс Түркістаннан шыққан түркі халықтарының ортақ ұйымы болды. Түркі халықтары өзара этномәдени бірлікке негізделген ұйымның аясында өз мәдениеттерін дамытуға тырысты.

Қауымдастық 1952 жылы көшпен келген 1850 адамның әлеуметтік және құжаттарына көмек беру үшін құрылған болатын. Бұл қауымдастыққа ұйғырлармен қатар қазақтар және басқа да түркі халықтары мүше болды. Қауымдастық жетекшісі болып Иса Алптекин сайланды. Бұл қауымдастық барлық мұсылмандарға Шыңжаң Шығыс Түркістан елі деген ұран тасталып, 1962 жылы осы қауымдастықтың меморандумында жазылды. Қауымдастық оқшаулана бастаған этномәдениетті дамытуда бірқатар қызметтер атқарды. Сол кездері «Шығыс Түркістан» ұйымына барлық түркі ұлтының өкілдері: ұйғыр, қырғыз, татар және қазақтар енді. Алғашқы кезде барлығы бірігіп өмірге қажетті сұраныстарды бірге көтеріп жүрді. Соған сәйкес ұлттық киімдер тігіліп, ал жастар дәстүрлі әндер мен билер биледі. Алайда бұл қауымдастық құрамындағы қазақтардың қызметі шектеулі болды, тек фольклорлық қызметтеріне ғана араласты (XLII). Осы шектеулерді еңсеру мақсатында қазақтар, кейін келе әр ұлттың өз талабы, өз сұранысы болғандықтан, оның үстіне өздерінің ұлттық дәстүрлі мәдениетін жастарға үйретуі үшін 1986 жылы Стамбул қаласында «Қазақ Түркілері Вакифі» деп бөлініп шықты (V). Түрікше «VAKIF» деген сөз «қор» деген мағынаны береді. Қазіргі Түркиядағы әр қазақтың ата, әкелері сол қоғамның мүшесі болды. Қазіргі кезде аталмыш қордың төрағасы – Пазыл Топлы.

Бұл қорға 400-дей қазақ үлес қосып, олардың белгілі мақсаттары болды. Осы қоғамның мүшесі болған Садыхан Улычай алғаш қорда 17 адам мүше болдық дейді. Қоғамдық қордың «Қазақ вакифі» деп арнайы аталуы түркиялық жастар алдында жаңа үндеу тастағанымен бірдей болды (А 58-сурет). Бұл Анадолы қазақтарының өз ұлтын жасырмай жариялау және соның аясында бірегейленуге шақырды. Дегенмен ол кездері қордың қаржыландыру жүйесі қиын жағдайда болған. Алайда ерікті қазақ белсенділерінің арқасында қор жұмысы ақырындап іске қосылды. Ол кезде Түркия қорлары Қазақстаннан «Шалқар» газетімен байланыс орнатқан. Қазақстандағы қоғамдармен де байланыс орната бастады. Бұл Түркиядағы қазақтардың Қазақстаннан туыстарын табуына, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін ұстануға жағдай жасады (VIII). Ал қор жұмысындағы мерзімді басылымдар орны Түркия қазақтарының тарихи отаны Қазақстанның жағдайымен танысып, қазақ тілінің қолданысын барынша кеңейтуге тырысты. Алайда Қазақстаннан баратын мерзімді басылымның кирилль графикасында басылып, Түркия қазақтары оны түсінбейтін мәселелер де болды. Десек те қор жұмысының Қазақстанның мәдени өмірімен байланыс орната бастауы түркиялық қазақтар арасында жаңа мәдени алмасуларға алып келді. Соның бірі әр жерден арнайы қоғамдық ұйымдар мен қорлардың құрылуы болды. Бұл, біріншіден, Түркия қазақтарының шашыраңқы орналасуы нәтижесінде болса, екіншіден, арнайы құрылған қорлардың атқаруға тиісті жұмыстарының көптігімен түсіндіруге болады.

Осылайша атажұрттан ауа көшкен қазақтар ұлттық болмысын, этникалық бірегейлігін сақтап отыр. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дін мен діл, тарих пен мәдениетті жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, жат-жұрттықтарға жұтылып кетпеу үшін барлық мүмкіндіктерін пайдаланды. Уақыт өте келе әлеуметтік жағдайы жақсарған қазақ диаспорасының өкілдері жасөспірімдердің ата-бабасының әдет-ғұрпын білмей өзге тәрбиеге еліктеп, ой-өрісінің өзгеріске ұшырай бастағанын байқайды. Сол себепті ақсақалдар бас қосып, жас ұрпақты қазақтың мәдениетімен, салт-дәстүрімен, тарихымен таныстыра отырып, тілге үйрету арқылы қазақы рухта тәрбиелеу, сондай-ақ қазақтардың өз арасындағы ынтымағы мен байланысын нығайту мақсаттарында жоспарлар жасады. Осының нәтижесінде Түркиядағы қазақ диаспорасының отырған жерлерінде бірқатар қоғамдық ұйымдар мен қорлар құрылады. Бұл тұрғыда аталмыш қоғамдардың белсенді мүшелері Түркия қазақтары арасында қазақ тілі мен мәдениетін, дәстүрін насихаттауға барлық жағдайды жасауға тырысты. Оның ең басты платформасы ретінде қазақтар арасындағы туыстық қатынастарды нығайту болды. Туыстық қатынастар арқылы қоғам жұмысын ілгерілету этникалық топ ішінде ортақ мәдениеттің ұмыт болып бара жатқан үлгілерін жаңғыртуға негіз болды. Мұның негізгі объектісі ретінде қазақтың отбасы институты болды. Отбасындағы ұстанатын дәстүрлер ортақ іс-шараларды ұйымдастырумен жалғасты. Соның ішінде ас, той, өлім-жітім сияқты шараларда қазақтардың көне дәстүрлерін барынша сақтауға тырысты (V). Бұл Түркияға келген алғашқы лек буын үшін әсіре қиын болмады. Себебі алғашқы буын өкілдері өз шыққан орталары қазақтың дәстүрлі мәдениетінен алшақ болмады. Ал Түркия жерінде дүниеге келген жастар болса әлі де болса жасөспірім болды. Бұл қазақтар арасында өзара бірегейлену мәселесінде айтарлықтай мәселе болмағанын және жасөспірімдер арасында отбасында қазақша сөйлесу сияқты немесе ата-анасынан көрген білгендерді орындау дәстүрлі тұрғыда қиындық туғызбады. Қордың 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін екі ел арасында қарым-қатынас көпір ретінде мемлекеттер арасында көп көмегі болды.

Қордың басты мақсаты – қазақ мәдениетін таныту, ата-баба дәстүрін сақтау, қазақтар арасында ынтымақты күшейте отырып, жастарды тәрбиелеу үшін қазақ тілін, тарихын оқыту, қолөнерге баулу, ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау, ән айту, би билеуге үйрету және т.б. болды (А 57-сурет). Ол үшін оқыту дәрісханалары жұмыс істейді. Алайда оқыту шығындарын жабу үшін бұл курстар ақылы болды. Бұдан басқа қазақ тарихын зерттеу, қоғам мүшелері арасында әлеуметтік, мәдени және материалдық тұрғыда көмек көрсете отырып, тек Түркия қазақтарына ғана емес, қажет болса түрік азаматтарына да жәрдем беру тәрізді міндеттерді атқарды. Қоғам басшылары қазіргі күнгі Түркиядағы қазақтардың әлеуметтік жағдайы туралы: әркім өз күнін өзі көріп отыр, мемлекеттен көмек алмайды. Мұнда жұмыссыз мүлдем болмайды. Бұрындары барлығымыз бірігіп зауыт-фабрикалар ашып, мысалы 60-70 қазақ бірігіп бірлесіп жұмыс жасайтынбыз. Қазақтарда тері, линолиум шығару (еден төсеніші) кәсіпкерлігі мен пластик зауыттары көп болатын,

жағдайымыз жақсы еді. Қазіргі кезеңде ондай шағын кәсіпкерлік те қалып барады. Себебі Қытайдан арзан заттардың келуі біздің тауарымызға деген сұранысты азайтып жіберді (XXXV). Әдетте Түркия қазақтары Ақсарайда, Нигде, Алтайкөй, т.б. жерлерден өздері салған «Вакиф» қорының ғимаратында жиналады (58-сурет). Стамбулдағы Зейтінбұрын аумағындағы қор төрт қабатты ғимаратты 45 жылға жалға алып отыр. Осы қорда қазақ тілін, т.б. да тіл курстарын беретін орын, қордың басшысы отыратын кеңсесі болса, жоғары қабаттарда арнайы қазақтардың басын қосып той, құран оқылып жаназаға жиналып отыратын орын. Әдетте үшінші қабатында әйелдер, ал төртінші қабаты ер кісілерді бөлек отырғызуға арналған. Арнайы қазан-ошақ, тамақ пісіретін орын жасалған.

Қордың негізін қалаушылардың және кезінде оны басқарған белсенділердің аты-жөндері: Дәуіт Ашықкөз, Мұхаммәди Қылыш, Абдулах Имрен, Яданхан Акай, Шеризат Доғру, Тоқтаубай Топлы, Аббаш Калкан, Кадир Хайдар, Жәми Аужы, Абдулжәлел Инан, Тоқтаубай Орхан, Мұрат Аксел, Құнанбай Нәзір, Сұлтан Мехмет, Сербест, Сыдықхан Ұлучай, Мәлик Шерефлі, Жәлел Абдулжәлел Кахруман, Ибрахим Мутлу, Абдулжәлел Гүлер, Шахмансур Дених, Мади Чалышкан, Зафер Селви, Өмір Жігіт, Ебуталип Чобаноглу, Илияс Саха, Дервиш Қылыш, Жұмали Зенгин, А. Уақап Қылыш [20].

Жалпы қор жұмысының алғашқы жылдарында қазақтардың этномәдени дамуы олардың этникалық бірегейленуінің сыртқы аспектілерін қамтыды. Қор жұмысын ұйымдастырушылардың пікірлерін ескеретін болсақ, жергілікті аймақтардағы қазақтар қор қызметі аясында өздерін мәдени даму жүйесінде еркін сезінді. Әлеуметтік қатынастар жағдайында қор ұйымдастырған іс-шараларда өздерін қауіпсіз сезінді.

Түркиялық қазақтардың қоғамдық қорлары өзара оқшауланған ұйым емес, керісінше қоғамдық өмірде белсенділік танытып отырады. Қор жұмысының қоғам өмірімен тікелей байланысын жылына төрт рет «Арман» журналының шығарылуымен түсіндіруге болады. Бұл баспасөз бетінде Қазақстан туралы, мәдениет саласында болып жатқан жаңалықтар жайында мақалалар жарияланады [42]. Осы «Арман» журналының негізін қалаған қаламгер, Түркияда тұратын қандасымыз Ертіұғрыл Ербаш болып табылады.

Жалпы, Түркиядағы қазақ қауымдастығы жанында қазақ тілі мен дін пәндерінің курстары, қордың қайырымдылықпен айналысатын қызметтері «Арман» журналында мақала ретінде басылады. Осының барлығы болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени мұраларын ұмытпауы үшін жасалынып отырған шара деуге болады. Сондай-ақ қор жұмысының баспасөз бетінде ашық жариялануы қоғам алдында ашықтық болса, екінші жағынан, Түркия қазақтарының мәдени өмірінен мәлімет беретін құнды дерек болып табылады. Әртүрлі түрік тіліндегі журнал Қазақстан жаңалықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелерін де қамтып отырады. Журналдың жалпы таралымы – 7500 дана. Оның 55 данасы Америка қазақтарына, тағы біршама бөлігі Германия, Бельгия, Францияда тұратын отандастарымызға таратылады. Түркиядағы қазақ қауымдастығының

алғашқы төрағасының бірі Дервиш Қылыш: «Біз қазақша журнал шығаруға аса мүдделіміз. Мұндағы түріктер біздің түбіміз бір деп біледі. Бізде түрікшеге аударылмаған кітаптар өте көп қой. Тіптен түріктердің өздері қазақтың мәдениеті мен тарихын тануға құлықты болып отыр», – дейді [20; XXXV].

Қазақтардың біркелкі қоныстанған өлкесі Салихлыдағы қазақтарда өздерінің жеке «Turkistanlılar Kultur ve Yardımlasma Dernegi» қауымдастығын ұйымдастырды. Оған Хамза Учар мен Шеризат Доғру басшылық етті (XLI). Бұл қауымдастықтың да басты идеясы түркілік қоғамы бағытында жұмыс істеп, бір жылдың ішінде біраз табысқа қол жеткізді. Оның ішінде «Түрік елі» деген басылымды жарыққа шығарды. Басылымның мұқабасы Шығыс Түркістан республикасының туымен безендірілді. Бұл Түркиядағы қазақтардың негізгі отаны Шығыс Түркістан екенін айғақтап тұрды. Осы кезеңдерде қауымдастықтың жұмыс бағытында фольклорлық жұмыстар ерекше қолға алынды. Осының нәтижесі ретінде 1972 жылы түркі тілдеріндегі өлеңдер жинағын шығарды. Алайда Салихлы қаласының тәртіп сақшыларының араласуымен қауымдастық жұмысын тоқтатты. 1969 жылы Түркияға Жанымхан Тілеубердіұлы келді. Ол Абак Керейдің іргелі бір руының биі (тәйжисі) болған, кейін өкімет ісіне араласып, өлкенің қаржы министрі қызметін атқарған. Оның Түркиядағы қазақ диаспорасындағы алғашқы белсенділігі сырттағы қазақ босқындарының 30-дан астам баласын Тайваньда оқытып, Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Ирандағы қандастарымызға қамқорлық, көмек көрсетуден басталды. 1972 жылы Стамбул қаласының Гүнешлі ауданында «Қазақ Кент» ауылын құру алқасының төрағасы болды. Ал Стамбулда қазақ кентін салу, мешіт-медресе ашу, босқындар қауымдастығын құру, т.б. игі істерге басшылық еткен Дәлелхан Жаналтай болды [110]. Қазіргі күні «Салихлы қазақ түркілер мәдени және ынтымақтастық қоғамы» қазақтар қоғамын 2005 жылдан бері Шүкрі Әлім Ерен (А сурет) басқарып отыр (XLI).

Жалпы, Анадолы жеріндегі қазақ қорларының қызметінің келесі кезеңін 1980 жылдардан кейінгі уақытпен байланыстырса болады. 1980 жылдардың басы Түркияға келген қазақтардың жаңа буын өкілдерінің өсіп жетілуімен сәйкес келді. Бұл жас ұрпақтың жаңа буыны Түркияда туылған, түркиялық тәрбие мен білім алған қазақтарды қалыптастырды. Түркия жерінде қалыптасқан жаңа буынның түрікше білімі мен тәрбиесі қазақ қоғамдары алдында жаңа мәселелерді алға тартты. Оның біріншісі қазақ тілі, мәдениетінің тек отбасылық деңгейде жүргізілетіндігімен байланысты болды.

Қазіргі таңда Түркияда қазақ диаспорасы өкілдерінің бастамасымен құрылған Стамбулда «Қазақ түркілері қоры», «Яссауи қоры», «Шығыс Түркістан көші-қон одағы» «Гүнешлі қазақтары қоғамы», Маниса аймағындағы «Салихлы қазақтары қоғамы», Нигде аймағы Ұлұқышла ауданындағы «Алтай ауылы қазақ қоғамы», Кониядағы «Ісмил ауылы қазақ түркілері мәдениет және әлеуметтік жәрдем қоғамдары» жұмыс істеуде [20].

2014 жылы жастарға қолдау көрсету мақсатында КАТИЯД қоры құрылды. Әсіресе оқып жатқан студенттер мен оқушылар білім беру мақсатында құрылған орталық. Әлеуметтік жағдайлары келмей білім алуға ынталы

балаларға грант табу. Жылына 80 балаға дейін грант табылады. Қазақстаннан да келген балалар бар, Түркиядағы қазақ диаспорасына, одан кейін басқа ұлттарға көмек. Сонымен қатар жетім-жесірлерге қолдау көрсету. «КАТИЯД»-та 13 адам кеңес мүшелері, 90 мүше бар. Демеушілерді өзіміз табамыз. Кітаптар шығарамыз. 3 айда бір Қазақ елі журналын шығарамыз. Журнал екі тілде шығады. Қазақстан жаңалықтары жарияланып тұрады. Осы кезге дейін №11 журнал шықты. Авторлары Ертолқын 2500 «Қазақ елі» журналының 500 данасы Қазақстанға барады. Өзекті тақырыптар қозғалғанда таралымы көбірек болады. Осы қоғам жұмысының арқасында 10-нан астам кітап шығарылды. Ұмытылмайтын естеліктер, ауыр көштің қасіретті еңбектерін шығардық. Оның ішінде: Оспан батыр, Халифа Алтай, Елісхан батыр, Нұрғожай батыр, Жаналтай Дәлелхан сияқты көш басшыларының кітаптарын шығардық, рухтан айырылмасын деп жастардың болашағына арнап шығардық. Көшбасшылары туған топырағын, ата-бабаларын артына тастап келген қазақтардың естеліктері еді. Байқап отырғанымыздай мерзімді басылымдардың таралым аясы тек Түркия емес, Еуропа қазақтарын да қамтып отыр. Ал дерек берушінің пікірінше арнайы ұйымдастырылған қорлар қызметінде баспасөз, арнайы танымдық басылымдарды күшейту керек.

Осыған орай мұндағы қазақтар журнал арқылы Қазақстанның көрікті жерлерін насихаттауды да өзіне парыз деп біледі. Олар «Caspionet» кабельдік телеарнасы арқылы Қазақстанның тарихи, мәдени, яғни туристік жерлерін тамашалап қуанып отырады. Бұл арнаның іске қосылуынан кейін Түркия мен Еуропа қазақтары барынша тарихи отаны мен мәдениетінен мол хабар алып отыр.

Қазіргі кезде Түркия қазақтарының қоғамдық қорлары жан-жақты қызмет етіп келеді. Қожа Ахмет Яссауи қоры (1991 жылы құрылған), «Салихлы қазақ қоғамы», «Гүнешлі қазақ қоғамы», «Алтай ауылы қазақ қоғамы», «Ісміл ауылы қазақ түркілері мәдениет және әлеуметтік жәрдем қоғамы», «Жас қазақ» клубы Түркия қазақтарының өзара бірегейленуіне біраз жұмыстар атқарып келеді. Бұл қоғамдардың көпшілігі шағын қоғамдар ретінде тіркелген. Осы сияқты басқа да бірқатар шағын қоғамдар ашылғанмен, кейін келе әртүрлі себептермен жабылып қалады. Аталмыш қоғамдардың көлемі шағын болғанымен, сол орта үшін маңызды іс-шаралар атқарады (LVII). Бұл қазақ отбасындағы мерекелік шаралардың өткізілуі де осы қоғам мүшелерінің қызметімен сабақтасып жатады. Мысалы, отбасын құрғанда тойдағы беташар, әртүрлі рәсімдерді ел алдында орындау осы қоғам мүшелерінің еншісінде. Оның сыртында көне қазақы рәсімдердің кейбір атрибуттары осы асабалар арқылы орындалып жатады. Соның ішінде тойларда үлкен кісілерден бата алу, қонақтарды ретімен орналастыру, құдалықтың болуы, құдаларға көрсетілетін құрмет белгілері осы қоғам мүшелерінің атқрауымен жүзеге асады (59-сурет).

Жалпы, Түркия жеріндегі қазақтардың этникалық бірегейленуінде қоғамдық ұйымдардың қызметі тек бірнеше адамдардың ортақ идеясы емес, іс жүзінде үкіметтік емес ұйым ретінде тіркеледі. Ұйымдардың көпшілігі бизнес субъектілері негізінде қаржыландырылады (59-сурет). Оған қосымша жергілікті

жерлердегі қазақтар вакифтік жүйе арқылы өз қорларын толықтырып отырады. Қорлардың заңды үкіметтік емес ұйым ретінде тіркелгенімен, оның қызметі тікелей қазақ этносының мәдениетіне бағытталады. Ал осындай қорлардың қалыптасу бастаулары да қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан алыстамайды. Ол дәстүрлі туыстық қатынастар негізінде «асар», «жылу жинау», «қажет ашу» сияқты ұғымдар аясында қалыптасады. Бұл қорлардың негізгі мақсаттарын айқындайтын фактор болса, қор жұмысына белсенділік танытуда қазақтың рулық жүйесі, жеті ата, шежіре тарқату мен туысқандық қатынасы басты назарға алынады. Мысалы, керей руының әрбір тармағы өзіне тиесілі қорларға мүшелікке өту қасиетті парыз ретінде саналады. Оның сыртында қор қызметінің тиімді қызмет етуінде әр рудан шыққан батырлардың, билердің өмір қызметімен байланыстырып тарихи тұлғалардың елге сіңірген еңбегін әйгілеп отыру, әрбір ру мүшесінің қор жұмысына белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

1996 жылы Стамбул қаласына 10-нан аса елден келген қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуымен өткен Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайында Қазақ мәдениеті орталығы ашылды. Ол қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын насихаттайтын және отандастар кездесетін бірден-бір орталық болып табылады. Сондай-ақ «Қазақ түркілері қоры» мен «Гүнешлі қазақтары қоғамы» Стамбулдағы Абай атындағы мектепті ашуда және Абай Құнанбаев пен Қабанбай батырға ескерткіш қою жұмыстарына үлкен үлес қосты. 2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Абай атындағы мектептің тұсауын кескен еді. Қазіргі таңда аталмыш оқу ордасында 1700-дей бала білім алып келеді. Оның ішінде 50 қазақ баласы бар. Стамбулдағы қазақтардың негізгі бөлігі Зейтінбұрын ауданында шоғырланған. Сондықтан халқымыздың ұлы ақыны Абай есімі берілген көше мен мектептің дәл осы ауданда орналасуы заңдылық. Бұл ауданның басқарушы органдарында да қандас бауырларымыздың орналасуы қазақ ауданының келешек көркеюіне мол септігін тигізетіні сөзсіз [34].

Тәуелсіздік алған жылдары диаспорадағы қазақтар Қазақстанға жиі қатынаудың арқасында елден ана тіліндегі әндер мен кітаптар, ақындар айтысы және киноларды әкеліп халық арасына кеңінен таратты. Осы айтыстар жазылған бейне таспаларды әрбір қазақ отбасы көшіріп алып қызыға тамашалады. Бұл әрекеттер де қазақ жастарының туған халқына, тарихи Отанына деген сүйіспеншілік пен қазақ тілін білуге деген құштарлықты тудырды. Соның арқасында елге келіп оқығысы келетін жастардың саны артты деуге болады. Мәселен, 2007 жылы қарашада Стамбулдағы Бас консулдың көмегімен «Топкапы» қалалық саябағында «Қазақ мәдениет үйі» мен қазақ тілін үйрету орталығы ашылды. 2008 жылы ҚР БҒМ квотасы бойынша Түркиядағы қазақ диаспорасының екі өкілі Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне дайындық курстарына оқуға жіберілген. Міне, осындай шаралар екі ел тарапынан да қолдау көріп отыр деуге болады. Еуропаға көшкен Түркия қазақтары әр елде өздерінің қауымдастық, не қорларын құрып алған [20, 49-б.; 34]. Міне, осындай негізде Түркия қазақтарының қауымдастықтары тек өздері тұрып жатқан

аймақтарында ғана емес, сондай-ақ Еуропаның басқа да елдеріндегі қазақ қауымдастықтарына ықпал етіп отыр. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының негізгі орталығының бірі Түркия қазақтарының орталықтары екенін көрсетеді. Себебі Еуропаға шашыла қоныстанған қазақтардың көпшілігі осы Түркия арқылы өткен. Бұл қазақтардың Түркияның мәдени аялдау орны ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі кезде Түркиядағы Қазақ мәдениеті қауымдастығы және Қазақ мәдениеті орталығы жанынан «Ақсақалдар кеңесі» құрылды. Бұл қауымдастық пен орталықтың жұмысын аға буын өкілдерінің қадағалап, бағыт-бағдар беріп отыруына мүмкіндік береді. Соның негізінде аз ғана уақытта өте маңызды іс-шаралар жасаған қауымдастық жұмыстары кеңейте бастады. Осындай іс-шаралардың өткізілуі Түркиядағы этникалық қазақтардың этномәдениетін сақтап дамытуында үлкен маңызға ие. Осы тұрғыда қауымдастық жұмысына қоғам белсенділері мен белгілі ғалымдар да атсалысуда.

Ал Стамбул қаласының Зейтінбұрны ауданында осы қауымдастықтардың ұйымдастыруларымен жергілікті диаспоралардың мәдени күндері өтіп тұрады. Бұл шараларға Түркиядағы қазақ диаспорасының өкілдері де қатысып, қазақ мәдениетін жиналған жұртшылыққа таныстырып отырады. Қазірде бұл шараларға тек қазақтар ғана емес, сонымен бірге Түркияда тұратын түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері де бас қосып тұрады. Бұл дәстүрлі шара биыл 12 жыл қатарынан тойланып келеді. Осы жолы көпшіліктің назарына Анадолының 25 провинциясы мен түркі халықтарының ұлттық тағамдары таныстырылды. Бұдан байқайтынымыз, Түркия қазақтары ендігі тек қазақтардың ғана емес, сондай-ақ түркі дүниесіне ортақ мәдени бастамалардың бел ортасында екені. Бұл түркі халықтарының этномәдениетін дамуында жетекші іс-шара ретінде қарастырылады. Осы шараға Стамбулдағы қазақ диаспорасы да зор ықпал етті. Мұнда ұйымдастырылған көрмеге тігілген ақ шатырға қос елдің туын ілген қандастар жұртшылыққа халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрінен мол мәлімет беруге тырысқан. Ұлттық нақышта өрнектелген сый-кәделер де әзірленген. Жыл сайын бұл мәдени шара 10 күнге жоспарланып отырады. Іс-шараға қатысушылар күн сайын бір ыстық тамақ дайындап, әр этнос өзінің ұлттық тағамдарымен таныстырады. Мысалы, Қазақ мәдени орталығы жыл сайын шараның алғашқы күні ет асады. Одан бөлек бауырсақ, тары мен талқан, құрт-ірімшік және Измирден арнайы әкелген ұлттық сусынымыз қымыз қойылады (LVIII). Бұл іс-шараға жергілікті қазақтар түгел келеді. Түріктер мұнда қазақтың тағамына, киіміне, мәдениетіне таңғалып жатады. Өз кезегінде ұлттық тағамның өзі этностың бірегейленуінің көрсеткіші болып табылады. Осы тұрғыда мұндай іс-шаралардың шеңберінде ұлттық тағамдар мен дәстүрлі мәдениеттің көрініс табуын этникалық бірегейленудің бір формасы ретінде қарастырса болады.

Сондай-ақ Жерорта теңізінің жағалауында орналасқан Джейхан қаласында «Қазақстан» мәдениет орталығы орналасқан. Мәдениет орталығында Қазақстанның тұрмысы, дәстүрі және мәдениетінің экспонаттары, еліміз туралы көркем және фото суреттер, Елшілік қолдауымен түрік тіліне аударылған

Қазақстан мен қазақ-түрік қарым-қатынастары туралы кітаптар қойылған. Орталықтың жұмысы аясында бірқатар мәдени жобалар ұйымдастырылады, оның біріншісі болып «Қазақ киносының апталығы» жобасы өткізіліп тұрады. Бұл жоба аясында түрік тілінде дубляж жасалған «Менің балалық шағымның аспаны», «Қыз Жібек», «Көшпенділер», «Бәйтерек», «Тақиялы періште» және басқа да қазақстандық көркем фильмдері көрсетіледі. Бұл мәдени орталық арқылы Түркия қазақтары Қазақстанның мәдениеті мен табиғатын кескінді түрде тамашалай алады. Сондай-ақ Қазақстанның мәдени өмірі мен туристік әлеуетінен хабардар етіп, еліміздің көрнекі жерлеріне барып қайтуға шақырады. «Қазақстан мен Түркия халықтарының мәдениеті, тілі мен тарихи тамырларының ортақтығы бауырлас республикалар арасындағы тығыз байланыстарды дамытуда (LIX). Осыған байланысты Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени және әлеуметтік ынтымақтастықтың дамуына жәрдемдесу, қазақ мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде Джейхан қаласының тұрғындары Қазақстанның мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктерін жоғары бағалап, аса қызығушылық білдіруде.

Алтай ауылындағы қазақ қауымдастығының ұйымдастыруымен жыл сайын «Жаз» фестивалі өткізіліп тұрады. Оған Анадолыдағы қандастарымызбен бірге Еуропаның басқа да елдерінен арнайы келген қазақ диаспоралары қатысады. Айтулы шара Алтай ауылының жастарының бастамасымен кең көлемде ұйымдастырылған. Әсіресе бұл күнді жастар жағы ерекше белсенді өткізді. Ұйымдастырылған фестивальға Стамбулдағы домбыра үйірмесінің шәкірттері күй орындаудан жарысып, өнерлерімен жиылған жұртты тәнті етті. Түркиядағы қазақ диаспорасы мұндай фестивальдің жиі ұйымдастырылып тұруын тілейді және жас ұрпақ жалғастырса дейді. Олардың қазақ болуын, ұлт болуын өздері түсінсе, тілі мен дінін ұмытпаса, үрім-бұтақтары өздерінің қазақ екенін білсе деп тілейді. Аталмыш фестиваль Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігін сақтап отыру үшін маңызды шара болып табылады. Себебі қазіргі кезде Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігінің шешуші кезеңі болып табылады. Соған сәйкес, Түркия қазақтарының бірегейлігі осындай шараларға тәуелді болып табылады.

Ал Измир қаласында құрылған «Қазақ Мәдениет Орталығының» жұмысы жалғасын тауып келеді. Оның төрағасы – Чағлар Ербек (LX). Қазақ Мәдениеті Қауымдастығы шығарған «Тұлпар» журналының және www.kazakkultur.org веб-парақшасында «Қазақ өмірі» атты айдармен Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси өмірімен таныстырады. Бұл Түркия қазақтарын тарихи отанымен виртуалды байланыс орнатып, Қазақстан жаңалықтарынан үздіксіз хабардар болуына жағдай жасайды.

Қазақ мәдениеті қауымдастығының мақсаты қазақ мәдениетін, тарихын, тілін, әдебиетін, өнерін зерттеу және оны дамытуға, ұлттық және халықаралық салада танытуға үлес қосу болып табылады. Түркиядағы және дүниежүзіндегі қазақтарды біріктіру, олардың жалпы мақсаттары бағытында жұмыстар жасауын қамтамасыз ету, білім, ғылым, мәдениет, өнер, әдебиет, экономика, спорт саласында жастармен жұмыстар жүргізу. Қазақстан мен Түркияның

достық пен бауырластық байланысын нығайту мақсатында 2012 жылы Измир қаласында құрылған бұл ұйымның жұмысы жан-жақты дамып келеді. Оның бір көрінісі ретінде Түркияның Стамбул, Анталия, Қожаелі қалалары мен Қазақстанның Алматы, Ақтөбе қалаларында арнайы өкілдері жұмыс істеп отыр. Бұл Қазақстан-Түркия қатынастарына үлес қосып келеді (LXI).

Осы қауымдастықтардың ұйымдастыруларымен жастарымызға спорт қауымдастығын құрып, жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында Түркияда және Еуропада әуесқой топта ойнайтын қазақ футбол командасы құрылған. Мақсаты: бауырластық рухты және көзқарастарды жастарымызға орта буын ағалардың арқасында жеткізу, бірлік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету және ең бастысы қазіргі жаһандық өзгерістерде жаман әдеттерден, қауіп-қатерден алыс ұстау. Бұл үш қауымдастық ауқымында тиімді және ресми жұмыстар атқаруға мүмкіндік береді. Түркиядағы қауымдастықтар өз бағыттары бойынша тәуелсіз жұмыс істеп, ортақ шараларға келгенде бірлесіп әрекет етеді. Әр қауымдастықтың жеке басқару ұйымы және бюджеті бар. Сонымен қатар әр қауымдастық құрамында басқа қауымдастықтардың бір немесе екі өкілі болады. Бұл байланыс ұйымдастыруда жылдамдық және дұрыс түсіністікте болуды қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда қариялар үшін арнайы бір қауымдастық жұмысы жүргізіліп келеді. Оның мақсаты шетелде жүрген қариялардың өмірлерін белсенді өткізулерін қамтамасыз ету, олардың қалаулары бойынша бағдарламалар құрастыру болып табылады. Түркия қазақтары үшін Қазақстан өркениетті, демократиялы мемлекет ретінде қазақ халқын біріктіруші, ынтымақтастырушы рухани жаңарудың орталығы болып табылады. Өздерінің тарихи Отандарынан әртүрлі жағдайлардың салдарынан сыртта жүрген қандастарымыз өмірдің барлық салаларында жемісті байланыстар орнатуға тырысуда. Еуропа қазақтарының осы атқарып жатқан игілікті істері Тіл комитетінің альманағы «Туған тіл» және Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы арқылы «Алтын бесік» журналында жарияланып тұрады (LXII). Осы сияқты басылымдар әлемдегі тарыдай шашылған қазақтарды дәстүрлі мәдениет үлгілерімен сусындатып, ұлттық сана-сезімді оятады. Оларды өзара бірігуге негіздейді.

Түркияның басқа аймақтарында тұрып жатқан қазақтардың қоғамдар құруы өсіп келе жатқан жастар үшін аса маңызды болып табылады. Өйткені жастар арасында өздерінің ұлттық сипаты мен өз ата тегін білмейтіндер де кездеседі. Сондай-ақ қазақтардың Түркияға көшуінің негізгі астарын бағамдай алмайтын жастар сирек болса да, әлі күнге дейін бар. Жалпы, Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігін қамтамасыз ету үшін қандас түркі халықтарының ынтымақтастығын арттыруды қажет етеді. Қазіргі күні Түркияда құрылған қауымдастықтарда 100-ден астам мүше бар. Олардың этникалық құрылымы қазақтардан және қазақтарға жанашыр түріктер мен ноғайлардан құралған. Қауымдастық басшылығы мен төрт кісілік басқару кеңесі негізінде басқарылады. Бұл Түркия мен Еуропада тұрып жатқан қазақтардың ата тегін, ана тілін білсін және дінін сақтауын қамтамасыз ету, ресми және діни мейрамдарды мағыналы мазмұнды іс-шаралармен атап өту

және т.б. негізгі мақсаты болып табылады (LXIII). Сонымен бірге қазақ қауымының басын біріктіріп, әртүрлі ресми орындар мен бейресми ұйымдардың құзырында қазақ қауымының атынан өкіл ретінде барып, ұлтымыздың ұлттық мәдениетін Түркиядан бастап, Еуропаның барлық елдерінде таныту негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Әртүрлі қуанышты және қаралы күндерде қазақ қауымының бір-біріне қолдау көрсетуін, экономикалық және әлеуметтік жағдайда ынтымақтастық орнатылуын қамтамасыз етуді қалайды. Бүгінге дейін Түркия қазақтары осы қауымдастықтар арқылы Қазақстанда және басқа Еуропа елдерінде өткізілген Дүниежүзілік қазақ құрылтайларына, басқа да түркі халықтары тарапынан ұйымдастырылған форумдарға құрылтайлар мен жиындарға қатысып келеді. Түркі қауымдастығының атаулы мейрамдары мен күндері есте қаларлықтай іс-шаралармен атап өтіліп келеді. Қазіргі таңда Түркия қазақтары түріктермен етене араласа жүріп, қалған түркі қауымдастықтарына тамаша үлгі көрсете отырып, осындай бауырластық игі істердің бастаушысына айналған. Бұлардың арасында ең ауқымды және қоғамымыз атынан мақтанышпен айта өтетін шара ретінде Түркия Қазақтарының Құрылтайын атап өтуге болады. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы ұйымдастырған түрлі конференциялар, халықаралық дөңгелек үстел өткізу, қордаланған мәселелер төңірегінде кеңірек ғылыми тұрғыда талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Түркия қазақтары Қазақстанда өтетін әртүрлі мерекелік және қоғамдық іс-шараларға етене араласқысы келеді. Жыл сайын Еуропаның әртүрлі елінде өткізіліп тұратын Қазақ Құрылтайларына, сондай-ақ Қазақстандағы Құрылтайлар мен Қазақ жастар конференцияларына Дүниежүзілік қазақ құрылтайлары мен іс-шараларына өкіл жібере отырып атсалысуды жөн көреді.

Бүгінгі таңда Түркиядағы қазақтардың 10-нан астам қоғамдық ұйымдары, 2 қоғамдық қоры, 2 құрылыс кооперативі, 3 егін шаруашылық бірлестігі бар. 40-тан астам шағын зауыт, 1 мыңнан астам тері өнімдерін дайындайтын кәсіпорын, жарты мыңдай сауда дүкендері ашылған. Демек, қазақтардың 75 %-ы нақты өнім өндірумен айналысады. Ауылдық жерлерде тұратын қазақтар егін егіп, мал өсіреді. Бұл ретте Түркиядағы тері және пластик өнеркәсібінің дамуына онда тұратын қазақтар да өздерінің үлкен үлестерін қосты. 2003 жылы Түркия қазақтарынан шыққан Әбділқайым Кесижидің «Қазақстан: кеше, бүгін және болашақта» атты кітабында қазақ хандығынан бүгінгі Қазақстан тарихына дейінгі жайттар баяндалады. Бұл ғалымдар қызметінің басты мақсаты – туған халқының тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін Түркияға, жалпы Түрік әлеміне барынша кеңінен таныту (LXIV).

Қазақстанда диаспораға тікелей көңіл бөліп отырған бірден-бір ұйым – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы. Қазіргі таңда олар «Алтын бесік» журналы, «Қазақ елі» сынды шетел қазақтарына арналған журналдар шығарып, тіл үйренудің компьютерлік бағдарламасын жасап, таратып, шетел қазақтарына арналған халықаралық ғылыми практикалық конференциялар ұйымдастыруда. Сонда да шешілмеген мәселелердің көптігін алға тарта отырып, Ә. Қара, А. Кесижі, т.б. ғалымдар «шетел қазақтарының мәселелерін қолға алатын өкілетті

бір орын, атап айтқанда, үкіметтік билігі бар бір министрлік құрылса» деген тілектерін де білдіріп жатады.

Қазіргі күні Өзбекстан Республикасында 14 «Қазақ ұлттық-мәдени орталықтары» қызмет істеп жатыр. Алғашқы мәдени орталық 1992 жылы наурыз айында қазақтардың құрылтайында ақпарат орталығы болып құрылды. Республикалық орталыққа Қарақалпақстан, Жизак, Науаи, Хорезм, Сырдария, Ташкент облыстарындағы және Ташкент қаласындағы орталықтары кіріп отыр. Бұл орталықтардың басты қызметі – қазақ диаспорасының этномәдениеттерін дамыту [39].

Орталықтың негізгі міндеттері – қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін жан-жақты дамыту, ата-бабалар тарихын зерттеу, әртүрлі саладағы қазақ жастарына қажетті көмек көрсету.

Осы сияқты Өзбекстан қазақтары арасында да әртүрлі қоғамдық ұйымдар, қорлар қызмет етеді. Мұнда ақсақалдар кеңесі, билер кеңесі белсенді жұмыс істейді (60-сурет). Өзбекстандағы қоғамдық ұйымдардың қызметі әртүрлі мәдениет үйлерімен, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қызметімен тікелей байланысты. Осы үкіметтік мекемелер арқылы Өзбекстандағы қазақтар өз тарихын, мәдениетін сақтап, одан әрі дамытуға тырысады.

Ташкент облысы Қыбырай ауданы, Дархан ауылында «Қазақ мәдени орталығы» жұмыс істеп тұр. Оның жетекшісі Үсенов Серік Назарұлы болып табылады (LV). Мәдени орталық жұмысының басты мақсаты Өзбекстандағы қазақтардың мәдениетін дамытуға және оны сақтауға жағдай жасау және өсіп келе жатқан жастарға мәдени бағыт-бағдар беру болып табылады. Қыбырай ауданындағы мәдени орталықтан бөлек, Шыршық қаласында да «Қазақ мәдени орталығы» жұмыс істейді [176, с. 56-57]. Оның жетекшісі Жорықбаев Жақсылық Өкімтайұлы болып табылады (LVI). Бұл мәдени орталықтың да қызметі Өзбекстан қазақтарының мәдениетін насихаттауға арналады.

Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейленуінің үкіметтік емес ұйымдардан тыс Өзбекстан қазақтары арасында өзара бірігіп, этникалық бірегейлікті сақтауға бағытталған арнайы құрылымдар жолға қойылған. Соның бірі «Зияпат» деп аталады (LVII). Зияпат тілдік мағынада сияпат, сыйлау, құрметтеу деген сияқты мағына береді. Ал атқаратын функциясы жағынан этникалық топтың өзін-өзі тануына, мәдени бірегейленуіне жағдай жасайды. Зияпаттың орын алуы Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтары арасында XX ғасырдың ортасынан бастап жалғасып келе жатқанын байқауға болады. Оның өткізілу мерзіміне салыстырмалы талдау жасасақ, зияпат мерзімі қыс айларында өткізілетін іс-шара ретінде түсінсек болады. Бұл бізге этностың шаруашылық типіндегі ерекшеліктерді көрсетеді. Мысалы, XX ғасырдың басынан бастап «ойға» Бесқалаға құлаған қазақтар үшін ғасыр ширегіндегі седентаризациялану үрдісі қарқынды жүрді. Нәтижесінде Өзбекстан аймағындағы қазақтар отырықшы қазақтардың санын көбейтті. Осы тұрғыда диқаншылықты кәсіп қылған қазақтардың қыс мезгіліндегі бос уақытын өткізудің бірден-бір жолы осы зияпаттар ұйымдастыру болды. Мұнда диқаншылықпен айналысатын елді мекендерде қазақтар қыс бойы өзара зияпат

жасап, бір-бірін үйлеріне қонаққа шақырысып тұрды. Зияпаттағы қонақ күту әдебі, әр көше кезек-кезек бір-бірін қонақасы береді. Ол үшін ортадан ақша жинап, сосын зияпатқа қатысатындардың тізімі жасалып, сол кезек бойынша қыс бойы өзара араласып қонаққа барып тұрады. Зияпаттың өткізілуі тек жасы егде тартқан үлкендер емес, орта буын өкілдері, жастар арасында да ұйымдастырылған. Жас ерекшелігіне қарай әркім өз тобында ұйымдастырып отырды. Зияпаттың өткізілуінде де бірқатар ерекшеліктер бар, жиналған халық отырысқа арналған асты жеп қана кетпей, өткен-кеткен аңыздарды, әңгімелерді айтып, әртүрлі ойындар ұйымдастырып отырған (LVIII). Бұл бір шетінен халықтың күнделікті бос уақытын өткізудің бір жолы ретінде түсінгенімен, эникалық топтың өзара бірегейленуінде айшықты құрал ретінде қарастыруға болады.

Өзбекстан қазақтарының бірегейленуінің бір формасы ретінде туыстық қатынастардың берік қалыптасуын атаса болады. Бұл ағайындар арасындағы өзара бірігу іс-шараларын ұйымдастыруынан көрінеді. Оны ең алдымен ас, той беру сияқты дәстүрлерден байқаймыз. Үлкен астар мен тойлардың бірнеше түрлері болды. Біріншіден, тойлардың басым көпшілігі жастардың отбасын құруына байланысты болса, келесі тойлар бесік той, сүндет той, әртүрлі мерей тойлар ұйымдастырылып тұрады. Ал адам қайтыс болғаннан кейінгі ғұрыптардың өзі жергілікті жерлердегі қазақтардың жаназа намазын, жетісін, қырқын, жүзін, жыл асын беру сияқты рәсімдерден тұрады. Жыл бойына белгіленген уақыттарда өтілетін бұл іс-шаралар ағайын-туысқандардың жиылып ас беріп, қайтыс болған кісінің үйіне көмек көрсетіп тұрады. Бұл бір шетінен туыстар арасында қатынасты нығайтып, екінші жағынан жас ұрпақтың ағайын-туыстарды тануына жол ашады. Өзбекстан қазақтары арасына тек өлік жөнелтуге байланысты ғұрыптардан бөлек, тарихи тұлғалардың мерейтойларын, 200, 300 жыл толуына байланысты астар өткізу әдетке айналған (LVIII). Мұндай іс-шаралар кең көлемде республикалық, халықаралық дейгейде өтіп жатады. Бұл астардың өтуіне ең бірінші мұрындық болатындар қоғамдық қорлардың қызметі болып табылады. Мысалы, қор жетекшілері ру ішінен шыққан тарихи тұлғаның барлық аймақта тұратын ұрпақтарына хабар беріп, астың өткізілетінін айтады. Асты өткізу үшін әр үйден белгіленген сомада ақша жиналып қорға тапсырылады. Дәл осындай қаржы жинау жолы Түркия қазақтарында да бар. Олар көбінесе қоғамдық қордың өкілдері арқылы тойлар мен астарда мәдени ұйымның кеңселік шығындарына, ғимарат құрылыстарына бағытталады. Өзбекстан қазақтары белгіленген қаржы толық жиналған соң астың мерзімі белгіленіп, өтетін жері анықталады. Осылайша асты ел болып жиналып, өткізеді. Мұндай астардың халықаралық деңгейде өтуінде Қазақстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан сияқты елдерде тұратын барлық ұрпақтар осындай астарға жиналады. Астың өту барысында әртүрлі ұлттық спорт үлгілерінен жарыстар өтеді. Оның ішінде ат шаптырып бәйге беріледі, балуан күрестіреді, кір тасын көтеру және т.б. ұйымдастырылады. Мұндай халық бас қосқан жерлерде, мәдени іс-шаралар да

ұйымдастырылады. Атап айтар болсақ, ақындар айтысы, жыраулардың өнері, күй тартыс тамашаланады (LIX).

Қорытындылай келе, Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейленуінде институционалды және қоғамдық бірлестіктердің қызметі өте маңызды болып табылады. Әсіресе институционалды бірлестіктердің қызметі қазақтардың тығыз орналасқан аймақтарында белсенді қызмет етіп, әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырып келеді. Оның ішінде шетелдегі туыстық қатынастарды реттейді. Мысалы, Түркия қазақтары арасында қоғамдық қорлардың қызметі жаңа деңгейге көтеріліп, диаспорадағы барлық мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға мұрындық болып отыр. Сәйкесінше Өзбекстан қазақтарының қоғамдық бірлестіктері арнайы мәдени ұйымдармен қатар, қазақ мектептерімен де тығыз байланысты жұмыс істейді. Екі елдегі қоғамдық қорлар мен ұйымдардың қызметінде мерзімді басылымдардың орны ерекше. Сондай-ақ мәдени ұйымдардың ғимараттарындағы музейлік бұрыштардың да жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор.

Жалпы алғанда Өзбекстан қазақтары үшін қоғамдық ұйымдардың қызметі тікелей Қазақстандағы туыстарымен байланысын арттырып отырған болса, Түркия қазақтарындағы қоғамдық ұйымдары жалпы Еуропа елдеріндегі қазақтардың бірегейленуіне мүмкіндік береді.

Шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігіне Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының да ықпалы зор. Ол өз қызметінде Отандастар қоры арқылы дүниенің түпкір-түпкіріндегі қазақтарды байланыстырып, қазақ тілін, мәдениетін үйретуге мүмкіндік беріп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қоғамдық ғылымда этностардың мәдениетінің дамуы мен өркендеуін, жаһандық кезеңде өз мәдениетін жоғалтпай ілгерілетіп отырған ұлттар мен ұлыстардың өміршеңдігі қарастырылады. Сол сияқты шетелдегі қазақ диаспорасының этномәдениеті өзге этнокеңістікте қолайлы орын тауып дамуы этностың мәдени әлеуетін көрсетеді. Зерттеу жұмысының басты нысаны болған Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін салыстырмалы талдау мәселесі. Екі түрлі мемлекет жүйесінде өмір сүріп отырған қазақ диаспорасының тұрмысы мен мәдениетіндегі бірегейліктің сақталуы мен өзгерісін салыстырмалы талдауға арналып, қазіргі этнология ғылымының өзекті тақырыбы ретінде қарастырылды. Шетелдегі қазақ диаспорасының этномәдениетті сақтауы негізінен саны мен орналасуынан, этнотілдік көрсеткіштерінен, шаруашылық жүйесінен, материалдық мәдениет үлгілерінен, шежіре тарқату, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты үзбеу дәстүрлерінен көрінді. Рухани мәдениет пен діннің қолданыс аясының да этникалық бірегейлік үшін маңызының зор екені анықталды. Ал дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен неке қатынастары, туыстық қатынастар, институционалды бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың қызметі шетелдегі қазақ диаспорасының трансформациялық үдерістерден өтуіне бірден-бір негіз болды.

1. Шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін зерттеуде теориялық-методологиялық жағынан батыс антропологиялық мектебінің, Ресей зерттеушілерінің және отандық ғалымдардың тұжырымдамалары пайдаланылды. Э. Эрикссонның, Ф. Барттың этнобірегейлік теориялары қолданылды. Бұл Дж. Де Вос, Дж. Деверо сынды зерттеушілердің методологиялық тұжырымдарында көрініс тапқан. Батыс антропологиясындағы этно бірегейлік категориялары ресейлік П.И. Кушнер, В. Тишков сияқты ғалымдардың еңбектерінде қолданылды. Ресей ғалымдары Л. Нидерле, Ф. Барттың этникалық топтағы этномәдени шекаралардың қалыптасуы мен дамуын, мәдени шекаралардың арақашықтығын жетілдірді. Зерттеу тақырыбымызда аталмыш теориялық және методологиялық ізденістерді шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін анықтауға қолдануға тырыстық. Оған қазақстандық ғалымдардың да зерттеу жұмыстары кеңінен қолданылды. Атап айтар болсақ, Ә.Н. Нысанбаев, С. Нұрмұратов, М. Шайкемелов, Р. Қадыржанов сияқты зерттеушілердің теориялық жұмыстары қолданылды. Ал тақырыбымызды практикалық тұрғысынан айшықтауда отандық этнографтардың, тарихшылардың еңбектері басты назарға алынды. Мысалы, Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, С.Е. Әжіғали, Ә.Т. Төлеубаев, А.Б. Қалыш, Н. Әлімбаев, Б.К. Қалшабаева, Е.Т. Қартаева еңбектері пайдаланылды. Бұл шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Мысалы, батыс антропологиялық мектеп өкілдері этникалық бірегейлікті анықтаушы факторы ретінде көптеген мысалдар ұсынды. Этносты өзге этникалық топтардан ажыратып тұратын белгілерінің болуы этникалық бірегейлікті қалыптастыру тұжырымына алып келді. Мұны «этникалық

шекара» деп түсіндірді. Этникалық шекараның қалыптасуы этностың өзге этностар мәдениеті тұрғысында этномәдени арақашықтығының болуымен түсіндіріледі. Бұл қоғамда «біздер» – «олар» деген ұғымның дамуына алып келді. Психологиялық тұрғыда қалыптасқан осы ұғымдар бір этнос өкілінің өз ортасында жайлы және қауіпсіз немесе басқа этностар ортасында жайсыз сезіну функцияларын қалыптастырды. Бұл этнопсихологиялық тұрғыда адамның табиғи үйренген ортасының мәдени қарым-қабілетіне де әсерін тигізетіні көрінеді. Этностардың мәдени белсенділігі ғасырлар бойы қалыптасқан дағдыларының нәтижесіне де байланысты екені рас. Осы тұрғыда шетелдегі диаспоралардың мәдениетін сақтап отыруы ең бастысы тығыздығы мен окшаулану жағдайына байланысты болады. Ал өзге этникалық мәдениеттің етене араласуы келесі бір мәдениетті жоятыны анық. Бұл этникалық шекаралардың этномәдени бірегейлікті сақтауда басты фактор екенін айғақтайды.

2. Зерттеу жұмысында қазақ халқының этникалық бірегейлігін айшықтау үшін Өзбекстан және Түркия елдеріндегі қазақтардың орналасу ерекшеліктері, қоныстану тарихы мен өсу динамикасы қарастырылды. Себебі Өзбекстан қазақтары мен Түркия қазақтары үшін өсіп отырған ортасындағы сезімнің деңгейі екі түрлі. Өзбекстан қазақтары қоныстанып отырған ортасын өзінің тарихи отан ретінде түсінеді. Олар еш жерден көшпегенін және ата-бабасының өздері мекен етіп отырған өлкеде мекен еткенін жасырмайды. Ал Түркия қазақтары үшін Анадолы жері түркілік мемлекетте немесе бауырлас түркі халқымен бірге өмір сүріп отырмыз деген жұбаныш сезімінде күн кешіп отырғанын анықтайды. Қалай болғанда да қазіргі екі тарапта қоныстанған қазақтардың саяси мәртебесі диаспора ретінде қарастырылады. Бұл ретте этностың өзін-өзі сақтау және жетілдіру мәселесі туындайтыны анық. Мұнда ең басты мәселе этностың жекелеген аймақтарда орналасуы тығыздығы, көш тарихына байланысты мекендерден жылжымау мүмкіндіктері олардың мәдени ұйысуына жағдай жасап отыр.

3. Шетелдегі қазақтардың этникалық мәселесін анықтап, оны жан-жақты қарастыру да дәстүрлі материалдық мәдениет үлгілерінің де маңызы зор екенін атап өткеніміз жөн. Диссертацияның екінші тарауында этникалық бірегейлікті кәсіпаралық байланыстар арқылы және материалдық мәдениет үлгілері арқылы анықтау әдістері қолданылды. Мұнда біз шетелдегі қазақ этносын өндіруші этнос ретінде қарастырып, олардың қазіргі және дәстүрлі шаруашылық жүйесіндегі орнын анықтадық. Бұл ретте Өзбекстан мен Түркия қазақтары арасындағы шаруашылық байланыстар дәстүрлі шаруашылық негізінде байланысқаны және кейінгі кезде бұл үрдістер трансформацияға түскені байқалды. Дегенмен Түркиядағы қазақтар ХХ ғасырдың екінші жартысында Анадолы жеріне көшіп барғанда мал шаруашылығымен айналысқанымен қазіргі кезде тері өңдеу кәсібін ілгері дамытқанын байқаймыз. Осы арқылы Түркия қазақтары өздерінің дәстүрлі кәсібін жаңа нарыққа сәйкестендіріп дамытып отыр. Сондай-ақ Өзбекстан қазақтарының орталық аймақтарында егіншілік мен диқаншылық орын алғанымен Қызылқұм қазақтары арасында әлі

де мал шаруашылығымен айналысып отырғаны белгілі. Бұл олардың материалдық мәдениет үлгілерінің де осы шаруашылыққа ыңғайласып өрбіп отырғанын байқаймыз. Мысалы, Науаи облысы қазақтары арасында әлі де болса ер шабатын, домбыра жасайтын шеберлер кездеседі. Бұл қазақтардың дәстүрлі кәсібінің әлі де қалмай жалғасын тауып отырғанын көрсетеді. Материалдық мәдениет үлгілері арасында ұлттық киімді кию арқылы өзінің қазақ ретінде көрсету фактісі екі елде де бірдей орын алған. Мысалы, біздің алдын ала жүргізген зерттеулерімізде Өзбекстан қазақтары ұлттық киімдерін Наурыз, Құрбан айт мерекелерінде киюге тырысатынын көреміз. Ал Түркия қазақтары өздерінің тақияларын тастамай киеді. Анадолы қазақтары арасында «керей бөрік» деп аталатын бас киім үлгісі сол елдің қазақтарының негізгі ерекшелігі болып табылады. Сондай-ақ тамақтану, қоныстану жүйесіндегі өзгерістер қазақ этномәдениетін сақтауда жаңа деңгейдің қалыптасқанын түсіндіреді.

4. Сырттағы қазақтардың ортақ құндылықтары мен тұтастығының негізгі көрінісі отбасы мен неке және туыстық қатынастарынан көрінеді. Мұнда отбасы институтының әлі де болса бар екенін, үйлену, бала тәрбиелеу дәстүрлері сақталып қалғанын байқаймыз. Осы ретте шетелдегі қазақ диаспорасындағы қонақжайлылық пен адамгершілік категорияларының отбасында атадан балаға жетіп отырған мұра ретінде беріледі. Сондай-ақ қазақ отбасындағы ер мен әйелдің орны, отбасындағы қызметтері мен жауапкершілігі сараланып, ажырасу мен ұлтаралық некенің деңгейі анықталды. Қазақтар арасында қазіргі некелесу жағдайында орындалатын рәсімдердің байырғы салттардың барынша сақталып отырғанын аңғаруға болады. Мысалы, Түркия қазақтары арасында некенің қыздың үйінде қиылуы, беташардың болуы мұндағы қазақтардың дәстүрлі мәдениеттен алшақтатпайды. Ал Өзбекстан қазақтары арасындағы құда түсу, қалың малға қатысты әртүрлі нормалар мен қағидалар осы күнге дейін сақталып отыр. Отқа май құю сияқты исламға дейінгі ырымдар сақталған. Отбасы қатынастарында ат тергеу, үлкенге сәлем салу, табаққа сәлем салу Өзбекстан қазақтарының отбасындағы материалдық емес мәдениет үлгілерінің жойылмағанын көрсетеді.

5. Қазақ халқы ежелден «кие», «қасиет» сияқты ұғымдарды өз өмір тәжірибесінде аса қастерлі түсінік ретінде қарайды. Бұл қазақтардың тіршілік қамы жүйесінде «серт», «уәде», «өсиет», «аңыз», «шежіре» сияқты ұғымдармен қамтылып, ұзақ жылдар бойы сақталып келді. Қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымдарының жалғастығы ретінде түсіндіріледі. Ал қазіргі кезде қазақ диаспорасының өкілдері де осы ұғымдарды естен шығармауға тырысады. Мүмкіндігінше атадан балаға жеткізіп, киелі, қасиетті мекендерді қастерлеуге ұмтылады. Мысалы, Өзбекстан территориясында орналасқан қазақтың Әйтеке би, Төле би, Дәуіт батыр және басқа да киелі орындарды зиярат ету ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде жалғасын тауып келеді. Шежіре тарқату, ру ішіндегі белгілі тұлғалардың аңыз-әңгімелерін жеткізу аға буын өкілдерінің жас ұрпақ алдындағы міндеті болып табылады. Шетелдегі қазақ диаспорасының анықтаушы факторы ретінде үй жиһаздары мен қоныстану жүйесіндегі

символикалық атрибуттар арқылы беріледі. Мұнда қазақтардың үйлеріндегі ұлттық құндылықтарды әспеттейтін домбыра, әртүрлі қазақ жері мен табиғатын бейнелейтін картиналар, кәдесыйлар, рәміздердің қойылуы этникалық маркер ретінде танылады. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы шежіре айту дәстүрі де этникалық бірегейліктің анықтаушы құралы ретінде қарастырылады. Оның сыртында ата-бабадан келе жатқан аңыз-әңгімелер мен тарихи жадыны қалыптастыратын рухани мұраның қазақ өмірінде алар орны сөзсіз. Осыған сәйкес шетел қазақтары арасындағы ұрпақ аралық байланыстың әлі де болсақ сақталып бірегейлікті сақтаудың бірден-бір формасы екені анықталып отыр. Аталмыш факторлардың этнобірегейлік маркері ретінде танылуы шетелдегі қандастарымыздың өз қоғамында өздерін қауіпсіз орта ретінде түсінетіні сезіледі.

6. Қазақ диаспорасындағы этномәдени ерекшеліктерін анықтауда тілдік, діни үрдістерде назарға алынды. Бұл екі елде қоныстанған қазақтардың этнотілдік жағдайын салыстырып қарауға мүмкіндік берді. Мысалы, Өзбекстан қазақтарының қазақ тілін білу деңгейі мен Түркия қазақтарының ана тілін меңгеруінде өзгешеліктер бар. Өзбекстан қазақтары көбіне қазақ мектептеріне барады, арнайы мерзімдік басылымдары таралады. Қазақстанның шекаралас орналасуы тілдік және мәдени жағынан жұтандық көрмек емес. Керісінше Түркия қазақтары үшін жас буын өкілдері қазақ тілін меңгеруі жылдан-жылға қиындап барады. Бұл олқылықты жоюда аға буын өкілдері отбасында, әртүрлі іс-шараларда туған тілді сақтау қажеттігін айтып отырады. Ал діни үрдістердің этнос өмірінде орын алуы күнделікті тұрмыс-тіршілікте діни рәсімдерді қолдану жағдайына қарай сауалнама арқылы анықталды. Мысалы, Өзбекстан қазақтары дәстүрлі ислам дінін ұстанып күнделікті тіршілікте қолданып келеді. Өйткені қазақтар арасында тек қана исламның бес парызынан бөлек, мұсылман ретінде орындайтын міндеттер жақсы сақталған. Соның ішінде туыстық қатынасты сақтау, ауырған адамның көңілін сұрау сияқты. Ал мұның сыртында денсаулығына шипа іздеп киелі жерлерді аралау үрдістері де жалғасып келеді.

7. Түркия және Өзбекстан қазақтарының этнобірегейлігінің қалыптастырушы формалары ретінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы институционалды билік жүйесі мен қоғамдық қорлардың қызметі маңызды болып табылады. Дәстүрлі қазақ қоғамының билік жүйесінің қазіргі кездегі сарқыншақтары билер кеңесі іспетті ақсақалдар алқасының қызметімен сипатталады. Мысалы, Өзбекстан қазақтары арасында әр рудың өз ақсақалы бар. Олардың билігі өз руының аумағында жүзеге асырылады. Қазіргі билердің негізгі функциясына ағайын арасындағы бірлікті қамтамасыз етуге бағытталады. Сондай-ақ туысқандық жүйе арасындағы той, мереке, өлім-жітімді атқаруда билердің рөлі айшықты. Түркия қазақтары арасында да ру ақсақалдарының қызметі зор. Мысалы, Түркия жерін мекендеп отырған Керей тайпасының Жәдік, Молқы, Шеруші, Жәнтікей сияқты рулардың өз ақсақалдары бар. Бұл ақсақалдар алқасы ру арасындағы дау-жанжалды реттеуге және қоғамдық қорлар арқылы диаспорадағы мәдени іс-шаралардың қызметін жетілдіріп отыр. Осы іспетті жүйе екі елде орналасқан қазақтардың өзін-өзі

сақтау принциптерін әйгілеудің басты құралы болып табылады. Себебі ақсақалдар алқасы арқылы жүзеге асырылып отырған мұндай қоғамдық ұйымдар қазақ мәдениетін баспасөз бетінде жариялауға, Қазақстанмен байланыстар орнатуға, музейлік бұрыштар ашуға және көрмелер ұйымдастыруға жағдай жасап отыр. Қазақ диаспорасында орын алған мұндай жүйе Қазақстанға көшіп келген қандас бауырларымызда да жалғасын тауып отыр. Мұны еліміздегі Өзбекстаннан келген қандастардың тығыз орналасқан аймақтарынан байқауға болады. Бұл жүйе қазақтардың жергілікті ортаға жылдам бейімделуіне негіз болды. Жалпы, этностың тіршілік жүйесінде қоғамдық және институционалды ұйымдардың қызметі маңызды фактор болып табылады.

Қазақтардың этникалық бірегейлігін зерттеуде арнайы жүргізілген экспедициялық жұмыстарымызда өзге қоғам ортасында өмір сүріп отырған қандастарымыз әлеуметтік бірегейлік жағынан қауіпсіз сезінгенімен, өз орталарында өздерін толық еркін сезінетіні көрінді. Мұның басты себебі Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында қоғамдық және мәдени қауымдастықтардың құрылуымен байланыстырамыз. Қазіргі уақытта бұл қауымдастықтар қазақтарды өзара бірігіп әртүрлі іс-шаралар өткізуге және Қазақстанмен байланыстар орнатуға жетелейді. Өз кезегінде бұл қауымдастықтардың жұмысы өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде де маңызы зор. Осылай құрылған қауымдастықтар арқылы көне жәдігерлерді сақтайтын арнайы экспозициялық көрмелер ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерде парақшалары ашылған. Бұл аталмыш қауымдастық жұмысының екі елде орналасқан қазақтардың тығыз байланысып тұруына жағдай жасайды.

Жалпы алғанда шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық және этномәдени бірегейлігін жан-жақты қарастыру қазіргі қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселесі болып табылады. Қарастырылған осы мәселелерді зерттеуде пәнаралық байланыстар мен ғылыми дискурс болуы қажет. Өйткені бірегейлік теориясын қарастырған жетекші ғалымдар бұл мәселені әртүрлі этникалық топ арасында жүргізген зерттеулерден тұжырымдар шығарып отыр. Ал бұл тұжырымдардың барлығы қазақ қоғамының қазіргі жағдайын толық ашады деп айту қиын. Соған байланысты қазақ диаспорасын зерттеу жаңа ұстанымдар мен бағыттарды қарастырып, дәстүрлі этнографиялық зерттеулер синтезінде қарастыру қажет деп білеміз. Бұл үшін біз өз ізденістерімізді Түркия және Өзбекстан территориясында жүргіздік. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанға оралған қандастарымыздың арасында да зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеулер елге оралған қазақтар мен сырттағы қазақтардың арасында кросс-мәдени салыстырулар жасауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде Өзбекстан мен Түркиядан келген қандастарымыздың ортасында жергілікті ортаға бейімделу жағдайында өз ерекшеліктерін келген елінен де мұқият сақтап отырғанын байқауға болады.

Аталмыш тақырып төңірегінде арнайы зерттеулер мен деректер жан-жақты қарастырылды. Далалық материалдар қазақтардың тұрмыс-тіршілігін анықтау мақсатында бірнеше рет, жылдың әр мезгілінде ұйымдастырылды.

Нәтижесінде шетелдегі қазақ диаспорасына қатысты арнайы деректер мен әдебиеттер базасы, аудио, фото құжаттардың базасы қалыптасты. Бұл келешек зерттеулерде тиімді пайдаланылатын болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында сөйлеген сөзі // <https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal>. 17.05.2021.
- 2 Арғынбаев Ә.Қ. Қазақ диаспорасын зерттеудің өзекті мәселесі // Қазақ диаспорасының ғылыми зерттеу мәселелері / жалпы. ред. Арғынбаев Ә.Қ. – Алматы: Фәлсафа ин-ты, 1992. – 99 б.
- 3 Мұқаметханұлы Н. XVIII–XIX ғасырдағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы: Санат, 1996. – 126 б.
- 4 Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. – 320 б.
- 5 Төлеубаев Ә., Ескекбаев Д. Орынбор қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 170 б.
- 6 Жеменей И. Иран қазақтары (тыныс тіршілігі, салт-дәстүрі). – Алматы, 2007. – 149 б.
- 7 Баймолда Д. Еуропадағы қазақтар (тарихы және бүгінгі жағдайы). – Алматы: Атажұрт, 2015. – 192 б.
- 8 Тәтімұв М. Қазақ әлемі: қазақтың саны қанша?: (қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 160 б.
- 9 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.
- 10 Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Всемирная ассоц. казахов, 2006. – 343 с.
- 11 Калыш А.Б., Касымова Д. Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 242 с.
- 12 Этнокультурная идентичность диаспоры: представления и практики (на примере казахов Монголии и Китая) (монография) / Н.Байгабатова, А.Толамисов, С.Рахипова, Д.Ашимова, О.Хуанган. – Талдықорган: ИП «Дизайн-ОТ», 2020. – 182 с.
- 13 Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. – Ташкент: ФАН, 1966. – 336 с.
- 14 Шалекенов У.Х., Шалекенов М.У. История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII–XXвв. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 315 с.
- 15 Қобыландин К.И., Мендіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: ДҚҚ, 2009. – 296 б.
- 16 Кобландин К.И. О численности и расселении казахов на территории современного Узбекистана середины XIX-начала XXI в. // Всемирная история и Казахстан в XXI веке. – Алматы, 2007. – С. 38–43.
- 17 Қазақ диаспорасының заманауи эстетикалық және этикалық құндылықтары. Дөңгелек үстел материалдары (Алматы қ., 21 маусым 2013 ж.) / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 216 б.

- 18 Төлеубаева К.М. Қазақтар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу): т.ғ. докторы дәрежесін алуы үшін дайындалған дисс. авторефераты: 07.00.07. – Алматы, 2010. 24 б.; Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының отбасы және отбасылық әдет-ғұрыптарының этномәдени, этногенетикалық мәселелері. – Алматы, 2010. – 61 б.
- 19 Қалшабаева Б.К. Орталық Азия қазақтары (тарихи этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.
- 20 Қалшабаева Б.К., Бейсегулова А. Түркия қазақтары: этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 184 б.
- 21 Акинер Ш. Формирование казахского самосознания. От племени к национальному государству. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 276 б.
- 22 Ширзат Д. В сторону Туркестана (Память между Туркестаном, Турцией и Казахстаном). (Ред. Али Аббас Чинар). – Измир, 2008. – 320 с.
- 23 The Kazaks of China:Essays on an Ethnic Minority. Ed.by L Benson and I. Svanberg – Uppsala, 1988; Svanberg I. Kazak Refugess in Turkey: A Study of cultural Persistence and Social Change – Uppsalla, 1989. – 94 p.
- 24 Finke P. Nomaden im Transformationsprozess. Kasachen in der post-sozialistischen Mongolei. Münster: Lit-Verlag. 2004. – 364 p.
- 25 Diener A. One Homeland or Two? The nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs. – Stanford, CA: Stanford University Press, 2009. – 409 p.
- 26 Артикбаев О. Тошкент вохасида узбек ва қозоқ анъанавий киимларининг иеси тоснифи // Узбекистан этнологиясининг долзарб муамомлари. – Ташкент: Наманган, 2002. – С.141-145.
- 27 Бижанова А.Е. «Семейно-бытовые обряды казахов низовья Амударьи (вторая половина XIX-середина XX вв.). Автореферат канд. ист. наук. – Нукус, 2001. – 24 с.
- 28 Çağatay, Saadet. Kazakça Metinler, Dil Tarih Coğrafya Fakültesi Yayınları, Ankara, 1961. – 193 p.
- 29 Хорохин А.П. Сборник статей, касающихся до Туркестанского края. – СПб., 1876. – 366 с.
- 30 Генс Г. Известия о Хиве, Бухаре, Коканде и Северо-Западной части Китайского государства // История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. Алматы: Санат, 2005. – Т. 5. 2. – С. 33–34.
- 31 Мак-Гахан. «Военные действия на Оскусе и падение Хивы». – Москва, 1875. – 306 с.
- 32 Пелец В. Очерк Южных Кызыл-Кумов. – Самарканд, 1912. – С. 11–12.
- 33 Кун А.Л. Поездка по Хивинскому ханству в 1873 г. // ИИРГО. – Т. X. – СПб., 1874. – С. 53.
- 34 Автордың далалық экспедиция материалдары. Түркия Республикасы. 2013, 2014, 2017 жж.
- 35 Автордың далалық экспедиция материалдары. Өзбекстан Республикасы. 2018–2019 жж.

- 36 Автордың далалық экспедиция материалдары. Алматы облысы, Қарасай, Іле аудандары. 2012, 2017 жж.
- 37 Автордың далалық материалдары. Өзбекстан, Түркия Республикалары. Фото құжаттар.
- 38 Алтай Х. Естеліктерім. Шежіре-Дастан. – Алматы, 2014. – 152 б.
- 39 Өзбекстан қазақтарының ұлтық мәдени орталықтарының есептері. 2019 ж.
- 40 Нұрлы жол. – 2019. шілде – 16.
- 41 Юқори Чирчиқ хаёти. – 2019. Шілде – 11.
- 42 Ісмiл қазақтары // Қазақ елі. – 2016. – № 2. – Б. 90-92.
- 43 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: Пер. с англ. Общ. ред. и предисл. Толстых А. В. – М.: «Прогресс», 1996. – 344 с.
- 44 Мид Дж.Г. Избранное: Сб. Переводов / РАН ИНИОН. Центр социал. научн.-информ. исследований. Сост. и переводчик В.Г. Николаев. Отв. ред. Д.В. Ефременко. – М., 2009. – 290 с.
- 45 Marcia, J. E. Ego identity status: Relationship to change in self-esteem, «general maladjustment,» and authoritarianism. *Journal of Personality*. – 1967. – № 35. – P. 118–133.
- 46 Marcia, J. E. Development and validation of ego identity status. *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1966. – № 3 – P. 551–558.
- 47 Бейсеғулова А. ХХІ ғасырдағы этникалық бірегейлікті зерттеудегі жаңа теориялар: сыртқы және ішкі бірегейлік теориясы // Хабаршы ҚазҰУ, Тарих сериясы. – Алматы, 2002. – № 2(97). – Б. 200-212.; Бейсеғулова А. Этникалық бірегейлік мәселесінің зерттелуі (батыс тарихнамасы бойынша) // Қазақ тарихы. – Алматы, 2020. – №5(182). – Б. 67-69.; Бейсеғулова А. Б.Қ. Қалшабаеваның қазақ диаспорасын зерттеуге қосқан үлесі //«Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – Б. 20-25.
- 48 Джери Д., Джери Дж. Большой социологический словарь. – М.: Вече, АСТ, 1999. – 544 с.
- 49 Задворная Е.С. Феномен идентичности: история формирования понятия и современные подходы к изучению // Ценности и смыслы. – 2017. – № 1. – С. 24-37.
- 50 Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности. – М.: АСТ, 2004. – 635 с.
- 51 Фрейд З. Массовая психология и анализ человеческого «Я» // Я и оно: хрестоматия по истории психологии / под ред. П.Я. Гальперина, А.Н. Ждан. – М.: Изд-во МГУ, 1980. – С. 170-192.
- 52 Фрейд З. Тотем и табу: психология первобытной культуры и религии. – М.: Эксмо, 2018. – 224 с.
- 53 Tajfel H., Turner J. The Social Identity Theory of Intership Behavior // *Psychology of Intergroup Relations*. – Chicago: Nelson-Hall Publishers, 1986. – 429 p.

- 54 Нидерле Л. Обзорение современного славянства // Энциклопедия славянской филологии. – СПб., 1909. – Вып. 2. – С. 26.
- 55 Барт Ф. Этнические группы и социальные границы: социальная организация культурных различий. Сборник статей. Под ред. Ф. Барта: пер. с англ. И. Пильщикова. – М.: Новое издательство, 2006. – 200 с.
- 56 Дж. Де-Вос. Этнический плюрализм: конфликт и адаптация. Пер. М.Г. Котовский, Т.В. Волковой. В кн. Личность, культура, этнос: современная психологическая антропология. Под общей ред. А.А. Белика. – М.: Смысл, 2001. – 555 с.
- 57 Дж. Деверо. О работах Джорджа Деверо. Пер. Л.В. Трубицыной. В кн. Личность, культура, этнос: современная психологическая антропология. Под общей ред. А.А. Белика. – М.: Смысл, 2001. – 555 с.
- 58 Бромлей Ю.В. Очерки теорий этноса. – М.: Наука, 1983. – 413 с.
- 59 Садохин А.П. Этнология: учебник/А. П. Садохин. – 2-е изд., перераб. идоп. – М.: Гардарики, 2008. – 287 с.
- 60 Кушнер П.И. Этнические территории и этнические границы. – М.: Издательство Академии Наук СССР, 1951. – 285 с.
- 61 Губогло М.Н. Идентификация идентичности: Этносоциологические очерки. – М.: Наука, 2003. – 764 с.
- 62 Пивоев ВМ. Этнос и нация проблемы идентификации: монография. – Москва: Директ-Медия, 2013. – 111 с.
- 63 Малахов В.С. Культурные различия и политические границы в эпоху глобальных миграций. – М.: Новое литературное обозрение; Институт философии РАН, 2014. – 232 с.
- 64 Хамидов А. Категория тождества и понятие идентичности // Эл-Фараби. – 2019. – № 1. – С. 3-9.
- 65 Шайкемелев М.С. Казахская идентичность. Монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.
- 66 Абуов А.П. Мировоззрение Х.А. Ясави. – Алматы: Институт философии, 1997. – 196 с.
- 67 Акатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы: КазНИИКИ, 2001. – 363 с.
- 68 Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917–1940 гг. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 254 с.
- 69 Кшибеков Д. Национальная идея (от этнических чувств до идеологии). – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 340 с.
- 70 Нурланова К.Ш. Человек и мир: казахская национальная идея. – Алматы: Қаржы-қаражат, 1994. – 48 с.
- 71 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД Аркаим, 2001. – 252 с.
- 72 Шалабаева Г.К. Этнос. Культура. Самосознание. – Алматы: Атамұра, 1995. – 240 с.

- 73 Байғабатова Н.К. Символическая этничность казахов Западной Монголии // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – Астана, 2018. – № 2. – С. 57-62.
- 74 Isajiw W.W. “Definitions Ethnicity” in *Etnicity*. 1975. Vol. 1: – P. 111–114.
- 75 Калхун К. Национализм: пер. с. англ. А. Смирнова. – М.: Издательский дом «Территория будущего», 2006. – 288 с.
- 76 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: ТОО «Мишель и Ко», 1993. – 503 с.
- 77 Артюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. – М.: Аспект Пресс, 1999. – 271 с.
- 78 Тишков В.А. Идентичность и культурные границы // Идентичность и конфликт в постсоветских государствах / Под ред. М. Брилл Олкотт, В. Тишкова, А. Малащенко. – М., 1997. – С. 28
- 79 Smith A.D. *National Identity*. – London: Penguin, 1991. – P. 21
- 80 Furnham F., Bochner C. *Culture Shock: Psychological Reaction to Unfamiliar Environments*. L., N.Y., 1986. – P. 37.
- 81 Park R.E. The Concept of Social Distance // *Journal of Applied Sociology*. 1924. Vol. 8. – P. 339–344.
- 82 Панина Н.В., Голохова Е.И. Национальная толерантность и идентичность в Украине: опыт применения шкалы социальной дистанции в мониторингом социологическом исследовании // *Социологический журнал*. – 2006. – № 3. – С. 109.
- 83 Куропяткин А.И. Мультикультурализм: идеология и политика социальной стабильности полиэтнических обществ // *Социология межэтнической толерантности*. – М., 2003. – С. 83.
- 84 Бенхабиб С. Притязания культуры. Равенство и разнообразие в глобальную эру. – М: Логос, 2003. – 350 с.
- 85 Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Турегулов А. Эволюция политической системы Казахстана. – Алматы, 2011. – 533 с.
- 86 Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Экология культуры в национальной картинах мира. – Алматы, 2014. – 280 с.
- 87 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. – Алматы, 2014. – 159 с.
- 88 Нургалиева М.М. Государственные строительства как фактор формирования национальной идентичности Казахстана. – Алматы, 2009. – 123 с.
- 89 Гали А. Национальная идентичность. Борьба казахских националистов за лингвистические приоритеты // <http://www.centrasia.ru/news2.st=1360659420>. 12.12.19.
- 90 Козырев Т.А. Национальная идентичность: казах или мусульманин // *Эксперт Казахстан*. – 2013. – № 13. – С. 7-10.
- 91 Нысанбаев Ә.Н. Еуразия интеграция жүйесіндегі қазақ диаспорасы // *Қазақ диаспорасы бүгін мен ертеңі*. – Астана, 2005. – Б. 35-40.

92 Нұрмұратов С.Е. Шетел қазақтарының санасы мен менталитетіндегі ерекшеліктер // Қазақ диаспорасы бүгiнi мен ертеңi. – Астана, 2005. – Б. 5-10.

93 Айтымбетов Н.Ы. Қазақстанның ұлттық бiрегейлiгiн қалыптастырудағы отандық тарихтың рөлi // Матер. междунар. науч конф «Историческая память как источник конструирования казахстанской идентичности». – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2016. – 140 с.

94 Оспанов Т.Т. Сущность и роль национальной идентичности в социальной философии // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия философия, серия культурология, серия политология. – Алматы, 2015. – № 3(52). – С. 52-57.

95 Мендикулова Г. Диаспора как понятийно-категориальный феномен // Отан тарихы. – 2003. – № 1. – С. 52-55.

96 Price Ph. The Great Kazakh Epic // Royal Central Asian Journal. 1954. – Vol. LI. – Pt. III-IV. – P. 249–252.

97 Lias G. Kasak Nomads struggle against Communists // The Times. 1955. 17-18 February.

98 Oraltay H. Kazak Turkleri. – Istanbul, 1976. – 285 p.

99 Gayretullah H. Altalarda kanli Gunler. – Istanbul, 1977. – 345 p.; Gayretullah H. Altay Kazaklari-Dogü Türkistandan Göçen Türkler. – İstanbul: YazıGen, 2019. – 176 p.

100 Altay H. Anayurttan Anadolu ya. – Istanbul, 1981. – 480 p.

101 Алтай Х. Алтайдан ауған ел. – Астана: Астана полиграфия, 2011. – 278 б.

102 Қара Ә. Алтайдан Анадолыға дейiн азап кешу // Егемен Қазақстан. – 1996, қазан – 12.

103 Қара Ә. Түркия қазақтарының еркіндік жолындағы ұлы көші // Қазақстан туралы қазақ диаспорасының білімі: айм. дөңгелек үстел материалдары. Алматы қ., 31 қазан 2013 ж. бас ред. Т.М. Мамашев., К.Н. Балтабаева., А.И. Құдайбергенова. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы. «Атажұрт» баспа орталығы, 2013. – 180 б.

104 Малкаж А. Қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері және қазіргі жағдайы //Қазақстан туралы қазақ диаспорасының білімі: айм. дөңгелек үстел материалдары. Алматы қ., 31 қазан 2013 ж. бас ред. Т.М. Мамашев., К.Н. Балтабаева., А.И. Құдайбергенова. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы. «Атажұрт» баспа орталығы, 2013. – 180 б.

105 Кесижи А. Еуропаға көшудің 50 жылдығына: Еуропадағы қазақ диаспорасының тарихы, қазіргі хал жағдайы және келешегі // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: халықаралық ғыл. –практ. конф. материалдары. Алматы қ., 12 қазан 2012 ж. / ред. Т.А. Мамашев; құраст.: К.Н. Балтабаева, К.М. Қоңырбаева. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. – 376 б.

106 Дробижева Л.М. Проблемы межэтнических отношений // Социология межэтнических толерантности. – М., 2003. – С. 41.

- 107 Дробижева Л.М. Идеология и идеологи этнического ренессанса в условиях формирования гражданского общества // Демократизация и образы национализма в Российской Федерации 1990-х годов. – М., 1996. – С. 251-263.
- 108 Наумова О.Б. Казахская диаспора в России: этническое самосознание и миграционное поведение // Этнографическое обозрение. – 2000. – №3. – С. 60-73.
- 109 Октябрьская И.В. Казахи Алтая: этнополитические и социокультурные процессы в пограничных районах Южной Сибири XIX-XX вв.: дис. ...д.и.н., / Институт истории Сибирского Отделение РАН. – Новосибирск, 2004. – 281 с.
- 110 Мендикулова Г. Диаспора как понятийно-категориальный феномен // Отан тарихы. – 2003. – № 1. – С. 52-55.
- 111 Уатқан Б. Бостандық самалы (Өзбекстандағы қазақтар туралы) // Қазақ елі. – 2004, сәуір – 14.
- 112 Тукумов Е. Казахи Узбекистана // Центральная Азия и Кавказ. – 2000. – №6. – 213–220.; Кадыров Д. Узбеки Казахстана и казахи Узбекистана. Диаспоры – это хорошо, но «топорный» подход Ташкента к границам – плохо // Континент. – 2002. – № 2. – С. 16-20.
- 113 Мадуанов С.М., Шалекенов М.У. История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX вв. – Туркестан: Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Ясави, 2000. – 436 с.
- 114 Қобландин К.И. История и современное развитие казахов в Узбекистане в XIX–XXI вв.: автореф. ...д.и.н. – Алматы: Ин-т востоковедения им Р.Б. Сулейменова, 2008. – 54 с.
- 115 Бактибаева А.А. Казахская диаспора в Узбекистане в 1920–1930 гг.: (исторический аспект): дисс. ... к.и.н. – Алматы: КазНУ, 2000. – 130 с.
- 116 Узбеков У.У. Политические аспекты казахстанско-узбекских отношений. Авторев. дисс. на соиск. учен. степ. к.и.н. – Алматы, 2000. – 29 с.
- 117 Муртазаева Р. Узбекистан многонациональный: историко-демографический аспект. – Ташкент: Издательство медицинской литературы имени Абу Али Ибн Сина, 1998. – 159 с.
- 118 Максакова Л.П. Узбекистан: ориентация на эмиграцию // Матер. междунар. конф. «Миграция на постсоветском пространстве». – Суздаль, 2005. – С. 89-125.
- 119 Алихан А. Миграция населения Узбекистана (1989–1999). – Ташкент, 2000. – 175 с.
- 120 Ермекбаев Ж.А. Эмиграция казахов в Турцию // Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение: сб. статей. – Алматы: Типография Управления Делами Аппарата Президента и Кабинета Министров РК, 1993. – С. 163-167.
- 121 Қалыш А.Б. Миграция казахов: вызовы этнических репатриации в условиях глобализации: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 146 с.

- 122 Қалшабаева Б.К. Өзбекстандағы қазақтар (солтүстік-шығыс аймағы деректер бойынша): тарих ғыл. канд. ...дисс. / Алматы: Қазақ мемлекет. ұлт. ун-ті, 1994. – 217 б.
- 123 Шаниязов К. К этнической истории узбекского народа. – Ташкент: Фан, 1972. – 340 с.
- 124 Шаниязов К. Основные отрасли животноводства в дореволюционном Узбекистане // Хозяйственно – культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975. – С. 188-192.
- 125 Каульбарс А.В. Низовья Амударьи, описанные по собственным исследованиям в 1873 г. – СПб., 1881. – С. 519-521.
- 126 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М., 1975. – С. 95.
- 127 Қара А. Түркияда бір жұрт бар // Түркістан. – 2011, қыркүйек – 1.
- 128 Левин М.Г., Чебоксаров Н.Н. Хозяйственно-культурные типы и историко-этнографические области // СЭ. – 1955. – №4. – С. 3-17.
- 129 Толыбеков С.Е. О некоторых вопросах экономики дореволюционного кочевого аула // Вестник АН КазССР. – 1951. – № 8. – С. 66-90.
- 130 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества. – Алматы: «Социнвест» – Москва: «Горизонт», 1995 – 320 с.
- 131 Костенко Ф. Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. – СПб., 1880. – Т.1. – 452 с.
- 132 Узбекистан. – Ташкент: Узбекистан, 1967. – 838 с.
- 133 Сиверс И. (1999). Письма из Сибири., Фальк И. Описание всех национальностей России. Алматы: Ғылым, 1999. – 134 с.
- 134 Қартаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы мен – XX ғасырдың басы). – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – I том. – 390 б.
- 135 Қалшабаева Б.К. Ұлы дала мәдениетіндегі этнобелгілік жүйенің қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен сабақтастығы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2020. – № 4. – 73 б.
- 136 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – Т. 1. – 256 с.
- 137 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: «Өнер» баспасы, 1987. – 126 б.
- 138 Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата: «Казахстан», 1979. – 120 с.
- 139 Традиционная пища как выражение этнического самосознания. – М.: Наука, 2001. – 293 с.
- 140 Артюнов С.А. Основные пищевые модели и их варианты у народов России // Традиционная пища как выражение этнического самосознания. – М.: Наука, 2001. – С. 10-11.

- 141 Мұқаметханұлы Н. Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі: монография / Н. Мұқаметханұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 250 б.
- 142 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1889. – Т.1. – 298 с.
- 143 Диваев А. Несколько слов о судебном деле киргизов Сыр-Дарьинской областей. – Казань, 1900. – 48 с.
- 144 Востров В.В. Казахи Джанибекского района Западно Казахстанской области (историко-этнографический очерк). // ТИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. – 1956. – Т. 3. – С. 5-104.
- 145 Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи этнографиялық шолу). – Алматы, 1973. – 329 б.
- 146 Лобачева Н.П. К истории сложения института свадебной обрядности (на примере комплексов свадебных обычаев и обрядов народов Средней Азии и Казахстана) // Семья и семейные обряды у народов Средней Азии и Казахстана. – М.:Наука, 1978. – С. 144-175.
- 147 Кармышева Д.Х. Семья и семейный быт // Культура и быт казахского аула. – Алма-Ата: Наука, 1967. – С. 173-242.
- 148 Жакипова А. Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1971. – 180 с.
- 149 Кауанова Х.А., Калышев А.Б. Родственные и дружеские связи и в современной казахской семье // Тезисы докладов Всесоюзной научной сессии по итогам полевых этнографических и антропологических исследований 1988–1989 гг. – Алма-Ата, 1990. – С. 53-54.
- 150 Морган Л.Г. Древняя общества. Исследование линий человеческого прогресса от дикости через варварства к цивилизации. – М.: Академия фундаментальных наук. 2019. – 360 с.
- 151 Бердяев Н.А. Самопознание (опыт философской автобиографии). – М.: Книга, 1991. – 447 с.
- 152 Филиппов Ю.В. Нитмы этнической социализации // Мир психологии. – 2002. – №4. – С. 118-128.
- 153 Гольджак де В. История в наследство: Семейный роман и социальная траектория. – М.: Изд. Института психотерапии, 2003. – 233 с.
- 154 Лебон Г. Психология масс: хрестоматия. – Самара: Изд. Дом «Бахрах-М», 2006. – С. 5-115.
- 155 Иванец В.В. К вопросу об исследовании исторической семейной памяти // Социальная психология XXI века: сб. науч. тр. междунар. Конгресса / В. В. Иванец; отв. ред. В.В. Козлов. – Ярославль, 2003. – С. 14-17.
- 156 Шутценберг А.А. Синдром предков: трансгенерационные связи, семейные тайны, синдром годовщины, передача травм и практическое использование гено социогаммы / пер. И.К. Масалков. – М.: Издательство Института Психотерапии, 2001. – 231 с.
- 157 Янчук В. А. Введение в современную социальную психологию: учеб. Пособие для вузов. – М.: АСАР, 2005. – 768 с.

158 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында (Құраст.: Ә. Пірманов). – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.

159 Асау-Барақ батырдың асы. – Ақтөбе, 2000. – 118 б.

160 Тоқтабай А. Алыстағы асылдар (Науаи, Бұқара, Ташкент уәлаяттарындағы қазақтың киелі жерлерін зерттеу экспедиция материалдары) // Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған «Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 562 б.

161 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 654 с.

162 Смағұлов Е.М. Ас беру дәстүрінің қоғамдық тарихи маңызы // Әлемдік тарихи кеңістіктегі Далалық Еуразияның археологиялық-этнографиялық мұралары»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Типографиясы, 2020. – 425 б.

163 Вебер М. Социология религии // Вебер М. Избранное. Образ общества. – М.: Юрист, 1994. – С. 78-447.

164 Дюркгейм Э. Элементарные формы религии // Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – М.: Канон+, 1998. – С.174-231.

165 Гирц К. Интерпретация культур. – М.: РОССПЭН, 2004. – 108 с.

166 Brubaker R. Religion and Nationalism: four approaches // Nation and Nationalism. – 2012. – №18 (1). – P. 2–20.

167 Smith A. Chosen People: Why Ethnic Groups Survive // Ethnic and Racial Studies. – Vol. 15 . – № 3. – P. 125–147.

168 Hemming P. J., Madge N. Researching children, youth, and religion: Identity, complexity and agency// Childhood. – 2011. – № 19(1) – P. 38–51.

169 Сорокин, П. А. Социальная и культурная динамика / П. А. Сорокин. – М.: Астрель, 2006. – 1176 с.

170 Құрманғалиева А.Д., Есдәулет Е. Мәтуриди дүниетанымындағы діни бірегейлікті сақтаудың рөлі // «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019. – 600 б.

171 Nurtazina N., Kozgambayeva G., Yegizbaeva M., Beisegulova A., Soikina N. Religious Identification of Traditional Kazakh Society in the 16th-19th centuries // European Journal of Science and Theology. – 2018. – Vol.14. – No.1. – P. 93–102.

172 Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- начало XX вв.). – Алматы: Ғылым, 1991.– 213 с.

173 Протасения Е.А. Историческая память как фактор формирования этнической идентичности // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобчевского. Серия: Социальные науки, 2016. – №2. – С. 175-180.

174 Айкина Л.П., Геворгян Г.М. Пути сохранения этнической культуры диаспоры в рамках деятельности этнокультурного объединения. Ученые записки. – 2018. – № 3. – С 100-104.

175 Солодухин, В. И. Место этнокультурных объединений в усистеме социально-культурных институтов // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2008. – № 3. – С. 92-95.

176 Назаров Р., Алиева В., Юнусова Д. Казахская диаспора Узбекистана: История и современное этнокультурное развитие // Туркология. – 2007. – № 3(4). – С. 56-57.

ДЕРЕК БЕРУШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

I Сапарбек Иманбеков 1946 ж.т., руы найман. Ташкент облысы, Бостандық ауданы.

II Құламанов Әжіғали 1969 ж.т. руы табын-лабақ. Алматы облысы, Іле ауданы ауданы, Ащыбұлақ ауылы (Қарақалпақстан қазағы).

III Мансұр Тәйжі. 1945 ж.т., руы найман (қаракерей). Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазақкент ықшам ауданы.

IV Омар Жігіт. 1931 ж.т., руы керей-қарақас. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазақкент ауылы.

V Сыдыхан Ұлычай. 1942 ж.т. руы керей-абақ. Стамбул қаласы, Зейтінбұрын ауданы.

VI Сәнияхан Зейнолла. 1931 ж.т. руы керей, Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазақкент ықшам ауданы.

VII Абдуррахим Алтай, 1955 ж.т., руы керей. Алматы қаласы, Самал ш/а.

VIII Абдулахаб Қылыш. 1956 ж.т. руы керей-жантекей. Стамбул қаласы, Зейтінбұрын ауданы, Қазақкент ауылы.

IX Әбдулахаб Қара. 1957 ж.т., руы найман. Стамбул қаласы, Зейтінбұрын ауданы.

X Ерен Көксеген. 1927 ж.т. руы керей. Маниса ауданы, Салихлы ауданы.

XI Жәметова Гуля. 1966 ж.т. Төре. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Кекірелі кешені. (Ұшқұдықтан келген, Өзбекстан).

XII Мехмед Әлім. 1966 ж.т. руы керей. Нигде қаласы, Улукышла аймағы, Ісміл ауылы.

XIII Абдулхайым Тимур Мақсұт. 1956 ж.т. руы Керей. Стамбул қаласы, Зейтінбұрны ауданы.

XIV Кәміл Гезер. 1935ж.т. руы керей-жантекей. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы.

XV Төресбаева Айша. 1948 ж.т. руы балқы. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылы. (Ұшқұдықтан келген, Өзбекстан).

XVI Жорықбаев Жақсылық. 1960 ж.т. руы найман, Жұртшы. Шыршық қаласы. Ташкент облысы, Шыршық қаласы мәдени орталығының төрағасы.

XVII Жұмашева Шынарғүл. 1969 ж.т. руы сіргелі. Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық, Жаңа базар қаласы.

XVIII Асылбеков Бердалы. 1978 ж.т. руы сіргелі. Ташкент облысы, Ахангерен ауданы, Балғалы ауылы.

XIX Жакеев Ахмет 1954 ж.т. руы табын-лабақ. Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті.

XX Бейсенқұлов Жақсыбек. 1980 ж.т., руы Адай-мұнал. Алматы облысы, Қарасай ауданы (Қарақалпақстаннан келген).

XXI Әділов Асқар 1982 ж.т. руы табын-қаражон. Алматы облысы, Қарасай ауданы станция Шамалған. (Қарақалпақстан келген).

XXII Юсупова Фарида. 1969 ж.т., руы сіргелі-құдайқұл, Ташкент облысы, Ахангаран ауданы, Сәлемлік аулы.

XXIII Күлия Софыған (Тәйжі) 1941 ж.т. руы керей-шақабай. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазақкент.

XXIV Әжімұратқызы Ләйлә. 1961 ж.т. руы тама. Стамбул қаласы, Зейтінбұрны ауданы.

XXV Дариға Жаналтай. 1943 ж.т. руы жәдік. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы.

XXVI Айдарбеков Тағайбек. 1951 ж.т. руы шанышқылы-тоғызақ. Ташкент облысы, Ахангерен ауданы, Сәлмелік ауылы. (Махале әкімі).

XXVII Абдуллаев Еркін. 1949 ж.т. руы сіргелі-ақөңірдек. Ташкент облысы, Ахангерен ауданы, Сәлмелік ауылы.

XXVIII Тәбәрік Доғды. 1962 ж.т. руы керей. Стамбул қаласы Гүнешлі ауданы, Қазақкент.

XXIX Айшегүл Жігіт. 1977ж.т. руы керей. Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы (Қазақкент).

XXX Айша Полат, 1957 ж.т., руы жалайыр-қайшылы. Алматы облысы, Қаскелен қаласы (Түркиядан келген).

XXXI Үрімхан Мутлухан. 1951 ж.т. руы керей-молқы. Стамбул қаласы Зейтінбұрны ауданы.

XXXII Салима Шәймардан Қырғызлы. 1941 ж.т., руы керей. Стамбул қаласы Зейтінбұрны ауданы.

XXXIII Орынбаева Құрбангүл. 1964 ж.т. руы адай-түрікмен адай. Алматы облысы, Қарасай ауданы станция Шамалған. (Қарақалпақстаннан келген).

XXXIV Оразбаев Жақсылық. 1948 ж.т., руы Сіргелі-Ақөңірдек. Ташкент облысы, Қыбырай ауданы.

XXXV Дервиш Қылыш. 1958 ж.т., руы керей-жантекей. Стамбул қаласы, Зейтінбұрын ауданы, Қазақкент ауылы.

XXXVI Ақан Қадарлы. 1932 ж.т., руы керейдің-жәдік. Стамбул қаласы, Зейтінбұрны ауданы.

XXXVII Мухаммед Полат, 1932 ж.т. руы Әлім. Ауғанстанда туылған. Стамбул қаласы, Зейтінбұрны ауданы.

XXXVIII Бәкір Байкал. 1961 ж.т. руы керей жәнтекей, базарқұл. Стамбул қаласы, Зейтінбұрны ауданы.

XXXIX Гапурова Салтанат. 1967 ж.т. руы найман-төртқара. Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық, Жаңа базар қаласы.

XL Джумашев Маджит Боранович. Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық, Жаңа базар қаласы. (№ 29 мектептің директоры).

XLI Қалдыбек Сейданов. 1937 ж.т. руы Шумақ. Ташкент қаласы. Өзбекстан Республикасының академигі, ғалым-жазушы, Нұрлы-жол газетінің редакторы.

XLI Шүкрү Ерен Әлім.1962 ж.т. руы керей. Маниса қаласы, Салихлы ауданы.

XLII Ерол Йолчы 1969 ж.т. «КАТИЯД» төрағасының орынбасары, руы найман, төртруыл. Стамбул қаласы, Зейтінбұрны ауданы.


ҚОСЫМША А



Сурет А1– Өзбекстан. Қазақтар тығыз орналасқан Балғалы ауылы.



Сурет А2– Түркиядағы қазақтардың алғаш қоныстанған Алтайкөй ауылы.



Сурет А3 – Ташкент қаласындағы Жалайыр көшесі.



Сурет А4 – Атажұрттан Анадолы жерініне келген көштің картасы. Көш бастаушысының ұлы Мансұр Тәйжі.



Сурет А5 – Кашмирден шыққан қазақ көші (сурет Түркия қазақтарынан алынды).



Сурет А6 – Алтайкөйге алғаш келген қазақтардың тізім тақтасы.



Сурет А7 – Алтайкөйдегі қазақтардың ең алғаш қоныстанған тұрғын үйлері. Үйлердің сыртында қазақ оюлары салынған.



Сурет А8 – Қызылқұм қазақтарының баспанасы.



Сурет А9 – Қызылқұм қазақтарының қоныстану жүйесі.



Сурет А10 – Науаи облысы қазақтарының түйе шаруашылығы.



Сурет А11 – Алтайкөйдегі ауылдарында қой шаруашылығы.



Сурет А12 – Мал азығын дайындау. Қызылқұм қазақтары.



Сурет А13 – Түркиядағы қазақтардың қымызханасы.



Сурет А14 – Түркиядағы қымызхана ғимараты «киіз үй» архитектурасына ұқсатып салынған.



Сурет А15 – Түркия, Салихлыдағы қазақтардың тері өндеу шеберханасы.



Сурет А16 – Өзбекстан қазақтары арасында сандық жасау өнері.



Сурет А17 – Өзбекстан қазақтарының ісмерлік өнерінің көріністері.



Сурет А18 – Науаи облысы қазақтардың киіз үй интерьері.



Сурет А19 – Түркия қазақтарының үй интерьеріндегі қазақы нақыштағы қолөнер бұйымдары.



Сурет А20-21 - Қолөнерші Софыхан Тәйжінің қолынан шыққан қазақы бұйымдар.



Сурет А23 – Түркия қазақтары ісмерлерінің қолынан шыққан қазақы нақыштағы төсек жапқыш.




Сурет А24 – Науаи қазақтарының қолөнер бұйымдары, Киіз.



Сурет А25 – Өзбекстан қазақтарының алашасы.



Сурет А26-26а – Науай қазақтары. Қазақ үйдің ішкі интерьері



Сурет А27 – Өзбекстан қазақтарының қолдан жасаған үй тұмары



Сурет А28 – Науаи облысындағы қазақтардың ежелгі ер-тұрманы



Сурет А30 – Бас үйту. Түркия қазақтары.



Сурет А31– Түркия қазақтарының тамақтану жүйесіндегі еттің орны жоғалмаған.



Сурет А32 – Табақ тарту. Түркия қазақтары.



Сурет А33 – Етке қамыр дайындау. Түркия қазақтары.



Сурет А34 – Сүтті шәй (ақ шәй). Түркия қазақтары.



Сурет А35 – Мерекелік дастарқанға арналған баубырсақ. Түркия.



Сурет А36 – Қарақалпақстан қазақтарының мерекелік тағамы «Нан сорпа» немесе «Пәтір нан, Турама».



Сурет А37 – Ет сүрлейтін орын. Өзбекстан қазақтары.



Сурет А38 – Құрт кептіруге арналған өре. Қызылқұм қазақтары.



Сурет А39 – Тандыр. Қызылқұм.



Сурет А 40 – Қарақалпақстан қазақтары қамшы өру сәті



Сурет А41 – Жоғарғы Шыршық қазағы, қазақ тақиясын киген қымыз дайындайтын жігіт. Меске салып ашытады



Сурет А42-44 – Беташар. Түркия қазақтары.



Сурет А45 Баланың шашын алу. Түркия қазақтары.



Сурет А46 – Баланың қырқынан шығару рәсімі. Түркия қазақтары.



Сурет А47 – Үлкенге сәлем беру. Түркия қазақтары.



Сурет А48 – Қонақтың қолына су құю құндылығы. Түркия қазақтары.



Сурет А49 – Халифа Алтайдың жинаған асықтары. Түркия қазақтары.





Сурет А50 – Көне шежіре. Түркия қазақтары.



Сурет А51 – Құсайын Тәйжінің кісе белдігі. Түркия қазақтары.



Сурет А52 – Түркия қазақтары ата-баба мұрасын қастерлеп сақтайды.



Сурет А53-53а – Түркия қазақтары шежіре арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып келеді. Түркияға алғаш келгенде тіркеуге берілген құжат.



Сурет А54 – Үй интерьеріндегі дәстүрлі мәдениеттің маркері. Түркия қазақтары.



Сурет А55 – Түркия қазақтары өз өнімдерінде этнотерриториялық маркерлерін белгілейлі.



Сурет А56 – Тарихшы Ә. Қараның жұмыс бөлмесі қазақы нақышта жабдықталған.



Сурет А57– Түркия қазақтарының қор-музейінің сыртқы көрінісі



Сурет А57 – Қызылқұм қазақтары көне жұртты осылай қоршап қояды.



Сурет А58 – Исламға дейінгі наным-сенімнің сарқыншағы.



Сурет А59 – Кәрі жілік (ұры-қарыдан қорғау сенімі) Өзбекстан қазақтары



Сурет А60 – Туркияға Ауғанстаннан келген шежіреші 100 жастағы қария.



Сурет А61 – Хасан Оралтайдың шаңырағы.



Сурет А62-63 – Түркия қазақтарының зираттарындағы қабір тастарында «Түркістандық», «Орта Жүз» және «Қазақстандық» деген жазу жазылады.



Сурет А64 – Қазақ түркілері қорының жетекшісі Фазлы Топлы



Сурет А65 – Түркия қазақтары арнайы қорлар арқылы ағайындар арасында өзара көмек көрсету үшін қаржы жинайды.



Сурет А66 – Өзбекстандағы қазақ қоғамдары басшылары мен зиялы қауым өкілдері.



Сурет А68 – Түркия қазақтарының қоғамдық ұйымдарының басшылары.



Сурет А69 – Өзбекстандағы қазақ қоғамдары белсенділерімен




Сурет А70 – Түркиядағы қазақ зерттеу орталығынан шығатын «Қазақ елі» журналы.



Сурет А71 – Ас беру. Жоғары Шыршық ауданының қазақтары Сіргелі руларының аталарына жиналып ас беру



Сурет А72 – Ас беру. Түркия, Зейтінбұрында тұрып жатқан ауғанстаннан келген қазақтардың «Қорқыт қоры»



Сурет А73-74 – Жазушы, ғалым «Нұрлы жол» газетінің редакторы Н. Сейдумановтың үйінде және белгілі айтыскер ақын. Ташкент облысы, Қыбырай ауданы (автордың фотосы)

ҚОСЫМША Ә

Сауалнама үлгілері

Отандастар,

Сіздерге ұсынылып отырған сауалнама менің диссертация зерттеуімнің бір бөлігі. Ғылыми жұмысым өз Атамекендерінен шеткері тұрып жатқан қазақтардың өздері туралы, үрім-бұтағының болашағы туралы не ойлайды, өз Отанынан қандай көмек күтеді. Қазақ болу дегенді қалай түсінеді?

Зерттеу нәтижесі бойынша алынған барлық мәліметтер жалпыланған түрде ғана пайдаланылатын болады. Сіздің барлық жауаптарыңыз аты-жөніңізбен емес, белгілі бір сандық ретпен байланысты болады. Ақпарат тек зерттеулер жүргізетін адамдарға ғана қол жетімді болады. Сіздің жауаптарыңыздың ашық және шынайы болғанын қалаймын. Сауалнама сіздің уақытыңыздан 10 минуттан артық аспайды. Біз сауалнаманы толтырудағы шынайылығыңызды жоғары бағалаймыз және бағдарламаға қатысқаныңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сұрақтарға жауап берерде қарсы тұрған әріптерді белгілейсіз

1. Ата-тегіңіздің шығу тарихын білесіз бе?

- a. Ия
- b. Жоқ

2. Отбасыларыңызда балаларыңызды қай ұлттың мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен тәрбиелеп жатырсыз?

- a. Қазақ халқының
- b. Өзбек халқының
- c. Қазақ пен өзбектікі қатар
- d. Жалпы адамилық тәртіппен, дәстүрлерсіз
- e. Басқа жауап
- f. Жауапберуге қиналамын

3. Болашақта балаларыңыз қазақтың салт-дәстүрлерін ұстанбайтынына қалай қарайтын боласыз?

- a. Теріс
- b. Оң
- c. Ешқандай
- d. Жауап беруге қиналамын

4. Жақын достарыңыздың ұлты?

- a. Тек қазақтар ғана
- b. Басқа этникалық топтардың өкілдері
- c. Өзбектер
- d. Түрлі

5. Сіздің ойыңызша қазақтар тек қазақтармен некелесу керек пе, немесе басқа ұлт болса да маңызды емес пе?

- a. Тек өз ұлтына
- b. Маңызды емес
- c. Жауап беруге қиналамын

6. Сіздің ойыңызша «Қазақ болу» нені білдіреді (бір немесе бірнеше жауапты белгілей аласыз)

- a. Қазақ ұлтының ұлы немесе қызы немесе ата-анасының бірінің қазақ ұлтынан болуы
- б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұстануы
- с. Өзіні қазақ халқының бір бөлігі ретінде сезіну
- d. басқалардың қазақ ретінде қабылдауы
- e. Өз халқыңыздың тарихын біліп, ұмытпау
- f. өз халқы үшін мақтаныш сезімінің болуы
- g. Басқа жауап
- с. Жауап беруге қиналамын

7. Сауалнама сұрақтары болмаса, өзіңіздің азаматтығыңызды қалай анықтайсыз? Сіз қалай аталғыңыз келеді?

- a. Қазақ
- b. Түрік
- с. түркия қазағы
- d. Әлем азаматы
- e. Басқа жауап
- f. Жауап беруге қиналамын

8. Егер мен қазақ тілін білмесемде, өзімді қазақпын деп атай аламын ба?

- a. Ия.
- b. Жоқ
- с. Жауап беруге қиналамын

9. Сіздің жолдасыңыз таза қазақ, шығу тегінде қазақтың қаны бар, немесе қазаққа қатысы жоқ

- a. таза қазақ
- b. $\frac{3}{4}$ қазақ тілінде
- с. Анасы жағынан жартылай қазақ
- d. Әкесі жағынан жартылай қазақ
- e. Ата-аналардың бірі арқылы қазақтықтың төрттен бірі
- f. Қазақ тамырынан мүлдем алыс

10. Сіз «біз», «біздің» дегенімізде кімді айтасыз?

- a. Қазақты
- б. Қазақстан азаматтарын
- с. Өзбекстан азаматтарын
- d. Сіздің ауылыңыздың (қаланыңыздың) тұрғындарын
- e. отбасыңызды
- f. туыстарыңызды
- g. өз қатарлас буынды
- с. өзіңіз сияқты адамдарды
- i. өзіңіздің әріптестеріңізді
- j. өзіңіздің біліміңіздей адамдарды

11. Сіздің Отаныңыз қайсы?

- a. Қазақстан

- б. Өзбекстан
- с. «Жағдайыңыздың жақсы болған жері»
- д. «Туған жерім»
- е. «Тұрып жатқан жерім»
- ф. Жауап беруге қиналамын

12. Сізді қазіргі кездегі ең алаңдатып отырған не?

- а. Қолайлы жұмыс табу
- б. Ақшаның жоқтығы
- с. Балалардың болашағы
- д. Қазақстаннан бөлек тұру
- е. Балаларын қазақ тілін білмеуі
- ф. Өзбек тілін білмеу
- г. Басқа

13. Қазақстанды тарихи Отаным деп санайсыз ба?

- а. Ия.
- б. Жоқ
- с. Жауап беруге қиналамын

14. Қазақстанда жақын туысқандарыңыз бар ма?

- а. Ия.
- б. Жоқ

15. Қазақстандағы қазақтарға деген көзқарасыңыз қандай?

- а. Ерекшегі жоқ, кез келген басқада халықтың адамдары сияқты қараймын
- б. Терең туыстастық сезінбейтін, дегенменде ерекше сезімге бөленетін халық
- с. Бұл менің халқым, олармен туыстық қатынасты сезінемін
- д. Басқа жауап
- е. Жауап беруге қиналамын

16. Бүгінде Қазақстан бұрынғы Кеңес үкіметіндегі елдеріндегі өз отандастарына көмектесуі керек болса, Сіз қандай көмек күтесіз?

- а. Жұмыс орындарын құру
- б. Мәдениеті мен тілді қолдауға күш жұмсау
- с. Ақшалай жәрдемақылар мен несиелер беру
- д. Қазақстанға визасыз сапар
- е. Туризмді және екі жақты қатынастарды кеңейту
- ф. Басқада

17. Қай халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сіздерге жақын?

- а. Қазақ халқының
- б. Өзбек халқының
- с. Басқа халықтардың
- д. Қазақ пен Өзбек халқыныкі бірдей
- е. Басқа жауап

f. Жауап беруге қиналамын

18. Төменде келтірілгендер, Өзіңізге міндетті деп санайсыз ба, қажет пе, не мүлде қажетсіз бе?

18.1 Қазақ халқының тарихы туралы білу

- a. Міндетті
- б. Қажет
- с. Міндетті емес
- d. Жауап беруге қиналамын

18.2 Қазақ тілін үйрену

- a. Міндетті
- б. Қажет
- с. Міндетті емес
- d. Жауап беруге қиналамын

18.3. Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы көбірек білу

- a. Міндетті
- б. Қажет
- с. Міндетті емес
- d. Жауап беруге қиналамын

18.4. Қазақ өнерін, әдебиетін, музыкасын жақсы білу керек

- a. Міндетті
- б. Қажет
- с. Міндетті емес
- d. Жауап беруге қиналамын

19. Сіз үшін «қазақ» болу деген нені білдіреді?

- a. Тілді білу
- б. Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұстану
- с. Қазақ халқының дәстүрлі тағамдарын тұтыну
- d. Басқа

20. Сіздің қалаңыздағы қазақ диаспорасының өміріне араласызба ба?

- a. Ия.
- б. Жоқ

21. Сіз қай тілде жиі сөйлесесіз (1-2 көрсете аласыз): тиісті кестеде «+» белгісін қоясыз

	Қазақша	түрікше	Başka bir dilde
Үйде			
Жұмыста			
Көршілермен, достарыммен			
Туыстармен			

22. Сіздің ойыңызша адам өткенін ұмыту қажет па?

22.1. Ата-бабасын

- a. Иә
- b. Жоқ
- c. Жауап беруге қиналамын

22.2. Қазақстанды

- d. Иә
- e. Жоқ
- f. Жауап беруге қиналамын

22.3.Өзбекстанды

- g. Иә
- h. Жоқ
- i. Жауап беруге қиналамын

23. Өз жасыңызды белгілеңіз?

- a. 16-19
- b. 31-40
- c. 41-50
- d. 51-60
- e. 61-70
- f. 71-80
- g. 81 – ден жоғары

24. Жынысы

- a. Ер
- b. Әйел

25. Сіздің біліміңіз?

- a. Бастауышорта
- b. Толықемес орта
- c. Жалпы орта
- d. Мамандандырылған орта білім
- e. Толықемесжоғарыбілім
- f. Толықжоғарыбілім
- g. Жоғарыоқуорнынанкейінгікәсіптікбілім беру

26. Туған жеріңіз?

Осы жерде, _____
басқа жерде (қала, обласы, ауыл, село, мемлекетті көрсету

Өзбекстандағы қазақтардың өмірі туралы өзіңіздің айтатыныңз бар ма?

Ескертпе:

Сауалнама толтырылған жер:

Сауалнама толтырылған уақыт :

Sizin için hazırlanan anket, tez arařtırmamın bir parçası. Bilimsel alıřmam, Kazakların geleceęi ve anavatanlarından ayrı olan bu insanların anavatanlarından ne tr bir yardım bekledięiyle ilgilidir. Kazak olmak nasıl bir duygu? alıřmadan elde edilen tm veriler genel bir řekilde kullanılacaktır, ısım belirtilerek verilmeyecektir. Verdiğiniz bilgiler sadece arařtırma yapan insanların bilgisine sunulacaktır .Sizlerden Cevaplarınızın aık ve drst olmasını rica ediyorum. Ankete zaman ayırmanız 15-20 dakikadan fazla srmez. Anketi doldururken gsterdiğiniz itenlięe teřekkr ederiz.

1. Kkeninizibiliyormusunuz?

- a) Evet
- b) Hayır

2. Ailenizde, ocuęunuzu hangi milli kltrle yetiřtiriyorsunuz?

- a. Kazak halkı
- b. Trk halkı
- c. Kazaka ve Trke birlikte
- d. Genellikle, insanca, geleneksiz
- e. Dięer cevap
- f. Cevap vermedięim iin zr dilerim

3. ocuklarınızın gelecekte Kazak geleneęini takip etmeyeceęini nasıl deęerlendiririniz?

- a. olumsuz
- b. olumlu
- c. tepkim olmaz
- d. Cevap vermedięim iin zr dilerim

4. Arkadařlarınızın kkeni nedir?

- a. Sadece Kazaklar
- b. Trkler
- c.Dięer etnik grupların temsilcileri
- d. eřitli

5. Kazakların dięer etnik gruplarla evlenmesinenasıl bakıyorsunuz?

- a. Olabilir
- b. nemli deęil
- c. Cevap vermedięim iin zr dilerim

6. "Kazak boluv" ne demek (bir veya daha fazla sorumluluk belirleyebilirsiniz)

- a. Kazak milletinin veya ebeveynlerinden birinin oęlu veya kızı olmak Kazak milletidir.
- b. Kazak halkının gelenek ve greneklerini bilmek
- c. Kazak halkının bir parçası olarak hissetmek
- d. bařkalarının bizi Kazak olarak kabul
- e. Kazak tarihini unutmamak.
- f. kazak olduęu iin gurur duymak
- g. Dięer cevap
- c. Cevap vermedięim iin zr dilerim

7. Anket soruları olmasaydı vatandařlıęınızı nasıl tanımlardınız? Kendinizi ne olarak hissediyorsunuz

- a. Kazak
- b. Trk
- c. Trkiye kazaęı

- d. Dünya vatandaşı
e. Diğer cevap
f. Cevap verdiğim için özür dilerim
8. Eğer Kazakça konuşmıyorsam, kendime Kazak diyebilir miyim?
a. Evet.
b. hayır
c. Cevap vermediğim için özür dilerim verdiğim için özür dilerim
9. Eşiniz saf bir Kazak mı, veya soyunda kazak kanı var mı, yada hiç mi kazak kanı yok
a. saf Kazak
b. O bir yarı Kazak
d. Babası yarı Kazaktır
e. anne-baba yada bunların veya anne/babası kazak mı
f. Kazak kökleri oldukça uzak
10. "Biz" ve "bizim" derken kimi kastediyorsunuz?
a. Kazaktardı
b. Kazakistan Vatandaşlarını
c. Türk vatandaşlarını
d. Köyünüzün sakinleri (şehriniz)
e. ailen
f. yakınları
g. akrabalarını
c. senin gibi insanlar
i. meslektaşların
11. Anavatanınız neresidir?
a. Kazakistan
b. Türkiye
c. doğduğum yer
d. "Benim doğum yerim"
e. "Yaşadığım yer"
f. Cevap vermediğim için özür dilerim
12. Sızı en çok endişelendiren nedir?
a. Uygun bir iş bulmak
b. Para eksikliği
c. Çocukların geleceği
d. Kazakistan'dan ayrı yaşamak
e. Çocuklar Kazakça konuşmuyor olması
g. diğer
13. Kazakistan'ı tarihî bir vatan olarak görüyorsunuz?
a. Evet.
b. Hayır,
c. Cevap vermediğim için özür dilerim
14. Kazakistan'da yakın akrabalarınız var mı?
a. Evet
b. Hayır
15. Kazakistan'daki Kazaklara karşı düşünceniz nedir?

- a. Başkainsanlargibiolduğunusanmıyorum
- b. Çokyakınakrabamdegilsedebenımkanımnan
- c. Bu beniminsanlarım, onlarayakinhissediyorum
- d. Diğer
- e. Cevap vermediğim için özür dilerim

16. Kazakistanbugünkandastarınahangikonulardayardımetmeli ?

- a. İşYaratma
- b. Kültürvedilidesteklemeçabaları
- c. Nakittransferlerivekrediler
- d. Kazakistan'avizesizseyahat
- e. Turizmingenişlemesiveikiliilişkiler
- f. Diğer

17. Hangiinsanların gelenekveğörenekleri size enyakındır?

- a. Kazak halkı
- b. Türkhalkı
- c. Altay Kazakları
- d. Kazak veTürkhalkıaynı
- e. Diğer
- f. Cevap vermediğim için özür dilerim

18. Kazak halkının tarihini bilmek konusunda kendinizi ; zorunlu, arzulanan veya gereksiz mi düşünüyorsunuz?

- a. zorunlu
- b. gerekli
- c. isteğebağlı
- d. Cevap vermediğim için özür dilerim

19. SizceTürkKazakları, Kazak halkının gelenekveğöreneklerinitakipetmeli mi?

- a. Evet
- b. Hayır
- c. Cevap vermediğim için özür dilerim

20. Kazak halkınınhangiaile geleneklerinitakip ediyorsun:

- a. mümkünolduğunca, örnek:
- b. Bazılarınabağlıyım, örnek::
- c. takipetme, örnek:

18. Aşağıdakilerin, gerekliolduğunudüşünüyorsunuzveyagerçektenşartmı?

18.1 Kazak halkının tarihçesibilgisi

- a. zorunlu
- b. gerekli
- c. isteğebağlı
- d. Cevap vermediğim için özür dilerim

18.2 Kazak diliniöğrenmek

- a. zorunlu
- b. gerekli
- c. isteğebağlı
- d. Cevap vermediğim için özür dilerim

18.3. Kazak gelenekleri ve gelenekleri hakkında daha fazla bilgi edinmek

- a. zorunlu
- b. gerekli
- c. isteğe bağlı
- d. Cevap vermediğim için özür dilerim

18.4. Kazak sanatını, edebiyatını ve müziğini bilmek.

- a. zorunlu
- b. gerekli
- c. isteğe bağlı
- d. Cevap vermediğim için özür dilerim

19. "Kazak" olmak ne demektir?

- a. Dil bilgisi
- b. Kazak gelenekleri ve geleneklerini takip etmek
- c. Geleneksel Kazak mutfağını tüketimi
- d. diğer

20. Şehrinizdeki Kazaklarla birlikte mi yaşıyorsunuz?

- a. Evet
- b. Hayır

21. En sık hangi dili konuşabiliyorsunuz (1-2 belirtebilirsiniz): ilgili tabloya bir "+" işareti koydunuz

	Kazakça	Türkçe	Başka bir dilde
Evde			
İşte			
Komşularım ve arkadaşlarımla			
Akrabaları ile			

23. Yaşınızı belirtin?

- h. 16-19
- i. 31-40
- j. 41-50
- k. 51-60
- l. 61-70
- m. 71-80

24. Cinsiyet

- a. erkek
- b. kadın

25. Tahsiliniz nedir ?

- a. İlk okul
- b. Orta okul
- c. Lise
- d. Meslek Lisesi
- e. Meslek yüksek okulu
- g. Yüksek öğrenim Lisans
- h. Lisans üstü

СӨЗДІК

Адаптация (этникалық) – этникалық топтың табиғи және әлеуметтік ортаға бейімделуі.

Ассимиляция – бір халықтың басқа халыққа бірігіп тілін, мәдениетін, ұлттық сана сезімін жоғалтуы.

Билингвизм – этникалық топ пен оның мүшелерінің қажеттілігінде екі тілдің қолданысы. бұл ана тілімен қатар басқа тілді өмірлік қажеттілігінде қарай қолданысын көрсетеді.

Деэтнизация – белгілі бір халықтың этникалық сипаттарын жоғалтуы. бұл ана тілін ұмытуынан бастау алып, ұлттық сана сезім мен этникалық бірегейлігенен айырылуын қамтиды.

Диаспора – халықтың өзі қалыптасқан мемлекетінен тыс жердегі бір бөлігі. диаспоралар күштеп қоныс аудару, геноцид және басқа да әлеуметтік себептерге байланысты қалыптасқан.

Дискриминация – азаматтардың құқығын нәсіліне, ұлтына, жынысына, дініне, саяси ұстанымына қарай шектеу немесе жою.

Диффузионизм – этнологиядағы мәдениеттің кеңістік сипатын және мәдени элементтердің қатынасын зерттейтін бағыт.

Этностың өмір сүру кеңістігі – этностың тарихи және саяси ұстанымдарын қалыптастыратын шағын территориялық аймақ.

Идентификация – этникалық бірегейлік адамдардың бір бірімен белгілі бір этникалық топ арқылы сәйкестенуі (бірегейленуі, тұтастануы).

Инструментализм – этносты және ұлттық құндылықты анықтаудың этностың шығу тегіне қарай емес, тек мәдениеттегі қызметіне қарай анықтаудың бағыты.

Интеграция – әртүрлі этникалық топтардың бір қоғамда біріге отырып өз мәдени құндылықтарын сақтап отырып топтасуы.

Халықтың тарихи жадысы - этностың рухани мәдениетінің маңызды бөлігі. бұл этникалық эволюцияның жалғастығын сақтайды және этностың мәдени сабақтастығын келесі ұрпаққа жеткізуі.

Конструктивизм – этностың шығу тегін немесе этникалық сананы анықтаудың әлеуметтік бірегейлікте анықтайды бағыты.

Примордиализм – этносты және этникалық сананы табиғатпен немесе қоғамдық өмірде және мәдениеттегі объективті негізін анықтайтын ғылыми бағыт.

Репатриация – әртүрлі саяси және мәдени-әлеуметтік үрдістердің салдарынан отанынан тыс аймақта қалған эмигранттардың қайта оралуы.